

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 811, 161.1'25 + 811.111'25

Қолжазба құқығында

ТЛЕУЛИНОВА МЕЙРАМКҮЛ БЕЙСЕНБАЙҚЫЗЫ

**Дулат Исабеков шығармаларындағы ұлттық сипаттың орыс және
ағылшын тілдеріндегі аудармаларда сақталуы**

8D02302 – Аударма ісі (Батыс тілдері)

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филолог.ғылым.канд., доцент С.Д. Сейденова

Шетелдік ғылыми кеңесші:
доктор, профессор Динчай Коксал
Чанаккале Онсекиз Март университеті,
Чанаккале, Түркия

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	7
1 ҰЛТТЫҚ СИПАТТАҒЫ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫ АУДАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ.....	14
1.1 Тіл, мәдениет және аударма үштігі	14
1.2 Қазіргі аударматанудағы көркем аударманы зерттеудің жалпы сипаттамасы.....	16
1.3 Көркем шығармалардағы ұлттық сипаттағы тілдік бірліктерді аударудың кең таралған әдіс – тәсілдері.....	22
1.3.1 Реалия сөздерді аудару әдіс – тәсілдері.....	22
1.3.2 Фразеологизмдер мен мақал - мәтелдерді аудару әдіс – тәсілдері... Бірінші тарау бойынша қорытынды	27 30
2 ДУЛАТ ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ СИПАТТЫҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ ЖӘНЕ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ САНДЫҚ ТАЛДАУЫ.....	32
2.1 «Сүйекші» повесіндегі ұлттық сипаттағы лексиканың классификациясы.....	35
2.2 «Гауһартас» повесіндегі ұлттық сипаттағы лексиканың классификациясы.....	38
2.3 «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесіндегі ұлттық сипаттағы лексиканың классификациясы.....	39
2.4 «Қаблан» әңгімесіндегі ұлттық сипаттағы лексиканың классификациясы.....	41
2.5 «Дермене» повесіндегі ұлттық сипаттағы лексиканың классификациясы..... Екінші тарау бойынша қорытынды	42 44
3 ДУЛАТ ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ АУДАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ СИПАТТЫҢ САҚТАЛУЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ АСИММЕТРИЯЛАР.....	45
3.1 «Сүйекші» повесінің аудармаларында ұлттық-мәдени реңктің сақталуы: салыстырмалы-салғастырмалы талдау.....	45
3.2 «Гауһартас» повесінің аудармаларында ұлттық-мәдени реңктің сақталуы: салыстырмалы-салғастырмалы талдау	66
3.3 «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесінің аудармаларында ұлттық- мәдени реңктің сақталуы: салыстырмалы-салғастырмалы талдау.....	91

3.4	«Қаблан» әңгімесінің аудармаларында ұлттық-мәдени реңктің сақталуы: салыстырмалы-салғастырмалы талдау.....	107
3.5	«Дермене» повесінің аудармаларында ұлттық-мәдени реңктің сақталуы: салыстырмалы-салғастырмалы талдау.....	120
	Үшінші тарау бойынша қорытынды	139
	ҚОРЫТЫНДЫ	141
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	146
	ҚОСЫМША А - Дулат Исабековпен сұхбат және көркем аудармаға авторлық құқық.....	156
	ҚОСЫМША Б - «Дермене» повесінің ағылшын тіліндегі көркем аудармасы.....	157

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегі терминдер анықтамаларына сай қолданысқа түседі:

Адаптация – А.В. Кунин бойынша, фразеологиялық тіркесті мақсатты тілдің мәдениеті мен тіліне неғұрлым түсінікті және таныс баламаға ауыстыру арқылы түпнұсқаның жалпы мағынасы мен функциясын сақтауға бағытталған аударма әдісі.

Аударма – кемінде екі тіл арасында орын алатын, вербалды (ауызша және жазбаша) және бейвербалды түрде аудармашы немесе машиналық аударма құралдарының көмегімен іске асырылатын, бір тілден екінші тілге ақпаратты жеткізу үрдісі/нәтижесі/өнімі.

Аударма тілі – аударма барысында негізге алынатын асыл нұсқа/түпнұсқа тілінен мәтін аударылатын тіл.

Аударма тілінің мәдениеті – аударма барысында негізге алынатын асыл нұсқа/ түпнұсқа тілінен мәтін аударылатын мәдени-әлеуметтік орта.

Генерализация – алғашқылардың бірі болып аудармада мағынаны жеткізу қиындықтарын шешу үшін Жорж Мунэн ұсынған, нақты немесе тар мағыналы ұғымды кең, жалпы ұғымға ауыстыру арқылы аударманы мақсатты аудиторияға түсінікті әрі жеңіл етуге бағытталған әдіс, әсіресе нақты балама жоқ немесе аз танымал болған жағдайда.

Дескриптивті эквивалент – аударматану саласында кеңінен танылған ағылшын теоретигі Питер Ньюмарк 1988 жылы ұсынған, аударма тілінде реалияны, терминді немесе ұғымды оның қызметін, сыртқы түрін немесе мағынасын сипаттау арқылы жеткізетін әдіс, әсіресе аударма мәдениетінде тура баламасы жоқ дәстүр не терминді түсіндіру қажет болған жағдайда қолданылады.

Доместикация – 1995 жылы америкалық аударматанушы Лоренс Венути енгізген, түпнұсқа аударма мәтінінің мақсатты мәдениетке, оқырмандарға барынша түсінікті ету үшін бейімделіп аударылуын білдіретін аударма стратегиясы. Түпнұсқаны бастапқы мәдени бояуынан айырады, форенизацияның оппозициясы.

Жартылай калька – тіркестің бір бөлігі сөзбе-сөз аударылады, ал екінші бөлігі аударма тілінің нормаларына сәйкес бейімделіп немесе еркін аударылатын кальканың бір түрі.

Калька – түпнұсқа мәтіндегі тіл бірлігінің аударма мәтінде сөзбе-сөз аударылуы.

Компенсация – мәтіннің бір бөлігінде жоғалған әсер (мағына, сөз ойыны, стильдік реңк, мәдени астар) аударманың басқа бір жерінде орынды және мүмкін болған жағдайда қалпына келтіріледі. Мысалы, фразеологиялық тіркес немесе оның бейнелілігі жоғалса, сол әсердің баламалы экспрессивті немесе стильдік формасы аударманың басқа бөлігінде қайта жасалады.

Көркем аударма – көркем әдебиет туындыларына жататын мәтіндердің бір тілден екінші тілге эстетикалық/көркемдік мән-мағынасын сақтай отырып, түрлі

аударма трансформациялары (тілдік, стилистикалық, мәдени) арқылы аударылу үрдісі/нәтижесі/өнімі.

Қабылданған (танылған) аударма – қандай да бір тілдік қауымдастықта кеңінен қабылданып, сөздің, тіркестің немесе мәтіннің стандартталған аудармасы. Бұл аударма нұсқасы белгілі бір бастапқы мәтінді немесе терминді беру үшін дәстүрлі немесе ресми түрде мойындалған, әдебиетте, ғылымда, бұқаралық ақпарат құралдарында немесе ресми құжаттарда тұрақты қолданылатын аударма болып табылады.

Мәдени асимметрия – бұл мәдениеттер арасындағы құндылықтар, нормалар, дәстүрлер және қарым-қатынас тәсілдеріндегі елеулі айырмашылықтар мен сәйкессіздіктердің нәтижесінде қабылдау, түсіну және өзара әрекеттесудегі теңгерімсіздік тудыратын құбылыс; аудармада бұл мақсатты мәдениетте тікелей баламалары болмағандықтан, мәдени шындықтарды дәл жеткізу қиындықтарын тудырып, түсінбеушілікке, бұрмалауға, қайшылықтарға немесе бейімдеуді қажет етуге әкелуі мүмкін.

Мәдени бірегейлік – ортақ құндылықтар, дәстүрлер, тіл, әдет-ғұрыптар және тарихи тәжірибе негізінде қалыптасатын, адамның немесе адамдар тобының белгілі бір мәдениетке тиесілілігін сезінуі.

Мәдени эквивалент – аударматану саласында кеңінен танылған ағылшын теоретигі Питер Ньюмарк 1988 жылы ұсынған, түпнұсқадағы реалияларды аударма тіліндегі мәдениетке шамалас мағыналас ұғымдар арқылы жеткізу тәсілі.

Модуляция – түпнұсқа мәтіндегі мағына сақталатын, бірақ аударма тілінде түсінікті әрі табиғи болу үшін сөздер немесе сөйлем құрылысы өзгеріске ұшырайтын аударма әдісі.

Нақтылау – алғашқылардың бірі болып аудармада мағынаны жеткізу қиындықтарын шешу үшін Жорж Мунэн ұсынған, жалпы ұғымды тар немесе нақты ұғымға ауыстырып, оған детальдер қосу арқылы аударманы дәлірек және әсерлі етуге бағытталған әдіс.

Реалия – белгілі бір халықтың/ұлттың мәдени, тарихи-әлеуметтік, тұрмыстық, салт-санасы, дәстүрі мен әдет-ғұрыптарына қатысты өзге тіл мен мәдениеттерде толық немесе тікелей баламалары жоқ тілдік бірліктер.

Семантикалық бұрмалау – бұл аудармадағы түпнұсқа мәтіннің мағынасы өзгеріп, берілетін ақпарат дәлдігін жоғалтады, мазмұны өзгереді немесе мағынасы бұрмаланып, дұрыс емес реңкке ие болады.

Транслитерация – сөздің бастапқы мәтіндегі жазылу тұлғасын аударма тілінің әліпбиімен барынша ұқсас, жуықтап жеткізу.

Транскрипция – көбінесе жалқы есім, географиялық атаулар мен реалия сөздер аудармасында қолданылатын түпнұсқа тілдегі сөздің дыбыстық тұлғасын аударма тілінің фонетикалық қағидаларына сүйене отырып, барынша ұқсас жеткізу.

Түпнұсқа – аударма барысында негізге алынатын асыл нұсқа/ түпнұсқа тілдегі мәтін, аудармашы сүйенетін мәтіндік үлгі.

Түпнұсқа тіліндегі мәдениет – аударма барысында негізге алынатын асыл нұсқа/түпнұсқа тілдегі мәтін жазылған мәдени-әлеуметтік орта.

Түпнұсқа тілі – аударма барысында негізге алынатын асыл нұсқа/түпнұсқа тілдегі мәтін жазылған тіл.

Ұлттық колорит – белгілі бір халық пен ұлтқа тән бірегей мәдени, тарихи, этникалық және тұрмыстық ерекшеліктерді көрсететін қасиеттер мен элементтердің жиынтығы.

Функционалды эквивалент – аударматану саласында кеңінен танылған ағылшын теоретигі Питер Ньюмарк 1988 жылы ұсынған, түпнұсқа мәтіндегі бірлік аударма тілінде сол мәдениет пен мәнмәтін аясында сол қызметті атқаратын ұқсас ұғым арқылы беріледі. Демек, тура мағына емес, түпнұсқаның коммуникативтік әсері мен қызметі сақталады.

Форенизация – 1995 жылы америкалық аударматанушы Лоренс Вентури енгізген, түпнұсқа аударма мәтінінің мәдени реңкін барынша сақтап аударуға бағытталған аударма стратегиясы, доместикацияның оппозициясы.

Экспликация – түпнұсқа мәтіндегі мәдени лексиканы аударма тілінде түсіндіріп, мағынасын ашып тәржімелеу.

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Диссертациялық жұмыста Дулат Исабеков шығармаларының орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларында ұлттық сипаттың тілдік көрінісін сақтау мәселелері арнайы қарастырылады.

Жазушы шығармаларында қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салтын сипаттауда тілдік реалиялар, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, сондай-ақ ұлттық мінездің ерекшелігін беретін одағай, қаратпа сөздер, дисфемизмдер үлкен рөл атқарады. Аталған ұлттық сипаттағы лексика аудармада лингвистикалық және мәдени асимметрияны тудырып, аудармашыдан терең білім мен ізденісті талап етеді.

Жаһандану дәуірінде және аударма ғылымының әлемдік даму жағдайында отандық аударматану өзіндік эволюциясын бастан кешіруде. Аударманың дамуы мен кең қолданылуын еліміздің саяси және ұлттық мүдделері аясындағы «Рухани жаңғыру» және «Мәңгілік ел» атты бағдарламаларынан анық көреміз. Қазақстанның әдеби мұрасын әлем тілдеріне аударуға, сондай-ақ әлемдегі танымал 100 кітапты қазақ тіліне аудару секілді мемлекеттік тапсырыстар жасалып, Қазақстан ғалымдарының алдына қазақ халқының сан ғасырлық тарихын, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін, санасын қамтитын әдеби туындыларды сапалы аудару бойынша күрделі міндеттер қойылып отыр. Бүгінгі күнге дейін жасалған аудармаларды жан-жақты ғылыми зерттеу белсенді жүргізілуде. Осыған орай, бұл зерттеуде жазушы аудармаларындағы ұлттық нақыштың сақталу дәрежесі анықталып, аудармадағы қиындықтар сараланып және диссертация авторының өзіндік аудармасының нұсқасы негізінде аударма тәжірибесі бойынша ұсыныстар беріледі.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі өзара байланысты екі фактормен анықталады. *Біріншіден*, күн санап үдеп келе жатқан әлемдік жаһандану үрдісі мәдениеттердің бір-бірімен рухани және материалдық өзара алмасу мен байланысын, бір-бірін танып білуге деген ұмтылысын арттырып келеді. Осы орайда аударманың маңызы мен рөлі арта түседі. Әр халықтың тарихы, дүниетанымы, салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі оның әдебиетінде көрініс табатын болса, халықтарды бір-бірімен таныстыруда көркем аударма байланыстырушы көпір қызметін атқарады. Алайда, отандық туындылардың аудармасы көбіне ағылшын тіліне тікелей қазақ тілінен емес, орыс тілінің дәнекерлігі арқылы жасалғандықтан, қазақ халқының ұлттық болмысын бұрмалайтын лексикалық-семантикалық және стильдік асимметриялар көптеп табылады. Сондықтан қазақ аударматануының алдында осы уақытқа дейін жасалған көркем аудармаларды саралап, ой елегінен өткізіп, қайта жаңғырту міндеттері тұр. *Екіншіден*, әр туындысы қазақ халқының тіршілігі мен дүниетанымын паш ететін, тек Қазақстан емес, әлемге әйгілі жазушы Д. Исабеков шығармаларының аудармалары осы уақытқа дейін кешенді әрі күрделі ғылыми зерттеуге түспеген. Жалпы, жазушының мұрасы әлемнің 14 тіліне аударылып, пьесалары алыс-жақын шетел театрларының сахналарында қойылды. Тілі ұлттық сарынмен

ерекшеленетін әңгімелері мен повестері бойынша кино қойылымдар түсірілді. Демек, бірінен бірі туындап тұрған осы екі мәселе зерттеу өзектілігін анықтайды.

Зерттеудің нысаны: Д. Исабековтың «Сүйекші», «Гауһартас», «Біз соғысты көрген жоқпыз», «Қаблан» және «Дермене» шығармаларындағы ұлттық сипаттағы лексика, реалия сөздер, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер және олардың орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармалары.

Зерттеу пәні: түпнұсқа туындыдағы ұлттық сипаттың аудармада сақталу деңгейі.

Зерттеудің мақсаты – Дулат Исабеков шығармаларындағы ұлттық сипаттың орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармаларында сақталу деңгейін анықтау.

Зерттеудің міндеттері. Диссертациялық жұмыстың мақсатына қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- зерттеу тақырыбына сәйкес отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді саралау арқылы жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізін қалау;

- Д. Исабеков шығармаларындағы ұлттық сипаттағы лексикаға сандық және сапалық талдау жасау;

- Д. Исабеков шығармаларының ұлттық сипатын бейнелейтін тілдік элементтерді іріктеп алу, жүйелеу және интерпретациялау;

- таңдалған ұлттық сипаттағы лексиканың түпнұсқасы мен аударма жұбындағы тілдеріне лексикалық-семантикалық, құрылымдық және мазмұндық, салыстырмалы-салғастырмалы талдау жүргізу;

- аудармада қиындық тудыратын ұлттық сипаттағы лексиканы аударудың әдістері мен стратегияларын жіктеу және жүйелеу;

- көркем аудармада тілдің ұлттық бояуын сақтаудың тиімді жолдарын ұсыну.

Зерттеу материалы. Диссертациялық жұмыста барлығы 973 ұлттық сипаттағы тілдік бірлік іріктеліп алынды, олардың қолданылу жиілігі бойынша көрсеткіші – 1578. Оның ішінде реалия сөздер – 603, фразеологизмдер – 359, мақал-мәтелдер – 11.

Жеке шығармалар бойынша, «Сүйекші» повесі бойынша түпнұсқада қолданылған нақты тілдік бірліктердің саны – 288, контекстуалды қолданылу жиілігі – 423. «Гауһартас» повесі бойынша түпнұсқада қолданылған нақты тілдік бірліктердің саны – 174, контекстуалды қолданылу жиілігі – 285. «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесі бойынша түпнұсқада қолданылған нақты тілдік бірліктердің саны – 136, контекстуалды қолданылу жиілігі – 288. «Қаблан» әңгімесі бойынша түпнұсқада қолданылған нақты тілдік бірліктердің саны – 88, контекстуалды қолданылу жиілігі – 133. «Дермене» повесі бойынша түпнұсқада қолданылған нақты тілдік бірліктердің саны – 287, контекстуалды қолданылу жиілігі – 509.

Зерттеу дереккөздері. Зерттеу жұмысында талдауға алынған көркем шығармалар аудармаларының авторлары: Дулат Исабековтің «Сүйекші» повесі орыс тіліне «Молчун» (аудармашы – В. Берденников), ағылшын тіліндегі нұсқасы «The Silent Shadow» (2014) (К. Юдельсон). «Гауһартас» повесі орыс

тілінде түпнұсқа атауы сақталып, «Гауһар тас» болып аударылған (Л. Космухамедова мен В. Берденников). Ағылшын тіліндегі аудармасы – «The Little Pearl» (2014) (К. Юдельсон). «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесі орыс тілінде «Мы не знали войны» (В. Острогорский), ағылшын тілінде «We Never Knew the War» (2014) (К. Юдельсон). «Қаблан» әңгімесі орыс тілінде «Каблан» (В. Карпенко), ағылшын тілінде «Kablan» (2014) (К. Юдельсон). «Дермене» повесі орыс тілінде «Полынь» (В. Берденников). Дулат Исабеков 2023 жылдың 25-ші мамырында берген сұхбат кезінде орыс аудармашыларынан В. Берденников және В. Острогорский жасаған аудармаларына өзі де қатысқанын айтты.

Зерттеу әдістері. Жұмыстың теория бөлімінде ұлттық сипаттағы лексиканың аудармада берілу мәселелерін қарастыратын заманауи теорияларды саралау мақсатында ақпаратты жинақтау, жүйелеу әдістері; талдауға түсетін кейстерді анықтау үшін Д. Исабеков шығармаларындағы ұлттық сипатты көрсететін тілдік элементтерге фиксация жасау, классификациялау және интерпретациялау әдістері; зерттеу нысаны болып табылатын ұлттық сипаттағы лексиканың аудармада сақталуын анықтау үшін салыстырмалы-салғастырмалы лексика-семантикалық, құрылымдық әдістер; зерттеу нәтижелерін топшалап, тұжырымдау мақсатында сандық және сапалық көрсеткіштер әдістері қолданылды.

Диссертациялық жұмыстың теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеу нысанына сәйкес, қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдары мен идеялары құрайды. Атап айтқанда:

Зерттеу барысында тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеуші және осы бағыттың іргетасын қалаушы ретінде В. фон Гумбольдт, Э. Сепир, Б. Уорф, А.М. Хайдеггер, А.А. Потебня сияқты ірі ғалымдардың еңбектері тірек етілді.

Ұлттық-мәдени лексиканы аудару стратегияларын талдау кезінде шетелдік аударматану ғылымының өкілдері – Ж.Мунэн, Ю. Найда, П. Ньюмарк, К. Норд, Л. Венутти, К. Шеффер мен У. Визерман, М. Бейкер, Дж. Кэтфорд, М. Кронин, С. Басснет, Ж.-П. Вине, Ж. Дарбельне және т.б. зерттеушілердің тұжырымдары сүйеу болды.

Ресейлік лингвистика мектебінен Л.Н. Соболев, Г.Д. Томахин, В.Г. Костомаров, В.Н. Комиссаров сынды ғалымдардың еңбектері зерттеу көзіне айналды. Сонымен қатар, болгар ғалымдары С. Влахов пен С. Флориннің мәдени реалияларды аудармада беру теориясына назар аударылды.

Лингвомәдениеттану бағыты бойынша В.А. Маслова, В.Н. Телия, А. Вежбицкая сынды ғалымдардың еңбектерімен қатар, отандық зерттеушілер А.Т. Қайдар, Е.Н. Жанпейсов, Р. Сыздық, З.К. Ахметжанова, З.К. Сабитованың ғылыми ізденістері негізге алынды.

Қазақстандық ғылыми дискурстан А.М. Алдашева, Ж.А. Манкеева, С.А. Ашимханова, Ж. Дәдебаев, А.Ж. Жақсылықов, Т.У. Есембеков, Ә.С. Тарақов, А.К. Жұмабекова, Г.Қ. Қазыбек, Л.Н. Дәуренбекова, С.Д. Сейденова сынды ғалымдардың теориялық еңбектері мен тұжырымдары маңызды рөл атқарды.

Сонымен қатар, тәуелсіздік жылдарынан кейінгі кезеңде жазушы Дулат Исабековтің шығармашылығы мен тілдік тұлғасына қатысты жазылған докторлық және кандидаттық диссертациялардың мазмұндық-теориялық қорытындылары зерттеуде кеңінен қолданылды.

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерін саралай келе, ұсынылып отырған зерттеу жұмысында аударма ғылымындағы іргелі және заманауи теориялардағы аудармаға қатысты құнды пікірлерді жинастыра келе, аударманың лингвистикалық теориясын негізге ала отырып, Гумбольдтың тілдің «халықтың дүние туралы түсініктерін бейнелеп, оның рухани дамуын» қалыптастырып қоймай, «өзіндік ерекшелігін, халықтың рухымен байланысын» айқындайтын іргелі ұстанымына жүгінеміз. Сонымен қатар, көркем аудармада аударма заңдылықтарын анықтауға және түпнұсқаның мағынасы мен формасын жеткізудің тиісті әдістерін таңдауға мүмкіндік беретін тілдік жүйелерге, атап айтқанда, орыс, ағылшын тілдік жүйелері, олардың құрылымы мен қызметіне назар аударылады.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық құндылығы.

Қазақ тілінен өзге тілдерге аудару ерекшеліктері мен мәселелері салыстырмалы - салғастырмалы талдау арқылы қарастырылуына қарамастан, ұлттық сипаттағы лексиканы балама аударудың біртұтас арнаулы теориясы бірізденіп, қалыптаспаған. Осыған байланысты зерттеудің нәтижелері мен тұжырымдары ұлттық сипаттағы лексиканы қазақ тілінен орыс және ағылшын тілдеріне аудару кезінде туындайтын жалпы қиындықтарды жүйелеуге, ал болашақта аударманың жеке және арнайы теориясы мен тәжірибесін дамытуға септігін тигізеді.

Зерттеу нәтижелері «Аударма ісі» мамандығы бойынша оқытудың барлық деңгейлерінде (бакалавриат, магистратура, докторантура) «Көркем аударма тәжірибесі», «Аударма теориясы мен тәжірибесі» курстарын әзірлеу кезінде материал ретінде пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, олар Д.Исабеков пен басқа да жазушылардың шығармаларын орыс және ағылшын тілдеріне аударумен айналысатын кәсіби аудармашыларға қосымша ақпарат көзі болады.

Зерттеу жұмысының жаңалығы:

– алғаш рет Д. Исабековтың «Сүйекші», «Гауһартас», «Дермене», «Біз соғысты көрген жоқпыз», «Қаблан» шығармаларындағы ұлттық сипаттың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларында сақталу мәселесі кешенді ғылыми зерттеу нысаны ретінде таңдалынып, қарастырылды;

– алғаш рет Д. Исабековтың таңдамалы шығармаларының орыс және ағылшын аудармаларындағы ұлттық сипаттың тілдік көрінісі анықталып, ұлттық нақыштағы лексика іріктеліп, жіктелді;

– алғаш рет зерттеу аясында өз шығармаларын аударуға атсалысқан жазушы Д.Исабековпен жеке сұхбат жүргізіліп, оның барысында аудармадағы қиындықтар мен автордың аудармаға деген көзқарасы талқыланды;

– алғаш рет «Дермене» повесінің ағылшын тіліне тікелей аударған зерттеушінің авторлық көркем аудармасы ұсынылып отыр, жазушының келісімімен авторлық құқық құжаты ресми түрде рәсімделді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Д. Исабеков шығармаларының көркем мәтіндерінде ұлттық сипаттағы лексиканың мол болуына байланысты аударматану саласы үшін үлкен қызығушылық тудырады. Себебі, оның шығармаларында өсімдік атауларынан бастап дәстүрлі өлшем бірліктеріне дейін қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетін паш етеді. Жазушының өзімен сұхбатында айтқандай, тілдік байлықты сақтау, ұрпақтан-ұрпаққа қалдыру мақсатында архаикалық лексиканы әдейі пайдаланып отыратыны және көркем аудармада қиындықтар туғызатыны анықталды.

2. Жазушы шығармаларында аударма реципиентіне таныс емес ұлттық сипаттағы тұрмыс-тіршілікке қатысты диалект сөздердің жиі қолданылуы түрлі мәдениет өкілдері арасында түсініспеушіліктің пайда болуына әкеледі. Бұл асимметрия (лексикалық, грамматикалық, стилистикалық) аудармашыларға қиындық тудырып, қосымша арнайы сөздіктермен жұмыс жасауды қажет етеді. Сондықтан да, омиссия (түсіріп тастау) барлық бес шығармада ең көп қолданылған аударма әдісі болса, «Ғауһартас» повесінде сөйлем, абзац көлемінде омиссия әдісі немесе аудармашының өз ойынан қосқан дүниелері көптеп кездеседі.

3. Зерттеу нысаны ретінде алынған жазушы туындыларының орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармасында ұлттық сипаттағы лексиканы тәржімалау барысында доместикациялау стратегиясы басым. Орыс тілінде арифметикалық орта заңдылығы бойынша 87, 8 % доместикацияланса, ағылшын тілінде бұл көрсеткіш 94,75. Демек, ұлттық сипаттың сақталуы – форенизациялану деңгейі орыс тілінде – 12,2 %, ал ағылшын тілінде – 5, 25%. Орыс тілінде бұл көрсеткіш 7,25 пайызға артық. Жалпы, екі тілдегі аудармада да доместикация, яғни, аударма тілінде мәдени ақпаратты бейімдеу анағұрлым басым.

4. Доместикация стратегиясы аудармашылар тарапынан қолданылған жағдайларда ұлттық ерекшеліктің бір бөлігі жоғалуына әкелген. Алайда бұл құбылысты біржақты теріс құбылыс деп қарастыруға болмайды, себебі әртүрлі трансформациялар арқылы олар түпнұсқаның мазмұнын мүмкіндігінше дәл жеткізуге ұмтылды. Сонымен қатар, аударманың барабарлығына әсер ететін омиссия мен семантикалық бұрмалаулар да тіркелді. Материалдық мәдениет атауларын беру барысында аудармашылар көбінесе функционалды эквивалент, және транскрипцияға жүгінсе, рухани мәдениет элементтерін жеткізуде негізінен түсіндіру, дескриптивті аударма және экспликация тәсілдері қолданылды. Бұл – терең концептуалды ұғымдарды бір ғана сөзбен немесе тұрақты тіркеспен алмастыру мүмкін еместігімен байланысты.

5. Д. Исабековтің бес шығармасында ең жиі қолданылған тілдік бірліктер – фразеологизмдер (барлығы 359 рет: «Сүйекші» – 140, «Ғауһартас» – 30, «Біз соғысты көрген жоқпыз» – 49, «Қаблан» – 31, «Дермене» – 61), олар мәтінге ерекше экспрессивтілік пен бейнелілік береді. Алайда аударма барысында негізінен омиссия және дескриптивті аударма тәсілдері қолданылып,

толық немесе жартылай эквиваленттер сирек кездеседі. Бұл жағдай фразеологизмдердің ішкі тұтастығы мен метафорикалығына байланысты. Ең сирек қолданылған бірліктер – мақал-мәтелдер (11 рет), олардың басым бөлігі жартылай эквивалент, бейімдеу және компенсация арқылы доместикацияға ұшыраған; тек «Қаблан» әңгімесінде ғана форенизацияның жоғары деңгейі байқалды. Жалпы алғанда, фразеологизмдер мен паремиологиялық бірліктерді ұлттық ерекшелікті сақтай отырып жеткізу аудармашылар үшін айтарлықтай күрделі мәселе болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақұлданымы. Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 8 ғылыми мақала жарық көрді. Оның ішінде Скопус мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық конференцияларда 4, ҚР ЖБҒМ саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 3 мақала жарияланды:

1. Reflection of the concept «Suyekshi» in the work of D. Issabekov and its reproduction in translations into the Russian, English languages. // ҚазҰУ Хабаршысы. Филологиялық серия №2 (194) 2024. – 202-212 бб.

2. Translation of national gastronomic vocabulary into Russian, English in D. Issabekov's story «Gaukhartas». // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филологиялық серия №1 (2024). – 412-424 бб.

3. Д. Исабеков шығармаларының аудармаларындағы мәтін мен автор прагматикасы. // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филологиялық серия №1 (2025). – 390-403 бб.

4. Паремиологиялық бірліктерді қазақшадан орыс тіліне аудару тәсілдері (Дулат Исабековтың көркем прозаларының материалы бойынша). // Студенттер мен жас ғалымдардың «ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты халықаралық ғылыми конференция материалдар жинағы. Алматы, Қазақстан 6-8. 04. 2023 – 263-264 бб.

5. D. Issabekov: Translation criticism and reliability, «Көркем әдебиет: текстология және аударма» атты белгілі ғалым, профессор, филология ғылымдарының докторы Светлана Ашимхановнаның 80 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми зерттеу конференциясының материалдар жинағы. Алматы, Қазақстан 26. 10. 2023. –76-78 бб.

6. Қазақтың ұлттық тағам атауларының аударылу ерекшелігі (Д. Исабековтың «Гауһартас» повесі негізінде). // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Орыс тілі мен мәдениеті» орталығы «Русский мир» қорының қолдауымен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90-жылдығына арналған «Ғылым мен қоғамның өзара іс-қимылы: тіл, инновация, мәдениет» халықаралық форумы. Алматы, Қазақстан 14.10.2024. – 251-256 бб.

7. Translation and culture: A deep interconnection // «Әлем әдебиеті мен мәдениетіндегі Аттила тұлғасы» атты белгілі шоқантанушы және аттилатанушы, т.ғ.к., көрнекті испанист, танымал аудармашы, Мадрид (Complutense) университетінің профессоры, беделді ұстаз Самад Көшенұлы Утениязовтың 75

жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Алматы, Қазақстан 28.02.2025. – 97-99 бб.

8. Translating Kazakh Values: Analyzing the Concept of “Bauyr” in D.Issabekov’s “Gaukhartas” and Translation Strategies. // Forum for linguistic studies. Bilingual publishing group. Volume 7, Issue 3, March 2025 (Скопус базасына енетін). –277-287 pp.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

1 ҰЛТТЫҚ СИПАТТАҒЫ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫ АУДАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ

1.1 Тіл, мәдениет және аударма үштігі

Жалпы аударма қажеттілігі кемінде екі тіл арасында өзара вербалды және бейвербалды амалдар көмегімен өзара ақпарат алмасу мақсатында орын алатындықтан, аударманы қаншалықты тілден оқшау қарастыру мүмкін емес болса, тілді де мәдениеттен бөлек толыққанды түсіну мүмкін емес. Тіл – мәдениеттің, ал мәдениет – тілдің өнімі. Тіл – мәдениет айнасы. Осы тығыз байланыс идеясының негізін қалаушылардың бірі және бірегейі В.фон Гумбольдт еді. Лингвист ғалым «тіл – халықтың ішкі рухының көрінісі» деп есептеді [1, б. 11]. Тіл тек қана әлемді бейнелемейді, ол оны адамның санасында қалыптастырады. Әрбір халық шындықты өз тілі арқылы қабылдайды және түсіндіреді. Яғни, «Тіл – халық өмір сүретін әлем» [1, б. 11].

Гумбольдттің пікірінше, тіл адамның ойлау жүйесі мен дүниетанымына әсер етеді. Ол лингвистикалық салыстырмалылық идеясын ұсынды – яғни, тілдердің айырмашылықтары ойлау тәсілдерінің де әртүрлі болуына әкеледі (бұл кейінгі Сепир–Уорф гипотезасына негіз болды). «Әртүрлі тілдер – бұл бір ұғымды әртүрлі атау ғана емес, олар – ойлаудың әртүрлі тәсілдері» [1, б. 18].

Гумбольдт тілді бекітілген жүйе ретінде емес, тірі үдеріс, әрекет ретінде қарастырды. Ол адам сөйлеген сайын тілді қайтадан жасайды, дайын құрылымды ғана қолданбайды деп сенген [1, б. 28].

Сондай-ақ, ол тіл тек жеке сананы ғана емес, ұжымдық мәдениетті де қалыптастыратынын атап өтті. Тіл әдебиетке, моральға, құқықтық нормаларға және басқа да қоғамдық салаларға әсер етеді. Сондықтан тілді зерттеу – халықтың мәдениетін түсінудің бір жолы.

Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ол – ойды қалыптастыратын орган, адамның шындықты қалай қабылдайтынын, құрылымдайтынын және түсінетінін айқындайды. Сондықтан халықтың мәдениеті мен тілі – ажырамас біртұтас.

Көрнекті украин және орыс тілтанушысы, тіл философы, тіл біліміндегі психологиялық бағыттың өкілі А.А. Потебняның көзқарастары Вильгельм фон Гумбольдтің идеяларымен тығыз байланысты болды, бірақ ғалым оларды славяндық, әсіресе мәдени-философиялық контексте дамытты.

А.А. Потебняның пікірінше, тіл – халықтың жады, оның мифологиясы, дүниетанымы мен дәстүрлерін сақтайтын құндылық. Ол тілді халықтың ұжымдық санасының формасы ретінде қарастырды, онда халықтың тарихы мен мәдениеті көрініс табады. «Тіл – ойдың сыртқы жамылғысы емес, ол – сөз арқылы бейнеленген ойдың өзі» [2, б. 25]. Тіл философы ана тілін меңгеруді жай ғана оқу емес, тұлғаның қалыптасу үдерісі деп санады. Адам тіл арқылы мәдениетке енеді, әлемді танып-біледі. Сөз – халықтың мәдени және тарихи тәжірибесін түсінудің кілті.

Осы тұста, XX ғасырдың ең ұлы философтарының бірі, герменевтика мен экзистенциализм бағытының өкілі – Мартин Хайдеггердің ой-тұжырымдарын атамай өту мүмкін емес. Оның тіл мен мәдениет туралы көзқарастары тар

лингвистикалық мағынамен шектелмейді, ол тілді болмыстың тәсілі әрі мәдениеттің негізі ретінде терең онтологиялық тұрғыда зерделеген. Тіл – болмыстың үйі (*die Sprache ist das Haus des Seins*). Бұл – Хайдеггер философиясының басты формуласы. Ол болмыс (Sein) адамға тіл арқылы ашылады деп есептеді. Тілді адам иеленбейді, керісінше, тіл адамның өзімен сөйлейді. «Тіл – болмыстың үйі. Осы үйде адам өмір сүреді. Ойшылдар мен ақындар – сол үйдің күзетшілері» [3, б. 13]. Осылайша, тіл – ойдан бұрын тұрады, ол тек ойды білдіру құралы емес, болмыстың өзін түсінуді мүмкін ететін нәрсе.

Эдвард Сепир және оның шәкірті Бенджамин Ли Уорф – тіл мен мәдениеттің байланысы туралы ең танымал теориялардың бірі – лингвистикалық салыстырмалылық гипотезасының негізін қалаушылар. Олардың көзқарастары XX ғасырдағы тіл біліміне, антропологияға және тіл философиясына үлкен ықпал етті. Атап айтсақ, «Өртүрлі тілдер – бұл дүниені өртүрлі көру бейнелері» [4, б. 4]. Сепир тіл мен мәдениеттің ажырамас байланысын ерекше атап көрсетті. Тіл – мәдениетті жеткізудің жай құралы ғана емес, оның тірі көрінісі, өйткені ол ойлау, сенім мен құндылықтардың ерекше түрлерін білдіреді. Өртүрлі тілдерді зерттеу – әр халықтың санасы қалай құрылғанын түсінуге жол ашады. Тіл маманы – тек тілді емес, дүниетанымды зерттейтін ғалым.

Осылайша, әлемнің тілдік бейнесі деген ұғым ғылым қауымдастығында нық орнады. Бұл бағыттағы В.Н. Телия (1996), А.В. Вежбицкая (2000), В.А. Маслова (2001), сондай-ақ В.В. Воробьевтің (2008) еңбектерінде В. фон Гумбольдтің негізін қалаған ғылыми парадигма өз жалғасын тапқан. А.В. Вежбицкаяның пікірінше «Кейбір ұғымдар бір тілде ерекше маңызға ие болса, екінші бір тілде ондай ұғым мүлде кездеспеуі мүмкін» яғни, тіл мен мәдениет арасындағы айырмашылықтардың көрінісі орын алады [5, б. 9]. В.Н. Телияның ойынша, «тілдік бейне – бұл адамның ойлау қабілеті, шындық және тіл арасындағы өзара әрекеттесу нәтижесінде пайда болатын сананың өнімі» [6, б. 15]. Яғни, тіл – адамның әлем туралы ойларын білдіру құралы ғана емес, сонымен қатар сол әлемді тану мен түсінудің тәсілі. «Әрбір тіл өзіне тән семантикалық құрылым арқылы әлемді ерекше түрде бейнелейді. Бұл құрылымдар тілдік қауымдастықтың мәдениеті мен менталитетін көрсетеді» [7, б. 10]. В.В. Воробьев болса, «тіл мен мәдениет өзара тығыз байланысты және оларды біртұтас жүйе ретінде қарастыру қажет» [8, б. 27]. Ол аталған өзара байланысты «лингвокультурема» ұғымы арқылы сипаттайды, яғни тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуінің нәтижесінде қалыптасқан бірлік дейді. Аталған зерттеушілердің барлығы да әр ұлттың тілі өзіндік ұлттық ерекшеліктерге ие және қайталанбас сипатта болады; халықтың мәдени болмысы мен дүниетанымы тіл арқылы көрініс табады, сондықтан әрбір ұлттың әлемді қабылдауы мен бейнелеуі өзгеше деген ортақ тұжырымға сүйенеді.

Қазақстандық ғылыми кеңістікте де бұл мәселе ерекше мәнге ие. Тіл тек қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттың дүниетанымының айнасы, тарихи жад пен мәдени құндылықтардың қоймасы ретінде қарастырылады. Бұл тұжырымдаманы қазақ лингвомәдениеттануы мен этнолингвистикасының дамуына зор үлес қосқан бірқатар ғалымдар өз еңбектерінде кеңінен қарастырды.

Атап айтқанда, қазақ лингвомәдениеттануының негізін қалаушылардың бірі – Ербол Жанпейісов. Ол «Қазақ тілінің ұлттық-мәдени негіздері» [9, б. 65], «Қазақ дүниетанымы және тіл» [10, б. 32] атты еңбектерінде тіл арқылы қазақ халқының дүниетанымы, дәстүрі, ойлау жүйесі мен ұлттық құндылықтары қалай көрініс табатынын терең зерттейді.

Қазақ этнолингвистикасының негізін қалаушы академик Әбдуәли Қайдардың еңбектері де аса маңызды. Оның «Қазақтар ана тілі әлемінде» [11], «Халық даналығы» [12, б. 78] сынды еңбектері қазақ тілінің мәдени-ұлттық мазмұнын зерттеуге арналған. «Этнолингвистика – тіл арқылы этностың болмысын тануға мүмкіндік беретін ғылым» [13, б. 26] оның пікірінше, этностың шынайы болмысы мен дүниетанымы тек тілде сақталады. Ғалым тілдің жай ғана таңбалар жүйесі емес, әр сөзі халықтың тұрмыс-тіршілігі мен тарихының ізін сақтап қалған тірі рухани құндылық екенін атап көрсетеді.

Тілдегі тарихи-мәдени жадты зерттеген Қойшығара Салғараұлының еңбектері де ерекше. Ол қазақ тіліндегі мифология, этномәдени кодтар мен дәстүрлі таным үлгілерін талдай отырып, тілдің тек ақпарат жеткізу құралы емес, сонымен қатар ұлттық ойлау бейнесі мен сезімді жеткізудің маңызды амалы екенін көрсетеді. «Тіл –ұлттың ұлы құндылығы» [14, б. 45] деп ол тілдің құндылығын сақтап, келешек ұрпаққа жеткізу бүгінгі буынның басты борышы екенін айтады.

Көрнекті ғалым, профессор Р. Сыздықова – «Ана тіліміз – қазақ тілін ардақтай отырып, оны әрі қарай дамытуды, қалыптасқан нормаларын дұрыс ұстап, жетілдіре түсуді, өзіне тән ұлттық сипат-белгілерін сақтап, оларды қырнай түсуді бүгінгі өмір талабы деп біліп, рухани дүниеміздің талғамы деп танимыз» деп қазақ тіліне деген құрмет, оны дамыту мен сақтау қажеттігі, тілдің ұлттық болмыспен байланысы, заманауи талаптарға сай оны жетілдіріп отыру қажеттігі туралы айтады [15, б. 2].

Профессор А.Б. Салқынбай тіл мен мәдениеттің өзара байланысын сипаттай отырып, тілді адам баласының барлық әрекетінің, ой-санасы мен танымының, сондай-ақ мәдениеттің барлық түрлерінің негізі және адам рухының басты көрінісі ретінде қарастырады [16, б.12].

З.К. Сабитованың айтуынша, тіл мен мәдениет – этносты сипаттайтын ең маңызды көрсеткіштердің бірі. Әсіресе тіл – этностың ең басты, айқын әрі ұзақ сақталатын белгісі ретінде ерекшеленеді [17, с. 22].

Қорыта айтқанда, қазақстандық ғалымдардың еңбектері тілдің мәдениеттен ажырамас бөлігі екенін дәлелдейді. Тіл тек мәдениетті жеткізуші емес, сонымен бірге оны қалыптастырып, бейнелеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін жұмсақ күш. Ғаламдану мен мәдениетаралық қатынас үдерісінде бұл байланысты терең түсіну мен сақтау – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

1.2 Қазіргі аударматанудағы көркем аударманы зерттеудің жалпы сипаттамасы

Қазақ аударматануында ғылыми тұрғыдан жалпы аударма мен көркем аударма жайында ой қозғап, қалам тартқан Мұхтар Әуезов «Біздің қолымызда

әлемдік философия мен әлемдік әдебиеттің тамаша туындылары бар, осының барлығын халыққа жеткізуіміз керек, сонымен бірге түпнұсқаның көркемдік және ғылыми дәрежесін жоғары ұстауымыз керек, жеңілдетуге еңкеймей, дайындығы төмен оқырманға бейімделмеуіміз керек» [18, б. 45] деп аудармаға қойылатын жоғары талапты анық көрсетті. Сонымен қатар, кез келген аудармаға дейінгі аудармашының дайындық кезеңін анықтады: «а) асыл нұсқада суреттелетін халық тарихын зерттеу; ә) асыл нұсқа кейіпкерінің дәуірімен, ортасымен терең танысу; б) аударуға кіріскенге дейін аударылатын асыл нұсқаның бар материалын біліп алу, т.б.» [18, б. 70]. Демек, аударманың өзін бастамас бұрын түпнұсқа мәтін жазылған елдің, жердің мәдениеті мен тарихы, болмысымен танысуды алдыңғы орынға шығарады. М. Әуезовтың бұл құнды ой-тұжырымдары кейіннен С. Талжанов, А. Сатыбалдиев, Қ. Нұрмаханов, З. Тұрарбеков, Ө. Айтбаев, С. Құспанов секілді зерттеушілердің еңбектерінде жалғасын тапты. Атап айтсақ, С. Талжановтың «Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері» (1975) [19], Ө. Айтбаевтың «М.Горький шығармаларының аудармаларында фразеологизмдердің қазақ тілінде берілу жолдары» (1971) [20], М. Құрмановтың «Неміс поэзиясын аударудың кейбір мәселелері (Гёте, Шиллер, Гейне шығармаларының аудармалары негізінде)» атты кандидаттық диссертациялары [21]. Сонымен қатар, Н. Хайруллиннің «Аударма сипаты» (1976) [22], З. Тұрарбековтың «Қазақ аудармасының теориясы мен практикасы» (1973) [23], «Әдебиеттер достығының дәнекері» (1977) [24], Ө. Айтбаевтың «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» (1975) [25], «Аударманың лексико-стистикалық мәселелері» [26], М. Құрмановтың «Алтын арқау» (1979) [27] тәрізді көркем аударма теориясы мен тәжірибелік тұстарына бойлаған монографиялық зерттеулер мен ғылыми жинақтар дүниеге келді. «Аударма мәселесі өмірлік мәні бар маңызды мәселе. Аударма арқылы жұрт адамзат ақыл-ойының басынан шыққан асыл қазыналармен танысады. Ғалым Зейнолла Тұрарбеков «Аударма арқылы халық өткен ғасырлардағы және осы заманғы дүниежүзілік мәдениеттің жетістіктеріне ие болады. Аударманың маңызы мұнымен ғана сарқылмайды. Аударма ана тілінің қалыптасып, дамуына да әсер етеді» [23, б.55] деп аударманың әлемдік өркениетке араласудағы алар орнының маңыздылығын айтады.

Тәуелсіздік жылдарынан кейін көркем аударма және әдеби компаративистика саласына елеулі үлес қосқан академик, профессор Ж. Дәдебаев еді. Өз еңбектерінде жалпы аударма тарихы, көркем аударма мен оның қыр-сырларына тереңінен тоқталып, «Әдеби шығарманың көркемдік әлемі өте күрделі. Одан тыс тұрған аудармашының еңбегі жемісті бола алмайды. Аудармашы өзі аудармақшы болып отырған шығарманың көркемдік жүйесін терең білумен бірге оның жазылу тарихын, жазушы еңбегінің барлық сатылары мен кезеңдерін жете танып, таразылауы шарт. Әдеби шығарманың көркемдік жүйесінің негізін түзген, жазушының шығармашылық ой өзегінің тууына себеп болған шындық құбылыстарды аудармашының тап жазушының өзі секілді барлап, қабылдауы, тіпті өз көңіл сарайынан өткізіп, толқып тебіренуі болмаған жерде көркем аударма тумайды» деп жазады [28, б. 54]. Осыған ұқсас ойды

аударматанушы, профессор С. Абдрахманов та айтады: «Бізге салса, нағыз аудармашы әрі ақын, әрі зерттеуші, әрі тілші, әрі әдебиеттанушы, әрі стилист, әрі талдамашы, әрі тарихшы болуы керек деген талаптың да түк артықшылығы жоқ» [29, б. 66]. Әдебиет пен көркем аударманың халықтардың өзінікін танытып, өзгені танудағы рөлін ғалым А. Алдашева да жазады: «Адам факторының тілдегі көрінісін, тіл мен сол тілді иеленуші адамның (тұтас бір халықтың) ойлау-пайымдау қабілетінің арасындағы байланысты, ұлттық мәдениеттің ұлт тіліне (және керісінше) ықпалын зерттеуде аударма әдебиет көп көмек жасайды. Аударма әдебиетті түпнұсқамен салыстыру бірнеше тілдерде бар универсалды бір ұғым, образ, стереотиптер үшін жұмсалатын тілдік единицалардың ұлттық-мәдени құндылығын дәлірек танытуға мүмкіндік береді» [30, б. 17].

Профессор Т. Есембековтың көркем мәтін және аударма теориясына сіңірген еңбектері отандық аударматану ғылымының дискурсына өлшеусіз үлес қосты. Көркем мәтін және аударма атты еңбегінде көркем мәтін ерекшеліктері мен аударма қиындықтарына жан-жақты тоқталады: «Көркем мәтіннің келесі бір ерекше көрінісі оның ұлттық бірегейлігінде, этномәдени ақпараттылығында және кезеңдік сипатында жатыр. Әдеби туындыда адамзаттың, ұлттың өткені мен бүгіні сияқты мәселелердің арасындағы байланыстар қалай болса да көрінеді. Автор тырысса да, тырыспаса да бәрібір халық өмірінің ерекшелігі және оның тілінің сол кезеңдегі күйі мен айырмашылығын көрсетеді.

Бұл ақпараттың құрамы күрделі, түрі көп. Олардың ішінен лингвистикалық, экстралингвистикалық, паралингвистикалық, ассоциативті, аллюзиялық, экспрессивтік ақпарат беретіндері арнайы жіктеліп, айтылып жүр. Тұрмыстық, этнографиялық, мифологиялық, табиғи, тарихи, ономастикалық, қоғамдық, саяси, мәдени реалиялардың ақпараттық күзіреті арнайы көңіл бөлуге тұрарлық. Түпнұсқадағы экзотизмдер, окказионалдық қолданыстар да аудармашылық ізденісті талап етеді. Метафора, метонимия, символ, идиомалар мен эпитеттерді де ұлттық ақпарат көріністері деп санау аудармашы үшін маңызды. Аударма мәтіннің оқырманының түпнұсқада бейнеленген ақпаратты түсінуіне әсер ететін факторлар аз емес. Асылы, аударма мәтіннің сол елдің ұлттық мәдениеті мен әлеуметтік тарихын жете білуіне көп нәрсе байланысты» [31, б. 36-37]. Ал, «Аударматанудың заманауи үрдістері» атты көлемді еңбекте «Аударма үдерісінде кем дегенде 2 тіл, 2 мәдениет, 2 мәдениеттің өкілдері, белгілі бір лингвомәдени қауымның 2 мүшесі бір мезетте сан алуан байланысқа түседі. Бұған түпнұсқаның оқырманы мен аударма мәтінінің рецепторы қосылады. Әр субъектінің аудармаға қатысты өз ұстанымы, талабы, түсінігі болатыны тағы белгілі. Тәржіма үдерісінде олардың арасындағы сәйкестік пен сабақтастықты, келісім мен үйлесімді іздеп табудың тиімді жолдары іздестірілуде. Мұның сыртында тұрған дүниеаууи пікірлер, дәстүрлі құндылықтар, ұлттық адамгершілік мұраттардың да тәржімеге ерікті әсері мен ықпалы болады. Аудармашыны әртүрлі сипаттағы коммуникациялар үдерісі деп қана қабылдайтындардың уәжін де ескерген жөн болар» деп, аударма үрдісінің және аударманың қабылдануының қаншалықты қиын екенін тереңінен түсіндіреді [32, б. 16].

Сонымен қатар, «Көркем мәтін теориясы» [33], «Көркем шығарманы талдау әдістемесі» [34], «Қазақ фольклоры мен әдебиеті бойынша мәтін талдау сабақтары» [35], «Көркем мәтін және аударма» [36], «Көркем мәтін теориясы мен поэтикасы» [37], «Көркем мәтін поэтикасы» [38] атты ғылыми еңбектерінде автор алдымен мәтінді жан-жақты саралап алу қажеттігін алға тартып, талдауға негіз болатын қағидаларды ұсынады. Ол ең алдымен мәтіннің табиғатын, жанрын, көлемін, мазмұны мен құрылымдық ерекшеліктерін айқындап алу маңызды екенін атап өтеді [32, б. 24]. Мәтіннің мәні мен мазмұнын терең ұққан аудармашы оның құрамдас мәдени концепциясын елеусіз қалдыра алмайды, сол себепті де ол осы мәдени ақпаратты оқырманға барынша дәл әрі ұтымды жеткізудің жолдарын іздейді.

Ғалым А.Қ. Жұмабекованың пікірінше, көркем әдеби шығармалар өзге мәтіндермен салыстырғанда ерекше эстетикалық құндылыққа ие. Мұндай мәтіндер әрдайым бірегей ретінде бағаланып, олардың авторлары ерекше шығармашылық қабілеті бар тұлғалар ретінде танылады. Аудармашының міндеті – түпнұсқа мәтінді өзге тілдегі оқырманға түсінікті етіп жеткізу. Бұл ретте, ол мәтіндегі бейнелі сөздерді, троптар мен стилистикалық тәсілдерді мүмкіндігінше сақтауы қажет. Сонымен қатар, аударма түпнұсқа жазылған тарихи кезеңнің ерекшеліктерін де көрсетіп тұруы тиіс. Егер түпнұсқа антикалық дәуірге тиесілі болса, онда аударма сол уақыттың әдеби стилін, бағыт-бағдарын, автордың дара стилін жеткізе алуы шарт [39, б. 37].

Отандық аударма теориясы мен тәжірибесіне келгенде профессор Ә. Тарақтың да еңбектеріне тоқталмай өту мүмкін емес. Зерттеуші «Аударма және аудармашы» [40], «Аударма ісінің негіздері және стилистика» [41], «Аударма әлемі» [42], «Әлем әдебиеті және көркем аударма» [43], «Аудармашының кәсіби қызметінің негіздері» [44], сондай-ақ, ғалымдардың ұжымдық біріккен еңбектері «Аударматану терминдерінің сөздігі» [45], «Аударматанудың заманауи мәселелері» [46] атты еңбектері өте құнды. «Түпнұсқа тіліндегі халықтың тұрмыс-тіршілігін, кәсіп түрлерін білмей аудару жиі қателестіреді. Бұл реалияға тікелей қатысты. Фразеологиялық тіркестер, орамдар тәрізді, реалиялар да аудармашыны жиі жаңылыстырады» [47, б. 65] деп мәдени айрықша лексика аудармашының мәселесіне тоқтап, «Реалия – түпнұсқаның ұлттық ерекшелігін таныту құралы, оған немқұрайлы қарауға болмайды. Оның мәтіндегі қолданылу мәнін терең түсіну қажет. Оның заттық сипатын, ерекшелігін, қолданылу мәнін тани білу керек» [47, б. 50] деп тұжырымдайды. Профессор әрі белгілі көркем аудармашы практик А.Ж. Жақсылықов көркем аудармада мәдени колоритті сақтау маңыздылығын келесідей сөз саптауларымен жеткізеді: «Аудармада туындының сонылығын көрсететін қырларын сақтау керек. Қажетті атрибуттар болмаса, аударма халықтың өмірі мен психологиясы жайында шынайы ақпаратты қалай береді?» [48, с. 15]. Яғни, «Басқаша айтқанда, егер де аудармада кишлак пен дехканин орын алса, орыстың деревнясы мен шаруаның (крестьянин) психологиясы жайында не білер едік? Аударма ақынның «архетипін», халықтың «мета-шындығын» сақтау қажеттігі анық [49, с. 15].

Ғалым Г.Қ. Қазыбек аударматануға қатысты біршама еңбектер жазды. Атап айтатын болсақ, «Аударма тағылымы: хрестоматия» [50], «Көркем аударма тәжірибесі оқу құралы» [51], «Әдеби аударма көркі: оқу құралы» [52], «Көркем аударма: оқу құралы» [53], «Аударматануға кіріспе : оқу құралы» [54], «Қазақ аудармасының теориясы мен тәжірибесі: оқу құралы» [55], «Әдеби аударма негіздері: оқу құралы» [56], «Аударматану туралы афоризмдер: жинақ» [57]. «Аударма біздің ана тіліміздің сөздік қорын байытып, дүниетану өрісімізді ұлғайтады. Аудармашы жеке сөздерге балама іздеу арқылы ана тілдің бүкіл қазынасын кеңінен сапырып, ішіндегі асыл сөз байлықтарын шебер пайдалануға тырысады. Ескіріп бара жатқан көне сөздер қайта жаңғырып, қазіргі жаңа әдеби тіліміздің қорына жаңаша сөз тіркестері, неологизм сөз баламалары қосылып жатады. Аударма қызметі жаңа сөздерді тілімізге енгізіп қана қоймай, күн сайын аудармашы жанкешті еңбегімен сөз мағынасын айқындай түседі, қолдану нәтижесінде халықтың ойы мен тіл байлығын өсіруге, сол сөздің ұғымдық шегін қалыптастыруға себепші болады» [54, б. 8].

Л.Н. Дәуренбекова өз еңбектерінде «Түпнұсқада бейнеленген шынайы болмысты, баяндалған ақиқат жайларды аударма шығармасында шындық түрінде қайталап жеткізу, аударма қызметінің ең басты мақсаты» деп көрсетеді [58-60].

Сонымен, көркем аударма – мәдениетаралық коммуникация жүйесінде ерекше орын алатын құбылыс. Бұл үдеріс тек ақпаратты бір тілден екінші тілге көшірумен шектелмейді, ол тұтас бір әлемді – бейнелік, эстетикалық, эмоциялық дүниені қайта жасап шығарады. Орыс аударматану мектебі осы күрделі үдерісті түсіндіруге зор үлес қосып, лингвистика, стилистика, мәдениеттану мен философияны ұштастырған бірегей тәсілдерді дамытты.

Аударма теориясының негізін қалаушылардың бірі – Алексей Фёдоров. Ол алғаш рет функционалдық эквиваленттік ұғымын енгізді. Оның пайымдауынша, көркем аударма тек мағынаны жеткізумен шектелмеуі керек, ол түпнұсқаның эстетикалық әсерін, стилін, интонациясын, эмоциялық реңін де жеткізуі тиіс. Фёдоров аударманы *шығармашылық әрекет* деп есептеді, мұнда аудармашының тұлғасы аса маңызды рөл атқарады [61, с. 41].

Осы бағыттағы ойды Корней Чуковский те қолдады. Ол өзінің «Жоғары өнер» атты еңбегінде сөзбе-сөз (дословный) аударуға қарсы шығып, ондай мәтіндерді «өлі аударма» деп атады. Чуковскийдің пікірінше, аударма – жаңа тілдік және мәдени кеңістікте автор идеясын қайта туғызатын шығармашылық процесс. Ол: «Аударма – түпнұсқаның құлы емес, оның бауыры» («Перевод – это не раб, а собрат оригинала») деген атақты тезисін алға тартты [62, с. 15].

XX ғасырдың ортасынан бастап аудармаға лингвистикалық көзқарас кеңінен тарады. Лев Бархударов – осы бағыттың көрнекті өкілі. Ол аударма бірлігі, аударма өрісі, аударма трансформациясы сынды ұғымдарды дамытты. Бархударов аудармашыны тек сөзді алмастырушы емес, мағынаны қайта жасаушы ретінде қарастырды [63, с. 37].

Бұл идеяны Юрий Рецкер де жалғастырды. Ол аударма үдерісін когнитивтік және прагматикалық қырынан қарастырды. Рецкер формалды және мазмұндық аудармалар арасындағы айырмашылықты көрсетті және көркем мәтіндер үшін мазмұндық аударма маңыздырақ екенін айтты. Ол сонымен қатар аудармада контекст, автордың ниеті, қабылдаушының мәдени білімі ескерілуі тиіс екенін баса айтты [64, б. 74].

Аударманы коммуникативтік және функционалдық акт ретінде қарастыруды В. Н. Комиссаров пен А. Д. Швейцер толық дамытты. Комиссаров прагматикалық факторлардың маңыздылығына назар аударды: аударма мәтіні кім үшін, қандай жағдайға арналғаны және қандай мәдени ортада қабылданатыны аса маңызды [65, с. 31]. Ал Швейцер қосарлы коммуникация актісі туралы айтып, аудармашыны екі тіл мен екі мәдениет арасындағы делдал ретінде сипаттады. Ол билингвалды сана мен мәдени құзыреттіліктің шешуші рөл атқаратынын атап өтті [66, б. 80].

Көтерілген мәдени аспектілерді Е. М. Верещагин мен В. Г. Костомаровта терең қарастырды. Олар аудармашы түпнұсқа мәдениетін терең меңгермей, фондық білім мен мәдени реалияларды білмей тұрып көркем аударма жасай алмайды деп есептеді. Олардың айтуынша, аудармашы мәдени шындықтарды жай ғана тәржімаламай, оны қабылдаушыға түсінікті әрі шынайы етіп бейімдеуі тиіс [67, с. 52].

Қорытындылай келе, орыс аударматану мектебі көркем аударма үдерісін тілдік дәлдік, эстетикалық көркемдік және мәдени тереңдікпен үйлестіріп қарастырады. Бұл мектеп үшін аударма – механикалық процесс емес, жоғары өнер, ал аудармашы – тек тіл иесі емес, шығармашылық тұлға, мәдениетаралық медиатор ретінде танылады. Аударма – жай ғана сөздерді бір тілден екінші тілге көшіру емес. Бұл – көпқабатты, күрделі үдеріс, онда тіл мен мәдениет, ойлау жүйесі мен стиль тоғысады. Сондықтан көптеген шетелдік зерттеушілер аударманы тек лингвистикалық қана емес, мәдениетаралық, функционалдық және шығармашылық акт ретінде қарастырды. Олардың еңбектері қазіргі аударматанудың негізін қалады, әсіресе көркем аударма саласында.

XX ғасырдың ең ықпалды теоретиктерінің бірі – Юджин Найда. Ол динамикалық эквиваленттік тұжырымдамасын жасап, аударманың басты мақсаты – оқырманда түпнұсқа мәтін тудырған әсерді қайталау деп есептеді. Оның пайымдауынша, көркем аудармада маңыздысы тек мағына емес, сонымен қатар эмоциялық және мәдени әсер. Найда үшін дәлдік – бұл сөзбе-сөздік емес, оқырман реакциясының сәйкестігі [68, р. 50].

Ал, аудармаға семиотикалық тұрғыдан келген Роман Якобсон аударма түрлерін үшке бөлді: ішкітілдік аударма (бір тіл аясындағы интерпретация),

тіларалық аударма (тілден тілге аудару), семиотикалық аударма (бір таңбалық жүйеден екіншісіне көшіру, мысалы, кітап → фильм) [69, р. 17]. Ол трансформациясыз аударма мүмкін емес екенін айтып, поэзияны да аударуға болады, егер оның функциялары мен бейнелік жүйесі дұрыс жеткізілсе деп тұжырымдады.

Неміс аударматану мектебінің өкілі Ханс Фермеер Скопос теориясын ұсынды. Оның айтуынша, аударма – мақсатқа бағытталған әрекет. Мұнда түпнұсқаның формасынан гөрі аударманың мақсаты мен функциясы маңызды. Бұл әсіресе бейімделген және прагматикалық аудармаларда өзекті, өйткені мәтінді қабылдаушы аудиторияға сай өзгерту қажет [70, р. 71].

Ағылшын теоретигі Питер Ньюмарк семантикалық және коммуникативтік аударма арасындағы тепе-теңдікті ұсынды. Көркем мәтіндерде, оның пікірінше, автор стилі, бейнелер мен ырғақ міндетті түрде сақталуы тиіс. Ньюмарк аудармашының интерпретациялық және интуитивтік рөлін ерекше бағалады [71].

Лоуренс Венути аударманың этикалық өлшемін ұсынды. Ол «аудармашының көрінбейтіндігіне» қарсы болып, аудармашының шығармашылық рөлін мойындауды талап етті. Ғалым ұсынған «доместикация» (аударманы қабылдаушы мәдениетке бейімдеу), «форенизация» (мәтіннің бөтендігін сақтап жеткізу) терминдері көркем аудармада кеңінен қолданылады. Венути аударманы мәдени мәлімдеме ретінде қарастырып, аудармашыны мағына жасаушы тұлға ретінде көрсетті [72].

Антуан Берман көркем аударманың құрылымын бұзатын «деформацияларды» талдай отырып, әсіресе поэзияда сөзбе-сөздік пен бөтендікті сақтау қажет деп санады. Ол көркем аудармада авторлық ерекше стиль мен үннің бұзылмауын қолдады [73].

Андре Лефевр мен Сьюзан Баснетт аударманы идеология мен билік ықпалындағы қайта жазу әрекеті ретінде бағалады. Лефевр аударма үдерісі арқылы әдебиеттің қалай қабылданатынын, кейде қалай бұрмаланатынын көрсетті. Сьюзан Баснетт болса, аударматануды дербес ғылыми пән ретінде қалыптастырды және мәдениетаралық контекст пен әдеби дәстүрлерді түсіну көркем аудармада аса маңызды деп атап өтті [74].

Қорытындылай келе, шетелдік ғалымдардың көзқарастары аударманың – интерпретация, таңдау және араласу (вмешательство) екенін дәлелдейді. Аудармашы – тек тіл маманы емес, мәдениетаралық медиатор, автор ойын өз мәдениетінде жаңаша бейнелейтін шығармашылық тұлға. Көркем аударма – бұл екінші реттік авторлық, оның табысты болуы көркем сезімталдыққа, мәдени білімге және түпнұсқаны терең түсінуге тікелей байланысты.

1.3 Көркем шығармалардағы ұлттық сипаттағы тілдік бірліктерді аударудың кең таралған әдістері

1.3.1 Реалия сөздерді аудару әдістері

Аударма – бұл жай ғана тілдік бірліктерді ауыстыру емес, сонымен қатар мәдени кеңістікті қайта бейнелеу үдерісі. Әсіресе, бұл міндет реалияларды – белгілі бір мәдениетке тән, басқа тілде тікелей баламасы жоқ ұғымдарды – аудару кезінде ерекше күрделене түседі. Орыс аударматану мектебінің өкілдері бұл мәселені терең зерттеп, теориялық және практикалық шешімдердің жүйесін ұсынды.

Орыс ғалымдарының пайымдауынша, реалиялар – бұл ұлттық мәдениетке, тұрмысқа, қоғамдық өмірге, тарихқа тән заттар мен құбылыстарды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері. Мысалы: самовар, юрта, аул, пятилетка, ушанка, наурыз. Бұл сөздер тек нақты бір нәрсені атамайды, сонымен қатар оқырманды өзге бір мәдени ортаға енгізеді.

Осы мәселені алғаш болып жүйелі зерттеген ғалымдардың бірі – Александр Фёдоров. Ол реалияларды авторлық стильдің және этномәдени ақпараттың құрамдас бөлігі ретінде қарастырды. Оның пікірінше, реалияларды жойып немесе өзгертіп аудару – мәтіннің көркемдік құндылығын төмендетеді. Сол себепті ол оларды түпнұсқа түрінде сақтауды немесе түсіндірмемен бірге беруді ұсынды.

Келесі ірі зерттеуші – Леонид Бархударов. Ол «Язык и перевод» [75, с. 63] атты еңбегінде реалияларды аудару кезінде дәлдік пен түсініктілік арасындағы тепе-теңдікті сақтаудың маңызын атап өтеді. Ол үш негізгі әдісті ұсынады:

Транслитерация – дыбыстық түрін сақтау (наурыз → наурыз);

Калька – сөзбе-сөз аудару (пятилетка → бесжылдық жоспар);

Сипаттамалы аударма – мәнін түсіндіру (самовар → дәстүрлі орыс шайнегі).

Бархударов үшін контекст пен жанр – шешуші факторлар.

В.Н. Комиссаров та бұл мәселеге терең үңілді. Ол реалияларды үшке бөлді: тарихи-мәдени (мысалы, боярин, оброк), этнографиялық (аул, чапан), әлеуметтік-саяси (совет, партком). Ол реалияларды аудару үшін түрлі стратегияларды ұсынды: экзотизм (түпнұсқаны сақтау), балама табу, компенсация (ұлттық бояуды басқа тұстан беру), түсіндірмелер мен сілтемелер қосу [76, с. 83]. Оның тәсілі аудармадағы көп факторлы шешім қабылдауды талап етеді.

Л. Соболев – көркем аударма саласындағы маман – реалияларды халық жадының бір бөлігі деп есептеді. Ол олардың мәдени мәнін сақтауды маңызды деп санап, транслитерация тәсілін қолайлы деп таныды. Алайда, ол оқырман мәтінді түсінбеуі мүмкін болса, реалияны сипаттап түсіндіруді ұсынды [77, с. 66].

Жалпы алғанда, орыс ғалымдарының пікірінше, реалияны аудару – бұл шығармашылық, мәдениетаралық және прагматикалық міндет. Олар түпнұсқаға деген терең құрметті сақтай отырып, мәтінді мақсатты аудиторияға бейімдеуді басты қағида ретінде ұстанды. Ұсынылған әдістер қатарында – транслитерация, калька, сипаттамалы аударма, бейімдеу, сілтеме беру және эквивалент табу бар. Аудармашының таңдауына әсер ететін факторлар – жанр, мәтіннің стилі, контекст және аудитория. Осы тұрғыдан алғанда, реалияларды аудару – бұл интерпретация актісі, яғни мағынаны жаңа мәдени кеңістікте қайта жасау өнері. Бұл үлкен мәдени жауапкершілікті және интеллектуалдық ұқыптылықты талап етеді.

Мәдени-ерекшеліктерді аударудың практикалық тәсілдері Питер Ньюмарк сияқты ғалымдар тарапынан әрі қарай дамытылды. Ол мұндай элементтерді жіктеп, бірнеше әдістерді ұсынды, мысалы: трансерфинг (түпнұсқа сөзді тікелей алу), натурализация (алған сөзді мақсатты тілдің фонетикалық және

морфологиялық ережелеріне сай бейімдеу), және мәдени эквивалент (түпнұсқа терминнің орнына мақсатты мәдениетке жақын ұғымды қолдану). Түзу баламасы жоқ жағдайда Ньюмарк ұғымды түсіндіретін сипаттамалық аударманы қолдады және оқырмандарға қажетті мәдени мағлұматты беру үшін түсіндірме ескертпелер немесе глоссарийлер қолдануды ұсынды [78, р. 83].

Роман Якобсон өзінің әйгілі «Аударманың тілдік аспектілері туралы» (1959) атты эссесінде мақсатты мәдениетте баламасы жоқ мәдени элементтерді аудару мәселелерін талқылап, «мұндай айқын ассиметриялар аудармада оңай шешімін таба алмайтын қиындықтарды туындатады» дейді. Якобсон мысал ретінде ағылшын тіліндегі *cheese* сөзін келтіреді, оның семантикалық өрісі ашытылған және ашытылмаған ірімшікті қамтиды, ал орыс тілінде бұл екі топқа әртүрлі сөздер сәйкес келеді [79, р. 233]. Ол сондай-ақ жаңа мәдени ұғымдар мен заттар енгізілгенде тілдердің лингвистикалық олқылықтарды қалай толтыратынын және мәдени ұғымдардың метафоралық маңыздылығының тілдік негіздерін талқылайды. Жалпы, Якобсон мәдени айырмашылықтарды аудару мүмкіндігіне қатысты салыстырмалы түрде оптимистік көзқарасты ұстанды, атап айтқанда, «тілдер негізінен нені жеткізе алатындығымен емес, нені жеткізуге тиіс екендігімен ерекшеленеді» [80, р. 236] деп пайымдады.

Ал Дж. К. Кэтфорд өзінің «Аударманың тілдік теориясы» (1965) атты еңбегінде мәдени айырмашылықтарға қатысты Якобсонға қарағанда пессимистік көзқараста болды. Кэтфорд аудармалық қабілеттілікті белгілі бір шкала ретінде қарастырып, мәдени элементтерді абсолютті түрде аударылатын немесе аударылмайтын емес, оларды белгілі бір дәрежеде аударуға болатынын айта отырып, мәдени асимметриялар бастапқы мәтіннің функционалды маңызды ерекшеліктерін аударылған мәтіннің контекстік мағынасына енгізу мүмкін болмаған жағдайда, қатаң тілдік тұрғыдан аударылмайтын мәселелерді тудыруы мүмкін деп санады [81, р. 93-94]. Кэтфордтың мәдени аударылмайтындық туралы көзқарасы мағынаны қатаң түрде тілге тәуелді деп қарастыруынан туындаған, бұл басқа мәдениеттерде лингвистикалық немесе функционалдық баламалары жоқ мәдени артефактілер мен әдет-ғұрыптардың мағынасын дәл жеткізу мүмкін емес, тек мақсатты тілге немесе мәтінге тасымалдау арқылы ғана жуықтатуға болатынын білдіреді.

Кэтфордтың бұл мәселедегі пессимизмі Якобсонға қарағанда У.В.О. Куайннің көзқарасына жақын болды. Куайн (1959, 1960) әлеуметтік контекстегі тіпті күнделікті элементтердің де лингвистикалық, мәдени және когнитивтік тұрғыдан белгісіздігі жайлы пайымдауларды жақтады.

Куайннің түсіндірмелерінің ауқымы мәдениет пен мағынаны аударуда материалдық деңгейден әлдеқайда асып, функция және логикалық әрі философиялық ұғымдарды қарастыру қажеттігін көрсетеді. Куайн аударманы жалпы *байланыс нәзіктігінің метафорасы* ретінде қолданады, тіпті бір тілдің ішінде де, адамның тәжірибесі белгілі бір мағынада жабық күйде қала береді деп болжайды, өйткені ортақ сөздер барлық адамдар үшін әрдайым бірдей мағынаны білдіре бермейді. Оның көзқарастарының мәдени аудармаға тигізетін салдары әлі де ой елегінен өткізуге тұрарлық. Осы контексте Юджин Найда

мәдениеттердің құрылымдары түбегейлі өзгеше болған жағдайда, бір-біріне толық сәйкес келетін мәдени аудармаларға қол жеткізу мәселелерін шешуге тырысты. Найда формальды эквивалент табу мүмкін болмаған жағдайда динамикалық эквивалентті аудармалар мәдени алшақтық мәселесін шешуі мүмкін деп ұсынды. Мысалы, қарды ешқашан көрмеген мәдениетте ол «қардай ақ» сөзін «эгрет қауырсынындай ақ» немесе «капок мамығындай ақ» деген эквивалентпен аударуды дұрыс деп санады [82, р. 171]. Найда сондай-ақ материалдық мәдениет деңгейінен асып, мәдени асимметрияға қарамастан күрделі әлеуметтік ұғымдарды аудару мәселелерін қарастырды. Оның жұмысында туыстық (83, р. 82-85, р.216-17), уақыт өлшемі [83, р. 218], сан [83, р. 172], тіпті «жақсы» және «жаман» сияқты құндылықтарды қамтитын күрделі мәдени концептуализациялар талқыланады [83, р. 78]. Мәдени аударманың бұл ертедегі талқылаулары тақырып бойынша соңғы жұмыстармен толықтырылды, бірақ теориялық тұрғыдан ығыстырылмады. Мәдени аударманың ең жүйелі заманауи зерттеуі Дэвид Катанның «Мәдениеттерді аудару: ауызша, жазбаша аудармашыларға және делдалдарға кіріспе» (2004) кітабында кездеседі. Мәдениетке деген көзқарасын лингвистер, антропологтар және когнитивті ғалымдардың көзқарастарына сүйене отырып, Катан аудармашы қоршаған орта факторларынан, мінез-құлқынан және әлеуметтік ұйымынан бастап тілге, наным-сенімдерге және құндылықтарға дейін кездесетін мәдени құбылыстардың кең ауқымын қарастырады. Аударма педагогикасында жақсы қалыптасқан әдістерді қолдана отырып, ол осы әртүрлі мәдени салаларды аударудың бірнеше стратегияларын ұсынады [84, р. 122].

Тимоти Уилт [85, р. 82; 86] (2003) мәдениетті статикалық емес, динамикалық ретінде көрсету және мәдени элементтерді аудару кезінде когнитивтік шеңберді ескеру қажеттілігіне баса назар аудару Катанның тәсілінің негізгі артықшылығы деп санайды. Алайда, Уилт [85, р. 78] Катанның мәдени аударма тәсілі бинарлық құрылымдарға сүйенуіне байланысты шектелген деп атап өтеді.

Снелл-Хорнби [86, р 39-64) өзінің «Аударма мәдениетаралық оқиға ретінде» атты тарауында аударма үдерісін енді екі тіл арасында емес, екі мәдениет арасында жүзеге асырылатын үдеріс ретінде қарастыру керек екенін айтады. Сондай-ақ, онда Филлмордың сахналар мен фреймдер туралы тұжырымдамасын біріктіретін «мәдениетаралық жеткізу» барын көрсетеді. Басснеттің есімі (2014), Снелл-Хорнбимен бірге [87, р. 50-60], аудармадағы мәдени бетбұрыспен байланыстырылады. Ол өзінің «Аударматану» (Translation Studies, алғаш рет 1980 жылы жарияланған) атты жұмысын «Негізгі мәселелер: Тіл және Мәдениет» тақырыбынан және мынадай түсініктен бастайды: «Жүрекке ота жасайтын хирург сол жүректі қоршаған денені назарынан тыс қалдыра алмайтыны сияқты, аудармашы да мәтінді мәдениеттен қол үзбестен өңдейді» [88, р. 25].

Шын мәнінде, аудармашының жұмысын тиімді ететін нәрсе – оның қажет болған жерде мәдени аядағы фреймдерді түсініп, қайта құра алу қабілеті. Осыған дейін мәдени аудармаға қатысты аталмай келген, қазіргі уақытта

аударматанушылар арасында М. Тимочко ұсынған мәдени аудармаға холистикалық (тұтастық) көзқарасқа аса танымал. Ғалым мәдениетті аударуда қазір бар тенденцияларды жан-жақты талдай келе, өзіндік пікірін ұсынады. Ғалымның пікірінше «Мәдени айырмашылықтарды аудару тек аудармашының күші мен құзыретінің орталығы ғана емес, сонымен қатар аудармашы өзінің ең үлкен шеберлігін көрсететін жер [88, р. 37].

Катан (2004) аудармашыны мәдени делдал ретінде қарастыру керектігін бірнеше рет осы себепті атап өткенінде күмән жоқ [89, р. 191].

Ғалым Энтони Пим (Anthony Pym) көркем әдеби аудармалардағы реалияларды аудару мәселесіне қатысты бірнеше маңызды тұжырымдар жасаған. Ол аудармашыны тек мәтінді жеткізуші емес, сонымен қатар мағынаны бірлесіп жасайтын автор ретінде қарастырады. Пимнің пікірінше, аудармада реалияларды жеткізуде аудармашы мәдени контексті ескере отырып, мағынаны қайта құрастыруы қажет. Пим аударманы тек тілдік эквиваленттілікке ұмтылу емес, керісінше, сенімділік, түсініксіздік және коммуникациялық тәуекелдерді басқару процесі ретінде сипаттайды. Оның айтуынша, аудармашы реалияларды аударғанда, олардың мағынасын сақтап қалу үшін әртүрлі стратегияларды қолдануы тиіс, мысалы, түсіндіру, бейімдеу немесе түпнұсқаны сақтау. Пимнің бұл көзқарастары аудармашының рөлін кеңейтіп, оны мәдениетаралық коммуникацияның белсенді қатысушысы ретінде көрсетеді. Оның еңбектері аударма теориясында аудармашының шешім қабылдау процесіне және мәдени контексті ескеруге баса назар аударады [90, р. 37].

Кронин аудармашылар жаһандану дәуірінде мәдени ерекшеліктерді сақтап қалу мен кең аудиторияға мәтінді қолжетімді ету арасында тепе-теңдік табуы керек дейді. Бұл реалияларды аударуда ерекше маңызды. Реалия – белгілі бір халықтың тұрмыс-тіршілігін, дәстүрін, әлеуметтік құндылықтарын көрсететін тілдік бірліктер. Кронин бұл кодтарды жаңа мәдениетте «түсінікті» етіп ұсынуға тиіс дейді [91, р. 37].

К. Шеффнер мен У. Визерман аударма үдерісіндегі мәдени лексиканы күрделі әрі қиындық тудыратын сала деп санайды. Олар бұл лексиканы дәстүрлі қатысым тұрғысынан аударылуы қиын, кей жағдайда аударылмайтын бірліктер қатарына жатқызады [92, р. 32].

Ж. Мунэннің пікірінше, аудармашының түпнұсқадағы шынайылықты толық ұғынуы – мәтінді дұрыс жеткізу үшін маңызды. Дегенмен, өзге мәдениетке тән реалияларды бейнелеу немесе талдау мүмкін емес деп айтуға болмайды. Аудармашы этнографиялық деректерге сүйене отырып, түпнұсқадағы мәдени ерекшеліктерді басқа тілде түсінікті етіп жеткізе алады. Әрине, аударма арқылы жасалатын мәдени қарым-қатынас ешқашан толық мәнінде дәл болмауы мүмкін, алайда ол әрдайым жүзеге асырыла алады [93, р. 37].

Отандық ғалым А.К. Жұмабекова аудармашы мәдениетаралық қатынас субъектілерінің басқа мәдениеттерді, реалийлерді түсіне алуын қамтамасыз етуі тиіс дейді [94, б. 11].

Өзге тілдерге аударуда сатылы (intermediary) аударманың әсері: яғни, орысша арқылы ағылшынға аудару мәдени реалияларды дұрыс жеткізбеуге әкелетін жағдайларды тудырады. Бұл аудармада ұлттық мінез пен шынайылығын сақтаудағы қиындықтарды көрсетеді [95].

Көп жағдайда аудармалар орыс тілі арқылы жанама түрде жүзеге асатындықтан, түпнұсқаның көркемдік табиғаты мен мәдени-ұлттық болмысы бұрмаланып, мазмұндық және стилистикалық қателіктерге жол беріледі. Қазақ тілінен тікелей аударма алатын, ұлттық рух пен мәдени контексті терең түсінетін білікті аудармашылардың жетіспеушілігі бұл мәселелерді одан әрі күрделендіре түседі [96].

Аталмыш диссертациялық жұмыста ұлттық сипаттағы реалиялар мен қаратпа, одағай және дисфемизмдердің аудармасы анықтамалар бөлімінде көрсетілген П. Ньюмарктың аударма әдістері мен жалпы аударматанудағы транскрипция, транслитерация, калька, генерализация және нақтылау, оmissия трансформациялары бойынша талданады. Аталмыш аударма әдістері Л. Венутидің форенизация және доместикация стратегиялары бойынша жіктеледі. Атап айтқанда, транскрипция, транслитерация, калька форенизацияға яғни түпнұсқадағы ұлттық сипатты сақтауға алып келсе, функционалды эквивалент, мәдени эквивалент, дескриптивті эквивалент, оmissия, генерализация және нақтылау амалдары доместикацияға алып келеді. Демек, түпнұсқадағы ұлттық сарын жоғалып, мақсатты мәдениетке барынша бейімделеді. Ал, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер аудармасында белгілі ғалым А.В. Куниннің [97] аударма әдіс-тәсілдеріне сүйенеміз. Ол жайында келесі тарауда толық ақпарат ұсынылады.

1.3.2 Фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді аудару әдістері

Фразеологизмдер – тұрақты құрылымы мен идиомалық мағынасы бар ерекше тілдік бірліктер. «Тілдің көркемдігі, алуандығы, түрлі-түстілігі ұлттың баға жетпес байлығы» [98, б. 263]. Олар көбінесе мәдени ерекшеліктерді, тарихи шындықтарды және ұлттық ойлау жүйесін білдіреді.

Отандық ғалым З.К. Ахметжанова өз еңбегінде ұлттық рухани дүниетаным, салт-сананың, ұлттық психология мен мінез-құлықтың, ұлттық ойлау жүйесінің кез келген тілдің фразеологиялық жүйесі арқылы айқын көрініс табатынын атап өтеді. Фразеологизмдер халықтың этностық, рухани және наным-сенім мәдениетінен мағлұмат беріп қана қоймай, көне мифологиялық сана мен қазіргі қоғамдағы өзгерістерді де бейнелей алады. Бұл – фразеологиялық бірліктердің тек тілдік қана емес, мәдени-танымдық мазмұнға да ие екендігінің дәлелі [99, б. 45]. Сондықтан фразеологизмдерді аудару – аударма теориясы мен тәжірибесіндегі ең күрделі мәселелердің бірі. Орыс ғалымдары бұл мәселені жан-жақты зерттеп, теориялық және практикалық тұрғыда бірнеше әдістер ұсынды.

Алғаш болып фразеологизмдерді жүйелі түрде зерттеген В.В. Виноградов оларды мағына жағынан бөлінбейтін лексикалық бірлік ретінде сипаттады. Оның пікірінше, фразеологизмдерді сөзбе-сөз аудару мағына бұрмалануына немесе

экспрессияның толық жоғалуына әкелуі мүмкін [100, с. 77]. Сондықтан мұндай тәсіл қолайсыз саналады.

В.Н. Комиссаров фразеологизмдерді аударуда олардың функционалды-стилистикалық рөлін ескеру қажет екенін атап өтті. Ол екі негізгі әдісті ұсынды: мақсатты тілде эквивалент фразеологизмді қолдану (егер ол бар болса) немесе сипаттамалық аударма арқылы мағынаны жеткізу. Сондай-ақ, ол контекстік бейімдеудің маңызын атап өтті – фразеологизмнің бейнелілігі мен экспрессиясын сақтау қажет [101, с. 43].

Л.С. Бархударов [102, с. 14] кейбір фразеологизмдердің толық аударылмайтынын, әсіресе олар ұлттық-мәдени шындықтарды қамтитын жағдайда, айтып өтті. Ол бірнеше тәсілді ұсынды: мағынасы ұқсас тұрақты тіркеске ауыстыру, мағынасын қарапайым сөздермен жеткізу, калька жасау (дословный аударма), қажет жағдайда тікелей аудару.

А.Д. Швейцер [103, с. 112] фразеологизмдерді аударуда шығармашылық тәсілдің қажеттілігін атап көрсетті. Ол фразеологизмдерді тура, бейнелі және эквивалентті түрде аударуға болатынын айтты. Егер түпнұсқа бейнесі мақсатты аудиторияға түсініксіз болса, онда оны бейтарап сөз тіркесімен алмастыруға болады деп санады.

Осылайша, орыс ғалымдары фразеологизмдерді аударуда икемді және көп деңгейлі әдісті ұсынады. Аударма кезінде фразеологизмнің мағынасы, бейнелілігі, стилистикалық рөлі және мәтіннің жанры ескерілуі тиіс.

Фразеологизмдерді аударудың жиі қолданылатын тәсілдері: толық және жартылай эквиваленттерді пайдалану, сипаттамалық аударма, калькалау, бейтарап сөздермен ауыстыру, түсіндірме не ескертпе қолдану. Тиімді аударма үшін тек тілдік білім жеткіліксіз, сонымен қатар мәдени кодтарды, бейнелі ойлауды және түпнұсқаның прагматикалық мақсатын түсіну қажет. Аудармашы мәдениеттер арасындағы делдал ретінде фразеологизмнің тек мағынасын ғана емес, сонымен қатар оның бейнелі әрі экспрессивті табиғатын да сақтау үшін барынша ұмтылуы тиіс.

Фразеологизмдер – тіл мен мәдениеттің ажырамас бөлігі, олар халықтың дүниетанымын, ұлттық менталитетін, тарихи болмысын білдіреді. Осы себепті фразеологизмдерді аудару – аударма ісіндегі ең күрделі міндеттердің бірі. Көптеген шетелдік ғалымдар бұл мәселені зерттеп, мағына мен бейнелілікті сақтай отырып аударудың түрлі теориялық тәсілдерін ұсынды.

Аударма теориясының беделді өкілдерінің бірі – Питер Ньюмарк фразеологизмдерді аударудағы қиындықтарды ерекше атап өткен. Ол фразеологизмдерді аудару үшін бірнеше әдіс ұсынды: мәдени балама (cultural equivalent), функционалды балама, сипаттамалық аударма және түсіндірмелер немесе сілтемелерді қолдану [104, р. 116]. Ньюмарк аудармашы түпнұсқаның дәлдігін де, стильдік ерекшелігін де сақтау керектігін баса айтты.

Фразеологизмдерді жеткізудің тағы бір тиімді жолын Жан-Поль Вине мен Жан Дарбельне ұсынған. Олар модуляция және эквиваленттік әдістері арқылы идиомалық тіркестердің баламаларын табуға болады деді. Яғни, түпнұсқадағы

әсер мен эмоцияны жеткізе алатын, мақсат тілдегі тұрақты тіркеспен алмастыруды жөн санады [105, p. 65].

Мона Бейкер өз еңбегінде идиомалар мен фразеологизмдер – тілдік емес, мәдени белгілердің де тасымалдаушысы екенін атап өтті. Ол фразеологизмдерді аударуда туындайтын басты қиындықтарды былайша көрсетеді: тура баламаның болмауы, қолданылу жиілігінің айырмашылығы, мәдени шектеулер. Ол сондай-ақ мынадай стратегияларды ұсынады: идиомалық баламаны қолдану, бейтарап сөз тіркесімен алмастыру, сипаттамалық түсіндіру, қажет болғанда идиоманы мүлде алып тастау [106, p. 84].

Кристин Норд фразеологизмдерді аударуда функционалды тәсілді ұстану керек деп санайды. Яғни, аударманың мақсаты мен оқырман қажеттілігіне қарай идиомалық тіркес: бейімделуі, қайта құрылуы, не толық ауыстырылуы мүмкін [107, p. 312].

Жалпылай алғанда, шетелдік ғалымдардың көзқарасы фразеологизмдерді аудару – механикалық емес, шығармашылық процесс екенін көрсетеді. Мұндай аудармада икемділік, мәдени сауаттылық және контексті терең түсіну аса қажет. Ең жиі қолданылатын әдістер мыналар: фразеологиялық баламаны пайдалану, сипаттамалық аударма, модуляция, калькалау (кейбір жағдайда), түсіндірмелер қолдану. А.В. Кунин ұсынған фразеологизмдерді аудару амалдары: 1. Толық эквивалент – аударма тіліндегі фразеологизмді бастапқы тілдегі фразеологизммен мағынасы, құрылымы және стилистикалық реңкі толық сәйкес келетін түрде алмастыру; 2. Жартылай эквивалент – бастапқы тілдегі фразеологизмді мағынасы жағынан сәйкес келетін, бірақ құрылымы, бейнесі немесе стилі жағынан өзгешеленетін аударма тіліндегі фразеологизммен алмастыру; 3. Адаптация – бастапқы тілдегі фразеологизмді мағынасы жағынан ұқсас, бірақ бейнелік негізі басқа тұрақты сөз тіркесімен аударма тілінде алмастыру; 4. Сипаттамалы аударма – фразеологизмнің мағынасын еркін сөз тіркесі немесе сөйлем арқылы жеткізу, яғни түсіндірмелі аударма тәсілі; 5. Калькалау – фразеологизмнің құрамдас бөліктерін аударма тілінде сөзбе-сөз қайталау арқылы аудару; 6. Фразеологизмді фразеологиялық тіркеспен алмастыру, яғни, жай сөзбен беру; 7. Компенсация – фразеологизм немесе стилистикалық әсер тікелей аударма барысында жойылған жағдайда, ол мәтіннің басқа бір жерінде немесе басқа көркемдік тілдік құралдар арқылы қалпына келтірілетін аударма тәсілі [108, с. 306]. Сонымен қатар, талдау барысында түпнұсқадағы фразеологизм аудармада мүлдем түсірілген жағдайда өз тарапымыздан оmissия әдісі мен мазмұны бұрмаланған жағдайда семантикалық бұрмалауды қарастырдық.

Қорытындылай келе, қазіргі аудармашының міндеті – тек мағына мен құрылымды жеткізу емес, сонымен бірге фразеологизмдердің мәдени және эмоциялық астарын да сақтау, сол арқылы мәтінді оқырманға барынша әсерлі және түсінікті етіп беру.

Тарау бойынша қорытынды

I тарауда ұлттық сипаттағы көркем шығармаларды аударудың теориялық негіздері жан-жақты талданды. Бұл бөлімнің мақсаты – тіл, мәдениет және аударма арасындағы күрделі өзара байланыстарды саралау, сондай-ақ қазіргі аударматанудағы көркем мәтіндерді зерттеу бағыттарын жүйелеу арқылы ұлттық-мәдени бірліктерді аудару ерекшеліктерін негіздеу болды.

Ең алдымен, тіл, мәдениет және аударма ұғымдарының ажырамас үштігіне назар аударылды. Тілді тек коммуникация құралы ғана емес, сонымен қатар мәдениеттің басты тасымалдаушысы ретінде қарастыру – аударманың мәдени мазмұнын толық жеткізуге мүмкіндік береді. Ю. Найда, А. Нойберт, С. Басснет, А. Латышев сынды зерттеушілердің еңбектері бұл бағытта маңызды теориялық тірек болып табылады. Аударма – тек сөздерді ауыстыру емес, ол мәдениетаралық диалог, екі халықтың дүниетанымын байланыстыратын көпір рөлін атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, аудармашының қызметі – лингвистикалық трансформациямен қатар, мәдени адаптацияны жүзеге асыру.

Қазіргі аударматануда көркем аударма зерттеулерінің ауқымы едәуір кеңейіп отыр. Лингвистикалық тәсілдермен қатар, лингвомәдениеттанымдық, когнитивтік, прагматикалық және семиотикалық бағыттар көркем мәтінді терең талдауға жол ашады. Бұл бағыттар арқылы көркем мәтіндегі ұлттық-мәдени кодтарды, автордың дүниетанымын, эмоционалды-экспрессивтік реңктерін жеткізу жолдары кеңінен қарастырылады. Мысалы, В. Комиссаров, Л.С. Бархударов, И.С. Алексеева, Г. Винокур сынды ғалымдар аудармада баламалықты сақтау, мәдени ақпаратты бейімдеу мәселелерін терең зерттеген.

Көркем мәтіндегі ұлттық сипаттағы тілдік бірліктер – реалия сөздер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер – аударманың ең күрделі элементтері қатарына жатады. Реалия сөздер – белгілі бір халықтың тұрмыс-тіршілігіне, дәстүріне, әлеуметтік-мәдени болмысына тән лексикалық бірліктер. Мұндай сөздерді аударуда транслитерация, калькалау, сипаттамалық аударма, түсіндіру сияқты тәсілдер қолданылады. Мысалы, Л.Н. Соболеваның классификациясы бойынша реалия сөздердің аударылуындағы әрбір тәсіл мақсатты аудиторияның мәдени түсінігіне бейімделуі қажет.

Фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер – ұлттық танымның көрінісі, сол себепті оларды баламалы түрде беру – аудармашы үшін үлкен сын. Бұл ретте А. Вежбицкаяның мәдени сценарийлер теориясы, сондай-ақ А.В. Куниннің аударма стратегиялары фразеологиялық бірліктерді жеткізуге теориялық негіз бола алады. Аудармашылар бұл бірліктерді баламалық (эквивалентті), бейімдеу, мағыналық ауыстыру немесе түсіндіру әдістерімен жеткізеді. Әр тәсілдің артықшылығы мен шектеулері бар: мысалы, мағыналық ауыстыру мәтіннің көркемдік реңкін сақтауы мүмкін, алайда ұлттық ерекшелігі жойылуы ықтимал.

Қорыта айтқанда, көркем аударманың теориялық негіздерін қарастыру ұлттық-мәдени мазмұнды жеткізудің көпқырлылығын және аудармашының кәсіби, лингвомәдени, интерпретациялық қабілеттерін қажет ететін күрделі үдеріс екенін көрсетті. Көркем мәтінді аудару барысында аудармашы – тілдік құрылымдарды ғана емес, сонымен бірге сол халықтың дүниетанымын, мәдени

стереотиптерін, тарихи-әлеуметтік контекстін де жеткізуші тұлға. Сондықтан ұлттық сипаттағы көркем шығармаларды барабар (адекватты) аудару – бұл тіл мен мәдениеттің терең бірлігін түсінуге негізделген, теориялық білім мен практикалық шеберлікті ұштастыратын шығармашылық еңбек.

2 ДУЛАТ ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ СИПАТТЫҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ ЖӘНЕ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ САНДЫҚ ТАЛДАУЫ

Д. Исабековтың шығармаларындағы ұлттық сипаттың аудармасына қатысты тікелей зерттеу жұмыстары болмағанымен, жалпы жазушы шығармашылығына қатысты бірнеше ғылыми диссертациялар бар. Атап айтатын болсақ, Д.М. Неталиева «Д. Исабеков повестеріндегі ұлттық мінез сипаты» атты диссертациялық жұмысында повестегі кейіпкерлер арқылы көрінетін ұлттық мінез мәселесіне зерттеу жүргізеді. Жазушы кейіпкерлері көбінше қоғамда елеусіз, қарапайым, ешкімге зияны жоқ, өзімен өзі жүрген момын адамдар болса да, жазықсыз жапа шегіп қалып жатады, бірақ сонда да, тырмысып өмір үшін күреседі, автордың бұл сомдауларының арғы жағында қорғансыз жандар арқылы бейнеленіп жатқан ұлттық сипат, тәрбие, имандылық, шүкіршілік, кешірімшілдік, қарапайымдылық, ар-ождан, тағдыр, сабыр деген сияқты ұлтқа тән көріністер көрсетіліп тұратынын және оның дәстүрмен жалғасатынын көрсеткісі келетінін жазған. Ал жақсы дәстүр қай уақытта да халықтың алтын қазынасы. Д.М. Неталиева «Тұңғыш жан күйзелісіне беріле бермей, ес жиып, өмір сүруге ұмтылған. Бұған дейінгі тағдыры әрі құдайдың, әрі адамның қолында болды. Аманат, Кеңкелес, Диуана болған басы Доскей мен басқа бай ауылдарға бағынышты еді, енді атасы білмеген кәсіп болса да, өз еңбегімен тапқан нанын ешкіммен бөліспей, ешкімге бағынбай жеке ғұмыр кешуге бел байлаған. Мүсәпірлік, жігерсіздік, бағыныштылықтан қайсар, намысқой қасиетіне көшкен» деп Тұңғыштың соңғы сүйекшілік кәсібі туралы ойын білдіреді [109]. Қ.М. Хамзина Д. Исабеков шығармаларындағы көркем уақыт пен кеңістік аясындағы адам концепциясы туралы кешенді түрде ғылыми тұрғыдан зерттеу жүргізеді. «Тұңғыш та балғын балалығын бақытты етіп өткізуге құқылы еді, жар сүйуге құқылы еді, ұрпақ өрбітіп, өсіруге құқылы еді. Барша адамзат баласы сияқты ол да қамшының сабындай келте ғұмырын бақытты етіп өткізуге барша әлем алдында, уақыт пен кеңістік аясында құқылы еді ғой» - деп автордың адам концепциясын жасауда көп сауалдың шешімін табуға тырысқанынан туған мәселелер екенін айқындайды [110].

Отандық ғалым С.Д. Сейденова бірнеше еңбектерінде Дулат Исабековтің шығармаларындағы психологизмді зерттей келе, жазушы кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесін, ойы мен сезімін, тәжірибесі мен мотивін ашу әдісіне тоқталады. Аталған әдісте автордың оқырманға оның әлемін түсінуге және кейіпкердің басқаша емес, не себепті осылай әрекет ететінін білуіне мән беріледі. Д. Исабеков шығармалары негізінде психологизм әдістерін, атап айтқанда ішкі монолог, сана ағымы, вербалды емес ым-ишара, кейіпкер мимикасы, интерьер мен табиғатты сипаттау, ауызекі сөйлеу портреті, диалогтар, сатира және тіпті символдар сияқты әртүрлі әдістері талданады [111-115].

С.Д. Сейденованың «Қазақстанның лирикалық прозасы: жанрдың дамуы, аударма қиындықтары» атты монографиясында Сайын Мұратбеков, Бақытжан Момышұлы, Әзілхан Нұршайықов, Дүкенбай Досжан шығармашылығымен

катар, Дулат Исабековтің прозасындағы кейіпкерлердің лирикалық сезім иірімдерін сипаттаудағы стильдік ерекшелікке назар аударылады [116].

Жақсылық Түменбаев «Өнегелі өмір» атты еңбегінде Дулат Исабековтің шығармашылығына арналған беташар сөзінде жазушының кейіпкерлерін суреттеуде өмірбаяндық нақты деректер мен олардың қоғамдағы нақты орнын басты назарға алмайтынын атап өтеді. Оның айтуынша, жазушы үшін ең маңыздысы – қарапайым адамның ішкі жан дүниесі, оның тағдырындағы күрделі иірімдер. Автор бұл туралы: «Жазушының барлық шығармалары адам өмірінің қырық қатпар қырын ашуға арналған», – дейді. Мұны Д. Исабековтің қаламынан шыққан «Гауһартастағы» Салтанат, «Дерменедегі» Тоқсанбай, «Тіршіліктегі» Қыжымгүл, «Пері мен періштедегі» Құлахмет секілді ерекше тағдыр иелерінің бейнелері арқылы да байқауға болады. Олар – жазушының шеберлігі арқасында жан-жақты сомдалған, шынайы да өміршең кейіпкерлер [117, б. 15].

Әдебиеттанушы Құлбек Ергөбек «Ұлтын сүйген жүрек үні» атты еңбегінде Дулат Исабековтің жазушылық ерекшелігіне терең баға беріп, оның кейіпкерлерінің өзгеше болмысын атап өтеді. Ғалымның пікірінше, Дулат Исабеков сомдаған бейнелер қазақ әдебиетінде теңдесі жоқ тұлғалар. Мұндай даралық – жазушының шеберлігінің дәлелі. Әдебиетті байытатын – бір-бірінен айырмасы бар, өзіне ғана тән мінезі мен тағдыры бар кейіпкерлер. Ал ұқсас бейнелерден тек қайталанатын, мазмұндық жағынан ұқсас шығармалар ғана туады дейді зерттеуші. Сонымен қатар Құлбек Ергөбек Дулат Исабековті шығармашылығының барлық қырынан ұлттық жазушы деп бағалайды. Жазушының шығармаларындағы оқиғаның басталуы, табиғат пен мекеннің суреттелуі, тұрмыстық көріністер, көркемдік тәсілдер – барлығы оның ұлт рухын жеткізуге ұмтылатынын көрсетеді. Қандай мәселе қозғамасын, Исабековтің туындыларынан ел мен жер тағдырына деген жанашырлық сезіліп тұрады [118, б. 302, 317].

Әбдіжәміл Нұрпейісов 2012 жылғы 16 қарашада «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Дулат туралы сөз» атты мақаласында жазушы Дулат Исабековтің шығармашылық шеберлігіне жоғары баға береді. Ол «Дермене» повесіндегі дерменеші шал мен оның немересі сияқты кейіпкерлердің өмірде болмауы мүмкін екенін, олардың шынайы бейнесі бүгінгі ұрпақтың есінде қалмауы ықтимал екенін айта отырып, сол кейіпкерлер жазушы қаламының арқасында көркем образ ретінде мәңгілік өмір сүріп келе жатқанын алға тартады. Бұл бейнелер – көркем әдебиетте ұмытылмас тұлғаларға айналған, уақытпен бірге өмір сүретін кейіпкерлер [119, б. 2-3].

Ал Амантай Байтанаев «Стиль айқындығы – өнер өрлігі» атты мақаласында Дулат Исабековтің «Қарғын» романына тоқталып, автордың өзі айтқанындай, туындының өмір шындығына негізделіп, жүрек сүзгісінен өткізіліп, көркемдік шеберханада сомдалған нағыз шынайы шығарма екенін атап өтеді. Бұл пікірлер жазушының шынайы өмірді терең сезініп, оны көркемдікпен жеткізудегі шеберлігін дәлелдейді [120, б. 8].

Д. Исабеков шығармашылық жолы университет қабырғасында жүріп басталып, сонау кеңестік заманның жазушылар туындыларына бей - жай

карамайтын, тым қатал сұрыптауынан өткен шығармалар. Жазушының қай шығармасын алсаңда оқырманға терең ой саларлық, ана тілінің асыл сөздерінің, ой орамдарының жиі қолданысымен, өзінің туған жері, оңтүстік өңірінің тұрмыс тіршілігінде, өмір сүру салтында күнделікті қолданыстағы сөз иірімдерімен бағалы [121, б. 208].

Ал, қазақ әдебиеті туындыларындағы ұлттық сипаттағы лексиканың аударма талдауы алдындағы классификациясы бірнеше отандық ғалымдар докторлық диссертацияларында орын алған. Атап айтсақ, А.Ж. Жапарова «Метафоры в поэзии Абая и ее перевод на русский и английский языки: сравнительный анализ» [122], А.У. Жусупова «Проблема перевода этнокультурной идентичности в трилогии А. Нурпеисова «Кровь и пот»» [123], Ж.Ж. Манапбаева «С. Елубайдың «Ақ боз үй» романындағы ұлттық реалиялардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалардың барабарлығы» [124], А.Е. Алпысбаева «Мағжан Жұмабаев поэзиясының үш тілдегі (түрік, орыс, ағылшын) аудармаларының лингвомәдени аспектісі» [125]. Олардың барлығы түрлі классификацияларды атай отырып, өз жіктеулерін ұсынады. Атап айтқанда, ғалымдардың барлығы С. Влахов пен С. Флорин ұсынған жіктеуге сілтеме берген:

1) «Заттық жіктеу;

2) Жергілікті жіктеу (ұлттық және тілдік қатысымға байланысты):

А. Бір тілдің шеңберінде:

1. өз реалиялар (көбінесе тілдегі байырғы, ежелден келе жатқан лексика):

а) ұлттық (бір халыққа, ұлтқа тән және осы елден тыс жерлерде бөтен болып табылатын атаулар);

б) жергілікті (бір елдің шекарасынан өтіп, географиялық жағынан көршілес болмаса да, әдетте референтімен бірге бірнеше халыққа жайылған, бірнеше тілдің лексикасының құрамдас бөлігіне айналған. Мысалы, советизмдер).

в) микрореалиялар (белгілі бір қала, ауыл, қоғамдастық, ұйым, тіпті отбасы ішіндегі)

2. өзге реалиялар (түп-төркіні шет тілдік, өзге тілден енген сөздер, неологизмдер):

а) интернационалдық

б) регионалды

Б. Екі тілдің шеңберінде:

1. ішкі реалиялар (екі тілдің біріне жататын, сәйкесінше біріне бейтаныс реалиялар);

2. сыртқы реалиялар (екі тілге де бірдей бейтаныс реалиялар) [126, с. 57].

3) Уақытқа сай жіктеу («таныстық» белгісіне қарай синхрондық және диахрондық үлгіде): заманауи және тарихи реалиялар.

4) Аударма жіктеуі (аударылатын немесе аударылмайтын) [126, с. 65].

Заттық жіктеу:

(А) географиялық реалиялар: 1) физикалық география мен метеорология нысандарының атаулары (прерия, торнадо); 2) адамның іс-әрекетімен

байланысты географиялық нысандардың атаулары (польдер, арык); 3) эндемиктердің атаулары (киви, секвойя);

(Б) этнографиялық реалиялар: 1. Тұрмыс: а) тамақ, сусындар, қоғамдық орындар; б) киім-кешек; в) үй-жай, жиһаз және басқа тұрмыс заттары; г) транспорт (көлік түрлері және оны жүргізушілер); д) басқалар (махорка, кизяк). 2. Еңбек: а) еңбек адамдары (бригадир, фермер); б) еңбек заттары; в) еңбекті ұйымдастыру. 3. Өнер және мәдениет: а) музыка және би; б) музыкалық инструменттер; в) фольклор; г) театр; д) басқа да өнер атаулары және заттары; е) орындаушылар: трубадур, акын, гейша; ж) әдет, салт-жоралар; з) мейрамдар мен ойындар; мифология, к) культ; л) күнтізбе. 4. Этникалық объектілер: а) этнонимдер; б) лақап аттар (әдетте күлкінішті әрі көңілге келетін: фриц, хохол); в) жеке тұлғалардың тұрғылықты жері бойынша атауы (кариокас, канака, шоп). 5. Өлшем және ақша: а) өлшем бірліктері; б) ақша бірліктері; в) аталған екеуінің ауызекі тілдегі атаулары (сотка, двушка, трешка).

(В). Қоғамдық-саяси реалиялар: 1. Әкімшілік-территориялық бөлініс: а) әкімшілік-территориялық бірліктер (губерния, облыс); б) тұрғылықты аймақтар (ауыл, станица, хутор); в) тұрғылықты аймақтардың детальдері (старгало, чаршия, корзо). 2. Билік органдары мен жүргізушілері: а) билік органдары (муниципалитет, дума, рада); б) билікті жүргізушілер (канцлер, хан, шах). 3. Қоғамдық-саяси өмір: а) саясат және саясат қызметкерлері (большевик, эсдек); б) патриоттық және қоғамдық қозғалыстар; в) әлеуметтік құбылыстар мен қозғалыстар (және олардың өкілдері); г) атақ, дәреже, лауазым, қаратпалар (князь, принц, мадам); д) мекемелер (загс, облоно); е) оқу орындары мен мәдениет мекемелері; ж) таптар мен касталар (және олардың өкілдері); з) таптық белгілер мен символдар. 4. Әскери реалиялар: а) бөлімшелер (легион, орда, фаланга); б) қару-жарак; в) әскери киім; г) әскери қызметкерлер (және командирлер)» [126, б 56].

Отандық ғалым Ж.А. Манкеева этномәдени атаулар жіктеуін ұсынады:

«1) Сырт киім атаулары: шекпен, шапан, тон, ішік, күпі, қаптама. 2) Үстінен киетін киім атаулары: бешпент, камзол, көйлек, шалбар, т.б. 3) Іш киім атаулары: дамбал, жейде, ішкөйлек; 4) Бас киім атаулары: салы/шәлі, орамал, бөрік, қарқара, кимешек, күләпара, желек, жаулық, сәукеле, айырқалпақ, тамық, тақия, шаршы, т.б. 5) Әскери киім атаулары: құяқ, қаттау, жарғақ шалбар, жалаңқат, аймауыт, т.б. 6) Аяқ киім атаулары: саптама, мәсі, кебіс, етік, байпақ, шарық, т.б. 7) Киімнің құрамдас қосымша бөліктерінің атаулары: белдік, белбеу, білезік, жүзік, кісе, моншақ, сақина, сырға, түйме, шашбау, шолпы, т.б.» [127, б. 89]. Біз де осы жіктеулерді негізге ала отырып, өзіміздің классификациямызды ұсынамыз.

2.1 «Сүйекші» повесіндегі ұлттық сипаттағы лексиканың классификациясы

Жазушының «Сүйекші» [128] повесінде нақты қолданылған тілдік бірліктердің саны 288, контекстуалды қолданылу жиілігі бойынша 423. Олар халықтың мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрып, салт-сана, наным-сенімі,

шаруашылығына қатысты атауларды қамтиды. Олар мәтінде түрлі функционалды-когнитивті қызмет атқарып тұр. Ауылдың тыныс тіршілігін көрсетуден бастап, кейіпкерлердің түрлі іс-әрекетін, киім киісін, тамақ ішу әдетін көрсетіп, жалпы ұлттық портретті қалыптастыруға септігін тигізеді.

Құрамына қарай сөз және сөз тіркестерін бөліп көрсетуге болады. Оның 80-і дара сөз түрінде, ал 161-і сөз тіркесі тұлғасында. Жалпы «Сүйекші» повесінде 288 реалия бар, оның ішінде материалдық мәдениетке 127: яғни, тұрмысқа қатысты атаулар (35), киім-кешекке қатысты атаулар (7), тағам атауларына қатысты атаулар (5), әдет-ғұрыпқа қатысты атаулар (14), діни наным-сенімге қатысты атаулар (21), туыстық атаулар (12), өлшем-бірлік атаулары (19), жан-жануар, мал атаулары (5), өсімдік атаулары (2), кәсіп атаулары (7).

Фразеологизмдер (106), мақал-мәтелдер (2), қаратпа, одағай және дисфемизм сөздер (19).

«Сүйекші» повесіндегі реалиялардың классификациясы мен сандық көрсеткіші:

Материалдық мәдениет:

Тұрмысқа қатысты атаулар: шаһар (4), қамшы (4), дырау қамшы (1), бесік (3), төр (3), киіз (8), түндік (1), пұл (1), құман (2), ер-тұрман (2), ауыл (9), жайлау (1), босаға (1), қора (1), тай қора (1), жыңғыл қора (2), үзеңгі (1), кереге (2), көш (1), құрық (2), там (1), отау үй (1), қыл шылбыр (3), шылбыр (2), өтен (4), тостақ (1), қоржын (2), мазар (1), мор ошақ (1), алаша (1), жер ошақ (1), қазан (1), лыпа (1), тай қазан (1), бай ауылы (1).

Киім-кешекке қатысты атаулар: түйе жүн шекпен (1), шекпен (4), барқыт бешпент (2), қаудырлақ келте тон (2), кебіс (2), шапан (1), шидем шекпен (1).

Тағам атауларына қатысты атаулар: боза (3), айран (3), қарта (1), құрт-май (1), нан-пан (1).

Әдет-ғұрыпқа қатысты атаулар: шаңырақ (1), ер-құнын өтеу (2), аманат (8), барымташы (1), барымталау (3), қалың мал (1), ен салу (2), ескі жұрт (1), тәуету (1), сүйінші (2), несібе (1), бата – (5), жұт (1), қуғыншы (1).

Діни наным-сенімге қатысты атаулар: азан шақырып ат қою (1), ақырет сапар (1), иманды болу (5), әруақ (3), құран оқыту (6), марқұм (3), құбыла (1), жұмасына бір рет отқа май тұтату (1), малдың басы құралса қан шығару, құран оқытып жіберу (1), тәңір (1), шүкірлік ету (1), әруақтары риза болу (1), құрбан айт (1), ас беру (1), ақ жауып аттандыру (1), сүйегін шығару (1), есіттіру (1), ақым (6), қорым (3), мүрде (1), лақыт (1).

Туыстық атаулар: ағайын-жұрағат (1), келін (1), ата (2), қатын-бала (1), көке, көкетай (3), әке (2), шеше (1), апа (1), ана (1), бәйбіше (2), әке-шеше (1).

Өлшем-бірлік атаулары: ымырт үйіріле (1), үш төрт сүйем (1), бір аттам аралықта (1), кісі бойына (1), жарты кездей (1), кіндік бойы (1), сүт пісірім (5), құлаш (6), жеті түнде (1), бір үйір (3), кесек (1), ешкі сауым уақыт (1), бір жапырақ (1), сәскеде (2), беймезгіл кезде (1), ат аяғы жетер жердің (1), кіндік бойы (1), сәскеге дейін (2), жұлдыз шыға (1).

Жан-жануар, мал атаулары: ісек (1), бие (2), тай-жабағылар (1), төбел (1), төбет (2).

Өсімдік атаулары: дермене (1), жусан (3).

Кәсіп атаулары: ауыл әкімдері (1), болысекем (2), бай (1), атшы (1), жылқышы (1), диуана (9), сүйекші (4).

Фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер

Фразеологизмдер: «хан ба, қара ма, мүсәпір ме, кісәпір ме» (1), «күпірлік жасау» (1), «тәңір жарылқасын» (1), «құлан таза айығып шығу» (1), «ет-жүрегі езілу» (1), «дәметіп жүр-ау» (3), «тоқ болса көңілді, жоқ болса ашпын» (1), «жанға батуы» (1), «шырқырап көрге кіре қойсын» (1), «қабырғасын қақыратып» (1), «төбесі көкке жетіп» (1), «құстай ұшып келді» (1), «түк таппағандай құр қол бару» (1), «бір қараның басын құру» (1), «тырнағы ілініп жүрген» (1), «жүрегі су ете қалды» (3), «пышақ кесті» (1), «қара басымды арашалап қалармын» (1), «аллаға жалбыранумен жатты» (1), «өмірлі бол» (1), «көсегең көгерсін» (1), «қанды қол» (2), «қу құдай» (1), «жаны ашыса» (1), «кірпік ілмей» (1), «кеудесінде мейіздей қатқан кегі бар» (1), «қыруар дүние бар» (1), «ат іздерін бір салмауы» (1), «отқа тамызар майы жоқ» (1), «жерге қараған тақыр кедей» (1), «тірі жетім» (1), «ала көз болу» (1), «жұмған аузын ашпаған» (1), «тас жүрек болу» (1), «кек қайтара алмау» (1), «шаңырақтың ортасына түсу» (1), «от басын ойран ету» (1), «мірдің оғындай» (2), «қабак шытпай» (1), «ақ тілек» (1), «жыртық шаңырақ астындағы» (1), «күректің сабы сынған құрлы көрген жоқ» (2), «қаңтардың тоқты – тоймас қысқа күніндей» (1), «қайран бес күн жалған» (1), «бесіктен белі шықпаған бала» (1), «ет жүрегі езіліп кетті» (1), «қабырғам қайысады» (1), «жерден жеті қоян тапқандай» (1), «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» (1), ««терісіне сыймай» (1), «екі аяғын бір етікке тығып» (1), «екі өкпесін қолына алып» (1), «бауыры езіліп» (1), «қабырғасы қайысты» (1), «шыбын жаны шырқырап» (1), «жер жұтып кетті» (1), «жүрегіне сұғып алу» (1), «ұста тізгінді!» (2), «көкірегі қарс айрылып» (1), «көмейінен ас өтіп, кірпігі айқаспайды» (1), «сүт пісірімдей уақыт» (1), «көз алақандай болу» (1), «жазда жалақ, қыста тулақ боп мал соңында жүрген» (1), «шаңырағының ортаға құлап, ойран болуы» (1), «ашудан жарылып кетердей боп» (1), «өлі мен тірінің арасында» (1), «мұрнының ұшына кеп тіреліп тұрған» (1), «оң-солын тану» (1), «пәлен деп тіл де қатпады» (1), «бас сауғалап қашу» (1), «үш ұйықтаса да түсіне кірмеу» (1), «еті үйреніп бауыр басу» (1), «қуыс үйден ол құры шықпауы керек» (1), «отқа қараған сорлы» (1), «көз байлану» (1), «көзді ашып-жұмғанша» (1), «ішқұса болу» (1), «қан жылау» (1), «мұрнының ұшына тірелген жаны» (1), «көрінде бір аунайтын шығар» (1), «құдайға қараған» (1), «асарын асап, жасарын жасаған» (1), «жүрегі жарыла қуану» (1), «көз ілмеу» (1), «адам тозаққа да үйренеді» (1), «көзге ыстық көріну» (1), «бауыр басу» (1), «ақырет парызын аттап кетті» (1), «кір жуып, кіндік кескен топырақ» (1), «түтін түтету» (1), «жан тәсілім ету» (1), «құстай ұшып жету» (1), «су сепкендей басылу» (1), «көктен іздегені жерден табылу» (1), «жатпай-тұрмай жұмысқа кірісу» (1), «біздің білмейтініміз жердің астында» (1), «тойып секіру» (1), «тоңып секіру» (1), «екі көзі төрт болу» (1), «тірі жетім» (1), «кісенсіз тұтқын» (1), «суық хабар» (1), «мәңгілікке көз жұму» (1), «көңілді бір демдеу» (1), «ғұмырының базары өтіп, мазары төнген

шағында» (1).«Ит ашуын тырнадан алады» (1), «Шөптің басы жел тұрмаса кимылдамайды» (1).

Қаратпа, одағай және дисфемизм сөздер

Қаратпа сөздер: ақсақал (2), жігіт (7)

Дисфемизм сөздер: бейбақ (2), Әй, Атасының басы! (1), боқмұрын (1), кеңкелес-ай! (1), бейшара (2), кісәпір (2), байғұс (2), мүсәпір (1), Тек, пәтшағар (1), пақыр (1), ой, әкеңнің (1), пәдеріңе нәлеттер (1).

Одағай сөздер: Еһ, дүние-ай! (1), Астапыралла! (3), Жарықтық (3), Өй, нәлеті (1), Мә саған ендеше! (1).

Жазушы шығармасындағы ұлттық лексиканы интерпретациялау кезінде ұлттық тілге тән сөздердің қолданысы олардың формалары, яғни әдеби тіл, диалектілер, ауызекі сөйлеу тілі жиынтығы ретінде талданып, тақырыптарға жіктелінді. Әдеби тілдің лексикасында қаралатын ұлттық нақыштағы лексикалық бірліктерден немесе жеке сөздерден басқа тіл бірліктерінің тұрақты сөз тіркестері - фразеологизмдер фиксация әдісі арқылы терілді. Бұл процесс сөздердің белгілі бір ұлттың мәдениетін, тарихын және нақты қолдану үлгілерін өзге тілді аудармада аудармашының қалай интерпретациялауын зерттеуді қамтиды және түпнұсқа мәтініндегі нақты контексте қолданылатын сөздерге де қатысты болуы мүмкін екені кейінгі тарауда дәлелденеді.

2.2 «Гауһартас» повесіндегі ұлттық сипаттағы лексиканың классификациясы

Жазушының «Гауһартас» [128, б. 167-227] повесінде нақты қолданылған тілдік бірліктердің саны 174, контекстуалды қолданылу жиілігі бойынша 285. Оның 76-ы дара сөз түрінде, ал 98-і сөз тіркесі тұлғасында. Жалпы «Гауһартас» повесінде 174 реалия бар, оның ішінде материалдық мәдениетке 134: яғни, тұрмысқа қатысты атаулар (40), киім-кешекке қатысты атаулар (6), тағам атауларына қатысты атаулары (11), әдет-ғұрыпқа қатысты атаулар (22), діни наным-сенімге қатысты атаулар (2), туыстық атаулар (16), өлшем-бірлік атаулары (11), жан-жануар, мал атаулары (9), өсімдік атаулары (13), кәсіп атаулары (4). Фразеологизмдер (26), мақал-мәтелдер (3), қаратпа, одағай және дисфемизм сөздер (1).

«Гауһартас» повесіндегі реалиялардың классификациясы мен сандық көрсеткіші

Материалдық мәдениет:

Тұрмысқа қатысты атаулар: кепе – (1), ер-тоқым (1), қамшы (3), киіз үй (3), алаша есігі (2), түндік (1), қабақ (3), шылбыр (4), домбыра (4), ши бастырма (1), ақ шаршы – (3), қорақопсы – (1), төрт қанатты бөлек үй (1), төрт құлақты қара қазан (1), жер ошақ – (1), тұсау есу (1), қауға (5), астау – (3), шуда – (1), қора – (2), қи – (2), қазан – (1), отау – (1), зерен тостақ (1), сырлы тостақ (2), тостақ (2), сыпыра – (1), отау үй (2), алаша (1), бөстек (1), ақыр (2), ұршық (2), ауызғы үй (2), бастырма (1), шылбыр есу (1), жібек шаршағын (2), кереге (1), шымылдырық (1), үлкен үй (1), сыпа (1).

Киім-кешекке қатысты атаулар: кебіс (2), тұлып (1), ішік (2), тақия (1), ақ жаулық (1), үкілі шақпақ бөрік (1).

Тағам атауларына қатысты атаулар: сүр ет (1), майлы айран (2), айран (1), шалап (1), қою шай (1), ашымал, ашыма (5), еттің қамыры (1), жылқының тұзсінді қаракесек еті (1), тары көже (1), сусын (2), нан (ет) (1).

Әдет-ғұрыпқа қатысты атаулар: малдас құрып отыру (2), отау тігу (1), босағаны аттап кіру (1), келін түсіру (1), бетін ашу (4), бет ашушы (1), бетіне сәуілдеген ақ жібек орамал жауып (1), той (1), күй (2), күзгі қырқын (1), қой қырқым (1), колхоз (2), ет жіліктеу (1), адыраспан тұтату (1), ақ тауықпен аластау (1), ұшықтау (1), көктемгі қой төлдеу (1), ру (1), көкпар (7), ақ сүйек (1), алтыбақан (1), бәйге (1).

Діни наным-сенімге қатысты атаулар: құран оқу (1) құбыла (1)

Туыстық атаулар: жігіт (1), ақсақал (1), кемпір (2), бойжеткен (1) келіншек (2), ақ сақалы мен қара сақалы (1), шырағым- ау (2), жеңге (2), жеңеше (4), шешей-ау (1), келін (3), қайнысы (1), туған қайнысы (1), көке (1), апа (7), сіңлі (1).

Өлшем-бірлік атаулары: құлқын сәріден (1), қас қарайғанша (1), бір құшақ (1), бір шөкім (1), отар (1), жалғыз аяқ жол (1), қол созымдай (1), астау-астау жем (1), таяқ тастам жер (1), жуандығы қамшының сабындай (1), торғай шырылдағанда (1).

Жан-жануар, мал атаулары: күрең қасқа (3), күрең (9), саулық (3), қошқар (1), тұлпар (1), қара нар (4), серке (1), жирен (4), бура (1),

Өсімдік атаулары: құлқайыр (13), көк шағыр (2), қурай (7), бетеге (1), кеурек (2), сасыр (1), жусан (4), бүрген (9), шөгір (1), раң-ебелек (1), шетік (1), кекіре (1), жантақ (1).

Кәсіп атаулары: қойшы (1), шабандоз (2), ояз (1), қырықтықшылар (1) Фразеологизмдер 26, мақал-мәтелдер 3

«Уысынан шығармау» (2), «Тау қопарар еңгезердей» (1), «Бір уыс мақтадай» (1), «Аспан айналып жерге түсіп кетсе де» (1), «Тіс жармау» (1), «Сары езулікке салыну» (1), «Үш ұйықтасам ойыма кіріп шықпаған» (1), «Аяқ астынан» (1), «Табан астынан» (1), «Құлақ тігу» (1), «Кірпік қақпай жату» (1), «Оң қол, сол қолды анық тану» (1), «Аузына құм құйылу» (1), «Тырнағына да тұрмау» (1), «Жерге кіру» (2), «Жүрекке тікендей қадалу» (1), «Бір шөкім жазғы бұлттай» (1), «Аяғынан тік тұрғызу» (1), «Ұзын арқау, кең тұсау» (1), «Бір уыс қып» (1), «Ашса алақанында, жұмса жұдырығында болу» (1), «Басың барсын да, аяғың қайтсын» (1), «Қас пен көздің арасында» (1), «Қас қарайғанша» (1).

«Жайшылықта ауыз жаппас, той дегенде бірін таппас» (1), «Суға кеткен тал кармайды» (1), «Ердің борышы ер мойнына түседі» (1).

Қаратпа, одағай және дисфемизм сөздер

Дисфемизм сөз: пақыр (1)

2.3 «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесіндегі ұлттық сипаттағы лексиканың классификациясы

Жазушының «Біз соғысты көрген жоқпыз» [128, б. 392-444] повесінде нақты қолданылған тілдік бірліктердің саны 136, контекстуалды қолданылу жиілігі бойынша 288. Құрамына қарай сөз және сөз тіркестерін бөліп көрсетуге болады. Оның 44-і дара сөз түрінде, ал 92-і сөз тіркесі тұлғасында. Жалпы «Дермене» повесінде 136 реалия бар, оның ішінде материалдық мәдениетке 81: яғни, тұрмысқа қатысты атаулар (16), киім-кешекке қатысты атаулар (6), тағам атауларына қатысты атаулар (4), әдет-ғұрыпқа қатысты атаулар (19), діни наным-сенімге қатысты атаулар (5), туыстық атаулар (12), өлшем-бірлік атаулары (18), жан-жануар, мал атаулары (1). Фразеологизмдер (49), қаратпа, одағай және дисфемизм сөздер (10).

«Біз соғысты көрген жоқпыз» повесіндегі реалиялардың классификациясы мен сандық көрсеткіші

Материалдық мәдениет:

Тұрмысқа қатысты атаулар: текемет (1), мөр ошақ (1), қара қазан (3), зерен тостак (1), сыпыра (1), қол диірмен (2), сарай (1), ошақ (4), тезек (14), бесік (1), керсен (1), ауыл (5), дәліз (1), қурай шартак (1), дастарқан (1), камшы (1).

Киім-кешекке қатысты атаулар: шекпен (1), сұр шекпен (1), құндыз бөрік (1), шапан (1), шұлғау (3), жаулық (1).

Тағам атауларына қатысты атаулар: жеті күлше (1), тоқаш (1), тары көже (1), сары май (1).

Әдет-ғұрыпқа қатысты атаулар: сүйінші сұрау (1), боша (1), Бұзауының терісін көргенде ииді. Әйтпесе, сүт шықпай қояды. (1), Сейду біраз үнсіз қалады. «Барып көңіл айтыңдар» деді ақырын ғана. (1), Сүндетке отырғызылған. (1), Сүндет көрген (1), Өткен көктемде «Майданда ерлікпен қаза тапты», - деп артынан қара қағаз келген. (8), У-шу, ел жоқтау айтып, алыстағы ағайындары бата оқып та келіп жатты. (1), Өлдіге балап, қырқын беріп, енді жылына дайындалып жатқан адамның өзі келсе ұлы той болмай қандай болмақ! (1), Өлдіге балап, қырқын беріп, енді жылына дайындалып жатқан адамның өзі келсе ұлы той болмай қандай болмақ! (1), Адам-ата (1), көз тиіп (1), садақа (2), шаңырақ (8), дәм татып жүру (2), «мың атар» ойыны (1), Сүйінші (15), Жыламаңдар, - деді ол көрісіп боп жаулықтарымен көзін сүртіп отырған әйелдерге зекіп. (1), Обал болды –ау! (2).

Діни наным-сенімге қатысты атаулар: құдай (10), аруағы (1), «Күйеуіңнің аруағы үшін дауысыңды шығар», - деп те айта алмады. Бұл аз болғандай ол сырттан «бауырымдап» кіріп келе жатқан екі-үш кемпір мен екі үш шалға тағы айқай салды. (1), Жұрт Бәрібайдың сүйегін үйге бір түнетіп, ақ жауып аттандырғалы жатқанда сырттан «сүйінші» деген дауыс естілді. (1) азалы үйге (1).

Туыстық атаулар: апа (5), қатын (1), ағайын (1), қарындас (1), жеңгей (3), екі ағасы (1), көкесі (1), құлыным (2), жарығым (1), ботақаным (1), айналдым – (1), кемпір мен шал (1), Көке-е-е (4), аға (1), ағай (2), Ол «Керқұла атты Кендебайдан» басын көтеріп: «А?» - дейді. (1), қарағым (1), қалқам (1).

Өлшем-бірлік атаулары: бір мысқал (5), екі қадақ (1), табан асты (3), бір-бір пұттан (10), торғай шырылдағанда (1), бір елі (1), бір тұтам (1), бір-екі адым (1).

Жан-жануар, мал атаулары: наурыз торғай (2)

Фразеологизмдер 49

«Құдай қарасып тұр» (1), «Құрышын қандыру» (1), «Асқар тау болу» (1), «Табан астында көз жасын көл қылып» (1), «Қарлығаштай зу етіп» (1), «Жүрегі езіліп сағыну» (1), «Ақыр заманның тас түйнегі!» (1), «Отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын» (1), «Көздің қарашығындай сақтау» (1), «Сөздің жартысын жұтып қою» (1), «Тіл қатысқанымыз жоқ» (1), «Бауыры езіліп» (1), «Қабырғасы қаусап» (1), «Тағдырдың оң қабағынан гөрі сол қабағын көбірек танып» (1), «Іш-бауырына кіру» (1), «Қаны қайнау» (1), «Су сепкендей басылу» (1), «Тас жүрек» (1), «Жүрегі езілу» (1), «Жігерін құм қылу» (1), «Төрт құбыласы тең» (1), «Тайлы тұяғымен» (1), «Аспан мен жердей алшақтық» (1), «Шаңын көрсетпеу» (1), «Қабырғасына қатты батуы» (1), «Аяғы жерге тимейді» (1), «Қара суық» (1), «Ай-шайсыз» (1), «Жердің түбі» (1), «Бауырын елжірету» (1), «Қас пен көздің арасында» (1), «Көз ілеспес шапшаңдықпен» (1), «Құлағына күйған» (1), «Төбемнен жасыл түскендей болды» (1), «Тел қозыдай бірге өсу» (1), «Тісінен шығармау» (1).

Қаратпа, одағай және дисфемизм сөздер

Қаратпа сөздер: жарықтық (1), бейшара-ай (2), мәссаған (1), құдай-ау (5), ойбай-ау (4).

Дисфемизм сөздер: О, қыршаңқы (1), мұрынбоқтар (1), с-сорың құрғыр-р (1), байғұс (3), жетпегір (1).

2.4 «Қаблан» әңгімесіндегі ұлттық сипаттағы лексиканың классификациясы

Жазушының «Қаблан» [130, б. 44-62] әңгімесінде нақты қолданылған тілдік бірліктердің саны 88, контекстуалды қолданылу жиілігі бойынша 133. Оның 38-і дара сөз түрінде, ал 50-і сөз тіркесі тұлғасында. Жалпы «Қаблан» әңгімесінде 88 реалия бар, оның ішінде материалдық мәдениетке 49: яғни, тұрмысқа қатысты атаулар (13), киім-кешекке қатысты атаулар (2), тағам атауларына қатысты атаулары (1), әдет-ғұрыпқа қатысты атаулар (4), туыстық атаулар (4), өлшем-бірлік атаулары (7), жан-жануар, мал атаулары (8), өсімдік атаулары (7), кәсіп атаулары (3). Фразеологизмдер (31), мақал-мәтелдер (4), қаратпа, одағай және дисфемизм сөздер (7).

«Қаблан» әңгімесіндегі реалиялардың классификациясы мен сандық көрсеткіші

Материалдық мәдениет:

Тұрмысқа қатысты атаулар: жайлау (4), бесік (1), дастархан (1), теңге (2), камба (1), қыстау (1), ер-тұрман (2), қамшы (2), алаша (1), құрым киіз (1), ескі жұртты (1), көшкен жұртқа (1), жұрт (3).

Киім-кешекке қатысты атаулар: малақай (5), құлақшынды (1)

Тағам атауларына қатысты атаулар: айран (1).

Әдет-ғұрыпқа қатысты атаулар: несібесі (1), аманат (1), той (1), колхоз (1).

Туыстық атаулар: ет құдасы (1), жекжат (2), құдасы (1), көке (1).

Өлшем-бірлік атаулары: ат басындай (1), кере қарыс (1), жер жібiген шақта (1), тай шаптырым (1), күн көтеріле бергенде (1), күн сәскеге таянғанда (1), бір тұтам (1).

Жан-жануар, мал атаулары: арлан ит (1), арлан (1), төбет (20), атан (3), жорға (1), тайынша (1), саулық (1), тай (1).

Өсімдік атаулары: құдай (1), құлқайыр (6), кеурек (1), жыңғыл (3), раң (1), боз шөп (1), сасыр (1).

Кәсіп атаулары: қойшы (1), малшы (2), шопан (1).

Фразеологизмдер: 31

«Көзді ашып-жұмғанша» (1), «Құлақ тұру» (1), «Төбе шашым тік тұру» (1), «Тойған жеріне» (1), «Қабағы ашылмау» (1), «Ет қызуымен» (1), «Төбе шашым тік тұрып» (1), «Денем дірілдеп кетті» (1), «Кеудесіне нан пісу» (1), «Қуанышым кеудеме сыймай» (1), «Көзі ашылсын» (1), «Ала арқанын үзіп кеткен» (1), «Атың тұра тұрсын, менің атым жүре тұрсынның кері» (1), «Теріс айналу» (1), «Қазықтағы жорға мен қамбадағы азық» (1), «Дос көңілі мың теңгелік болса керек еді» (1), «Ат басындай алтыны мен атан түйесін қажет болса сұраусыз-ақ алып жүре беретін тегіміз қазақ емес пе едік» (1), «Ақ көңіліме ашыған айран тамызғандай ірітіп» (1), «Достың көңілі бір атым насыбайдан қалады» (1), «Тоқсан ауыз сөздің тоқ етері» (1), «Ит пен мысық, пышақ пен тауық алмаспайды» (1).

Мақал-мәтелдер: «Жақсы ит өлігін көрсетпейді» (1), «Жылайтын бала әкесінің сақалымен ойнайды» (1), «Жылайтын бала әкесінің сақалымен ойнайды» (1), «Шын досыңның қимасын сұрама (1) ».

Одағай сөздер: Паһ-паһ, жарықтық-ай! (2), Астапыралла (3), алла сақтасын (1), япырмау (1), құдай-ау! (1).

Дисфемизм сөздер: нәлеті айт (1), «Нәлеті, иттің ғана баласы (1).

2.5 «Дермене» повесіндегі ұлттық сипаттағы лексиканың классификациясы

Жазушының «Дермене» [128, б. 272-314] повесінде нақты қолданылған тілдік бірліктердің саны 287, контекстуалды қолданылу жиілігі бойынша 509. Құрамына қарай сөз және сөз тіркестерін бөліп көрсетуге болады. Оның 85-і дара сөз түрінде, ал 202-сі сөз тіркесі тұлғасында. Жалпы «Дермене» повесінде 287 реалия бар, оның ішінде материалдық мәдениетке 142: яғни, тұрмысқа қатысты атаулар (28), киім-кешекке қатысты атаулар (2), тағам атауларына қатысты атаулары (3), әдет-ғұрыпқа қатысты атаулар (16), діни наным-сенімге қатысты атаулар (26), туыстық атаулар (21), өлшем-бірлік атаулары (36), жан-жануар, мал атаулары (3), өсімдік атаулары (6), кәсіп атаулары (1). Фразеологизмдер (113), мақал-мәтелдер (4), қаратпа, одағай және дисфемизм сөздер (21).

«Дермене» повесіндегі реалиялардың классификациясы мен сандық көрсеткіші

Материалдық мәдениет:

Тұрмысқа қатысты атаулар: көшкен ауыл (1), бәрһә (1), түнікелі тостақ (1), шайла (24), кеурек шартақ (1), шартақ (1), ұршық (1), шыжым жіп (1), пұл (1),

жер ошақ (2), ошақ басында (1), десте (1), ошақ (5), ожау (1), қора (1), білте шам (1), тулақ (1), шөмеле (1), қобыз (1), дастарқан (1), жалпылдақ (3), әбдіре (1), ақ шаршы (1), тұмар (3), дарбаза (1), мизам (1), сом (1), пұл (2)

Киім-кешекке қатысты атаулар: ши қалпақ (3), кебіс (1).

Тағам атауларына қатысты атаулар: пәтір нан (2), уыз (2), тандыр (1).

Әдет-ғұрыпқа қатысты атаулар: құдайы қонақ (1), таңдайын басу (1), бастаңғы жасау (1), жаман немеренің қамы (1), деңгене (1), зән ақысы (1), малдас құрып отыру (1), қыз айттыру (1), құда-жекжаттардың киім-киіті (1), ас беру (1), құран оқыту (1), басына көк тас орнату (1), оразаларын қара сумен ашу (1), айт (1), ауызашар (3), құдайы айту (1).

Діни наным-сенімге қатысты атаулар: жын – жыбыр (1), дию – пері (1), әзірейіл (1), құдай (8), о дүние (2), ақырет (3), бұл дүние (1), иманы ұшу (1), намаз (1), періште (1), шайтан (1), құдайшыл (1), әулие (1), құдай жолы, ақырет сұрауы (1), құдайдың пешенеге жазғаны (1), алла (5), жаратқан (1), харам (1), құптан оқу (1), дуана (1), тәңір (1), ораза айт (1), жарамазан (1), молда (3), садақа (1), кәлима (1).

Туыстық атаулар: қарт пен кемпірі (1) ақсақал (15), жігіт (6), кемпір (6), құлыным (6), қарт (2), құлыным (3), шал (16), науша (1), қарағым (12), шырағым (9), кәрия (1), қалқам (6), қозым-ау (1), кемпір-шал (1), қария (1), жігіт ағасы (1), ата (2), ағатай (1), көке (2), бауыр (1).

Өлшем-бірлік атаулары: ошақтағы қазан бір қайнағанша (1), десте (2), бозторғай шырылдағанша (1), кісі бойы келетін (1), көз ұшында (1), уыс – уыс (1), екі сыпыра шыттай (1), мыс – мыс ақша (2), күзге салым (1), күн тас төбеге келгенде (1), күннің беті қайтқанша (1), түйенің жарты етіндей науша (1), бақан бойы (1), қас қарайғанша (2), балуан бармағымен (1), ымырт үйіріле (2), бір елі (2), қара басым (1), жеті түнде (2), бір уыс болып (1), тас лақтырым (1), торғай шырылдағанша (1), екі көш жер (1), бір жапырақ (2), үйеме (1), екі көш жер (1), сәскелікке (1), пышақ үзді (1), ат шаптырым (2), биіктігі екі түйе бойы (1), тал түсте (1), мая-мая боп үйілген (1), құлқын сәріден (1), кездей-кездей (1), бесін (1), қас-қағым сәтке (1).

Жан-жануар, мал атаулары: бір қара (2), саулық (1), қаралы малы (1).

Өсімдік атаулары: дермене (49), кеурек (1), қурайлар (1), есек мияның жапырағы (1), құлқайыр (2), қурай (6)

Кәсіп атаулары: дерменешілер (6)

Фразеологизмдер 113, мақал-мәтелдер 4

«Кеселдің көзі кәріде» (2), «Жағасын ұстау» (1), «Таңдайын қағу» (1), «Шаңырағы айналып ортаға түсу» (1), «Тіл тартпай кету» (1), «Аяған малды ит жесін» (1), «Тұяқ біткен» (1), «Домбырам не дейді, мен не деймін дегендей» (1), «Дүние бөк» (1), «Бет алды құла дүз» (1), «Құдайы қонақ» (1), «Жаман айтпай жақсы жоқ» (1), «Жер сипап қалу» (1), «Тепсе темір үзетіндей» (2), «Қырық жамау көңілі» (1), «Көзі іле алмау» (1), «Құдай қаласа» (1), «Бастан-құлақ садаға» (1), «Қарасын батыру» (1), «Тіл қатпау» (2), «Торғайдың жұмыртқасының жанында тауықтың жұмыртқасы тұсау есе алмайды» (1), «Өз көзіне өзі сенбеу» (1), «Қас пен көздің арасында» (1), «Екі бүйірден таяну» (1), «Бесіктен белі

шықпай жатып» (1), «Ақ-қарасын ажырату» (1), «Көсегең көгерсін» (1), «Құдай сыйласын» (1), «Екі көзі төрт болу» (1), «Екі құлағы елу болу» (1), «Көз жасым көл болды» (1), «Ошақтай тобарсып жату» (1), «Қалға біткендей» (1), «Тоғаннан қашқан судай» (1), «Айыз қандырып» (1), «Көпті көрген кәрі жүрек» (1), «Жалғыз тұяқ» (1), «Аяғына шідер салу» (1), «Әдірә қалғыр» (1), «Тауы шағылды» (1), «Тіл қату» (1), «Құдай ұрды» (1), «Қос қолдап ұрды» (1), «Алпамсадай жігіт» (1), «Аяққа жығылу» (1), «Тігісін жатқызбай айту» (1), «Тепсе темір үзетін» (1), «Өздері түйедей, сөздері сүйемдей» (1).

«Екі қолға бір кетпен» (1), «Жаман айтпай, жақсы жоқ» (1), «Базар бар да, бақытыңнан көр» (1), «Жалғыздың жары құдай» (1).

Қаратпа, одағай және дисфемизм сөздер

Қаратпа сөздер: ассалаумаликом (2), жарықтық (1), алла-ай (4), құдайым-ай (2), Ой, жаппар ием-ай (1).

Дисфемизм сөздер: шірік неме (2), әдірә қалғыр (1), пәтшағар (1), о бәлен (1), Аулақ! (1).

Одағай сөздер: астапыралла (3), шірікін (4), жазған-ау (1), ойпырмай (3), япырай (4), то-ба-а! (2), шірікіндер-ай (1), мәс-саған (1), ойбай (5), шірікін (1), бәрекелді (1).

Тарау бойынша қорытынды.

II тарауда Дулат Исабековтің көркем шығармаларындағы ұлттық сипаттағы лексикалық бірліктерді анықтау, олардың көркемдік және мәдени маңызын ашу, сонымен қатар аудармада берілу жолдарын талдау басты назарда болды. Зерттеу барысында жазушының ұлттық таным мен менталитетті бейнелеуде ерекше стильдік әдіс-тәсілдер қолданатыны және оның мәтіндегі тілдік құралдар арқылы жүзеге асатыны анықталды.

Дулат Исабеков шығармашылығы – қазақ халқының дүниетанымын, салт-дәстүрі мен тұрмыс-салтын терең бейнелейтін көркем әлем. Жазушы кейіпкерлерінің болмысы, олардың сөйлеу стилі, мінезі мен өмірге көзқарасы – барлығы ұлттық негізге сүйенген. Бұл ерекшелік әсіресе автор қолданатын лексикалық бірліктер арқылы айқындалады. «Сүйекші», «Гауһартас», «Біз соғысты көрген жоқпыз», «Қаблан», «Дермене» сияқты шығармаларындағы ұлттық бояуы қанық сөздер мен тіркестер – жазушы тілінің көркемдік қуаты мен мәдени салмағын көрсететін маңызды элементтер.

Әрбір шығарманы талдау барысында ұлттық сипаттағы лексика жүйеленіп, семантикалық, прагматикалық және функционалдық тұрғыдан сараланды. Бұл лексикаға тұрмыстық зат атаулары, киім-кешек, тағам, туыстық қатынастар, наным-сенімдер, әлеуметтік қатынастар мен этномәдени реалиялар жататыны анықталды. Зерттеу нәтижесінде, бұл бірліктердің аудармада берілуі бірізді емес, көбіне аудармашының біліктілігі мен стратегиясына байланысты екендігі байқалды.

Қорыта айтқанда, Дулат Исабековтің шығармаларындағы ұлттық сипат тек тілдік деңгейде ғана емес, кең ауқымды мәдени пласт ретінде көрінеді. Бұл шығармалардағы ұлттық лексика – қазақ болмысының көркем тілдегі айнасы.

Оны өзге тілге дәл әрі әсерлі жеткізу – аудармашының кәсіби шеберлігін, тіл мен мәдениетке деген терең құрметін қажет ететін шығармашылық үдеріс.

3 ДУЛАТ ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ АУДАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ СИПАТТЫҢ САҚТАЛУЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ АСИММЕТРИЯЛАР

3.1 «Сүйекші» повесінің аудармаларында ұлттық-мәдени реңктің сақталуы: салыстырмалы - салғастырмалы талдау

Бұл тарауда Д. Исабековтың әлемнің көптеген тілдеріне аударылып, жарық көрген «Сүйекші» (1982) повесіндегі ұлттық сипаттағы тілдік бірліктердің қазақ тілінен орыс және ағылшын тілдеріне аударылу әдіс-тәсілдері қарастырылады. Ұлттық сипаттағы лексиканың көркем шығармаларда кеңінен қолданылатыны белгілі. Зерттеуімізде ағылшын тіліне Катерина Юдельсонның (2014), орыс тіліне Владлен Берденниковтың (2003) аудармалары түпнұсқамен салыстыруға түсті. Алдымен түпнұсқадағы ұлттық сипаттағы қазақы өлшем бірлікке қатысты лексиканың аудармасы қай аударма трансформациялары арқылы тәржімаланғаны анықталады. Бұл үшін шығарма ішінен өлшем бірлікке қатысты лексиканы іріктеп алып, этимологиялық, семантикалық талдау жүргізу және оны үш тілде салыстыру маңызды болды. Сондай-ақ, үш тілде жүргізілген талдау нәтижесінде, аударма барысында жіберілген қателіктер анықталып, қандай аударма әдістерін қолданғаны белгілі болды.

Бүкіл әлем бойынша әрбір халықтың өз тіліне тән қолданатын өлшем бірлік түрлері бар. Және өлшем бірлік атаулары бір күнде ғана пайда бола салмаған. Оның әрқайсысының қалыптасуына, дамуына түрлі тарихи жағдайлар мен факторлар ықпал еткен. Әр елдің географиялық орналасқан жеріне, айналысатын шаруасына, мәдениетіне, тұрмыс тіршілігіндегі ерекшеліктеріне қарай қалыптасқан. Күнделікті тұрмыс-тіршілікте әр нәрсенің өз өлшемі болғаны реттілік пен тәртіпке, қарым-қатынаста адамдардың бір-бірін дұрыс, нақты түсінуіне алып келеді. Сондықтан өлшем бірлікке қатысты сөздердің алар орны ерекше. Қазақ халқы да әлемдегі барлық этностар сияқты өзінің өмір сүру салтына, кәсібіне қарай, күнделікті өмірдегі қажеттіліктердің нәтижесінде өлшем бірлік атауларын қолданған. Олардың көбісі қазіргі таңда байырғы сөздерге айналған. Себебі заман өзгеріп, халықтың өмір сүру салты да жаңара бастаған кезде, кейінгі ұрпақ үшін кейбір өлшем бірлік атаулары ұғынықсыз болуы түсінікті жағдай. Бірақ бұл сөздер ұмытылмауы тиіс, керісінше қолданыс аясын кеңейту керек, себебі онда ата-бабаларымыздың өткен жолы, тарихы, барлық болмысы жатыр. Осы тұста біздің әдебиетшілеріміз, көркем шығарма жазушылары төл мәдениетімізде бар сөздердің өскелең ұрпаққа жетуін көздеп, тіл жанашырлары ретінде, мақсатты түрде шығармаларда көп қолдануға тырысады. Жазушы Д. Исабековтың повестерінде ұлттық сипаттағы өлшем бірлік атаулары молынан қолданылған және бұл шығармалар әлемнің көптеген тілдеріне тәржімаланған, атап айтсақ орыс, ағылшын, неміс, чех, венгр, болгар, қытай, түрік. Өз тілімізде шығарма құндылығын арттырып тұрған ұлттық нақыштағы өлшем бірлік атауларының орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларында қаншалықты дұрыс жеткізілді, себебі түпнұсқадағы әрбір сөз

ұлт мәдениетінен хабар береді, ұлттық құндылықтарымыздың өзге елге танылуы біз үшін өте маңызды.

Шығармадағы кіндік бойы, бір құшақ, екі адым, екі елі, қырық құлаш, бір шөкім, қадам, үш-төрт сүйем, бір аттам аралықта сөз тіркестері адам денесінің қатысуымен алынған өлшем бірліктер. Қазақ халқы мал шаруашылығын кәсіп қылған көшпелі ел болғандықтан, кейбір өлшем бірліктердің тікелей күнделікті айналысып отырған шаруасымен байланыстырғанын көреміз оған дәлел мысалы уақытқа қатысты ешкі сауым уақыт, сүт пісірімдей (5-10 мин), қашықтыққа қатысты ат шаптырым (25-30км) сөз тіркестері. Кіндік бойы, адым (қадам) (1м), елі (2-2,5 см (орта шамадағы бір саусақтың ені), сүйем, аттам өлшем бірліктері ұзындықты сипаттауға қолданылған. Елі, сүйем адам саусақтары арқылы, адым, қадам, аттам өлшемдері аяқпен өлшенген [129, б. 95].

Түпнұсқа (қазақша): «Үш-төрт сүйем өткеннен кейін жұмсақ топырақ басталып, әрі қарай қазу жеңілдеді. Бір аттам аралықта да айырмашылық бар. Кешегі жердің топырағы қасаңдау еді, мына аранікі бастау екен» [128, б. 228]. Мұндағы сүйем 17-20 см, яғни көсілген бас бармақ пен сұқ саусақ арасындағы қашықтықты білдіреді, ал бір аттам өте жақын деген мағынаны білдіреді [129, б. 15].

Орысша (аударма) былай берілген. «Вскоре верхний промерзший слой был срезан, и лопата пошла легче. Все-таки ему везло, еще как везло ничего не скажешь! Когда он копал вчера, түсіріліп тасталған [131, с. 83]. Түпнұсқада автор өлшем бірліктерді жайдан-жай қолданбаған, себебі оқиғаны баяндау барысында бұл өлшем бірліктер нақтылықты көрсетіп, кейіпкер образын ашуда, оқиғаға өзіндік бояу, реңк беріп тұр. Жоғарыда аталған өлшем бірліктердің түсіп қалуы, автор қолтаңбасының аудармада толық көрініс таппағанынан хабар береді.

Адам денесінің қатысуымен өлшенетін тағы бір өлшем бірлік түрі *кіндікке дейін*. Үш тілде салыстырып көрейік.

Түпнұсқа (қазақша): «Дөңес жерден екінші қабірді бастап *кіндікке жеткізгенде* ине сұғып алғандай жамбасы тағы шым ете түсті» [128, б. 230].

Орысша (аударма): «Она вернулась, когда он перебрался на холм и почти до пояса вырыл могилу, которую заказал ему незнакомец» [131, с. 185].

Ағылшынша (аударма): «It returned when he had climbed up the small hill and dug almost waist-deep the grave which the stranger had requested» [132, p. 78].

Осы өлшем бірлікке тағы бір мысал:

Түпнұсқа (қазақша): «Сәлден соң есін жиы. Жамбасының шаншуы бағанағыдан қайтайын депті. Етпетінен түскенде сүйеулі күрекке жығылып шекесінен қан аққан екен, ол дымқыл, саз топырақпен араласып қанды балшық боп қатып қапты. Ол орнынан көтеріліп *кіндік бойы* қазылған шұқырдың екі ернеуіне сүйеніп біраз тұрды» [128, б. 230].

Орысша (аударма): «Тунгуш ощупал лоб, судорожно вздохнул – не понятная обида комом подкатила к горлу; потом, цепляясь за стенки ямы, поднялся, оперся о края и, уже боясь оттолкнуться ногами, на одних руках вынес тело наверх» [131, с. 186].

Ағылшынша (аударма): «Tungush put his hand to his forehead and gave a trembling gasp. He felt abandoned for some reason and a lump of fear came into his throat. Pushing at the walls of the grave, «Shadow» managed to rise to his feet and lever himself up and out, using just his arms because he was afraid to use his legs by this time» [132, p. 79]. Екі тілдегі аудармасында да *кіндік бойы* өлшем бірлігі түсіп қалған.

Түпнұсқа (қазақша): «Ол келте сүйменмен аумағы *жарты кездей* жерді тез тез түйгілеп шықты» [128, б. 229].

Орысша (аударма): «Кайлом с короткой рукояткой он разрыхлял землю, отгребал ее лопатой и опять думал о недавнем разговоре с приезжим» [131, с. 185].

Ағылшынша (аударма): «He used his pick with a short handle to break up the earth, then cleared the pieces away with his spade and started thinking about the conversation he had just had with the stranger» [132, p. 79] деп аударып, бізге қажетті қашықтықты білдіретін *жарты кездей* сөз тіркесі орыс тілінде де, ағылшын тілінде де түсіп қалған. *Кез* өлшем бірлігі 50 сантиметрге тең. Яғни түпнұсқадағы *жарты кездей* деп отырғаны шамамен 25 см [133, б. 230]. Бұл тұста аудармашының түпнұсқа мәдениетіндегі өлшем бірліктерді тәржімалауда қиналғандығын байқаймыз, яғни *кез* өлшем бірлігінің мағынасын түсінбеген.

Кесте 1 - Төменде сүт пісірімдей өлшем бірлігімен түпнұсқада берілген мысалдар және олардың орыс, ағылшын тілдеріне аудармасындағы көрінісі

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы	Ағылшын тіліндегі аудармасы
Жайшылықта сүт пісірім ғана уақытта баратын үйіне бір сағатта әзер жетті [128, б. 230].	В обычное время он добирался быстро – как говорят казахи, не успеет и молоко вскипеть [131, с. 187].	On ordinary days he reached home quickly – «before milk has time to boil», as the Kazakhs would say [132, p. 78].
Сүт пісірімдей уақыт ішінде Өмекей бастаған он шақты жігіт атқа қонып, Шерәлі ауылына суыт жүріп кетті. [128, б. 230].	В аул Шерали, куда вчера угнали двадцать пять лучших твоих скакунов [131, с. 210].	
Сүт пісірім сүйретілсе бір жапырақ бейшараның құдай-ау, несі қалмақ! [128, б. 230].	-	-
Арамызға сүт пісірімдей уақыт салып аралап отырайық. [128, б. 230].	-	-
Осы төрт жолды үйретемін деп диуана сүт пісірімдей кідіріп қалды. [128, б. 230].	-	-

Сүт пісірім өлшем бірлігі аз ғана уақыттың ішінде деген мағынаны білдіреді. Жоғарыдағы 2-кестеден көргеніміздей, сүт пісірім өлшем бірлігі «Сүйекші» повесінің ішінде түпнұсқада 5 рет қолданылған, орыс тіліндегі аудармасында тек ғана бір жерде ғана аудармашы түсіндірме әдісі арқылы берген, ал қалған 4 сөйлемде өкінішке орай аудармасы берілмеген. Қазақ халқы төрт түлік малды аса қадірлеген, барлық тыныс-тіршілігі сонымен біте қайнасып кеткен. Келесі мысалымыз уақ мал ешкіге қатысты өлшем бірлік.

Түпнұсқа (қазақша): «Бір жусан мен бір жусанның арасында қыбыр-қыбыр етіп *ешкі сауым уақыт* жүрген мына бір байғұс құмырсқа секілді ол да жер түбіндегі өтеніне өнімсіз жүріспен қимылдай береді» [128, б. 260]. Мұндағы *ешкі сауым уақыт* деп отырғаны яғни бір ешкіні саууға кететін уақыт мөлшері.

Орысша (аударма): «Рано или поздно, вечером или поутру, все равно она возвратится к своему оставленному очагу» [131, с. 234].

Ағылшынша (аударма): «Sooner or later, one evening or one morning, the old woman would reappear in her abandoned home» [132, p. 79]. Байқап отырғанымыздай екі тілдегі де аудармасында жалпы сөйлемнің мағынасы берілгенмен, *ешкі сауым уақыт* тіркесі түсіп қалған. Автор бұл жерде 10-15 минут уақыт жұмсайды деп жазбай, мақсатты түрде ұлттық өлшем бірлікті қолданған, бірақ олар аудармаларда көрініс таппаған.

Түпнұсқа (қазақша): «Төбелес *пышақ кесті* тыйыла қалды» [128, б. 260].

Орысша (аударма): «Драка стихла *мгновенно*» [131, с. 197].

Ағылшынша (аударма): «The fight came to an abrupt end» [132, p. 92]. Аударма трансформация модуляция әдісімен аударылып, түпнұсқа колориті жоғалғанымен, мағынасы сақталған.

Түпнұсқа (қазақша): Дүние төңкерілсін, жер-әлемді топан су қаптаса қаптай берсін, тек алдындағы *бір үйір* жылқы көзден таса болмаса, мал жайлаудан түскенде күні-түні қазатын *қырық құлаш* құдығы орнында тұрса болғаны. [128, б. 251]. *Үйір* өлшем бірлігі жылқы тобы дегені мағынаны білдіреді. Ал *құлаш* сөзін ұзындықты өлшеу үшін қолданған. Ол «адам екі қолын екі жаққа созғандағы арасындағы ұзындық» [134, б. 750].

Орысша (аударма): И окружающие, глядя на парня, решили, что хоть мир перевернись, он и тогда не станет другим [131, с. 222].

Ағылшынша (аударма): «The people around him, when they looked at Tungysh, decided that, even if the world were to turn upside down, he would never change» [132, p. 122]. Түпнұсқада берілген *үйір*, *қырық құлаш* өлшем бірліктері аудармада түсіп қалған. Түпнұсқа мәтіндегі көркем тіркестер толық жеткізілмеген.

Ал мына төмендегі мысалдарда *құлаш* өлшем бірлігі *сажен* деп аударылған. Түпнұсқада көп кездескен өлшем бірлік түрі *құлаш*.

Түпнұсқа (қазақша): «Қолынан келер өзге кәсібі жоқ Қомша малды ауылдардың қырық-елу құлаш құдығын қазып, ел аралап кеткен-ді» [128, б. 232].

Орысша (аударма): «Он вообще редко бывал дома: не зная другого ремесла, ездил по аулам, побогаче, и рыл колодцы, иногда очень глубокие в сорок-пятьдесят сажень» [131, с. 188].

Ағылшынша (аударма): «Indeed he was only seldom at home: knowing no other trade, he used to travel round the auls – the more prosperous ones, digging wells, sometimes very deep ones, 80-100 metres deep» [132, p. 79]. Аудармашылар екі тілде де в сорок-пятьдесят сажений, 80-100 metres deep деп, аударма тілінде дәл баламасын тауып, ұтымды аударма жасаған. Тура осы *құлаш* сөзімен түпнұсқада бірнеше мысалдар берілген, өкінішке орай орыс тілінде бұл сөйлемдер түсіп қалған, ағылшын тілінде де аудармасы жоқ, себебі аударма аралық тіл арқылы жасалған.

Түпнұсқа (қазақша): «Бұл өңірдің құдығы кемінде *отыз-қырық құлаштан* кем болмайды [128, б. 233]. «Қомша таңертеңнен бері қазған жерін өріп шықты да, тізеден су кешіп жүріп тағы да *жарты құлаштай* тереңдетті» [128, б. 233]. «Жиырма құлаштай тереңдікте әлі дымқыл тартатын түрі жоқ қасаң топырақты сүйменмен түйгіштеп жатып ол баласы жайлы тәтті ойға берілді» [128, б. 234]. «Қомша жалт бергенде ауыр сүйменнің салмағынан өзін-өзі ұстай алмаған жігіт әлі шаңы бұрқырап жатқан жиырма құлаш құдыққа өкіріп құлап түсті» [128, б. 236]. Осы тұста аудармашының тек ғана бір жерде ғана *құлаш* өлшем бірлігіне сәтті аударма жасап, қалған сөйлемдерде неге түсіру әдісін қолдануды шешкені түсініксіз.

Енді материалдық мәдениет элементтеріне тоқталсақ. *Қамшы* – бұл тек қазақтарда ғана емес, жалпы көшпелі халықтарда кең тараған, ұлттық-мәдени ерекшелігі бар зат. Ол ер-тұрман жабдықтарының бір бөлігі; билік, тәртіп, рәміз ретінде де қолданылған (мысалы, билердің қамшысы, төрге қамшы ілу); тұрмыстық, әскери, символикалық мәні ба [135, б. 124].

Мұндай сөздер басқа тілдерде тура баламасы жоқ, тек түсіндірмелі не транслитерациялық жолмен ғана беріледі. *Қамшы* сөзі шығарманың түпнұсқасында 4 рет қолданылып, оның біреуі транслитерация + сипаттама, екіншісі функционалды эквивалент амалдарымен аударылып, қалған екі жерде оmissияға ұшыраған.

Түпнұсқа (қазақша): Атты кісі жез сапты қамшысымен беткей жақты көрсетті [128, б. 229]. Мұндағы «жез сапты қамшы» – ұлттық нақыштағы реалия. Қамшы – тек тұрмыстық құрал емес, мәдени, символдық мәні бар.

Орысша (аударма): «И обитая медью рукоятка его камчи показала в сторону недалекого холма» [131, с. 184]. Аударма амалы: Транслитерация + сипаттама. Камчи транслитерацияланған реалия (қазақ тіліндегі «қамшы» сөзін сол күйі қабылдаған), «обитая медью рукоятка» деп нақты бейнесін беруге тырысып сипаттаған. Орыс тілінде «Камчи» сөзі арқылы оқырман заттың ұлттық ерекшелігін сезінеді, бірақ орыс тілді оқырманға мағынасы беймәлім болуы мүмкін сондықтан түсіндірме қажет.

Ағылшынша (аударма): He pointed to a nearby slope with the handle of his whip trimmed with copper [132, p. 77]. Аударма амалы – функционалды эквивалент. Ағылшын тілінде whip деп алып ағылшын оқырманына түсінікті жеткізген, trimmed with copper – жез сапты мағынасы сақталған. Алайда ұлттық нақыш, қазақи қамшының ерекшелігі жойылған.

Ағылшын тіліне аударғанда реалияны сақтап, қасына түсіндірме берген дұрыс: *kamshy* – a traditional Kazakh whip, with a copper-trimmed handle. Осылайша ұлттық болмыс пен мағына бірге беріледі.

Келесі талдайтын тіркесіміз дырау қамшы. Дырау қамшы тіркесі – бұл тек затты емес, сонымен қатар күшті әсерлілікті, қорқынышты қаруды білдіретін лексикалық тіркес. Бұл – реалия мен эпитеттің қосындысы. Дырау қамшы жалпы - жуан тілінген таспадан өрілген, өрімі ұзын әрі жуан, ұрыс, қорғаныс қаруы ретінде қолданылатын қамшының түрі. Дырау қамшы деген тұрақты тіркестің мағынасы «үлкен», «мықты» қамшы дегенді білдіреді. Қамшы – қазақтың ұлттық тұрмыстық әрі символдық заты. Жалпы дырау – көлемді, ірі, ауыр деген мағынада. Яғни дырау қамшы – өте үлкен, ауыр, қолданғанда қауіпті, ауыр соққы беретін құрал [136, б. 242]. Сонда, бұл сөздің астарында физикалық қана емес, психологиялық әсер бар. Қорқыныш тудырады, адамның ашу-ызасын, билігін білдіреді.

Түпнұсқа (қазақша): Мә саған ендеше! – Үкітай қолындағы дырау қамшысымен атшының басынан тартып жібергенде оның шекесінен қара қан бұрқ етіп, қар үстіне отыра кетті [128, б. 178].

Орысша (аударма): Шагнув к конюху, Укитай с размаху полоснул его коротко свистнувшей камчой. Беззубый схватился руками за голову – между пальцами у него заструилась дымящаяся на морозе кровь. Конюх свалился в снег [131, с. 207].

Камча – транслитерацияланған реалия, «қамшы» сөзін сол күйінде алған. «Коротко свистнувшей» – дыбыстық-эмоциялық әсерді сипаттап, «дырау» сөзін жанама сипаттамаға айналдырған. *Дырау* деген нақты сын есім аударылмаған, бірақ қамшының ықпалды, қауіпті екені сипаттау арқылы жеткізілген.

Ағылшынша (аударма): Now though, no-one was about to laugh. Striding over to the stable-hand, Ukitai swung his whip whistling through the air to land a swift sharp blow on the old man. The stable-hand clutched at his head - blood was dripping through his fingers and steaming in the frosty air. The old man fell into the snow [132, p. 105].

Аудармадағы *whip* – жалпылама балама, реалия емес. «Whistling through the air» және «swift sharp blow» – дыбыстық және физикалық күштің әсерін, «дырау» мағынасын контекст арқылы береді. Бірақ ұлттық ерекшелік (қазақы қамшы) мүлде жоғалып, тек жалпы құрал ретінде алынған.

Ағылшынша аудармада ұлттық колоритті сақтау үшін, мысалы: «swung his heavy Kazakh whip (*kamshy*), whistling through the air...» деп берсе, әрі реалия сақталар еді, әрі ауыр, дырау қамшының әсері көрінер еді.

Келесі қарастыратын реалия *қарта* – қазақтың ұлттық тағамдарының бірі, жылқының тік ішегінен дайындалатын ерекше ас. Ол көбінесе қазы, жал-жая сынды ет тағамдарымен бірге ұсынылады.

Түпнұсқа (қазақша): Өй, нәлеті, сен де басынған екенсің, қарның тойған екен бай жылқысының *қартасына* [128, б. 242].

Орысша (аударма): И ты обнаглел, скотина? – заорал Укитай. – Нарастил себе брюхо, поедая *байских коней*, - пошевелиться не можешь? [131, с. 207].

Ағылшынша (аударма): «You're a brazen beast» shouted Ukitai. «You've filled your belly here eating the *bai's horses* and you can't even move?» [132, p. 105].

Мұнда *қарта* сөзі нақты тағамды білдіреді. Орыс, ағылшын аудармасында *қарта* сөзі нақты аударылмаған, оның орнына *байдың жылқыларын жеп* деген жалпылама тіркес қолданылған. Бұл аудармада ұлттық тағамның ерекшелігі мен мәдени маңызы жоғалып кеткен. Мұндай реалияларды аударғанда, ұлттық тағамның атауын сақтап, түсіндірме беру маңызды. Мысалы: орысша: «...поедая байскую карту – традиционное казахское блюдо из конины...»

Ағылшынша: «...eating the *bai's qarta* – a traditional Kazakh dish made from horse intestine...» деп ұсынуға болады. Бұл тәсіл оқырманға ұлттық тағам туралы нақты түсінік береді және мәтіннің мәдени реңкін сақтайды.

Барымташы – қазақ мәдениетіне тән реалиялық ұғым, яғни бұл – жылқы ұрлаумен айналысқан адам, бірақ ол жай ұры емес, көбінесе дәстүрлі көшпелі қоғамда «кек алу», «ар-намысты қорғау», «руаралық есеп айырысу» сынды мақсатпен жасалатын әрекетке қатысты адам [137, б. 112]. Бұл ұғымды аудару – лингвомәдениетаралық қиындық тудырады.

Түпнұсқа (қазақша): Бала етіп асырап алатындай ол перзентке зар боп отырған жоқ, *барымташы*, *сойыл соғар етіп баулиын* десе оның да ретін таба алмады: қанша дегенмен кеудесінде мейіздей қатқан кегі бар жат бала емес пе, ес білген соң елін тауып, оған жіберген еңбегі зая кетумен тұрмай өзіне қарсы шауып жүрсе қайтеді? [128, б. 238]

Орысша (аударма): Воспитывать как наследника? Доскей не бездетен, слава аллаху? Вырастить *барымтача – ловкого угонщика чужих табунов*? Э-э, какой в этом смысл? Чужая кровь. Это сейчас мальчишка ничего не понимает, да и то порой смотрит волчонком, а подрастет – затаит, как нож за пазухой коварную месть. Гляди, научишь на свою голову – тебя же и ограбит. Рано или поздно наверняка найдет своих, переметнется к ним. Что тогда будет? Но если и не станет метить – легче? Велик ли радость воспитать злодея? [131, с. 199]

Ағылшынша (аударма): God be praised, Doskei had plenty of children. Was he *to raise a horse thief who would nimbly lead astray other people's herds*? What would be the point of that? The boy was a stranger to him and his clan. At this point the small boy was unaware of what was happening, but even now would sometimes look at those around him like a cunning little wolf-cub and when he grew up, he would be nursing thoughts of desperate revenge, harbouring a grudge all the time. Anything you might teach him might bring the risk of it being turned against you. Sooner or later, he would be bound to find his own people and make his way back to them. What would happen then? Even if he did not take revenge – would that make it any easier? How much joy can be had from bringing up a bitter enemy? [132, p. 95]

Орыс тілінде «барымтач» – қазақ тіліндегі «барымташы» сөзінің транслитерациясы және «ловкий угонщик чужих табунов» (басқа елдің жылқысын айдап әкететін шебер адам) деп сипаттама берілген. Яғни бұл жерде реалияны сақтап, транслитерация + дескриптивті әдіспен аударма жеткізілген.

Ағылшын тілінде «horse thief» жалпы мағынада ұры дегенді білдіреді, «who would nimbly lead astray other people's herds» деген жолдар нақты әрекетін

түсіндіреді. Алайда, бұл аудармада *барымташы* ұғымының мәдени-тарихи ерекшелігі сақталмаған. Ағылшын тілінде де *barimtachy* (a traditional Kazakh horse thief with social function) деп беріп, түсініктеме қоса жүрсе – ұғымды мәдени тұрғыдан толық жеткізер еді.

«Қалың мал» – қазақтың дәстүрлі үйлену рәсіміндегі маңызды ұғым. Бұл – күйеу жігіттің отбасы қалыңдықтың отбасына төлейтін малы немесе мүлкі. Көбінесе мал түрінде берілгендіктен, «қалың мал» деп аталады [138, б. 167].

Түпнұсқа (қазақша): Ортаншы баланың *қалың малына* өткізген қоралы қой, қыруар дүние бар, тым болмаса соның ізі жабылсын деп салған айыбын төлеп, аманат баласын алып кетер не әке, не шеше, не бір ағайын – туыстарының осы кезге шейін ат іздерін бір салмауы оның ашуын келтірді. [128, б. 38]

Орысша (аударма): Бай надеялся, что если Комша и не заплатит всего, все-таки вернет Доскою немного скота: мало ли отдал старик калымом за невесту погибшего сына? Пусть виновник его смерти возвратит хотя бы часть потерянного. Но ни родичи, ни сам Комша до сих пор не показались в ауле, и в душе Доскея зрело раздражение. «Как вымерли все!» – озлобляясь, думал он. [131, с. 200]

Ағылшынша (аударма): The bai hoped that if Komsha failed to pay everything he owed, he would at least send back some livestock to him: after all Doskei himself had had to pay a far from *small price for the bride* of his dead son, had he not? Let the man responsible for his death at least return some of what had been lost. Yet neither his relatives nor Komsha himself had set foot in his aul and Doskei was starting to grow more and more annoyed. “It is as if they have all vanished into thin air! – he thought to himself bitterly. [132, p. 95]

Мұнда «калым» сөзі қазақ тілінен сол күйінде алынған. Орыс оқырманы үшін «калым» сөзі таныс болуы мүмкін, бірақ нақты түсінік беру үшін қосымша түсіндірме қажет. Ал ағылшын тіліндегі аудармасына келсек, «*bride price*» – жалпы мағынада қолданылған, бірақ нақты «қалың мал» ұғымын толық қамтымайды. Ағылшын оқырманы үшін «*bride price*» түсінікті болуы мүмкін, бірақ қазақ мәдениетіндегі «қалың малдың» ерекшеліктерін толық жеткізбейді.

Ағылшын тілінде «қалың мал» ұғымын нақты жеткізу үшін, төмендегідей аударманы ұсынамыз: «...paid the *qalyng mal* (traditional Kazakh bride price consisting mainly of livestock) for his son's bride...». Бұл тәсіл ұлттық ұғымды сақтап, оқырманға оның мағынасын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Барқыт бешпент тіркесі – қазақтың дәстүрлі киім үлгісін білдіретін реалия. Ол – барқыт матадан тігілген, көбіне сәндік мақсатта киілетін, жеңіл сырт киім. Мұндай киімдер көбінесе бай-манаптардың немесе сал-серілердің сән-салтанатын көрсететін киім үлгісі болған [139, б. 35].

Түпнұсқа (қазақша): Шыртып киінген сері жігіттер *барқыт бешпенттерінің* рәсуә болғанына да қарамай үшеуі үш жақтан жабылғанмен, жалғыз құдықшаны ала алмай «ой, әкеннің» деп ызаланумен жүр. [128, б. 236]

Орысша (аударма): Даже троим не так – то просто было справиться с заматеревшим в работе копателем колодцев. Клубок тел с воем и бранью катался по траве – сыпалась обратно в яму уже вынутая оттуда земля. Через несколько

минут *нарядные бархатные бешметы* байских отпрысков были вывалины в пыли, кое-где ощерились рваными швами [131, с. 196].

Ағылшынша (аударма): Even for all three of them it proved difficult to cope with the well-digger toughened by his years of hard work. With shouts of swearing the tangle of bodies rolled to and fro on the grass and some of the earth that had been dug out of the well-pit started falling back into it. After a few minutes the *smart velvet jackets* of the bai's offspring were covered in dust and in places seams had been split open [132, p. 91].

Бұл мысалдағы Бархатные бешметы – барқыт бешпенттер сөзбе-сөз аудармасы. Орыс тілінде бешмет сөзі белгілі бір дәрежеде таныс болғандықтан, бұл аударма орыс оқырмандарына түсінікті болуы мүмкін. Ал ағылшын тілінде *Smart velvet jackets* деп барқыт бешпенттер тіркесінің функционалды эквивалентімен тәржімаланған. Ағылшын тілінде бешпент ұғымы таныс емес болғандықтан, аудармашы осы аударма әдісіне жүгінген. Ағылшын тілінде бешпент ұғымын нақты жеткізу үшін, төмендегідей аударма ұсынылады: «...the smart velvet beshpent (a traditional Kazakh waist-length jacket) of the bai's offspring were covered in dust...». Бұл тәсіл ұлттық ұғымды сақтап, оқырманға оның мағынасын түсіндіруге мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Төр сөзі шығарманың ішінде үш рет кездескен, оның екеуі омиссияға ұшырап, бір жерде ғана дескриптивті аударма әдісімен жеткізілген. Қазақ тіліндегі төр сөзі – дәстүрлі мәдениетте ерекше мәнге ие ұғым. Ол киіз үйдің немесе үйдің ішіндегі ең құрметті, қадірлі орын, әдетте, есіктің қарсы жағында орналасады. Бұл орын қонақтарға немесе ақсақалдарға арналады.

Түпнұсқа (қазақша): «О, бейбақ, – деді төрде отырған шал үнсіздікті бұзып...» [128, б. 236]. Мұндағы төрде отырған шал тіркесі – ақсақалдың ең құрметті орында отырғанын білдіреді.

Орысша (аударма): сидевший на самом почетном месте – бұл тіркес төрде отырған ұғымын дәл жеткізеді.

Ағылшынша аудармада: sitting in the place of honour – бұл да төр ұғымын дұрыс бейнелейді.

Төр сөзі тек физикалық орын ғана емес, сонымен қатар қонақжайлылық, құрмет көрсету және әлеуметтік иерархияны білдіреді. Қазақ халқында қонаққа *Төрге шығыңыз* деп айту – оны құрметтеу мен жоғары орынға шақырудың белгісі. *Төр* сөзі түркі тілдерінде ортақ ұғым болып табылады. Мысалы, өзбек тілінде «*to‘r*», қырғыз тілінде *төр* деп аталады және олар да құрметті орын мағынасын білдіреді [140, б. 306]. Біз қарастырып отырған мысалда *төр* сөзі орыс және ағылшын тілдеріне түсіндірме аударма (дескриптивті) тәсілімен аударылған. Орыс тіліне: сидевший на самом почетном месте – яғни, ең құрметті орында отырған. Бұл аудармада төр сөзі мағынасын сипаттау арқылы берілген, себебі орыс тілінде төр деген ұлттық ұғым баламасыз. Ағылшын тіліне: sitting in the place of honour – құрметті орында отырған. Бұл да дәл солай түсіндірме тәсілмен аударылған. Ағылшын тілінде *төр* деген сөз жоқ, сондықтан мәдени функциясын жеткізу үшін сипаттамалық аударма қолданылған.

Қоржын – тек қазақ (және кейбір түркі) халқының тұрмысында кездесетін, ұлттық-мәдени ерекшелігі бар заттың атауы. Ол киізден немесе жүннен тоқылып жасалған, екі басты, иыққа немесе ер-тоқымға асылатын қап тәрізді бұйым [141, б. 1005]. Мұндай бұйым басқа халықтардың мәдениетінде дәл осы түрде кездесе бермейді, сондықтан ол: ұлттық-мәдени ерекшелігімен, басқа тілде нақты баламасының болмауымен, этнографиялық сипатының бар болуымен реалия қатарына жатады. Осы қоржын сөзінің аудармасына қатысты мысалға талдау жасайық.

Түпнұсқа (қазақша): Күн жылы, жер құрғақ, *қоржынды* жастанып, шекпенге оранып жатса бір күнге бәле де алмайды [128, б. 262].

Орысша (аударма): Тепло, земля сухая, крыша над головой – как-нибудь перебьется. Чуть-чуть сена, *коржун* под голову, сверху чекмень. Много ли, в конце концов, надо! Не зима же на дворе [131, с. 236].

Ағылшынша (аударма): It was warm inside and the earth was dry. He had a roof over his head at last and could make do. There was a little hay lying about and he would put his *bag* under his head and cover himself with his jacket. He did not need very much after all! It was not wintertime [132, p. 139].

Қоржын сөзі орыс және ағылшын тілдеріне аударылғанда әртүрлі тәсілдер қолданылған. Орыс тіліндегі нұсқасы *коржун* деп транслитерация (фонетикалық бейімдеу) арқылы аударылған, өйткені *қоржын* сөзіне толық балама жоқ, сондықтан да аудармашы қазақ сөзін орыс фонетикасына бейімдеп, *коржун* түрінде берген. Бұл тәсіл оқырманға түпнұсқа сөздің дыбыстық бейнесін сақтай отырып, оның мағынасын жеткізуге мүмкіндік береді.

Ағылшын тіліндегі аударма нұсқасы: *bag* яғни жалпылама аударма жасалған. Ағылшын тілінде *қоржын* сөзіне нақты балама болмағандықтан, аудармашы оның қызметін сипаттайтын *bag* тіркесін қолданған. Бұл тәсіл оқырманға заттың функциясын түсіндіру арқылы мағынасын жеткізуді көздейді. *Қоржын* сөзіне өзіміздің балама аударма нұсқамызды ұсынатын болсақ, мысалы, егер қазақ тілінен ағылшынға аударсақ: *koryzhyn* (a traditional Kazakh twin-bag made of felt or fabric, used for carrying goods on horseback). Ал орыс тілінде: *коржын* – казахская традиционная сумка с двумя отделениями, перекидываемая через седло. Осындай аударма тәсілдері мәтіннің түпкі ұлттық бояуын сақтауға және шет тіліндегі оқырманға түсінікті болуына көмектеседі.

Келесі реалия *алаша* сөзі – қазақтың дәстүрлі қолөнеріне тән, түрлі-түсті жүннен тоқылатын жолақты төсеніш. Бұл бұйым көбінесе киіз үйдің ішкі жабдықтарында, еденге немесе қабырғаға төселетін төсеніш ретінде қолданылады. Орыс тілінде *алаша* сөзі көбінесе *тканый ковер* немесе *безворсовый ковер* деп аударылады. Мысалы, Қазақстан энциклопедиясында алаша «ковровое изделие ручной работы из разноцветных шерстяных нитей» [142, с. 402] деп сипатталады.

Ағылшын тілінде *алаша* сөзіне нақты балама жоқ, сондықтан оны сипаттамалы түрде аудару ұсынылады. Мысалы: a traditional Kazakh flatwoven rug, a handwoven striped woolen mat, Kazakh woven carpet (*alasha*) деген сияқты.

Бұл аудармалар алашаның ерекшеліктерін жеткізуге көмектеседі. *Алаша* – қазақ халқының мәдениетіндегі ерекше орын алатын бұйым. Оны аудару кезінде оның ұлттық ерекшеліктерін сақтап, сипаттамалы тәсілдерді қолдану маңызды. Мысалы, ағылшын тілінде *alasha* сөзін енгізіп, оның мәнін түсіндіру арқылы оқырманға бұл бұйымның маңызын жеткізуге болады. Енді біз қарастырып отырған мысалға келетін болсақ:

Түпнұсқа (қазақша): Үйдегі бар дүние – бір киіз, бір *алаша*, бір көрпе, бір жастық [128, б. 264].

Орысша (аударма): Обстановку лачуги составляли истертый войлочный ковер, тканая *алаша* да подушка [131, с. 237].

Ағылшынша (аударма): All the furniture consisted of was a shabby old felt *carpet*, a coarse woven mat and a pillow [132, p. 141].

Берілген мысалдың аудармасына талдау жасайтын болсақ, орыс тіліне *тканая алаша* деп транслитерация + түсіндірмелі аударма тәсілі қолданылған. *Алаша* сөзі өз қалпында сақталғанымен, *тканая* сөзі арқылы түсіндірме берілген. Бұл тәсіл орыс тілді оқырманға ұғымды етіп жеткізеді. Ағылшын тіліне *a coarse woven mat* деп дескриптивті аударма тәсілі қолданылған. *Алаша* нақты аталмайды, оның сыртқы көрінісі мен материалы сипатталады. Бірақ бұл аудармада ұлттық-мәдени реңк жойылып кеткен, тек функционалдық сипат қана қалған. Орысшада транслитерация арқылы мәдени реалия сақталған, алайда ағылшыншасында жалпы сипаттамамен беріліп, ұлттық ерекшелік жоғалған.

Түпнұсқа (қазақша): Мә саған ендеше! – Үкітай қолындағы дырау қамшысымен *атишының* басынан тартып жібергенде оның шекесінен қара қан бұрқ етіп, қар үстіне отыра кетті [128, б. 242].

Орысша (аударма): Шагнув к конюху, Укитай с размаху полоснул его коротко свистнувшей камчой. Беззубый схватился руками за голову – между пальцами у него заструилась дымящаяся на морозе кровь. Конюх свалился в снег [131, с. 207].

Ағылшынша (аударма): Now though, no-one was about to laugh. Striding over to the stable-hand, Ukitai swung his whip whistling through the air to land a swift sharp blow on the old man. The stable-hand clutched at his head - blood was dripping through his fingers and steaming in the frosty air. The old man fell into the snow [132, p. 105].

Қазақ тіліндегі *атишы* сөзі орыс тіліне *конюх* деп аударылған. Бұл сөз жылқы бағумен айналысатын адамды білдіреді [143, с. 207]. Ағылшын тіліне аударғанда, *атишы* сөзі *stable-hand* деп аударылады, бұл да жылқы күтушісін білдіреді. Аудармада *атишы* сөзіне нақты сілтеме жасалмай, оның орнына *его* (оны), *his* есімдігі қолданылып, дейксис орын алған. Бұл аудармада нақтылау жетіспейді, себебі *атишы* сөзі нақты тұлғаны білдіреді. Мұндай жағдайда нақты атауды қолдану мәтіннің анықтығы мен түсініктілігін арттырады. Аудармада нақты атауларды сақтау маңызды, әсіресе мәдени немесе кәсіби атауларға қатысты. Бұл оқырманға мәтінді жақсырақ түсінуге көмектеседі және түпнұсқа мәтіннің мағынасын дәл жеткізеді.

Төмендегі мысалда діни ұғым *мазар* сөзінің орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармалары қалай берілгенін талдайық.

Түпнұсқа (қазақша): Ертесіне сәскеде мола қазып жүрген бір ноғай сүйекші оны *мазар* шетінен тауып алды [128, б. 264].

Орысша аудармада: На следующий день Тунгыша нашел старик ногаец, могильщик *из недалекого городка* [131, с. 237].

Ағылшынша аудармада: The next day Tungysh was found by an old Nogai, a grave-digger from *a small town not far away* [132, p. 141].

Қазақ тіліндегі *мазар* сөзі орыс және ағылшын тілдеріне аудармасында семантикалық бұрмаланған. Орысша аудармада бұл сөз түсіп, *из недалекого городка* деп, ағылшынша аудармада да *мазар* сөзі нақты аударылмай, *a small town not far away* деп берілген. Мазар – ислам мәдениетінде қасиетті саналған адамдардың қабірінің үстіне салынған құрылыс. Бұл сөз араб тілінен шыққан және *бару орны* дегенді білдіреді. Мазарлар көбінесе зиярат ету орындары ретінде қызмет етеді және олар суфизмде ерекше маңызға ие [144, б. 264]. Орыс тіліндегі аудармаларда *мазар* сөзі кейде *гробница* [145, с. 27] немесе *мавзолей* деп аударылады, бірақ кейде мүлде аударылмай, түсіп қалады. Ағылшын тіліндегі аудармаларда да бұл сөз нақты аударылмай, тек оқиғаның контексті арқылы берілген. Бұл жағдай аудармашылардың *мазар* сөзінің мәдени және діни маңызын жеткізу үшін әртүрлі тәсілдерді қолданғанын көрсетеді. Кейде олар бұл сөзді нақты аудармай, оқырманға түсінікті болу үшін контекст арқылы жеткізуді жөн көрген.

Сондай-ақ, қазақ тіліндегі «Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» деген – халықтың байырғы дүниетанымын, өмірге көзқарасын бейнелейтін терең мағыналы фразеологизмнің аудармаларына тоқталып өтейік. Бұл фразеологизм адамның немесе қоғамның әлсіздігін, қорғансыздығын білдіреді [146, б. 243]. Фразеологизмнің мағынасы – әлсіз адам немесе қоғам мықтының қолында, тістегеннің аузында кетеді, яғни өз тағдырын өзі шеше алмайды дегенді білдіреді.

Түпнұсқа (қазақша): *Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында* кете бермек бәрі де [128, б. 243].

Орысша аудармада: Оглянитесь на себя, вы уже готовы руки лизать тому, кто разоряет, пинает и насилует вас [131, с. 243].

Ағылшынша аудармада: Well then, you can just sit there by the hearth and wait till every last drop of your honour is stained [132, p. 107].

Шығармада бұл фразеологизмнің орыс және ағылшын тілдеріне аударылуында тура мағынасы емес, оның астарлы, бейнелі мағынасы берілген. Орысша аудармада қорғансыздық пен бағыныштылықтың бейнесі көрсетілсе, ағылшынша аудармада намыстың тапталуы мен дәрменсіздік суреттеледі. Аударма амалдарына келетін болсақ, бұл жерде дескриптивті аударма әдісі қолданылған. Яғни, фразеологизмнің сөзбе-сөз аудармасы емес, оның мағынасы мен әсері сипатталып жеткізілген.


«*Терісіне сыймау*» фразеологизмі қазақ тілінде адамның қатты ашулануы, ашу-ызаға булығыуы немесе ішкі толқынысын тежей алмауы сияқты эмоционалдық күйді білдіреді [147, б. 225]. Бұл тіркес бейнелі түрде адамның эмоциялары өз денесіне сыймай, сыртқа шығып жатқанын сипаттайды.

Түпнұсқа (қазақша): Ұлы *терісіне сыймай* ат жалынын құшақтап тұрып, еңкілдеп жылап жіберді [128, б. 244].

Орысша аудармада: И Укитай, видимо окончательно сломленный этим тихим голосом, резко отвернулся, ткнулся лицом в гриву своего коня и, не стыдясь окружающих, заплакал [131, с. 211].

Ағылшынша аудармада: Ukitai broken once and for all by his father's quiet voice, turned abruptly and buried his face in the mane of his horse. He began to weep, no longer paying any attention to the people around him [132, p. 109].


Бұл сөйлемде баланың ішкі күйзелісі мен эмоциялық толқынысын сипаттайды. Бұл аудармаларда «*терісіне сыймау*» фразеологизмі тікелей аударылмағанымен, оның мағынасы сақталған. Орысша аудармада окончательно сломленный (толықтай күйреген), ал ағылшыншада broken once and for all (біржола күйреген) тіркестері арқылы Үкітайдың ішкі күйзелісі мен эмоциялық күйі сипатталып жеткізіліп, екі тілге де дескриптивті аударма тәсілімен аударылған.



Сурет 1 - «Сүйекші» повесіндегі реалиялардың орыс тіліндегі аудармасында қолданылған аударма әдістері

Бұл суреттен көріп отырғанымыздай, «Сүйекші» повесіндегі ұлттық сипаттағы реалияларды орыс тіліне аудару барысында ең көп қолданылған аударма тәсілдері оmissия (70) және функционалды эквивалент (61). Материалдық мәдениетке қатысты номинативті атауларды аудару барысында функционалды эквивалент көп қолданылған. Яғни, аударма тілінде дәл сондай функция атқаратын тіл бірліктерімен алмастырылған. Одан кейінгі кезекте, мәдени сипаттағы ұғымды жалпыға түсінікті ұғыммен беруді қамтитын генерализация (40) әдісі. Келесі орында – түпнұсқадағы ұғымды басқа қырынан жеткізетін модуляция (24) әдісі мен мәдени эквивалент (20). Мәдени эквивалент – мақсатты мәдениетте дәл сондай қызмет атқаратын мәдени тіл бірлігімен алмастыру.

Одан кейінгі кезекте, ұлттық сипаттағы мәдени лексиканы сақтауға мүмкіндік беретін – транскрипция (18) мен транслитерация (7) тәсілдері тұр. Және де бір семантикалық бұрмалауды атап өтеміз.



Сурет 2 - «Сүйекші» повесіндегі реалиялардың ағылшын тіліндегі аудармасында қолданылған аударма әдістері

Көркем аударма – тек тілдік баламаны табу ғана емес, сонымен қатар ұлттық болмысты, мәдениетті, контексті сақтау мен жеткізудің күрделі процесі. Бұл тұрғыдан алғанда, көркем шығармаларда кездесетін реалияларды басқа тілге жеткізудің өзі ерекше аударма әдістерін қажет етеді. Осыған дәлел ретінде, жоғарыда «Сүйекші» повесіндегі ұлттық сипаттағы реалиялардың ағылшын тіліне аударылуында қолданылған әдіс-тәсілдер суреті ұсынылды.

Аталған с аудармашының пайдаланған негізгі он бір аударма әдістері пайыздық және сандық көрсеткіштермен берілген. Ең алдымен, «функционалды эквивалент» (73 рет, 28%) (қамшы, құман, ер-тұрман, тостақ, мор ошақ, ен салу, бата, келін, барқыт бешпент, жеті түнде, диуана, жусан, ақсақал, жігіт) пен «омиссия» (72 рет, 28%) (түндік, пұл, босаға, қора, үзенгі, құрық, отау үй, шылбыр, бай ауылы, құрт-май, шаңырақ, сүйінші, несібе, қуғыншы, қатын-бала, түйе жүн шекпені, шапан, жарты кез) тәсілдерінің ең көп қолданылғанын көреміз. Функционалды эквивалент – түпнұсқадағы реалияның мақсатты тілде дәл сондай функция атқаратын бірлікпен алмастырылуы. Бұл тәсіл әсіресе материалдық мәдениетке қатысты атауларды аудару барысында жиі қолданылған. Ал омиссия әдісі – аударылатын мәтіннен реалияны мүлде алып тастау немесе мағынасыз элемент ретінде қалдырмау. Мұндай тәсіл кейде оқырманға түсінікті болу үшін немесе контекстік сәйкессіздік туындамауы мақсатында орын алады.

Үшінші орында – генерализация (54 рет, 21%) (жыңғыл қора, қоржын, барымташы, жұт, шидем шекпен, ымырт үйіріле, үш төрт сүйем, бір жапырақ, сәскеде, жұлдыз шыға, ісек, бие, тай-жабағылар, төбет, дермене). Бұл әдіс белгілі бір ұлттық ұғымды кең, жалпыға түсінікті сөзбен алмастыруды білдіреді. Яғни, нақты мәдени элементтің орнына оқырманға бейтаныс емес ұғым ұсынылады. Бұл, әсіресе, ұлттық немесе аймақтық ерекшеліктерді түсіндіру қиын болған жағдайда тиімді әдіс. Келесі бір жиі кездесетін тәсіл – дескриптивті эквивалент (21 рет, 8%). Мұнда реалия сипаттама арқылы жеткізіледі. Бұл тәсіл оқырманға түсінік беру үшін маңызды. Сонымен қатар, модуляция (17 рет) (кебіс, құран оқыту, ақырет сапар, ескі жұрт, аманат) әдісі де қолданылған. Модуляция дегеніміз – түпнұсқадағы ұғымды мағыналық тұрғыдан басқа қырынан ашу. Бұл тәсіл аударманың мазмұндық дәлдігін сақтау мен стилистикалық үйлесімділікке жету жолы болып табылады.

Аудармашы мәдени эквивалент (10 рет) (бесік, тай қора, көш, қазан) тәсілін де қолданған. Бұл – мақсатты мәдениетте дәл сондай қызмет атқаратын мәдени тіл бірлігімен алмастыру тәсілі. Мұндай әдіс мәдениетаралық сәйкестік орнатуға мүмкіндік береді.

Ұлттық сипаттағы реалиялардың дыбыстық немесе жазбаша қалпын сақтауға бағытталған транскрипция (4 рет) мен транслитерация (3 рет) әдістері сирек болса да, қолданылған. Бұл тәсілдер шығарманың ұлттық бояуын жоғалтпай, түпнұсқаға жақын болуына септігін тигізеді. Бір ғана жағдайда транслитерация мен түсіндірмені біріктіретін тәсіл (1 рет) кездеседі. Сонымен қатар, бір семантикалық бұрмалау (1 рет) анықталған, бұл аударманың сапасына кері әсер етуі мүмкін.

Жалпы алғанда, «Сүйекші» повесіндегі реалиялардың ағылшын тіліне аударылуында бейімдеуші әдіс-тәсілдер – функционалды эквивалент, оmissия, генерализация, модуляция – басым қолданылғанын көреміз. Бұл ағылшын тілді оқырман үшін мәтінді барынша түсінікті, табиғи әрі қабылдауға жеңіл ету мақсатында жасалған шешімдер деп түсінуге болады. Ал транскрипция мен транслитерация секілді әдістер ұлттық реңкті сақтау үшін қажет болған.

Осылайша, ұсынылған талдау көркем аударманың күрделілігін және аудармашының мәдени, тілдік бейімдеушілік стратегияларын қалай шебер қолданғанын нақты көрсетеді. Аудармада тек тілдік балама табу ғана емес, сонымен қатар мәдениетаралық байланыс орнату да басты мақсаттардың бірі екенін естен шығармауымыз керек.



Сурет 3 - «Сүйекші» повесіндегі фразеологизмдердің орыс тіліне аударылу әдістері

Жоғарыда берілген сурет фразеологизмдердің аудармасында қолданылған сегіз түрлі әдіс-тәсілдің қолданылу жиілігін көрсетеді. Аудармашының ең жиі қолданған тәсілі – компенсация (33 рет). Бұл әдіс фразеологизмді дәлме-дәл аудару мүмкін болмаған жағдайда, оның стилистикалық немесе мазмұндық жүгін мәтіннің басқа жерінен өтеп жеткізу арқылы жүзеге асады. Бұл тәсіл түпнұсқаның ұлттық ерекшелігін жоғалтпауға бағытталған аудармалық стратегиялардың бірі ретінде қарастырылады.

Келесі орында – сипаттамалы аударма (20 рет). Бұл жағдайда фразеологиялық тіркестің мазмұны сөзбе-сөз аударылмай, оның мағынасы


қарапайым лексика арқылы түсіндіріледі. Мұндай әдіс түпнұсқаның семантикасын сақтау мен оқырманға түсініктілік тұрғысынан тиімді, дегенмен фразеологизмнің бейнелі, образдық құрылымы жойылуы мүмкін.

Үшінші орынға фразеологизмді фразеологиялық емес тіркеспен алмастыру (19 рет) жайғасқан. Бұл – түпнұсқадағы тұрақты тіркестің орнына мақсатты тілде фразеологизм емес, бірақ мағыналық тұрғыдан сәйкес келетін еркін тіркес қолдану. Мұндай тәсіл мақсатты оқырман үшін мәтінді жеңіл қабылдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жартылай эквивалент (7 рет) және адаптация (7 рет) тәсілдері де қолданылған. Жартылай эквивалент – фразеологизмнің бір бөлігін ғана мағыналық жағынан сәйкестендіру болса, адаптация – мақсатты тілдің мәдениетіне сай өзгертіп беру арқылы ұғымды жеткізу. Екі әдіс те ұлттық-мәдени айырмашылықтарды ескеріп жасалған бейімдеуші стратегиялар санатына жатады.

Калькалау (6 рет) – фразеологизмді сөзбе-сөз аудару тәсілі ретінде аз кездеседі. Бұл тәсіл түпнұсқаның құрылымын сақтауға тырысады, алайда кейде мақсатты тілде түсініксіз немесе жасанды естілуі мүмкін.

Ең сирек қолданылған тәсіл – толық эквивалент (1 рет). Бұл – екі тілде де мағынасы, құрылымы және бейнелілігі толық сәйкес келетін фразеологизмдердің бір-біріне балама болуы. Қазақ және орыс тілдері сияқты түрлі тілдік және мәдени жүйелерге жататын тілдер арасында мұндай толық сәйкестіктер сирек кездеседі.



Сурет 4 - «Сүйекші» повесіндегі фразеологизмдердің ағылшын тіліне аударылу әдістері

Ең жиі қолданылған әдіс – компенсация (37 рет). Бұл әдіс түпнұсқадағы фразеологиялық бірлікті дәл аудару мүмкін болмаған жағдайда, оның мәні мен әсерін мәтіннің басқа жерінен жеткізу арқылы өтейді. Бұл тәсіл ағылшын тілінің идиоматикасы мен қазақ фразеологиясының құрылымдық және мағыналық айырмашылықтарын еңсеруге бағытталған.

Екінші орында – сипаттамалы аударма (23 рет). Бұл әдіс фразеологиялық мағынаны бейнелі түрде емес, нақты сипаттау арқылы жеткізуді көздейді. Мұндай тәсіл мазмұнды сақтауға мүмкіндік бергенімен, бейнелілік пен ұлттық реңк жоғалады.

Келесі жиі қолданылған амал – фразеологизмді фразеологиялық емес тіркеспен алмастыру (15 рет). Бұл жағдайда тұрақты тіркестің орнына еркін лексикалық тіркес беріледі. Мұндай әдіс аударманың түсініктілігін арттырғанымен, көркемдік деңгейін төмендетуі ықтимал.

Калькалау (8 рет) мен адаптация (6 рет) әдістері де кездеседі. Калькалау – фразеологизмді сөзбе-сөз аудару тәсілі. Бұл тәсіл кей жағдайда шетелдік оқырман үшін түсініксіз болуы мүмкін. Ал адаптация – аудармада ұлттық ерекшелікті сақтай отырып, мақсатты мәдениетке бейімдеу әдісі. Бұл тәсіл екі мәдениет арасындағы дәнекер рөлін атқарады.

Жартылай эквивалент (5 рет) – аударманың бір бөлігі түпнұсқамен сәйкес келіп, қалған бөлігі бейімделеді немесе түсіндірме арқылы беріледі. Бұл да компромисс шешімдердің бірі ретінде бағаланады.

Аудармада толық эквиваленттің мүлде болмауы (0 рет) – қазақ және ағылшын тілдері арасында фразеологизмдердің құрылымдық және семантикалық жағынан дәл сәйкестіктерінің сиректігін көрсетеді. Бұл екі тілдің тарихи, мәдени және дүниетанымдық ерекшеліктерімен тығыз байланысты.

Сондай-ақ, әр ұлттық сипаттағы атауға қатысты қандай аударма қолданылғаны келесі кестелерде көрініс табады:

Кесте 2 - «Сүйекші» повесі бойынша материалдық мәдениетке қатысты атаулардың аударма

	Түпнұсқа	Орысша аударма әдісі	Ағылшынша аударма әдісі
1	2	3	4
1	Шаһар - 4 рет	Функционалды эквивалент -3; оmissия -1	ФЭ -3; оmissия -1
2	Қамшы - 4 рет	транскрипция -2; оmissия -2	ФЭ - 2 оmissия - 2
3	Дырау қамшы -1 рет	генерализация - 1	генерализация - 1
4	Бесік - 3 рет	Мәдени эквивалент -1; оmissия -2	МЭ-1; оmissия -2
5	Төр - 3 рет	МЭ- 1; оmissия -2	МЭ- 1, оmissия - 2
6	Киіз - 8 рет	МЭ -5; оmissия -2; ДЭ - 1	ФЭ - 5; оmissия - 2; ДЭ - 1
7	Түндік - 1 рет	оmissия -1	оmissия - 1
8	Пұл - 1 рет	оmissия -1	оmissия - 1
9	Құман - 2 рет	ФЭ - 2	ФЭ - 2;

2 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
10	Ер-тұрман - 2 рет	ФЭ - 1; оmissия - 1	ФЭ - 1; оmissия - 1
11	Ауыл - 9 рет	транскрипция - 2; оmissия -7	транскрипция - 1; оmissия - 8
12	Жайлау - 1 рет	ФЭ - 1	толық эквивалент - 1
13	Босаға - 1 рет	оmissия - 1	оmissия - 1
14	Қора - 1 рет	оmissия - 1	оmissия - 1
15	Тай қора -1 рет	МЭ -1	МЭ -1
16	Жыңғыл қора - 2 рет	генерализация - 2	генерализация - 2
17	Үзеңгі -1рет	оmissия - 1	оmissия - 1
18	Кереге - 2 рет	ДЭ - 1 оmissия - 1	ДЭ - 1 оmissия - 1
19	Көш - 1 рет	МЭ - 1	МЭ-1
20	Құрық - 2 рет	оmissия - 1	оmissия - 1
21	Там - 1 рет	ФЭ - 1	ФЭ-1
22	Отау үй - 1 рет	оmissия - 1	оmissия - 1
23	Қыл шылбыр - 3 рет	ФЭ-2 оmissия - 1	ФЭ - 2 оmissия - 1
24	Шылбыр - 2 рет	оmissия - 2	оmissия - 2
25	Өтен - 4 рет	ФЭ - 1 оmissия - 2 ФЭ - 1	ФЭ - 1 оmissия - 2 ФЭ - 1
26	Тостақ - 1 рет	ФЭ - 1	ФЭ - 1
27	Қоржын - 2 рет	транскрипция - 2	генерализация - 2
28	Мазар - 1 рет	семантикалық бұрмалау - 1	семантикалық бұрмалау - 1
29	Мор ошақ - 1 рет	ФЭ - 1	ФЭ - 1
30	Алаша - 1 рет	транслитерация -1	ДЭ - 1
31	Жер ошақ - 1 рет	ФЭ - 1	ФЭ -1
32	Қазан - 1 рет	МЭ - 1	МЭ - 1
33	Лыпа - 1 рет	генерализация - 1	генерализация - 1
34	Тай қазан - 1 рет	ДЭ - 1	генерализация -1
35	Бай ауылы - 1 рет	оmissия - 1	оmissия - 1

Кесте 3 - «Сүйекші» повесі бойынша рухани мәдениетке қатысты атаулардың аудармасы

	Түпнұсқа	Орысша аударма әдісі	Ағылшынша аударма әдісі
1	2	3	4
1	Шаңырақ – 1 рет	транскрипция -1	оmissия - 1
2	Ер-құнын өтеу – 2 рет	генерализация -1	генерализация -1
3	Аманат – 8 рет	модуляция -1 оmissия –4 ДЭ -1 генерализация -1 транслитерация-1	модуляция -1 оmissия – 5 генерализация -1 модуляция -1
4	Барымташы – 1 рет	транскрипция -1	генерализация -1

3 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
5	Барымталау – 3 рет	транскрипция -2 генерализация -1	генерализация -3
6	Қалың мал – 1 рет	МЭ -1	ДЭ -1
7	Ен салу – 2 рет	ФЭ -2	ФЭ -2
8	Ескі жұрт – 1 рет	модуляция -1	модуляция -1
9	Тәуету – 1 рет	ДЭ-1	ДЭ-1
10	Сүйінші – 2 рет	омиссия - 2	омиссия - 2
11	Несібе – 1 рет	омиссия - 1	омиссия- 1
12	Бата – 5 рет	ФЭ -3 омиссия - 2	ФЭ-3 омиссия - 2
13	Жұт – 1рет	генерализация -1	генерализация -1
14	Қуғыншы – 1 рет	омиссия - 1	омиссия - 1

Кесте 4 - «Сүйекші» повесі бойынша діни наным-сенімге қатысты атаулардың аудармасы

	Түпнұсқа	Орысша аударма әдісі	Ағылшынша аударма әдісі
1	Азан шақырып ат қою – 1 рет	омиссия	омиссия
2	Ақырет сапарға – 1 рет	модуляция-1	модуляция-1
3	Иманды болу – 5 рет	ДЭ-1 ФЭ-3 омиссия-1	ДЭ -1 ФЭ-3 омиссия-1
4	Әруақ – 3 рет	модуляция-2 ФЭ-1	ФЭ-3
5	Құран оқыту – 6 рет	модуляция-5 омиссия-1	модуляция-5 омиссия-1
6	Марқұм – 3 рет	ФЭ-3	генерализация -3
7	Құбыла – 1 рет	транскрипция-1	экспликация-1
8	Жұмасына бір рет отқа май тұтатпай – 1рет	модуляция-1	модуляция-1
9	Малдың басы құралса қан шығарып, құран оқытып жіберейін – 1 рет	модуляция- 1	модуляция-1
10	Тәңір – 1 рет	МЭ -1	ФЭ-1
11	Шүкірлік ету – 1 рет	МЭ -1	ФЭ-1
12	Әруақтары риза болу – 1 рет	ФЭ-1	ФЭ-1
13	Құрбан айт – 1 рет	модуляция -1	генерализация -1
14	Ас беру – 1 рет	ФЭ-1	ФЭ-1
15	Ақ жауып аттандыру – 1 рет	генерализация -1	генерализация -1
16	Сүйегін шығару – 1 рет	генерализация -1	генерализация -1
17	Есіттіру – 1 рет	ФЭ-1	ФЭ-1

Кесте 5 - «Сүйекші» повесі бойынша ұлттық өлшем бірлікке қатысты атаулардың аудармасы

1	Түпнұсқа	Орысша аударма әдісі	Ағылшынша аударма әдісі
1	Ымырт үйіріле – 1 рет	ФЭ-1	генерализация -1
2	Үш төрт сүйем -1 рет	генерализация -1	генерализация -1
3	Бір аттам аралықта-1 рет	омиссия -1	омиссия -1
4	Кісі бойына – 1 рет	экспликация	экспликация
5	Жарты кездей -1 рет	омиссия	омиссия
6	Кіндік бойы – 1 рет	омиссия	омиссия
7	Сүт пісірім – 5 рет	экспликация -1, генерализация -1; ФЭ-1, омиссия - 2	экспликация -1, генерализация -1; ФЭ-1; омиссия - 2
8	Құлаш – 6 рет	ФЭ-4; омиссия-2	ФЭ-5; омиссия-1
9	Жеті түнде – 1 рет	ФЭ -1	ФЭ -1
10	Бір үйір – 3 рет	ФЭ-3	генерализация -3
11	Кесек – 1 рет	ФЭ -1	генерализация -1
12	Ешкі сауым уақыт – 1 рет	омиссия-1	генерализация -1
13	Бір жапырақ – 1 рет	генерализация -1	ДЭ-1
14	Сәскеде – 2 рет	генерализация -2	генерализация -2
15	Беймезгіл кезде – 1 рет	генерализация -1	генерализация -1
16	Ат аяғы жетер жердің – 1 рет	генерализация -1	генерализация -1
17	Сәскеге дейін – 2 рет	генерализация -2	генерализация -2
18	Жұлдыз шыға – 1 рет	генерализация -1	генерализация -1

Кесте 6 - «Сүйекші» повесі бойынша ұлттық киімге қатысты атаулардың аудармасы

	Түпнұсқа	Орысша аударма әдісі	Ағылшынша аударма әдісі
1	Түйе жүн шекпені – 1 рет	МЭ-1	омиссия
2	Шекпен – 5 рет	транскрипция-2 генерализация -1 генерализация-1 омиссия -1	экспликация-1 генерализация -2 ФЭ-1 омиссия -1
3	Барқыт бешпенттің – 2 рет	транскрипция -1 омиссия -1	ФЭ -1 омиссия - 1
4	Қаудырлақ келте тон – 2 рет	ДЭ-1 ФЭ -1	ДЭ -2
5	Кебіс – 1 рет	транскрипция -1	модуляция -1
6	Шапан – 1 рет	омиссия -1	омиссия -1
7	Шидем шекпен – 1 рет	модуляция	генерализация -1

Кесте 7 - «Сүйекші» повесі бойынша туыстық қатынасқа қатысты атаулардың аудармасы

	Түпнұсқа	Орысша аударма әдісі	Ағылшынша аударма әдісі
1	Ағайын-жұрағат – 1 рет	генерализация -1	экспликация-1
2	Келін – 1 рет	ФЭ-1	ФЭ-1
3	Ата – 2 рет	МЭ-1, омиссия-1	транскрипция-1, омиссия-1
4	Қатын-бала – 1 рет	омиссия-1	омиссия-1
5	Көке, көкетай – 3 рет	транскрипция -2 омиссия-1	транскрипция -2 омиссия-1
7	Әке – 2 рет	генерализация -1 омиссия -1	ФЭ -1 омиссия -1
8	Шеше – 1 рет	омиссия-1	омиссия-1
9	Апа – 1 рет	транскрипция -1	транскрипция -1
10	Ана – 1 рет	МЭ-1	МЭ-1
11	Бәйбіше – 2 рет	транскрипция -1 модуляция-1	экспликация-1 модуляция-1
12	Әке-шеше – 1 рет	МЭ-1	МЭ-1

3.2 «Гауһартас» повесінің аудармаларында ұлттық-мәдени реңктің сақталуы: салыстырмалы - салғастырмалы талдау

«Гауһартас» повесі бір ғана отбасының өмір сүру салтын суреттей отырып, бүтін бір қазақ еліне тән тұрмыс тіршілікті сипаттайды. Кез-келген ұлттың өзіне ғана тән, өзіндік ерекшеліктері оның тілінде, мәдениетінде, тұрмыс тіршілігінде көрініс тауып жатады, әлбетте ол қаншалықты ұлт үшін маңызды болса, аудармашы үшін соншалықты қиын. Себебі бір ұлттың ұғымында бар сөздер, келесі ұлттың дүниетанымында жоқ болуы мүмкін. Бұл жерде аудармашылар еңбегі мен білімі көп ықпал етеді, өрескел қателіктерге бой алдырмау үшін аудармашының түпнұсқа материалды жетік түсінуі, яғни сол елдің тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетінен хабары болғаны абзал. Жалпы көркем шығарма аудармасына қай уақытта да талап пен жауапкершілік жоғары.

Шығармада аудармашыға ең алдымен қиындық тудыратын элементтердің бірі – ұлттық өлшем бірліктер. Мысалы, *құлашқа* назар аударсақ.

Түпнұсқа (қазақша): «Бұрынғының әйелдері қауға тартқан былай тұрсын, қырық құлаш құдық та қазған» [128, б. 181].

Орысша (аударма): «Женщины раньше колодцы в сорок аршинов рыли и ничего» [131, с. 89].

Ағылшынша (аударма): «In the old days women used to dig wells a hundred feet deep and think nothing of it» [132, p. 45]. Қырық құлаш - сорок аршинов - hundred feet deep деп аударма тілінде дұрыс баламасын берген, сондай-ақ түпнұсқамен салыстырғанда сөйлемнің мағынасын, формасын дәл сақтаған. Функционалды эквивалент әдісімен аударылған.

Келесі мысалымыз көлемге қатысты өлшем бірлік.

Түпнұсқа (қазақша): «Салтанат *бір құшақ* кепкен қурай әкеп отқа салды да, сіріңке шағып от жақты» [128, б. 178].

Орысша (аударма): «Салтанат принесла охапку курая, положила его под казан и подожгла» [131, с. 86].

Ағылшынша (аударма): «Saltanat brought over an armful of Russian thistle, laid it out under the cauldron and set it alight» [132, p. 79]. Бір құшақ – охапку – an armful деп функционалдық аналог арқылы аударылған.

Келесі мысал елі өлшем бірлігіне қатысты: «Оның бойы сұңғақ менен *екі елідей* ғана аласа екен» [128, б. 175].

Елі – сұқ саусақтың еніне тең ұзындық бірлігі, шамамен 2 см тең өлшем. Қатар орналасқан екі саусақтың қалыңдығы - екі елі, үш саусақтың қалыңдығы - 3 елі болып аталады [148, б. 22]. Орыс тіліндегі аудармасында жалпы мағынасы берілгенмен, елі өлшем бірлігі қолданылмаған, яғни екі елідей, шамамен 4 см аласа деген нақты өлшем бірлік көрсетілмеген.

Орысша (аударма): «Она была стройна, чуть ниже меня ростом» [131, с. 83]. Яғни, генерализация әдісімен аударылған.

Қазақ халқында қашықтыққа қатысты жиі қолданылатын өлшем бірліктердің бірі – *адым*. 1 адым – 1 метрге тең [149, б. 262].

Түпнұсқа (қазақша): Мен жіңішке оқтауды қасымдағы біреуге ұстата салып *екі адым* кейін шегіндім [128, б. 176]. Яғни кейіпкер шамамен 2 метрге артқа шегінген. Өкінішке орай, аудармасында бұл ақпарат түсіп қалған. Нақты қаншалықты кейін шегінгені аударылмай, жай ғана кейін шегінген болып қалған. Бұл тұста аудармашы реалияны аударудан бас тартқанын байқаймыз.

Орысша (аударма): Я передал кому-то скалку и отошел [131, с. 84].

Ағылшынша (аударма): «I handed the rolling-pin to someone and moved back» [132, p. 79].

Қадам – адамның бір адымына тең ұзындық (шамамен 60 – 70 см) бірлігі [150, б. 89]. Түпнұсқада қадам өлшем бірлігімен мынадай сөйлем берілген. «Жиренді қайта ерттеп мініп, үйден *жиырма шақты қадам* ұзаған соң, басын қалай бұрарымды білмей аңырайып біраз тұрдым да, нар тәуекел деп бүгінгі қой жайылған өріске бет түзедім» [128, б. 201].

Орысша (аударма): Я оседлал рыжего и двинулся в сторону пастбища [131, с. 105].

Ағылшынша (аударма): «I saddled our chestnut horse and set off in the direction of the pasture [132, p. 79]». Орыс және ағылшын тіліндегі аудармаларында өлшем бірлік тағы да түсіп қалған, яғни, доместикацияланған.

Ұсақ затты үш саусақтың ұшымен қысып алғандағы өлшемді *шөкім* деп айтамыз. Мысалы қазақта 1 шөкім тұз деп айтып жатады, ол шамамен шамамен 12,5 граммға тең [151, б. 117].

Түпнұсқа (қазақша): «Бұл өлшем бірлікке қатысты түпнұсқада мынандай мысалдар берілген. Ол үлпілдек қардан тағы алып, ақша қармен бірдей аппақ тістерін көрсете бір шөкімін аузына салып жіберді» [128, б. 192].

Орысша (аударма): «Она снова захватила горсть снегу и засмеялась, показывая белые зубы. Потом сунула пушистый комок в рот» [131, с. 98].

Ағылшынша (аударма): «Saltanat picked up a handful of the fluffy snow, threw her head back and dropped it into her mouth [132, p. 35]». Жалпы аударма мағынасы берілген, *шөкім* өлшем бірлігі екі тілде де функционалдық аналог әдісімен аударылған. Келесі мысалда тура осы өлшем бірлік қатысымен берілген сөйлем аудармасы мүлдем берілмеген.

Түпнұсқа (қазақша): Оған деген әлгі ренішім бір *шөкім* жазғы бұлттай лезде ыдырап кетті [128, б. 182].

Қол созым онша алыс емес деген мағынаны білдіреді.

Түпнұсқа (қазақша): «Менен қол созымдай ғана артта келе жатқан Салтанат кенет жүгіріп алдыма түсті де» [128, б. 190]. «Тіпті оған қол созым келіп тұрып қайтып кете жаздадым ау!» [128, б. 204]. Бұл сөйлемдердің аудармалары түгел түсіп қалған.

Келесі өлшем бірлігіміз таяқ тастам сөз тіркесі. Ол шамамен 10-15 метр, яғни таяқты лақтырсаң жететін жерімен теңестіріп алған [152, б. 314].

Түпнұсқа (қазақша): «Қамыстай боп жиреннің екі құлағы, таяқ тастам жердегі сидиған құрайлар қараң етіп көрініп қалады» [128, б. 202].

Орысша (аударма): «Порою я различал впереди какие то кусты, сиротливые ветки курая [131, с. 105]».

Ағылшынша (аударма): «Occasionally I could make out some bushes in front of me, some lonely clumps of Russian thistle» [132, p. 45]. Аудармалардан көріп отырғанымыздай, таяқ тастам өлшем бірлігі мүлдем аударылмаған.

Тағы бір мысал түпнұсқа (қазақша): «Ыбыш бізді таяқ тастам қалғанда ғана көріп орнынан ұшып тұрды» [128, б. 225].

Орысша (аударма): «Тастан заметил нас, когда мы были уже совсем рядом» [131, с. 127].

Ағылшынша (аударма): «Tastan only noticed us when we were almost right by his side» [132, p. 45]. Демек, аудармашылар орыс және ағылшын тілдерінде таяқ тастамды совсем рядом, almost right by side деп түсіндіріп тәржімелеп, доместикация стратегиясын ұстанған. Келесі мысалға назар аударсақ,

Түпнұсқа (қазақша): «Салтанат менен таяқ тастам жерде ғана, боран өтінде есінен танып жатқандай болады, енді бірде аш қасқырдың ортасында қарсыласар қайрат көрсете алмай тұрған панасыз, дәрменсіз нәзік Салтанат көз алдыма елестейді» [128, б. 202].

Орысша (аударма): «Казалось, что Салтанат лежит где то рядом без сознания. А то вдруг представлялась мне одинокой, беззащитной посреди стаи волков» [132, с. 106].

Ағылшынша (аударма): «I imagined Saltanat lying somewhere nearby and already unconscious. Then suddenly I imagined her all on her own and defenceless surrounded by a pack of wolves» [132, p. 45]. Бұл аудармаларда да жалпы мағыналары берілгенмен, таяқ тастам өлшем бірлігінің мағынасы толық ашылмағанын байқаймыз.

Келесі қарастырылатын өлшем бірлік бақан бойы аудармаларда толықтай омиссияға ұшыраған:

«Бақан бойы көтеріліп қалған күнге көзін сығырайта қарап, есінеп қояды» [128, б. 184].

Орысша (аударма): «Аскербек проснулся. Щурился на солнце, зевал» [131, с. 92].

Ағылшынша (аударма): «Askerbek by now had woken up. He was screwing up his eyes in the sun and yawning» [132, p. 45].

Тағы да бір байырғы биіктік, тереңдік, қашықтықты өлшеу үшін қолданылатын бірлік түрі арқан бойы тіркесі, ол шамамен 10-12 метр дегенді білдіреді [152, б. 412].

«Атқа қамшы тартып, арқан бойы ұзай бергенімде ұлыған боранмен араласып, арт жағымнан әлсіз бір дыбыс естілгендей болды» [128, б. 203].

Орысша (аударма): «Трудно сказать, в этот ли момент или когда я тронул коня, чтобы осмотреть могилки, мне почудился в вое бурана слабый звук» [131, с. 106]. Бұл жерден де байқап отырғанымыздай аудармашы арқан бойы өлшем бірлігін түсіріп тастаған. Сәйкесінше ағылшын тіліндегі аудармасында да ұқсас жағдай:

Ағылшынша (аударма): «It is difficult to say whether it had been at that moment, or when I urged the horse forward so I could inspect the small graves, that I thought I heard a faint sound amidst the noise of the storm» [132, p. 46].

Қазақ халқы мал шаруашылығымен айналысқандықтан, олардың күнделікті көз алдарындағы бағып отырған «Бұлардың білдіретін ара қашықтық меже шамасына осы жануарлардың жасы, физиологиялық қабілеті, тұрмыс-тіршіліктегі тәжірибесі, адам санасында сұрыпталған, семантикалық айырым белгілері негізге алынған. Сондықтан да, қазақ дүниетанымында орта есеппен ат шаптырым жер -20-25 шақырымды білдірсе, құнан шаптырым жер - 10-15 шақырымды, тай шаптырым жер -5-10 шақырымды межелеген» [153, б. 143]. «Гауһартас» повесінде ат шаптырымдай өлшеміне қатысты мынандай сөйлем берілген.

Түпнұсқа (қазақша): «*Ат шаптырымдай* жерде осы аймақтың ақылшы иесіндей боп Қосіңген төбесі момақан пішіндей іштей күлімсіреп қана жатыр» [128, б. 206]. Бірақ аудармада бұл сөйлем түгел түсіп қалған.

Енді Дулат Исабековтың «Гауһартас» повесіндегі қазақы гастрономияға қатысты лексиканың орыс, ағылшын тілдеріне аударылуын қарастырып көрейік. Қазақ халқы «Ас -адамның арқауы», «Аштық ақыл ойлатпайды» деп адам денесіне қуат пен нәр беретін астың ерекше рөлін әуел бастан біліп, түйсінген. Көшпелі өмір сүре жүріп төрт түлік малдан алынатын табиғи өнімдердің бар қасиетін жақсы білген. Түйенің сүті – шұбат, биенің сүті – қымыз шөлді қандырып қана қоймай, денсаулыққа зор пайда әкелген. Алыс жолдарда ат үстінде жүрген қазақтар үшін кептірілген құрт пен ірімшік таптырмас дәм болған. Айраны мен шалабы, сүр еті, уызы мен көжесі бойға сіңімді, құнарлы астардан.

Құдайы қонағын да сый асы – сыбағамен сыйлаған. Етті бұзып, әр қонағына әр мүшесін орнымен тартқан халықтың гастрономиялық әлемі өте бай. Және оның әдебиетте көрініс таппауы мүмкін емес еді. Дулат Исабековтың

барлық туындыларынан қазақ гастронимиясының элементтері анық көрінеді. Алайда, тағам атаулары өзге мәдениет өкілдері үшін таңсық нәрсе болғандықтан, аудармада да көрініс табуы қиындықтар туғызады. Тағам атауларының барлығы дерлік реалия сөздер болып табылады. олардың орыс, ағылшын тіліне аударуда аудармашыға, дәлме дәл келетін балама табу қиын соққандығын аңғардық.

Тамақтану мәдениеті мен әр ұлттың гастронимиялық құндылықтары арасында өте тығыз байланыс бар. Гастронимия – бұл тамақ пен сусынның эстетикасын, сондай-ақ сұлулық пен сапаға деген ұмтылысты зерттейтін ғылым саласы. «Кең мағынада гастронимия - бұл халықтардың мәдениеттері мен олар тұтынатын тағам түрлері арасындағы байланысты, сондай-ақ адам өмірі мен тамақтануға қатысты танымды қамтиды» [154].

«Ежелгі заманнан бері адамзат тамақтану мәдениетінің ортасын құрды. Мәдениет адамзат табиғатқа әкелетін барлық нәрсені қамтиды» [155]. «Тамақтану әдеттері ауылға, қалаға және елді мекендерге байланысты тарихи және тіпті аймақтық түрде ерекшеленеді» [156]. Қоғамдағы барлық осы айырмашылықтарға қарамастан, бұл тақырыпта әлі де ортақ қасиеттер бар. «Ауыл шаруашылығын және теңіздің әр бұрышындағы тағамдарды сипаттайтын көптеген сиялар төгілді» [157], яғни тағам адам өмірінде маңызды рөл атқаратын болғандықтан, бұл тақырып өте көп зерттелген және әлі де зерттелуді қажет етеді. Бір елдің ішінде отырып, географиялық орналасуына, тұрмыс тіршілігімен өмір сүру салтына байланысты тағам түрлерінде айырмашылықтар орын алып жатқанда, ел мен елдің арасындағы тамақтану мәдениеті мен тағам түрлерінде сәйкес келмейтін, тіпті өзге халықтың түсінігінде жоқ тағам түрлерінің кездесуі, болмаса ұқсастықтардың болуы қалыпты жағдай. «Маған не жеп жатқаныңызды айтыңыз, мен сізге кім екеніңізді айтамын» [158]. Мысалы, қазақ халқының негізгі ас мәзірінің ет, сүт өнімдерінен құралғандығынан-ақ көшпелі халық екендігіміз анық. Қазақ халқының мәдениеті бай және көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан ел ретінде өзіндік қалыптасқан аспаздық мәдениеті бар.

Д. Исабеков шығармашылығы алдымен өз халқына арналып жазылған. Түгел дерлік кейіпкерлерін қарапайым халықтың арасынан іздеп тауып суреттейтін жазушы әңгімелерінің ішінде күнделікті қазақ халқының тұрмыс салтында пайдаланып жүрген дүниесі, ішкен асы мен жеген тамағына қатысты лексиканың астасып өрілуі заңдылық деп ойлаймыз. Қазақ халқының жүріп өткен тарихының нәтижесінде тағам түрлері, оның сапасы, дәмі, жасалуы, сақталуы деген сияқты элементтері құрылған. Қазақтың құрт пен ірімшігінің кез-келген ауа райында дәмі бұзылмауының сыры оның жасалу және сақталу технологиясына байланысты болып тұр. Қымыз, шұбат, айран, ашымал тағы басқа сусындарының ежелден қалыптасып, атадан балаға жалғасып келе жатқан дайындалу мәзірі бар.

Елдегі тамақтану мәдениеті ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан көпжылдық білімнің жинақталуының нәтижесі болғанымен, соңғы жылдардағы жетістіктердің арқасында кейбір ескі әдеттер толығымен немесе ішінара жойылады [159]. Яғни технологияның дамуымен кей жағдайда ертеден қалыптасқан бар дүниенің түрленіп жататыны жақсы болғанымен, бұрынғы

қолданыстағы сөздердің қолданысқа енбей қалуына себеп болып жатады. Осы тұста түпнұсқа авторының көздегені көнеден қолданған тағам атауларының жоғалып кетпеуіне, ұмытылып қалмауына ықпалын тигізу мақсатында, шығарма желісінде қосып отырғаны байқалады.

Кейінгі зерттеушілер тағамның «күнделікті өмірдегі қолданысына» көңіл бөліп және оған әлеуметтік, діни, гендерлік, саяси және мәдени маркер ретінде ерекше мән беретінін атап өтті [160]. Қазіргі этникалық интеграция үдерісінде, халықтардың бір-бірін тану, мәдениетін тану ынтасы өте жоғары деңгейде. Және Web of Science және Scopus базаларында 2001 мен 2020 жылдар аралығында гастрологиялық мұраны зерттеу жайында еңбектер санының артқанын көреміз. Бұл тұста, мәдениеттерді танытуда аударманың алар орны ерекше, аударма сапасына қойылатын талаптар да күшейтілуі қажет.

Сол себепті, Д. Исабековтың «Ғауһартас» повесіндегі қазақы гастрологияға қатысты лексикаларды анықтау және олардың аудармалары орыс, ағылшын тілдерінде қалай көрініс тапты, аударманың қай тәсілдері арқылы жеткізілгені, қазақ халқы үшін маңызды ұлттық элементтер өзге тілді оқырманға қалай жеткізілгендігін анықтау маңызды деп ойлаймыз. Себебі автор бір шығарма арқылы тұтас қазақ ұлтының өмірін бейнелеп отыр.

Жалпы, жазушы туындыларындағы ұлттық сипаттағы лексика, оның ішінде тағам атауларына Аккузова А. өз ғылыми еңбегінде тоқталады. Д. Исабековтің көркем шығармаларында кездесетін ұлттық ерекшеліктердің тілдегі көрінісіне прагматингвистикалық талдау жасап, тағам атауларына қатысты мынадай жіктемені ұсынады. Жазушы шығармаларында кездесетін тағам атаулары: сүт тағамдары: қымыз, боза, айран, көже, қаймақ, құрт, ірімшік, уыз, малта, т.б.; нан тағамдары: бауырсақ, шелпек, тоқаш, жарма, күлше, т.б.; ет тағамдары: қазы, сорпа, тұздық, сүр, т.б. [161, б. 59]. Алайда, аудармасына қатысты еңбектер жоқтың қасы. Қазақ халқының ұлттық дүниетанымы үшін маңызды саналатын осындай ерекшеліктер аударма барысында өз құндылығын жоғалтпай, ағылшын тілді оқырманға жеткізілуі аудармашыға қойылатын талаптар қатарында болуы керек. Өз құндылықтарымызды қастерлеп, сақтап және оны әлемге паш ету, әсіресе біз қарастырып отырған қазақтың ұлттық тағам түрлерінің пайдасы, дертке шипа, денсаулыққа еш зияны жоқ, бойға қуат, тәнге азық болатын, таза табиғи өнімдерінің танылып, дәріптелуі әрбір ұлт үшін жаны ашитын азаматтың міндеті. Аударма – кез келгенге сыбаға ретінде беріле салмаған, тілдік түйсігі терең дарын иесінің сыйы саналатын шығармашылық өнер, өзегін талдырып, танбай, талмай еңбек етуді талап ететін кәсіп. Бұл жерде аударманың ойдағыдай шығуына түпнұсқаны жүрегімен сезініп, түсініп, оны өзге тілде жеткізуде барлық білімін, тәжірибесін салып, жаны ашып жұмыс жасайтын, кем дегенде екі тілді еркін меңгерген, шебер аудармашының алар орны ерекше [162].

Аударма жасаудағы мазмұн мен тұрпат межесін сақтау аударма процесінде ұлттық колоритті сақтау мәселесіне алып келеді. Ғалымдардың көпшілігі аударылатын мәтінде кіріс (аударылатын) тілдің лингвистикалық заңдылықтарын сақтаумен қатар, шығыс (аударатын) тілді қолданушы халықтың

ұлттық колориті сақталуы тиіс деген пікірде: «...аударылатын мәтін «аударушының мәдениетіне көшірілуі» тиіс болғанына қарамастан, аударылған мәтінде шығыс тілді қолданушының мәдени колоритін сақтауы керек» [163], яғни кез-келген автор өз туындысының өзге тілді оқырманға ұғынықты жеткізілгендігін, сонымен қоса айтылар түпкі ойының, көркемдігінің барынша сақталғанын қалайды. Көркем шығарма аудармасында бұл барлық уақытта қиындықтар туғызады, себебі ұлттық сипаттағы лексика, фразеологизмдер, паремияларды дөп тауып, түрлі аударма тәсілдерін ұтымды қолдану, аудармашыдан үлкен жауапкершілікті, білімді, қажырлы еңбекті талап етеді. [164].

Біз қарастырып отырған тағам атауларының барлығы реалияларға жатады. Қандай да бір құбылыстарды, заттарды, соның ішінде тағам атауларын реалияларға жатқызуда олардың ұлттық бояуға ие болуы шешуші фактор болып табылады. Аудармашы реалияларды дұрыс анықтап және оларды аударма жасалатын тіл мәдениетіне барынша сәйкестендіріп аударуға қабілетті болу керек

«Гауһартас» повесі жай ғана қазақтың бір отбасы мүшелерінің күнделікті тұрмыс тіршілігін, отбасы мүшелерінің, ата-ананың балаға, келінге, келін мен қайнысының, ері мен әйелінің қарым-қатынасын суреттей отырып, бір жанұяда белең алған, орны толмас өкінішті баяндау арқылы қазақ халқының ұлттық таным, менталит, салт-дәстүр, тағам түрлері, ойын сауық, өнер, мал шаруашылығы, кәсіп, табиғатқа қатысты ерекшеліктеріне қатысты лексиканы молынан қамтыған. Осылардың ішінен тағам атауларының аудармасына тереңірек тоқталдық. Атап айтсақ, сүр ет, майлы айран, шалап, қою шай, ашымал, еттің қамыры, тұзсінді қаракесек ет, сорпа, іріген айран, уыз, ашқылтым тары көже.

Бұған дейін Д. Исабеков шығармаларына зерттеулер жүргізілгенімен, аударма аспектілері қарастырылмаған. Дулат Исабековтың «Гауһартас» повесін орыс тіліне аудармашы Николай Берденников (2003), ағылшын тіліне Катерина Юдельсон (2014) тәржімалаған.

Шығармада іріктеліп алынып, талдауға түсетін барлық тағам атаулары қазақ халқының атам заманнан тұтынып, қазіргі уақытта да кеңінен қолданып жүрген сөздері әрі сүйіп жейтін асы. Мысалы, соның бірі – қазақтың сүр еті мен айраны.

Түпнұсқада (қазақша) «Ашып айтсаңшы, Қыжым кемпірдің қызына үйленуге қарсы емессің бе? Дегенде тоңазыған сүр ет пен майлы айранды соғып отырып: [128, б. 171]» деген мысалдағы тоңазыған сүр ет пен майлы айранды орыс тіліне біріншісі холодное вяленое мясо деп сөзбе-сөз аударма арқылы, ал екіншісін жирный айран деп калька әдісімен тәржімалаған: Орысша (аударма): «Может, ты против? Может, нет у тебя желания жениться на дочери старухи Кыжым?» Тастан, старательно разжевывая холодное вяленое мясо и запивая его жирным айраном, потянул равнодушно: [131, с. 79]

Мұндағы вяленое сөзі қазақ тілінде кептірілген деген мағынаны білдіреді, кепкен сын есімі көптеген зат есімдермен тіркес бола алады (кепкен киім, кепкен

жеміс), қазақ тілінде кепкен ет дейміз, вяленое ол сүрлеу сөзіне жақын болғанымен, ет қазақтардың негізгі асы болғандықтан, етті сүрлеу яғни тұз сеуіп, көлеңкелеу жерде, желдің өтінде қақтап, кептіру дегенді білдіреді және оның дәмі ерекше болады, бұл жай ғана кепкен деген сөзден гөрі маңыздырақ, себебі қазақ халқы сыйлы қонағына сақтаған сүр етін құрмет белгісі ретінде ұсынған, қонақтарда үйдің егесін сүр етін асып қонақ қылды деп ерекше ілтипатпен күткенін айтып жатады [165, б. 253]. Сонымен, *вяленое мясо* қазақы сүр еттің сүрлену амалын, дәмін жеткізе алмаса да, мағыналас болып табылады. Ал, айранның айран болып қалуы, әрі аудармашымен ешқандай қосымша түсініктеменің берілмеуі екі елдің көршілес, тығыз араласуына байланысты, мақсатты аудитория үшін айранның таныс болуынан деген болжамға келеміз. Бірақ ағылшын тілінегі аудармасына назар аударсақ, біраз өрескел қателер орын алғанын байқаймыз: «Perhaps you don't want this? Perhaps you don't want to marry old Kyzhym's daughter?» Tastan stretched in an indifferent fashion as he doggedly chewed some *cold cured meat* and washed it down with rich camel's milk» [132, p. 28]. Демек, тоңазыған сүр ет – *cold cured meat* (салқын тұздалып, кептірілген ет), майлы айран – *rich camel's milk* (түйенің майлы сүті) деп тәржімаланған. Етті тұздап, кептіру ағылшын халқында сондай танымал болмаса да, оларға таныс дүние. Сондықтан адекватты баламасы бар. Ал, айран, біріншіден сүт емес, екіншіден, сиыр сүтінен ұйытылады. Аудармашы ағылшын тіліне айранды түйе сүті деп мүлдем бұрмалайды. Түйенің сүтінен айран емес шұбат дайындалады. Мына төмендегі мысалда да айранға қатысты дәл осы қате қайталанып тұр.

Кесте 8 - «Гауһартас» повесі бойынша *айран* сөзінің ағылшын тіліндегі аудармасы

Түпнұсқа	Аударма ағылшын тілінде
Ол менің нақ бір кішкене қарындасым секілді қазаннан құйып алып жатқан сүтін сол бойы қоя салып «қазір, апа» деп өздерінің кішкене отауларына кіріп кетті де, сәлден соң сырлы зерен тостақты салқын да майлы <i>айранға</i> шөпілдете толтырып әкеп маған ұсынды [128, б. 183].	She went inside the yurt for a moment and then brought out a large patterned wooden bowl filled with cold rich <i>camel's milk</i> [132, p. 28].

Келесі жазушы повесінде жиі кездесетін қазақы сусын *ашымал* сөзі және оның аудармаларына назар аударсақ.

Түпнұсқада (қазақша): Сонан соң «шөлдедім, ашымал әкел, айрандарыңнан жусан иісі шығады екен» деді. «Ашымал әкелген соң ол қабақтың жармысына шейін еңсеріп, түбіндегі қоюынан жеп болды да қарнын сипалап біраз жатты» [128, б. 185].

Орысша (аударма): «Принеси-ка саумала, пить захотелось, - сказал он. От айрана прогорклый несет. Я принес. Он опорожнил кауак до половины, потом блаженно развалился на земле» [131, с. 92].

Ағылшынша (аударма): «Bring me some mare's milk, I need a drink», he said. "The camel-milk smells rancid". I brought him some. He emptied half the pumpkin-skin bowl and there and then lay down on the ground replete» [132, p. 29].

Ашымалды орыс тілінде *саумал* деп аударған. Ашымал – бидай, тары, күріш, арпа тәрізді астық қайнатылған көжеге айран қосып дайындалатын ұлттық тағам түрі. Суға салынған дән жарылып піскен соң суытып барып, ағарған қосады. Жылы жерде тұрып бір-екі күнде ашып, «ашыған көже» дайын болады. Айран мен дәнді дақыл қосылып аши келе жағымды қышқыл дәм береді. Оны ашымал деп атайды. Ашымал - ішкен кезде шөл қандыратын сусын, әрі тоқ басатын тағам. Ішіліп азая бастағанда жарманы суға қайнатып, тұзын татытып, суыған соң айран қосып үстемелеп отырады. Осылайша үстемелеп отырмаса екі-үш күннің ішінде тым ашып кетеді. Ашымал құнарлы болуы үшін оған ұн қосып та жасайды [166, б. 120].

Ыдысын арша, тобылғы, қайың қабығымен ыстап отырмаса, күбінің ағаш дәмі шығып кетеді. Ыстың иісі мен дәмі көжеге «шауып», көженің сусындық маңызы күшейе түседі. Ашымалды түрлі жұмыс басына апарып қойып, сусын әрі жеңіл тамақ ретінде пайдаланды. Кейбір өңірлерде мұны айран көже, ашымық, ашытпа, ашыған деп түрліше атайды [167, б.121]. Ал *саумал* – толық ашымаған немесе бие сүтін қосып, пісіп-пісіп тұщытылған қымыз [168, б. 128].

Демек, екеуі екі бөлек сусын екенін көреміз. Аудармашы бұл тұста ашымал сиыр сүтінен, ал *саумал* жылқы сүтінен дайындалатынына мән бермеген. Аудармашы тарапынан бұл өрескел қате болып саналады, себебі бұл екі сөз де қазақтың нағыз ұлттық сусындарының бірі. Алайда сілтемеде *саумалды свежее кобылье молоко* деп мағынасы жағынан дұрыс түсіндірме жасаған. Аударма аралық орыс тілі арқылы жасалғандықтан, ағылшын тілінде ашымалды *mare's milk* (бие сүті) деп аударған. Сондай-ақ, жусан иісі шығады дегенді *прогорклым* қазақша мағынасында ашыған деп аударған, қазақ даласында өскен адамдарға көктемде жайылымға шыққан малдың, жаңа шыққан балғын жусанды жегенде шөптің дәмінің сүттен шығатынын біледі, ал ашыған деп аударуы, сүттің дәмі бұзылған деп мағынасы жағынан жақын болғанымен, оның ішуге жарамды сүт екендігін білдіріп тұрған жоқ деп ойлаймыз. Яғни, бұл тұста да ашымал атауының аудармасында өрескел қателік орын алғанын көреміз [169, б. 128].

Қарастырылып отырған туындыда кездесетін тағы бір қазақы сусын атауы ашыма:

Кесте 9 - «Гауһартас» повесі бойынша *ашыма* сөзінің орыс және ағылшын тіліндегі аудармасы

Түпнұсқада (қазақ тілінде):	Аударма тілінде (орыс тілінде):	Аударма тілінде (ағылшын тілінде):
<i>Ашыма</i> әкелдің бе? [128, б. 216]	<i>Ашыма</i> принес? [131, с. 119]	«Did you bring back any <i>ashym</i> ?» [132, p. 61]

Ашыма – қайнатылған суға ұн немесе талқан сеуіп жасалып, ашытылған сусын [170, б. 133]. Кестеден көріп отырғанымыздай, екі тілге де аудармашылар ұлттық сипатты сақтай отырып, орыс тіліне транслитерация, ал ағылшын тіліне транскрипция әдісімен тәржімалаған, әрі мәтіннен тыс қосымша түсіндірме ұсынған. Сілтемеде орыс тілінде Кислый напиток, настоящий на просе, пшенице, ағылшын тілінде Sour drink made from fermented millet or wheat деп дұрыс интерпретация берген.

Келесі талдауға түсетін – тағам атауы:

Түпнұсқада (қазақша): Күндіз қой соңында кезек-кезек салып қойған жас балаларға сене бермей мал жаюға кетсем, үйге жеткенде самаурын қою, *ботқа тарату*, ат байлау дегендерден-ақ қолым тимейді [128, б. 171]. Әдетте, ботқа дәнді дақылдардан дайындалатын тағам түрі. Бірақ дәл осы мәнмәтінде, мал шаруашылығымен айналысатын қазақ халқының той жиындарда үстінен ірідей ет қойып, табак-табак етіп таратылатын тағам жайында айтылып отыр. Және аудармашылар автордың осы ойын өздерінің кәдімгі «ботқасымен» шатастырмай, дәл түсініп аударады.

Орысша (аударма): «Днем, не доверяя мальчишкам, которых посылал к овцам, я мотался на пастбище, а вечером, придя домой, успевал только ставить самовары, *разносить блюда с мясом*, привязывать коней, задавать им корм». [131, с. 81]

Байқап отырғанымыздай, түпнұсқадағы *ботқа тарату* тіркесі, *разносить блюда с мясом* деп экспликация әдісі арқылы аударылған, яғни аудармашы үлкен той жиындарда, оның ішінде мәнмәтін бойынша үйлену тойында қазақ халқының тағамдарды етсіз ұсынбайтынын ескере отырып, *разносить блюда с мясом* (етпен тағамды тарату) деп ашып, өз тарапынан етпен тағам сөз тіркесін қосқан. Ботқа жалпылама түрде блюда яғни тағам сөзімен алмастырылған.

Ағылшынша (аударма): «In the day-time I kept rushing out to the pastures to keep an eye on the boys I had sent out to look after the sheep. Then in the evenings when I came home, all I had time for was to light the samovars, *hand round meat dishes* to the guests, tie up the horses and make sure they were fed» [132, p. 17]. Ағылшынша аудармасында *hand round meat dishes* (ет тағамдарын таратты), орыс тіліндегі аудармасында *блюда с мясом*, етпен тағам тартылғаны анық болса, ағылшын тілінде ол ет тағамдары деп алынып, түпнұсқадағы ботқа берілгендігі және оның көп адам жиналған үлкен той болғандықтан ғана етсіз ас ұсынылмас деген болжаммен алынған орыс тіліндегі аудармасына сүйене отырып, ағылшын тіліне ет тағамдары тартылды деп өте қатты өрескелдікке жол берілмесе да, түпнұсқамен салыстырғанда біраз өзгешелік байқалады.

Сондай ақ, жазушының қазақтың шайын атамай өтуі мүмкін емес. Әрі жай шай емес, қою шайы: «Сөйтіп тұрып, жұрттан шеткері, тойдан қалған күрішке толы ала қаптың үстінде жалтыр басын ауық-ауық бір сипап қойып, *қою шай* ұрттап отырған Ыбышқа қарадым» [128, б. 176].

Әр халықтың өзінің шай ішу дәстүрі бар. Қазақ халқы да ақ дастарханын жайып, самаурынның буын бұрқыратып қойып отырып, баптап сүт қатқан ыстық, қою қара шаймен шөлін басқанды ұнататын халық. Қою шай яғни

майлылығы жоғары, қолдың сүті қатылған, ішкенде өте жұмсақ өтеді. Ал, аудармаларына назар аударсақ:

Кесте 10 - «Гауһартас» повесі бойынша *чай* сөзінің орыс және ағылшын тіліндегі аудармасы

Аударма (орыс тілінде):	Аударма (ағылшын тілінде):
Он сидел в стороне на мешках с рисом и с упоением тянул из пиалы <i>чай</i> , поглаживая ладонью свою бритую голову [128, б. 84].	He was sitting over to one side on sacks of rice, happily drinking <i>tea</i> from a bowl and passing the palm of his hand over his clean-shaven head [132, p. 20].

Демек, *қою шай* орыс тіліне *чай*, ағылшын тіліне *tea* деп аударылып жалпы мағынасын беріп тұрғанмен, *қою* сөзі түсіп қалып, оның сүт қатқан дәмі тіл үйіретін *шай* екендігі ашылмай қалған.

Келесі мысалымыз қазақ халқы үшін астың төресі етке қатысты. Түпнұсқада (қазақша): «Апам моторшы жігіт шаршап келеді деп киіз үйдің көлеңкесінде *еттің қамырын* асығыс жайып жатыр екен» [128, б. 187]. Осы *еттің қамырын* орыс тіліне *сочни для бесбармака* деп функционалды эквивалент және нақтылау кешенді әдісі көмегімен тәржімалайды.

Орысша (аударма): «Мать, думая, что моторист придет усталый, раскатывала в тени *сочни для бесбармака*» [131, с. 94]. Яғни, орыс халқына тән, қазақтың қамырына ұқсас тағам атауы *сочни* – функционалды эквивалент қызметін атқарса, *етті* – *бесбармак* деп нақтылайды. Бұл тұста да жоғарыда айтып өткеніміздей орыс халқы мен қазақ халқы етене жақын байланыста болғандықтан, аудармашы оқырмандар үшін бесбармак реалия сөзі түсінікті болатынына сенімді болған деген болжам айта аламыз, *еттің қамырын* тіркесін бесбармак сөзімен беруі өте сәтті берілген аударма деп ойлаймыз. Алайда қамыр сөзін орыс тілінде тесто сөзімен алмастырғанда орынды болар еді, себебі *сочни*, қазіргі таңда қазақ тілінде жиі қолданылып жүрген жайма, яғни жайылып, кесіліп, кептіріліп тұрған дайын қамыр деген мағынада қолданылады.

Ал, ағылшын тіліне «Thinking that the mechanic would come back hungry after his work, Mother had been rolling out dough to make noodles and lamb» [132, p. 32] деп тәржімаланған. Қамыр сөзінің ағылшын тілінде толық эквиваленті бар: *dough*. Бірақ сол қамырды *to make noodles and lamb* (қозы етімен кеспе жасау үшін) жаю деп, біраз өзгеріске ұшыраған. Себебі қазақ халқы *еттің* нанын кеспе түрінде емес, жайма түрінде жасаған. Яғни, аударманы оқыған реципиенттің көз алдына қазақтың жаймасы емес, өздерінің *noodles* – кеспесі келеді. Сондай-ақ, түпнұсқада қандай малдың еті екендігі туралы ақпарат берілмеген, жалпылама түрде берілген ет сөзін қозының еті сөзімен алмастырып, аудармашы жанынан қосып отыр. Бұл тұста, аудармашының қазақ ұлттық тағамы жайында білімінің біраз жетіспегендігі байқалады [169, б. 254].

Қазақ халқы еттің қамырын тағы еттің наны деп атайтыны да бар. Түпнұсқада (қазақша): «Апамдар етті түсіріп, нанын салмай даладағы төсек үстінде мені күтіп отыр екен». [128, б. 217]

Орысша (аудармада): «Мать отварила мясо, сочни сохли на доске» [131, с. 120]. Түпнұсқадағы «Апамдар етті түсіріп, нанын салмай даладағы төсек үстінде мені күтіп отыр екен» деген сөйлемді аудармашы ашып, яғни піскен етті қазаннан түсіріп алып, қамырын жайып қойып күтіп отырғанын, сочни сохли на доске (жайма тақтайдың үстінде кеуіп тұрды) деп өз тарапынан қосып түсіндірме әдісін қолданған.

Ағылшынша (аударма): Mother had boiled some meat and there was some offal drying on a board [132, p. 62]. Ағылшын тіліндегі аудармасына қазақ тіліне кері аударма жасасақ, «Анам ет қайнатып қойған және тақтайдың үстінде қосымша бөліктері кептіріліп тұрды» болады. Мұндағы offal сөзінің мағынасы малдың ми, жүрек, бауыр сияқты мүшелері [170, б. 134]. Түпнұсқадағы «нанын салмай даладағы төсек үстінде мені күтіп отыр екен» деген тұсымен салыстырсақ екеуі екі түрлі мағына береді. Себебі ағылшын тіліне аралық орыс тілі арқылы түсіндірме әдісімен сочни сохли на доске деп аударып, жайылған қамырдың тақтайдың үстінде кептіріліп тұрғанын айтса, ағылшын тіліне тақтайдың үстінде малдың қосымша өкпе, бауыр, жүрек, ми сияқты мүшелері кептіріліп тұр деп басқаша аударған. Бұл жерде аудармашы алмастыру әдісін сәтсіз қолданып, түпнұсқадағы мағынасына мүлдем келмейтін сөзді өз жанынан қосып жіберген. Бұл тұста аудармашының қазақ халқының негізгі асы етінің қамырымен жүретінінен хабарының болмай тұрғанын аңғардық.

Жоғарыдағы ет тағамына қатысты тағы бір мысал түпнұсқада (қазақша): Бағана бүргенге барар алдында ұрттаған бір екі кесе шайдан басқа әлі ештеме ішпегенім енді есіме түсті. Ірі - ірі етіп туралған жылқының тұзсінді қаракесек етінен қарбытып бес алты асап, орта кеседегі сорпаны ішіп тауысқанымда бойым жылынып, қайраттанып қалғандай болдым [128, б. 201]. Қаракесек – майы аздау, қарасы көптеу (ет) [171].

Орысша аударма: Я вдруг почувствовал, что страшно голоден. Торопливо проглотил пять-шесть больших кусков мяса, запил их бульоном. По телу разливалось тепло. Клонило в сон [131, с. 105]. Тұзсінді қаракесек етінен (кусков мяса), тұзсінді сөзі түсіп қалған, орыс тіліндегі кусок сөзі жалпы мағынасын беріп тұрғанмен, еттің майы аз, қарасы көптеу тұсы екендігін ашып тұрған жоқ.

Ағылшынша (аударма): «Steam rose up from the meat and I suddenly realized that I was desperately hungry. I quickly swallowed down five or six large pieces of meat and then drank down the clear soup. Its warmth spread through my body and I began to come over sleepy» [132, p. 44]. Five or six large pieces of meat (бес алты тілім ет), аралық орыс тілі арқылы аударылғандықтан бұл жерде де тұзсінді және қаракесек сөздері түсіріліп, түпнұсқадағы қарбытып бес алты асап тіркестеріне сүйене отырып бес алты тілім ет мағынасында берген.

Сондай ақ үш тілдегі мәтінді салыстыру барысында бүтіндей абзацтардың аударма мәтінде түсіп қалғандығын байқадық. Д. Исабековтың 1992 жылы басылып шыққан Таңдамалы I томының 216 – бетінде, 207 сөзден тұратын

мәтінде ашқылтым тары көже, ашыма, сусын деп берілген, осы тағам мен сусын атауларының аудармасын екі тілде де таппадық, яғни түгелімен омиссияға ұшыраған.

Сонымен, жоғарыдағы талдаудан төмендегідей қорытындыға келуге болады: біріншіден, белгілі бір ұлтқа, мәдениетке тән тағам атауларын аудару – аудармашыдан қосымша фондық білімді қажет ететін қиын тұстардың бірі. Тағамның құрамы ғана емес, оның құндылығы, қалай ұсынылатынын білмеу аудармадағы қателіктерге әкеліп соғады (мысалы, ағылшын тілінде айранды түйенің сүті деп тәржімалауы,); екіншіден, белгілі бір мәдениетке тән гастрономияны екінші мәдениетке аударма көмегімен жеткізу қаншалықты қиын болғанымен, мүмкін. Ол үшін әртүрлі аударма әдіс-тәсілдері ұсынылған. Және осы мақсатта Д. Исабековтың аталмыш повесіндегі ұлттық тағам атауларын аудару барысында аудармашылар мәтіннен тыс қосымша түсіндірме беру, экспликация, модуляция тәрізді әдістерін қолданған. Орыс тіліне көбінесе еш түсіндірмесіз калька, транскрипция мен транслитерация әдістерін қолдануы – екі халықтың бір-бірінің мәдениетін жақсы тануы негіз болды деп есептейміз. Ал, орын алған омиссиялар келешекте әлі де қазақ әдебиеті туындыларының аудармасының пысықталып, толықтырылып, қайта аударылып шығуына себепші болуы тиіс. Енді, фразеологизмдер аудармасына назар аударсақ:

«Тырнағына да тұрмайды» фразеологизмі қазақ тілінде салыстыру арқылы біреудің басқа біреуден әлдеқайда төмен екенін, оның қасында түкке тұрмайтынын білдіреді. Бұл тіркес бейнелі түрде адамның немесе заттың құндылығының төмендігін көрсету үшін қолданылады.

Түпнұсқа (қазақша): Анау Рысбектің Тәшкеннен оқу бітіріп келген баласының әйелі ... ойбұй, шешей-ау, несін айтасың, мына келіннің тырнағына да тұрмайды. Мұрны біздей, көзі тұздай ..» – деп пыш-пыш сөйлесіп жатқандарын құлағым шалып қалды [128, б. 176].

Орысша (аударма): Помните, какую жену привез сын Рысбека, который в Ташкенте учился? .. Ойбай, мать моя , что и говорить, она и ногтя этой келин не стоит. Нос шилом, глаза зеленые ...» [131, с. 269].

Ағылшынша (аударма): D’you remember the bridge that Rysbek brought home, Rysbek who was studing in Tashkent? Oh-oh-oh .. there’s no getting away from it, that girl wasn’t worth even a finger-nail of Tastan’s! She had a pointed nose and green eyes ... [132, p. 19].

Бұл мысалда бір келіннің басқа келінмен салыстырғанда әлдеқайда төмен екені айтылып тұр. Бұл аудармаларда «тырнағына да тұрмайды» фразеологизмі тікелей аударылғанымен, оның мағынасы сақталған. Орысша аудармада «и ногтя этой келин не стоит» (бұл келіннің тырнағына да тұрмайды) деп толық эквивалентпен, ал ағылшыншада «wasn’t worth even a finger-nail of Tastan’s» (Тастанның тырнағына да тұрмайды) тіркестері арқылы салыстыру мен төмендету мағынасы жеткізіп, калькалау әдісімен аударылған.

«Аузына құм құю» фразеологизмі қазақ тілінде біреудің сөйлеуіне тосқауыл қою, үнін өшіру, яғни «сөйлетпей тастау» мағынасында қолданылады.

Бұл сөйлемде кейіпкерден өз өнерімен өзгелерді таң қалдырып, олардың үнін өшіруі сұралып тұр.

Түпнұсқа (қазақша): Кәзитке өлеңің шығып жүруші еді ғой, селтендеп күлуден басқаны білмейтін мына өңшең ынжық немелердің *аузына құм құйып кетші*. [128, б. 174]

Орысша аударма: Зато в газетах стихи твои читаем. Иди на круг! Пусть полопаются от зависти эти болтуны! [131, с. 268]

Ағылшынша (аударма): We know that they print your poems in the newspapers. Off you go into the circle! Let those idlers burst from envy! [132, p. 18].

Бұл аудармаларда «аузына құм құю» фразеологизмі тікелей аударылмаған. Оның орнына, фразеологизмнің мағынасы сақталып, адаптация әдісі арқылы жеткізілген. Орысшада «пусть полопаются от зависти» (қызғаныштан жарылып кетсін), ал ағылшыншада «let those idlers burst from envy» (сол жалқаулар қызғаныштан жарылып кетсін) тіркестері арқылы кейіпкердің өзгелерді таң қалдыруы мен олардың үнін өшіруі бейнеленген.

«Бетін ашу» тіркесі қазақтың дәстүрлі салт-жоралғыларына тән фразеологизм болып табылады. Бұл тіркес келіннің бетін ашу рәсімін білдіреді, яғни жаңа түскен келіннің бетін көпшілікке көрсету, оның жаңа өмірге қадам басуын білдіретін символикалық әрекет.

Түпнұсқа (қазақша): «Қайыркен көке, мен осында қалам, сізді тез жетсін деп жатыр, келіншектің бетін ашасыз», - деді [128, б. 173].

Орысша аударма: Каиркен коке! – закричал он. – Я здесь останусь. Велели вам идти скорее, лицо невесте открывать [131, с. 81].

Ағылшынша (аударма): «Come quickly!» he shouted. I'll stay here with the sheep. You've been sent for to come strightaway and reveal the face of the bride. [132, p. 27]

Орысша аудармасында «лицо невесте открывать» деп сөзбе-сөз аударма қолданылған. Аудармашы қазақтың «бетін ашу» дәстүрін орыс тілді оқырманға түсінікті етіп, сөзбе-сөз жеткізген. Алайда фразеологизмдік реңк жоғалып, тек мағыналық түсіндіру болып тұр. Ал, ағылшынша аудармасы reveal the face of the bride деп дескриптивті аударма жасалынған. Ағылшын тілінде мұндай дәстүр болмағандықтан, аудармашы бейнелі немесе фразеологиялық балама таппай, фразаны сипаттап берген.

Бетін ашу тіркесін аударатын өз нұсқамызбен аударатын болсақ, қазақтың дәстүрлі мәдениетін, әсіресе келін түсіру рәсімін сақтай отырып әрі шет тіліндегі оқырманға ұғынықты болатындай аударсақ.

Аутентикалық әрі түсінікті аударма нұсқалары:

Орысша аудармада «Қайыркен көке, я останусь здесь. Вас зовут – нужно провести обряд открытия лица невесты» немесе «...нужно провести обряд «бетін ашу» – (традиционное открытие лица невесты перед гостями). Мұнда біз транскрипция (бетін ашу) мен түсіндірмелі аударманы қатар қолданамыз. Себебі бұл – ұлттық салт, ал орыс тілді оқырманға оны түсіндіру қажет.

Ағылшынша аудармада «Qairken-ake, I'll stay here. They said you must hurry – it's time for the «betin ashu», the traditional ceremony of unveiling the bride's face

to the guests». Мұнда да транслитерация (betin ashu) + мәдени түсіндірме қолданылған. Бұл әдіс шетелдік оқырманға қазақ реалиясын тануға мүмкіндік береді, әрі ұлттық ерекшелікті сақтайды деп ойлаймыз.

«Ақ тауықпен аластау» тіркесі қазақтың дәстүрлі ем-домында қолданылатын ерекше рәсім болып табылады. Бұл рәсімде ақ түсті тауықты пайдалану арқылы ауруды немесе жаман рухтарды қуып шығару мақсат етіледі.

Түпнұсқа (қазақша): Апам ескіден қалған ем - домын істеп, кешкілік ұшықтады, адыраспан тұтатып, ақ тауықпен аластады, дермененің суы мен жылқының майын ішкізді [128, б. 206].

Орысша (аударма): Мать перепробовала все народные средства – разжигала гармалу, изгоняла из нее болезнь, держа над ней белую курицу, давала пить полынь и конский жир [131, с. 109].

Ағылшынша (аударма): Mother tried all her traditional remedies: she lit stalks of *reganum*, held a white chicken over Saltanat to drive away the sickness and gave her sagebrush infusions and horse fat [132, p. 49].

Аудармада бұл тіркес нақты баламасы болмағандықтан, аудармашылар түрлі әдістерді қолданған. Мұнда «ақ тауықпен аластау» тіркесі «изгоняла из нее болезнь, держа над ней белую курицу» деп аударылған. Бұл тәсілде түпнұсқадағы мәдени реалия түсіндірме + калькалау арқылы жеткізілген. Ағылшынша аудармасында «held a white chicken over Saltanat to drive away the sickness» деп, тіркес сөзбе-сөз аударылған. Бұл тәсілде оқырманға түсінікті болу үшін қосымша түсіндірме берілген.

Сондай-ақ, осы мысалдағы адыраспанмен аластау – қазақ халқының дәстүрлі ем-дом рәсімі, онда адыраспан шөбін тұтатып, оның түтінімен ауру-сырқау мен жаман рухтарды аластайды. Бұл рәсімнің аудармасында әртүрлі әдістер қолданылған. Орысша аудармасында «Разжигала гармалу, изгоняла из нее болезнь...» деп дескриптивті аударма жасалған. Мұнда адыраспанмен аластау тіркесі разжигала гармалу (адыраспанды тұтату) және «изгоняла из нее болезнь» (ауруды қуып шығару) деп түсіндірме арқылы жеткізілген. Ағылшынша аудармасында lit stalks of *reganum* (адыраспан шөбін тұтатты) және to drive away the sickness (ауруды қуып шығару) деп, тіркес сөзбе-сөз аударылған.



Сурет 5 - «Гауһартас» повесіндегі реалиялардың орыс тіліндегі аудармасында қолданылған аударма әдістері

Дулат Исабековтің «Гауһартас» повесі – қазақ халқының ұлттық болмысын, салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігін терең сипаттайтын туынды. Мұндай шығармаларда ұлттық реалиялар – яғни белгілі бір халықтың мәдениетіне тән заттық немесе рухани құбылыстар – ерекше орын алады. Алайда осы реалияларды өзге тілге, нақтырақ айтсақ, орыс тіліне аудару күрделі процесс болып табылады. Аудармашы ұлттық ерекшелікті сақтай отырып, қабылдаушы оқырман үшін мәтінді түсінікті етуге тырысады. Осы бағытта түрлі аударма әдіс-тәсілдері қолданылады. «Гауһартас» повесінің орыс тіліне аударылуында дәл осы әдіс-тәсілдер әртүрлі жиілікте кездеседі.


Аудармада ең жиі қолданылған тәсіл – омиссия (79) (киіз үй, ши бастырма, тұсау есу, қора, сырлы тостақ, сыпыра, отау үй, бөстек, бет ашушы, қой қырқым, ет жіліктейтін, құбыла, күрең, саулық, қошқар, тұлпар, қара нар, серке, бура, алтыбақан, тары көже, ішік, үкілі шақпақ бөрік, бойжеткен, бір құшақ, бір шөкім, таяқ тастам жер, шабандоз). Бұл тәсілде белгілі бір ұлттық реалия мүлдем аударылмай, түсіп қалады. Мұндай әдіс, бір жағынан, аударманың ықшам болуына, оқырманның түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан, мәтіндегі ұлттық реңкті жоғалтады. Бұл тәсіл әсіресе реалия оқырман үшін маңызды емес немесе күрделі түсінікті деп танылған жағдайда қолданылады. Келесі жиі қолданылған әдіс – функционалды эквивалент (29) (қабақ, қауға, алаша, ауызғы үй, бастырма, шылбыр есу, жібек шашақ, шымылдырық, ру, сүр ет, кемпір). Мұнда қазақша реалия орыс тіліндегі дәл сондай қызмет атқаратын баламамен беріледі. Мысалы, қазақ тұрмысындағы белгілі бір ұғым орыс

мәдениетінде де бар, сол себепті функционалдық ұқсастығы бойынша алмастырылады. Бұл тәсіл ұлттық бояуды ішінара сақтай отырып, мағына мен прагматикалық әсерді жеткізудің сәтті жолы болып табылады.

Транскрипция (33) тәсілі де жиі кездеседі. Мұнда реалиялар, әсіресе кісі есімдері, жер атаулары, ұлттық тағам немесе киім атаулары дыбыстық жағынан өзгеріссіз беріледі. Бұл тәсіл ұлттық түпнұсқаны сақтау тұрғысынан пайдалы болғанымен, кейде орыс оқырманы үшін түсініксіз болып қалуы мүмкін. Сондықтан кей жағдайларда транскрипция-экспликация (4) тәсілі қолданылып, түсініктеме қосылады. Генерализация (15) (астау-астау, жалғыз аяқ жол, қас қарайғанша, құлқын сәрі, күрең, малдас құрып отыру) тәсілі нақты реалияны жалпылама ұғыммен алмастырады. Бұл ұғымды сақтау емес, оны жеңілдетіп жеткізу мақсатын көздейді. Мысалы, нақты салттық атау «мереке» немесе «дәстүрлі іс-шара» деп жалпылама түрде берілуі мүмкін.

Мәдени эквивалент (8) (кепе, шылбыр, ұршық, тақия, келіншек) тәсілінде реалия мақсатты мәдениеттегі ұқсас құбылыспен ауыстырылады. Бұл – мәдениеттер арасындағы көпір бола алатын тиімді әдіс. Бұл тәсіл ұғымның ұлттық ерекшелігін сақтамаса да, функционалдық және мәдени сәйкестікке қол жеткізеді. Дескриптивті эквивалент (7) – реалияны сипаттау арқылы беретін әдіс. Бұл – көркем аудармада сирек қолданылса да, күрделі ұғымдарды түсіндіру үшін маңызды амал. Ол оқырманға ұғымның мазмұнын ашады, бірақ мәтінді ауырлатып жіберуі де мүмкін. Сирек кездесетін тәсілдерге модуляция (5), қабылданған аударма (3), жартылай калька (2), жартылай калька + экспликация (2), сөзбе-сөз аударма (2) және нақтылау (1) жатады. Бұл әдістер көбіне контекске байланысты, нақты жағдайларда ғана қолданылады. Алайда олардың рөлі мәтіннің біртұтастығын сақтау үшін маңызды.

Аудармада семантикалық қателер (4) де орын алған. Бұл – ең қауіпті жағдай, себебі ол тек сөзді дұрыс бермеумен шектелмейді, ұлттық-мәдени мазмұнды бұрмалауға алып келеді. Мұндай қателер оқырманда түпнұсқада жоқ түсінік қалыптастыруы мүмкін. Жалпы алғанда, «Ғауһартас» повесінде реалияларды орыс тіліне аудару барысында аудармашы ұлттық сипат пен мағыналық дәлдіктің арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тырысқан. Бір жағынан, мәтіннің көркемдігі мен ұлттық ерекшелігі, екінші жағынан – қабылдаушы оқырман үшін түсініктілік басты назарда болған. Осы орайда функционалды эквивалент, транскрипция, мәдени алмастыру, сипаттама және жалпылау сияқты тәсілдер үйлестіре қолданылған. Ал омиссияның тым жиі қолданылуы шығарманың ұлттық сипатын толық жеткізуге кедергі келтіруі мүмкін.



**Сурет 6 - «Гауһартас» повесіндегі реалиялардың ағылшын тіліндегі
аудармасында қолданылған аударма әдістері**

Аударма теориясында реалияларды аудару – бұл мәтіндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктерді, яғни белгілі бір елге немесе халыққа тән атаулар, дәстүрлер, тағамдар, тұрмыс-салт элементтерін басқа тілге дұрыс жеткізу мәселесі. «Гауһартас» повесінің реалияларын ағылшын тіліне аудару барысында бірнеше аудару әдістері қолданылғанын байқауға болады. Жоғарыдағы суретте функционалды эквивалент, мәдени эквивалент, генерализация, дескриптивті эквивалент, омиссия, транскрипция, транскрипция-экспликация, модуляция және семантикалық қате сияқты түрлері талданады. Функционалды эквивалент – бұл аудармада мәтіндегі ұғымның қызметі мен мағынасы сақталып, баламалы тілде осы қызмет атқарылған жағдайда қолданылады. «Гауһартас» повесінде 35 рет қолданылған бұл әдіс мәтіндегі ұлттық реалиялардың қызметін түсінікті түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, қазақша *ас үй* сөзі аудармада *kitchen* немесе *cooking area* деп берілгенде, оның негізгі қызметі ас әзірлеу екенін ескеріп аударылады. Мұндай әдіс оқырманға мағынаны нақты жеткізуге бағытталған.

Мәдени эквивалент (9 жағдай) – бұл нақты ұлттық реалияны басқа мәдениеттен ұқсас құбылыс арқылы беру. «Гауһартас» повесінде кейбір қазақ

дәстүрлері немесе тағамдары ағылшын тіліндегі баламаларға ауыстырылған. Мысалы, *қымыз* сөзі *fermented mare's milk* деп сипатталып немесе *kumis* деп транслитерацияланғанымен, оның нақты мәдени мағынасы түсіндіріледі. Мұндай тәсіл арқылы аудармашы оқырманға жаңа мәдениет элементін таныстырады. Генерализация (16 жағдай) әдісі – нақты бір ұлттық атауды жалпы ұғымға ауыстыру. Мысалы, қазақтың дәстүрлі киімдерінің бір түрін *traditional clothing* деп аудару. Бұл әдіс нақты атауды жалпы ұғыммен алмастырады, ол жағдайда мәдениетке қатысты деталь жоғалады, бірақ мәтіннің жалпы мағынасы сақталады. Генерализация оқырманға қарапайым түсінікті ұсынады, алайда кейде мәдени реңктердің жоғалуына әкеледі.

Дескриптивті эквивалент (16 жағдай) – бұл ұлттық реалияны сөзбе-сөз емес, сипаттау арқылы аудару. Мысалы, «қазақ киіз үйі» «a portable round tent covered with felt used by nomads in Central Asia» деп сипатталуы мүмкін. Бұл әдіс нақты терминнің мағынасын ашуға мүмкіндік береді, бірақ мәтін көлемін ұлғайтады. Омиссия (83 жағдай) – мәтіннен белгілі бір реалияны мүлдем алып тастау. Бұл әдіс ең көп қолданылған, себебі кейбір реалиялар аудармашыға қажетсіз немесе оқырманға түсініксіз деп саналуы мүмкін. Дегенмен, бұл тәсіл мәтіннің ұлттық бояуын әлсіретуі мүмкін. Омиссия көбіне оқырманның қызығушылығын, мәтіннің ағындылығын сақтау үшін қолданылады.

Транскрипция (5 жағдай) және транскрипция-экспликация (2 жағдай). Транскрипция – ұлттық атауды ағылшын әліпбиімен беру. Бұл әдіс оқырманға түпнұсқа атауды сақтауға мүмкіндік береді. Кейде транскрипцияға қосымша түсініктеме (экспликация) беріледі. Модуляция (1 жағдай) – сөйлемнің құрылымы мен ұғымының өзгеруі арқылы аудару. Бұл әдіс «Гауһартас» повесіндегі реалиялардың аудармасында сирек қолданылған, себебі мәтіннің негізгі мағынасы мен құрылымы сақталуы тиіс.

Семантикалық қате (7 жағдай) – нақты аудармадағы мағыналық қателер. Мысалы, ұлттық терминнің дұрыс түсіндірілмеуі немесе контексттен тыс қолданылуы. Бұл қателер аударманың сапасын төмендетіп, оқырманның мәтінді дұрыс түсінуіне кедергі келтіруі мүмкін.

«Гауһартас» повесіндегі реалияларды ағылшын тіліне аудару барысында қолданылған әдістер әр түрлі және олардың әрқайсысының өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Функционалды және мәдени эквиваленттер оқырманға ұлттық ерекшеліктерді жеткізуге көмектеседі, ал генерализация мен омиссия кейде мәтіннің түсініктілігін арттырады, бірақ мәдени бояуын азайтады. Транскрипция және транскрипция + экспликация ұлттық атауларды сақтап қалуға мүмкіндік береді. Семантикалық қателер болса, аударманың сапасына кері әсерін тигізеді. Осы тұрғыдан қарағанда, аудармашының мақсаты – оқырманға түсінікті әрі мәдени реңі сақталған мәтін ұсыну екенін түсінеміз.



Сурет 7 - «Гауһартас» повесіндегі фразеологизмдердің орыс тіліне аударылу әдістері

Жоғарыда берілген суретте фразеологизмдерді аударуда қолданылған он түрлі тәсілдің жиілігі көрсетілген. Ең жиі қолданылған әдіс – омиссия (12 рет). Бұл тәсіл фразеологизмді мүлде аудармай, оны мәтіннен алып тастау немесе басқа құрылыммен алмастыруды білдіреді. Мұндай әдіс аудармада мағына мен стиль жағынан үйлесімділікті сақтау мақсатында, әсіресе, фразеологизмді дәлме-дәл жеткізу қиынға соққан тұстарда қолданылады. Бұл, кей жағдайда, мәтіннің бейнелілік деңгейінің төмендеуіне алып келуі мүмкін болғанымен, жалпы мазмұнға зиян келтірмеуді көздейді.

Екінші жиі қолданылған тәсіл – компенсация (5 рет). Бұл әдіс аудармада жоғалған бейнелілік немесе ұлттық-мәдени реңкті мәтіннің басқа жерінен толықтыруға мүмкіндік береді. Компенсация тәсілі – түпнұсқаның әсерін сақтауға бағытталған маңызды аудармалық стратегиялардың бірі болып табылады.

Сонымен қатар, фразеологизмді фразеологиялық емес тіркеспен алмастыру (4 рет) мен калькалау (4 рет) әдістері де назар аударарлық. Бірінші тәсілде фразеологизмнің орнына мағынасы ұқсас еркін тіркес қолданылып, оқырманға түсінікті болу көзделсе, екінші тәсіл фразеологизмді сөзбе-сөз аудару

арқылы оның құрылымын сақтауға тырысады. Алайда калькалау тәсілінің мәтінде жасанды немесе түсініксіз болып кету қаупі де жоқ емес.

Аудармашы кейбір фразеологизмдерді жартылай эквивалент (2 рет), сипаттамалы аударма (2 рет) және адаптация (2 рет) арқылы берген. Бұл тәсілдердің ортақ тұсы – мағынаны жеткізе отырып, ұлттық ерекшелікті барынша бейімдеу. Сипаттамалы аудармада тұрақты тіркестің мазмұны қарапайым сөздер арқылы түсіндірілсе, адаптацияда мақсатты тілдің мәдени ерекшеліктеріне сай өзгерістер енгізіледі. Жартылай эквивалент жағдайында фразеологизмнің бір бөлігі ғана сақталып, аударма жүзеге асады.

Ең сирек кездесетін тәсілдер қатарында семантикалық бұрмалау (1 рет) мен толық эквивалент (1 рет) бар. Семантикалық бұрмалау – түпнұсқа мағынасының бұрмалануы немесе толық жеткізілмеуімен сипатталады. Ал толық эквивалент – екі тілде де құрылымы мен мағынасы толық сәйкес келетін фразеологизмдердің болуы. Қазақ және орыс тілдері түрлі мәдени және тілдік жүйеге жататындықтан, мұндай эквиваленттер өте сирек кездеседі.



Сурет 8 - «Гауһартас» повесіндегі фразеологизмдердің ағылшын тіліне аударылу әдістері

Суретке сүйенсек, ең жиі қолданылған тәсіл – омиссия (12 рет). Бұл тәсіл фразеологизмді мәтіннен мүлдем алып тастау немесе оны бейтарап формада беру арқылы жүзеге асады. Ағылшын тілінің құрылымдық және мәдени ерекшеліктеріне байланысты қазақ тіліндегі кейбір фразеологиялық тіркестерді дәл жеткізу қиын болғандықтан, аудармашы мұндай әдіске жиі жүгінуге мәжбүр болған. Бұл әдістің артықшылығы – мәтіннің түсініктілігін сақтау, алайда фразеологизмнің көркемдік әсері жоғалуы мүмкін.

Компенсация тәсілі (5 рет) аударманың көркемдік салмағын сақтау үшін маңызды рөл атқарған. Бұл әдіс арқылы аударылмай қалған бейнелілік пен эмоциялық реңк мәтіннің басқа бөлігінде беріліп, оқырман түпнұсқа мәтіндегі әсерді жоғалтпай қабылдай алады. Компенсация тәсілі аудармашылық шығармашылықтың бір көрінісі ретінде жоғары бағаланады.

Фразеологизмді фразеологиялық емес тіркеспен алмастыру (4 рет) және калькалау (4 рет) да жиі қолданылған әдістер қатарында. Біріншісі мағыналық баламаны еркін сөз тіркестері арқылы беруді көздесе, екіншісі – фразеологизмді сөзбе-сөз аудару тәсілі. Бұл әдістер арқылы мәтін оқырманға түсінікті бола түседі, бірақ кейде түпнұсқаның образдық ерекшелігі төмендеп кетуі ықтимал.

Адаптация (3 рет) мен жартылай эквивалент, сипаттамалы аударма (әрқайсысы 2 реттен) тәсілдері фразеологизмнің мағынасын сақтай отырып, ағылшын оқырманына түсінікті болуын көздейді. Адаптацияда ұлттық-мәдени реңк ағылшын тіліне бейімделеді, ал сипаттамалы аудармада фразеологиялық тіркес жай сөздермен түсіндіріледі. Жартылай эквивалентте тұрақты тіркестің бір бөлігі ғана аудармада сақталып, толық балама болмайды.

Семантикалық бұрмалау тәсілі (1 рет) сирек кездескенімен, фразеологизмнің мағынасының толықтай немесе ішінара бұрмалануын білдіреді. Мұндай қателік көбіне мәдени айырмашылықтар мен тілдік сәйкестік табудың қиындығынан туындайды.

Толық эквиваленттің мүлде болмауы (0 рет) – қазақ және ағылшын тілдерінің мәдени-тілдік жүйелерінің арасындағы үлкен алшақтықтың айқын дәлелі. Ағылшын тілінде кейбір қазақ фразеологизмдерінің құрылымдық та, мағыналық та толық баламасы жоқ екені белгілі, сондықтан бұл тәсіл мүлде қолданылмаған.

Қорытындылай келе, Гауһартас повесін ағылшын тіліне аудару барысында аудармашы ең алдымен мәтіннің түсініктілігі мен қабылдануын алдыңғы орынға қойған. Бұл омиссия, фразеологиялық емес тіркес қолдану және сипаттамалы аударма сияқты әдістердің жиі қолданылуынан көрінеді. Сонымен қатар, компенсаторлық амалдар мен бейімдеуші тәсілдер арқылы фразеологизмдердің көркемдік және мазмұндық мазмұны сақталуға тырысқан.

Енді, аталмыш ұлттық сипаттағы атаулардың әрқайсысына нақты қандай аударма әдісі қолданылғаны келесі кестелерде көрініс табады:

Кесте 11 - «Сүйекші» повесі бойынша материалдық мәдениетке жататын атаулардың аударылу әдістері

	Тілдік бірлік атауы	Орысша аударма әдісі	Ағылшынша аударма әдісі
1	2	3	4
1	Кепе – 1 рет	МЭ-1	МЭ-1
2	Ер-тоқым – 1 рет	МЭ-1	МЭ-1
3	Қамшы – 3 рет	транскрипция - 2	ФЭ -2
4	Киіз үй – 3 рет	омиссия – 3 рет	омиссия – 3 рет
5	Алаша есігі – 2 рет	генерализация -1; омиссия – 1	генерализация -1; омиссия – 1
6	Түндік – 1 рет	транскрипция + экспликация	транскрипция + экспликация
7	Қабақ – 3 рет	ФЭ-3	ФЭ-3
8	Шылбыр – 4 рет	МЭ – 2 ; Омиссия – 2 рет	МЭ – 2; омиссия – 2
9	Домбыра – 4 рет	транскрипция - 4 рет	транскрипция - 4
10	Ши бастырма – 1 рет	модуляция -1	генерализация – 1

11 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
11	Ақ шаршы – 3 рет	ДЭ – 1; ФЭ - 2	омиссия – 1; ФЭ – 2
12	Қорақопсы – 1 рет	семантикалық қате – 1	семантикалық қате – 1
13	Төрт қанатты бөлек үй – 1 рет	қабылданған аударма -1	қабылданған аударма -1
14	Төрт құлақты қара қазанды – 1 рет	модуляция -1	ФЭ-1
15	Жер ошақ – 1 рет	ФЭ-1	ФЭ-1
16	Тұсау есіп – 1 рет	омиссия	омиссия
17	Қауға – 5 рет	модуляция - 1; ФЭ – 3; омиссия - 1	ФЭ – 4; омиссия - 1
18	Астау – 3 рет	транскрипция + экспликация – 1; омиссия – 1; транскрипция – 1.	ФЭ – 2; омиссия – 1
19	Шуда – 1 рет	экспликация – 1	омиссия – 1
20	Қора – 2 рет	омиссия – 2	омиссия – 2
21	Қи – 2 рет	толық эквивалент -2	экспликация – 2
22	Қазан – 1 рет	омиссия – 1	омиссия – 1
23	Отау – 1 рет	қабылданған аударма -1	қабылданған аударма -1
24	Зерен тостақты – 1 рет	транскрипция + экспликация	экспликация -1
25	Сырлы тостаққа – 2 рет	омиссия – 1	омиссия – 1
26	Сыпыра – 1 рет	омиссия – 1	омиссия – 1
27	Отау үй – 2 рет	омиссия – 2	омиссия – 2
28	Алаша – 1 рет	ФЭ– 1	омиссия – 1
29	Бөстек – 1 рет	омиссия – 1	омиссия – 1
30	Ақыр – 2 рет	омиссия – 2	омиссия – 2
31	Ұршық – 2 рет	семантикалық қате – 1 рет; МЭ – 1	семантикалық қате – 1 рет; МЭ – 1
32	Ауызғы үй – 2 рет	омиссия – 1 ФЭ - 1	омиссия – 1 модуляция -1
33	Бастырма – 1 рет	ФЭ -1	ФЭ -1
34	Шылбыр есу – 1 рет	ФЭ – 1	ФЭ – 1
35	Жібек шашақ, шаршағын – 2 рет	ФЭ – 2	ФЭ– 2
36	Кереге – 1 рет	модуляция – 1	модуляция – 1
37	Шымылдырық – 1 рет	ФЭ – 1	ФЭ – 1
38	Үлкен үй - 1 рет	генерализация – 1	генерализация – 1
39	Сыпа – 1	омиссия – 1	омиссия – 1

Кесте 12 - «Сүйекші» повесі бойынша салт-дәстүрге қатысты атаулар аудармасы

	Тілдік бірлік атауы	Орысша аударма әдісі	Ағылшынша аударма әдісі
1	2	3	4
1	Малдас құрып отыру – 2 рет	генерализация – 2	экспликация -2

12 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
2	Отау тігу – 1 рет	жартылай калька + экспликация -1	қабылданған аударма -1
3	Босағаны аттап кіру – 1 рет	омиссия-1	омиссия-1
4	Келін түскен – 1 рет	ДЭ-1	ДЭ-1
5	Бетін ашу – 4 рет	сөзбе-сөз аударма -2 омиссия-2 қайта құру -1	сөзбе-сөз аударма -2 омиссия-2 модуляция-1
6	Бет ашушы – 1 рет	омиссия-1	омиссия-1
7	Бетіне сәуілдеген ақ жібек орамал жауып – 1 рет	сөзбе-сөз аударма -1	сөзбе-сөз аударма -1
8	Той – 1 рет	транскрипция -1	ФЭ -1
9	Күй – 2 рет	транскрипция -2	ФЭ -1
10	Күзгі қырқын – 1 рет	семантикалық қате -1	семантикалық қате -1
11	Қой қырқым – 1 рет	омиссия	омиссия-1
12	Колхоз – 2 рет	қабылданған аударма -1	ДЭ -1
13	Ет жіліктейтін – 1 рет	омиссия-1	омиссия-1
14	Адыраспан тұтатып – 1 рет	ФЭ -1	ФЭ-1
15	Ақ тауықпен аластады – 1 рет	экспликация -1	экспликация-1
16	Ұшықтады – 1 рет	омиссия -1	омиссия -1
17	Көктемгі қой төлдеу – 1 рет	экспликация -1	экспликация -1
18	Ру – 1 рет	ФЭ -1	ФЭ-1
19	Құран оқыды – 1 рет	жартылай калька -1	жартылай калька -1
20	Құбыла – 1 рет	омиссия-1	омиссия-1

Кесте 13 - «Гауһартас» повесі бойынша мал атауларын аудару тәсілдері

	Тілдік бірлік атауы	Орысша аударма тәсілі	Ағылшынша аударма тәсілі
1	2	3	4
2	Күрең қасқаны – 3 рет	ДЭ – 1; генерализация – 2 рет	ДЭ – 1 рет; генерализация – 2
3	Күрең – 9 рет	генерализация – 1; омиссия-3; ФЭ – 5	генерализация – 1; омиссия-3; ФЭ - 5
4	Саулық – 3 рет	омиссия-1	омиссия-1
5	Қошқар – 1 рет	омиссия-1	омиссия-1
6	Тұлпар – 1 рет	омиссия-1	омиссия-1
7	Қара нар – 4 рет	омиссия-1	омиссия-1
8	Серке – 1рет	омиссия-1	омиссия-1
9	Жирен - 4 рет	ФЭ -3; омиссия-1	ДЭ -3; омиссия-1
10	Бура – 1 рет	омиссия-1	омиссия-1

13 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
11	Көкпар – 7 рет	транскрипция -3; генераизация -2; оmissия-2	транscriпуия +экспликация -1; генерализация -4; оmissия-2
12	Ақ сүйек – 1 рет	ДЭ -1	МЭ -1
13	Алтыбақан – 1 рет	оmissия-1	оmissия-1
1	Бәйге - 1 рет	транскрипция-1	оmissия-1

Кесте 14 - «Гауһартас» повесі бойынша тағам атауларын аудару тәсілдері

	Тілдік бірлік атауы	Орысша аударма әдісі	Ағылшынша аударма әдісі
1	Сүр ет – 1 рет	ФЭ -1	ФЭ -1
2	Майлы айран – 2 рет	жартылай калька-1	семантикалық қате-1
3	Айран – 1 рет	транслитерация -1	семантикалық қате-1
4	Шалап – 1 рет	транслитерация-1	Мәдени эквивалент-1
5	Қою шай – 1 рет	генерализация -1	генерализация -1
6	Ашымал, ашыма – 5 рет	семантикалық қате -1	семантикалық қате -1
7	Еттің қамырын – 1 рет	нақтылау - 1	генерализация -1
8	Жылқының тұзсінді қаракесек етінен – 1 рет	оmissия-1	оmissия-1
9	Тары көженің – 1 рет	оmissия-1	оmissия-1
10	Сусын – 2 рет	оmissия-2	оmissия-2
11	Нан (ет) – 1 рет	МЭ -1	семантикалық қате-1

Кесте 15 - «Гауһартас» повесі бойынша киім атауларын аудару тәсілдері

	Тілдік бірлік атауы	Орысша аударма әдісі	Ағылшынша аударма әдісі
1	Кебіс – 2 рет	оmissия -1	оmissия -1
2	Тұлып – 1 рет	транскрипция -1	ДЭ -1
3	Ішік – 2 рет	оmissия -1	оmissия -1
4	Тақия – 1 рет	МЭ-1	ФЭ -1
5	Ақ жаулық – 1 рет	транскрипция -1	ФЭ -1
6	Үкілі шақпақ бөрік – 1 рет	оmissия	оmissия -1
7	Жігіт – 1 рет	транскрипция -1	ДЭ -1
8	Ақсақалды – 1 рет	ФЭ -1	ДЭ -1
9	Кемпір – 2 рет	ФЭ -1	ДЭ -1
10	Бойжеткен – 1 рет	оmissия-1	оmissия -1
11	Келіншек – 2 рет	МЭ -1	МЭ -1
12	Ақ сақалы мен қара сақалы – 1 рет	жарты калька -1	ДЭ -1
13	Шырағым- ау – 2 рет	оmissия -1	оmissия-1

Кесте 16 - «Ғауһартас» повесі бойынша туыстық атауларды аудару тәсілдері

	Тілдік бірлік атауы	Орысша аударма әдісі	Ағылшынша аударма әдісі
1	Жеңге – 2 рет	генерализация -1	генерализация -1
2	Жеңеше – 4 рет	транскрипция -2 генерализация -1	ДЭ -2 генерализация -1
3	Шешей-ау – 1 рет	омиссия -1	омиссия -1
4	Келін – 3 рет	транскрипция -2; МЭ - 1	ФЭ -1; МЭ - 2
5	Қайнысы – 1 рет	омиссия -1	омиссия -1
6	Туған қайнысына – 1 рет	транскрипция-1	ДЭ -1
7	Көке – 1 рет	транскрипция -1	омиссия-1
8	Апа – 7 рет	ФЭ -3; генерализация -1; омиссия-3	ФЭ -3; генерализация -1; омиссия-3
9	Сіңлі – 1 рет	омиссия -1	омиссия-1
10	Құлқын сәріден – 1 рет	генерализация -1	генерализация -1
11	Қас қарайғанша – 1 рет	генерализация -1	генерализация -1
12	Бір құшақ – 1 рет	омиссия-1	омиссия -1
13	Бір шөкім – 1 рет	омиссия-1	омиссия -1
14	Отар – 1 рет	транслитерация -1	ФЭ -1
15	Жалғыз аяқ жол – 1 рет	генерализация -1	генерализация -1
16	Қол созымдай – 1 рет	омиссия-1	омиссия -1
17	Астау-астау жем -1 рет	генерализация -1	генерализация -1
18	Таяқ тастам жердегі – 1 рет	омиссия-1	омиссия -1
19	Жуандығы қамшының сабындай – 1 рет	омиссия-1	омиссия -1
20	Торғай шырылдағанда – 1 рет	омиссия-1	омиссия -1

3.3 «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесінің аудармаларында ұлттық-мәдени реңктің сақталуы: салыстырмалы - салғастырмалы талдау

Бір сөйлемде кездесіп тұрған ұлттық сипаттағы үш реалияның аудармаларына талдау жасаймыз. Біріншісі *сары май* – қазақтың дәстүрлі тағамдарының бірі, көбінесе сүттен дайындалатын май түрі. Ол көбінесе тары көже, бауырсақ сияқты ұлттық тағамдармен бірге ұсынылады.

Түпнұсқа (қазақша): «Тамағыңды іше ғой», – деп салмақтап жүргендері – *зерен тостақтың* ортасынан бір мысқал төмен, бір мысқал жоғары *тары көже* екен. Үстіне шекпеннің түймесіндей *сары май* салыпты [128, б. 394].

Орысша аударма: И действительно, я увидел на столе то, чего никак не ждал: на дне *деревянной чаши* светлел *пшениный суп*, поверх которого плавал маленький, с пуговицу кусочек *масла* [131, с. 250].

Ағылшынша аударма: Indeed, what I glimpsed on the table was something I would never have dared to expect. There was a small helping of *millet soup* at the bottom of my *wooden bowl* and at the top was floating a small piece of *meat*, no bigger than a button [132, p. 7].

Бұл аударма орыс тілінде жалпылау әдісі арқылы тәржімаланған, себебі *масло* сөзі жалпы майды білдіреді, бірақ *сары май* ұғымының ұлттық ерекшелігін

толық жеткізбейді. Орыс тілінде *сары май* ұғымы таныс болғанымен, нақты ұлттық тағам ретінде ерекшеленбейді. Ал ағылшын тіліндегі аудармасына келетін болсақ, семантикалық бұрмалауға ұшыраған. *Сары май* орнына *meat (em)* деп аударылған, бұл түпнұсқадағы мағынадан ауытқиды. Ағылшын тілінде *сары май* ұғымы нақты *butter* деп аударылады. Алайда, бұл аудармада қателік орын алған. Ағылшын тілінде *сары май* ұғымын нақты жеткізу үшін, өз тарапымыздан төмендегідей аударманы ұсынар едік: «...at the top was floating a small piece of sary mai (traditional Kazakh butter), no bigger than a button». Бұл тәсіл ұлттық ұғымды сақтап, оқырманға оның мағынасын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Жоғарыда берілген сөйлемде кездесетін екінші реалиямыз *зерен тостақ* – қазақ халқының дәстүрлі тұрмысында қолданылатын ағаштан жасалған, үлкендеу келген, ойық ыдыс. Бұл – этномәдени реалия, яғни басқа мәдениеттерде тура баламасы жоқ ұғым. *Зерен тостақ* арнайы аталып тұрған жоқ, бірақ оның материалы мен пішіні *деревянная чаша* деп берілген. Ағылшын тілінде де *зерен* нақты аталмай, *wooden bowl* деп жалпы мағынада берілген. Бұл – шетел оқырманы үшін түсінікті, бірақ реалияның ұлттық ерекшелігі жойылған. *Зерен тостақ* – нақты реалия болғанымен, екі аудармада да ол ұлттық ерекшелігін жоғалтып, жалпы ұғыммен алмастырылған. Бұл – мәтіннің қолжетімділігі мен түсініктілігі үшін жасалған жалпылама аударма тәсілі.

Үшінші талдауға түсетін реалия ұлттық тағам атауы *тары көже*. Орыс тіліне *пшанный суп*, ағылшын тіліне *millet soup* деп аударылған. Мұнда ұлттық атау (көже) жойылғанымен, тағамның негізгі құрамы мен формасы сипатталып жеткізілген.

Халқымыз ұннан жасалатын тағамдар дайындағанда, қамыр илегенде, нан жайғанда ұн шашылып, төгілмес үшін астына пайдаланатын жайманы сыпыра деп атаған. Яғни келесі талдауға түсетін реалия *сыпыра* сөзі.

Түпнұсқа (қазақша): Мен киініп болғанымда апам пеш түбіне *сыпыра* жайып, қол диірмен орната бастады [128, б. 394].

Орысша (аударма): Когда я оделся, мама бросила возле печки *холстину*, принесла ручную мельницу [131, с. 250].

Ағылшынша (аударма): When I was already dressed, Mama threw down some *canvas matting* and brought out her hand-mill [132, p. 8].

Орыс тіліне холстина (кенеп мата) деп нақты атауын сақтамай, бірақ қызметі мен материалына қарай бейімдеп аударған. Ал ағылшынша аудармасында *canvas matting* деп ұлттық атауы берілмеген, орнына ұқсас қызмет атқаратын жалпы мағынадағы тіркес қолдану арқылы функционалдық эквивалент арқылы аударған. *Сыпыра* – реалия ретінде нақты баламасы жоқ, сондықтан екі аудармада да контекстке сай функционалдық сипатымен жеткізілген.

Қазақ халқының ұғымында *жеті күлше* – қиындыққа тап болғанда, сондай-ақ көз тиюден, бәле-жаладан сақтайды деп жеті нан пісіру және оны садақ ретінде тарату ырымы бар. Жеті күлше, көз тию ұлттық-мәдени тіркестерінің аудармада қалай жеткізілгендігіне тоқталайық.

Түпнұсқа (қазақша): Мен тоғыз күн бойы төсектен бас алмай жатып қалдым. Апам мен Еркінай әуелгіде қатты қорқыпты. Әнеукүнгі қол диірменге тартқан екі кило бидайдың тең жартысына жуығын *жеті күлше* етіп, маған суық тигенін біле тұра көз *тиіп* қалды ма деп көрші-қолаңға таратыпты [128, б. 411].

Орысша аударма: Девять дней я не вставал с постели и метался в бреду. Мама и Еркинай были так напуганы, что, опасаясь *сглаза*, испекли *семь лепешек* и роздали соседям. На это ушла половина всей нашей пшеницы [131, с. 267].

Ағылшынша аударма: For nine days I remained in bed, tossing and turning, completely delirious. Mama and Erkinai were scared. *Fearing the Evil Eye*, they baked *seven flat-breads* and handed them out to the neighbours. That used up almost half our stock of wheat [132, p. 29].

Ал енді аударма әдіс-тәсілдеріне тоқталатын болсақ, екі тілде де нан түрі мен саны сақталған, мәдени контекст (көз тию, ырым) бөлек түсіндірме арқылы *опасаясь сглаза, fearing the Evil Eye* деп берілген. Бұл жағдайда аудармашылар ырыми әрекеттің мәнін сақтап, бірақ ұлттық атауды жалпы нан сөзімен алмастырған.

Келесі мысалда біз ағаштан немесе саздан жасалған, үлкендеу, терең ыдыс, көбінесе тамақ салуға, сақтауға немесе салқын сумен жуынуға арналған, қазақ халқының дәстүрлі асханасында жиі кездесетін керсен және тек қазақ мәдениетіне тән бауырсақ сөздерінің аудармаларын қарастырамыз.

Түпнұсқа (қазақша): Бір звеноға жететін баяғы қара қазанның шыңырау түбінен сап-сары *тоқаштарды* үлкен *керсенге* екеулеп түсіріп жатыр [128, б. 411].

Орысша (аударма): В старом большом казане жарились белые *баурсаки* [131, с. 268].

Ағылшынша (аударма): White *buns* were being fried in a big old cauldron [132, p. 30].

Бұл жерде керсен туралы ештеңе айтылмаған, назар қазанға аударылған. *Керсен* – ұлттық тұрмыстық зат атауы ретінде аудармаларда назардан тыс қалған. Бұл – мәдени ақпараттың жоғалуына алып келетін аударма тәсілі, яғни түсіп қалған. Егер мәтіннің этнографиялық бояуын сақтау маңызды болса, керсен сөзін транслитерациямен (*kersen*) алып, қасына түсіндірмелі аударма қосуға болар еді: ...placed into a large *kersen* – a traditional wooden bowl used in Kazakh households.

Ал *тоқаш* сөзіне келетін болсақ, орыс тіліне *баурсак* деп нақты қазақша эквивалентті транслитерациямен берген, аудармашының мұндай шешімге келуіне негізгі себеп орыс халқы үшін қазақ халқының бауырсақ сөзі кеңінен танылып кеткендігінен болуы мүмкін, ағылшын тіліне *buns* деп функционалдық эквивалент амалымен жеткізген.

Ендігі қарастырылатын мәдени реалия *құндыз бөрік* – бұл құндыз терісінен тігілген дәстүрлі қазақ бас киімі, көбіне қымбат, сәнді, байлық пен қамқорлықты білдіретін элемент, ұлттық киім атауы.

Түпнұсқа (қазақша): Еркінай екеумізді екі қолына көтеріп еркелететін әкем, майданға кетіп бара жатып соңғы ақшасына «екі құлыным кисін» деп екі *құндыз бөрік* алатын әкем, бүкіл өмірі мен үмітін балалары мен жарына арнап, солардың

асқар тауы болған әкем енді кеп ... иесіз далада ... жападан-жалғыз [128, б. 400].

Орысша (аударма): А на свою последнюю «мирную» получку он купил нам по *собольей шапке* и сказал: «Носите мои жеребьята, а в другой раз я, бог даст, и матери вашей такую же справлю ..» Всю свою жизнь и все надежды он связывал с нами, со своими детьми и женой. Где ж он теперь? Где-нибудь в заснеженной степи .. один .. Нет, это невозможно! Не надо было маме говорит те слова [131, с. 257].

Ағылшынша (аударма): He had spent some of his last «peace-time» pay-packet on a *sable cap* for each of us and said before he left: «You wear these, my dears, and next time, God willing, I'll bring home one for your mother too». He used to centre his whole life and all his hopes round us – round his children and his wife. But where was he now? Somewhere out in the snows of the steppe .. all alone ... No, that was unthinkable! Mama should never have come out with words like that [132, p. 17].

Байқағанымыздай екі тілде де, *құндыз* сөзі орыс тілінде *соболь*, ағылшын тілінде *sable* деп дәл мағынасын сақтағанмен, ұлттық *бөрік* сөзінің мәдени реңкі жойылып, жалпы мағынада *шапка*, *cap* сөздерімен беріліп, жалпылама аударма жасалған.

Тағы бір қазақы дәстүр реалиясы, өлген адамның жақындарына көңіл айтып көрісуі, яғни *көрісу* – қазақ халқының қаза болған адамның жақындарымен кездесіп, құшақтасып жылап амандасу дәстүрі. Ал *жаулық* -әйел адамдардың басына тартатын дәстүрлі орамалы. Бұл - ұлттық киім атауы.

Түпнұсқа (қазақша): Жыламаңдар, – деді ол *көрісіп* боп *жаулықтарымен* көзін сүртіп отырған әйелдерге зекіп. [128, б. 428]

Орысша (аударма): Пришли соседки, заголосили, и тут не выдержала и Орынша, заплакала. Но плакала недолго и, утерев уголком *платка* глаза, заговорила, обращаясь к женщинам: Не надо. Не плачьте .. [131, с. 286]

Ағылшынша (аударма): When her neighbours came round and began their wailing lament, Orynsha could hold back no longer and began to weep. Not for long though, and after she had wiped her eyes with a corner of her *headscarf*, she turned to the other women and said: “There’s no need. Don’t weep ... [132, p. 51].

Біз қарастырып отырған қос тілде де *көрісу* – аударылмаған, мәтіннен түсіп қалған немесе жалпы жылау, жоқтау контекстімен жалпылама берілген. *Жаулық* – орыс тілінде платок, әсіресе ағылшынша *headscarf* сөзі көпұлттық оқырманға түсінікті әрі мағыналық жағынан жақын. Функционалдық эквивалентпен екі тілде де сәтті аударылған.

Келесі талдауға түсетін тіркес *сүндетке отырғызу* – ислам дініндегі және қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі баланы белгілі жаста сүндетке (мұсылманша) отырғызу рәсімі. Бұл – ұлттық-діни реалия және мәдени тұрғыда маңызды дәстүр.

Түпнұсқа (қазақша): *Сүндетке* отырғызылған [128, б. 399].

Орысша аударма: Да ничего, просто у него сегодня *обрезание* [131, с.256].

Ағылшынша (аударма): «Nothing, it’s just that there’s a circumcision in their family today» [132, p. 15].

Circumcision – ағылшын тілінде де жалпылама діни ұғым ретінде қолданылады (көбіне иудейлік пен исламда). Орыс тіліндегі аудармасында «обрезание» деп берілген, жалпы діни ұғым, яғни еврей, мұсылман мәдениеттерінде кездесетін салт-дәстүр. Екі аудармада да ұлттық-мәдени нақыш (қазақы салт-дәстүр) көрініс таппағанымен, діни-әлеуметтік мәні жеткізілген.

Төмендегі үзіндіде екі маңызды ұлттық-мәдени реалиялар *қара қағаз* және *жоқтау айту*. Мұндағы *қара қағаз* – қазақ мәдениетінде кеңес дәуірінде майданнан келген солдаттың қаза тапқанын хабарлайтын ресми хат. Бұл ұлттық-тарихи реалия, ерекше әлеуметтік, мәдени мағынаға ие.

Түпнұсқа (қазақша): Өткен көктемде «Майданда ерлікпен қаза тапты», - деп артынан *қара қағаз* келген. Қатын, бала-шағасының көзінен жас емес қан ағып, кәрі шешесі жер тоқпақтап, бетін тырнаған. У-шу, *ел жоқтау айтып*, алыстағы ағайындары бата оқып та келіп жатты [128, б. 402].

Орысша (аударма): Прошлой весной семья нашего учителя получила на него *черную бумагу* со словами: *пал смертью храбрых*. Не слезами, а кровью плакали его дети и жена, а мать билась о землю и царапала себе лицо. Дом сотрясаясь от рыданий и причитаний, отовсюду понаехали скорбящие родственники [131, с. 258].

Ағылшынша аударма: Last spring our teacher's family had received a *black-edged letter* bearing the words: «He died a brave death». His children and wife had burst into tears and his mother had started writhing on the ground and scratching her face. Their whole house had been shaking with sobs and laments. Grieving relatives made their way to Seidu's house from far and wide [132, p. 18].

Орыс тілінде *қара қағазды* «черная бумага» деп толық эквивалентпен беріп реалияны сақтаған. Кеңес кезеңінде майданда қаза тапқан солдаттың отбасына *қара жиегі бар хат* келген, бұл – мемлекеттік символика. Ағылшын тілінде *black-edged letter* деп функционалды эквивалентпен аударған, себебі ағылшын тіліндегі контекстте де *қара жиегі бар хат* өлім хабары ретінде қабылданады.

Жоқтау айту орыс тілінде *причитания* деп мағыналық тұрғыдан өте дәл баламамен жеткізілген. *Жоқтау* – қайғыны жырмен, әнмен, дауыстап айту. Орыс тілінде «причитание» сөзі осы функцияны атқарады. Ағылшын тіліндегі *laments* сөзі *жоқтау айту* тіркесіне нақты балама бола алады. *Lament* – өліктің артынан жылап, дауыс көтеріп, әндетіп қайғы білдіру дегенді білдіреді. Аудармашылар бұл екі реалияны жоғалтпай, басқа тілдің мәдени контекстіне бейімдей отырып, өте сәтті жеткізген.

Келесі талдауымыз жоғарыда қарастырылған *қара қағаз* тіркесінің бір шығарманың ішінде бір аудармашылармен әртүрлі аударма амалдары арқылы тәржімаланғанын көрсетеді.

Түпнұсқа (қазақша): Тоғыз күнде алақандай ауылға екі *қара қағаз* кеп, адамдары күңіренді [128, б. 411].

Орысша (аударма): Всего девять дней. А в маленький аул за это время пришло две *похоронки* и, словно для того чтобы облегчит боль израненных сердец, - четыре треугольных письма: «живы, здоровы ..» [131, с. 268]

Ағылшынша (аударма): A mere nine days. During that short period two *telegrams bearing bad news* made their way to our village and as if they were trying to ease the pain of wounded hearts, four short letters with the comforting words «alive and well» [132, p. 30].

Мұнда орыс тілінде *похоронка* деп нақты кеңестік атаумен, тарихи реалияға сай ресми атауы қолданылған. Ол – майданнан жіберілген өлім хабары, *қара қағаздың* ресми атауын білдірген. Ағылшынша нұскасында *telegrams bearing bad news* деп мұнда *қара қағаздың* форматы (телеграмма) мен мазмұны (қаза туралы хабар) сипатталып, ұлттық сөздің тура баламасы жоқ болғандықтан, мәні мен қызметі бойынша түсіндірілген, яғни дескриптивті аударма амалымен аударылған.

Келесі талдау *қырқын беру және жылына дайындалу* – қазақ халқының дәстүрлі аза тұту рәсімдеріне қатысты ұлттық сипаттағы реалиялар. Қырқын беру – қаза болған адамның қырық күндігіне арналған ас, дұға оқу рәсімі, ал жылына дайындалу – бір жыл толғанда берілетін үлкен еске алу асы, аза тұтудың соңғы кезеңі.

Түпнұсқа (қазақша): Өлдіге балап, *қырқын беріп*, енді *жылына* дайындалып жатқан адамның өзі келсе ұлы той болмай қандай болмақ! [128, б. 402].

Орысша (аударма): И как было не назвать его великим, если за столом сидел человек, *годовщину* гибели которого семья собиралась вскоре отметить [131, с. 259].

Ағылшынша (аударма): How could you possibly call it anything but great, when there was a man sitting at the table, whose family had been about to mark the *first anniversary* of his death? [132, p. 19].

Қырқын беру екі тілде де мүлдем аударылмай омиссияға ұшыраған. Жылын беру орыс тілінде годовщина гибели, ағылшын тілінде *first anniversary of his death* деп жалпылама аударылған.

«Сүйінші» – қазақ тіліндегі ерекше ұлттық-мәдени реалия, яғни қуанышты хабар жеткізген адамға сый немесе марапат сұрау дәстүрі. Бұл сөздің орысша және ағылшынша аудармаларында әртүрлі әдістер қолданылған.

Түпнұсқа (қазақша): *Сүйінші! Сүйінші! Сүй-інші-е!* Бақташы бала екенін бірден таныдық [128, б. 419].

Орысша (аударма): *Сюинши! Сюинши! Сюинши!* .. Оказалось, что это – наш молодой пастушок [131, с. 277].

Ағылшынша (аударма): «*Suyunshi, suyunshi* – have my reward for the good news ready!» It was our young shepherd [132, p. 41].

Орыс тілінде *сюинши* деп транслитерациямен беру арқылы реалияны сақтап қалған, бірақ ұлттық бояу сақталғанымен, мағынасы толық ашылмаған. Ал ағылшын тілінде, транслитерация арқылы бір жағынан, ұлттық сөз қалдырылған (*suyunshi*), екінші жағынан ағылшын оқырманы үшін «have my reward for the good news ready!» деп оның мәні түсіндірілген.

Ал енді шығармада берілген фразеологизмдердің аудармасын қарастырып көрейік. «Көздің қарашығындай сақтау» яғни өте қатты қорғау, ерекше бағалау, ұқыппен сақтау деген мағынаны білдіреді.

Түпнұсқа (қазақша): Біздің үйде оның құны ерекше, бәріміз көздің қарашығындай сақтаймыз [128, б. 397].

Орысша (аударма): Ведь все трое, мы носили одну и ту же пару сапог, и их следовало беречь пуще глаза [131, с. 253].

Ағылшынша (аударма): The three of us only had one pair of boots, so e had to take special care of them and sliding down icy paths would wear out the soles in a trice [132, p. 12].

Орыс тіліне *беречь пуще глаза* деп мағынасын дәл беріп, ұлттық реңкті толық сақтаған, ал ағылшын тіліне *take special care of them* деп фразеологизмді қарапайым сөйлеммен аударып, мағынасын бергенмен, эмоционалды образ жоғалған.

«Сөздің жартысын жұтып қою» фразеологизмі бір нәрсені айтпақ болып, бірақ уақтылы тоқтап қалу, яғни айтқанын аяқтамай қалу, абайлап үнсіз қалу, тыйылып қалу дегенді білдіреді.

Түпнұсқа (қазақша): Тамақ... – «Тамақ ішпейсің бе?» - деп сұрап қала жаздап сөзімнің жартысын жұтып қойдым [128, б. 398].

Орысша (аударма): Ты ж еще не поел, - сказал я и тут же пожалел о своих словах [131, с. 254].

Ағылшынша (аударма): «But you haven't eaten anything», I said, but then regretted the words almost before they were out of my mouth [132, p. 13].

Орыс тіліне «...сказал я и тут же пожалел о своих словах» деп, фразеологизмнің тұлғасын сақтамай, мағынасында өкіну деп көрсетілген. Ағылшынша нұсқасында «before they were out of my mouth» деп дәл осы мағынаны білдіретін (айтпастан бұрын-ақ өкініп қалу) фразеологизммен аударылған.

Келесі фразеологизм «тіл қатыспау», яғни сөйлеспеу, үн қатпау, әңгімелеспеу деген мағынаны білдіреді. Бұл тіркес орыс және ағылшын тілдеріне төмендегідей аударылған:

Түпнұсқа (қазақша): Мектепке жеткенше тіл қатысқанымыз жоқ [128, б. 398].

Орысша (аударма): Мы молча дошли до школы [131, с. 255].

Ағылшынша (аударма): We walked to school in silence [132, p. 14].

Орыс тілінде *молча* сөзі арқылы, ағылшын тіліне *silence* деп үнсіздік, қарым-қатынас болмағаны жеткізілген. Бұл Кунин теориясы бойынша фразеологиялық тіркесті, фразеологиялық емес тіркеспен алмастыру болып табылады.


Келесі сөйлемдегі «Бауыры езіліп, қабырғасы қаусау» – өте көркем, эмоциялық жүктемесі жоғары фразеологиялық тіркес, яғни қатты уайымдап, жүрегі ауырғанын бейнелейді. Яғни бауыры езілу – өте қатты қайғыру, ішкі жан дүниесі күйзелу, қабырғасы қаусау – жанына бату, жан жүрегі ауырлау дегенді білдіреді.

Түпнұсқа (қазақша): Бауыры езіліп, қабырғасы қаусап аттанды [128, б. 398].

Орысша (аударма): И сердце его разрывалось от жалости и страха [131, с. 255].

Ағылшынша (аударма): His heart had almost broken from pity for them and from worries about what the future would bring [132, p. 14].

Орыс тіліндегі аудармасында түпнұсқадағы екі фразеологизмді бір тіркеспен «сердце разрывалось» яғни жүрегі қақ айырылды, ауыр уайымдады деп берген. Ал ағылшын аудармасында «His heart had almost broken» (жүрегі жарылып кете жаздады) деп аударма эмоциялық реңкті сақтап, ұғымды нақты жеткізілген. Мұнда да екі фразеологизмнің мәнін біріктіріп, жалпылама формада берген. Екі аудармада да мағына дәл берілген.



Сурет 9 - «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесіндегі реалиялардың орыс тіліндегі аудармасында қолданылған аударма тәсілдері

Реалияларды аудару – мәдени ерекшеліктері мен ұлттық колориті бар сөздер мен ұғымдарды басқа тілге ауыстырудың маңызды әрі күрделі бөлігі. «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесіндегі реалияларды орыс тіліне аудару барысында қолданылған аудару амалдарының әр түрлілігі осы міндеттің қаншалықты күрделі екенін көрсетеді. Бұл жерде аталмыш повестегі реалияларды аудару әдістері: функционалды эквивалент, мәдени эквивалент, генерализация, дескриптивті эквивалент, омиссия, транскрипция, модуляция және нақтылау бойынша талданады.

Функционалды эквивалент (8 жағдай) – аудармада түпнұсқадағы ұғымның қызметі мен мәні сақталған жағдайда қолданылады. Повестегі 8 функционалды эквивалент қолданылуы ұлттық реалиялардың қызметін әрі мәнін орыс тілінде тиімді жеткізуге бағытталған. Мысалы, тұрмыстық заттар аудармада олардың

қызметіне сәйкес баламамен берілген. Бұл әдіс оқырманға нақты мағына мен функцияны түсінуге мүмкіндік береді.


Мәдени эквивалент (37 жағдай) – түпнұсқадағы ұлттық мәдени элементті орыс тілінің мәдениеті мен дәстүрлерінен ұқсас элементпен алмастыру. Бұл әдіс 37 рет қолданылған, бұл көрсеткіш реалиялардың үлкен бөлігінің мәдени баламамен берілгенін көрсетеді. Мысалы, қазақтың дәстүрлі тағамдары немесе мерекелік салт-дәстүрлер орыс тілінде ұқсас мәдени құбылыстар арқылы берілген. Бұл оқырманға жаңа мәдениет элементтерін таныстырып, түсінікті етеді.

Генерализация (9 жағдай) әдісі нақты бір ұлттық атауды жалпы ұғымға ауыстыруды білдіреді. Повестегі 9 генерализация жағдайында кейбір нақты реалиялар жалпы категорияға ауыстырылған. Мысалы, қазақтың белгілі бір киім түрі «одежда» деп берілуі. Бұл әдіс мәтінді жеңіл қабылдауға көмектеседі, бірақ кейде ұлттық ерекшеліктердің жоғалуына әкеледі. Дескриптивті эквивалент (36 жағдай) – нақты терминнің орнына оның сипаттамасын беру. Повестегі 36 жағдайда нақты реалияның түсіндірмесі қосылған. Мысалы, «қымыз» немесе «киіз үй» сөздері мәтінде толық сипаттама түрінде аударылған. Бұл әдіс оқырманға мағынаны толық түсінуге көмектеседі, бірақ мәтін көлемін ұлғайтады.

Омиссия (52 жағдай) – аудармадан белгілі бір реалияның мүлдем шығарылуы. 52 омиссия жағдайы мәтінде кейбір ұлттық элементтердің аударылмауын көрсетеді. Бұл тәсіл көбіне мәтіннің ағымдылығын сақтау, аудиторияның түсінбеу қаупін төмендету үшін қолданылады. Алайда, бұл ұлттық реңктің толық берілмеуіне әкеледі. Транскрипция (12 жағдай) – ұлттық атауларды орыс тілінің әліпбиімен беру. Повестегі 12 транскрипция жағдайы арқылы түпнұсқа атаулар сақталып, ұлттық өзіндік ерекшелік сақталған. Бұл әдіс оқырманға мәтіндегі ұлттық нақышты сезінуге мүмкіндік береді. Модуляция (5 жағдай) – сөйлем құрылымы немесе ұғымның өзгеру арқылы аудару. Бұл әдіс повестегі 5 жағдайда қолданылып, аударманың табиғилығын арттырады. Мысалы, кейбір тіркестердің аудармасында сөздердің орны немесе бағыттылығы өзгертілген.

Нақтылау (2 жағдай) – жалпы ұғымның орнына нақты ұғымның аударылуы. Бұл әдіс 2 жағдайда қолданылады және аударманың нақтылығы мен түсініктілігін арттырады.

«Біз соғысты көрген жоқпыз» повесіндегі реалияларды орыс тіліне аудару барысында қолданылған аудару әдістері әр түрлі және олардың әрқайсысының өзіндік рөлі бар. Функционалды және мәдени эквиваленттер мәтіннің мағынасы мен ұлттық ерекшеліктерін сақтау үшін маңызды. Генерализация мен дескриптивті эквивалент аударманың түсініктілігін арттырады, бірақ кейде нақты ерекшеліктерді әлсіретуі мүмкін. Омиссия мен транскрипция ұлттық нақыштың сақталу деңгейіне әсер етеді. Модуляция мен нақтылау әдістері аударманың табиғи әрі нақты болуына ықпал етеді. Осы арқылы аудармашының міндеті – оқырманға ұлттық мәдениеті мен мағынасы толық жеткізілген мәтін ұсыну екенін көреміз.



Сурет 10 - «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесіндегі реалиялардың ағылшын тіліндегі аудармасында қолданылған аударма әдістері


Ең алдымен көзге түсетіні – омиссия әдісінің басымдығы (56 жағдай, 35%). Бұл тәсілде реалия аудармада мүлде түсіріліп тасталады. Мұндай шешім мәтіннің ағымдылығын, стильдік бірлігін сақтау үшін қолданылғанымен, ұлттық ерекшеліктің жойылуына әкелуі мүмкін. Яғни, мәтін оқырманға жеңіл әрі түсінікті болғанымен, ол өзінің бастапқы мәдени-тарихи контекстінен алыстап кетеді.

Оған қарама-қарсы әдіс – дескриптивті эквивалент (38 жағдай, 23%). Мұнда реалия сипаттама арқылы беріледі. Мысалы, «қымыз» сөзі «a traditional fermented mare's milk drink» деп толық түсіндірме арқылы аударылады. Бұл тәсіл шетелдік оқырманға бейтаныс ұғымды жеткізудің тиімді жолы болғанымен, мәтінді ауырлатып, баяндауды баяулатуы мүмкін.

Мәдени эквивалент те кеңінен қолданылған (29 жағдай, 18%). Бұл тәсіл арқылы ұлттық реалиялар ағылшын мәдениетіне жақын ұғымдармен алмастырылады. Бұл әдіс оқырманға мәтінді етене жақындатады, бірақ түпнұсқаның ерекшеліктерін жоғалту қаупін де тудырады. Аудармашы бұл әдісті қолданғанда, мәдени сәйкестік пен көркемдік тепе-теңдікті сақтауы тиіс. Кейбір жағдайда функционалды эквивалент (10 жағдай) таңдалып, реалиялар олардың қызметіне қарай баламамен берілген. Бұл әдіс, мысалы, тұрмыстық заттарды аударуда тиімді, себебі ол нақты мағына мен қызметті сақтап қалады.

Транскрипция да дәл осындай сәттерде (10 жағдай) ұлттық бояуды сақтауға көмектескен. Реалиялар түпнұсқадағыдай дыбысталып, аудармаға экзотикалық реңк береді.

Бұдан бөлек, генерализация (8 жағдай), модуляция (6 жағдай), нақтылау (2 жағдай) сияқты әдістер де қолданылған. Бұл тәсілдер нақты реалияны жалпылау немесе нақтылау, сөйлем құрылымын өзгерту арқылы мәтіннің мазмұнын сақтай отырып бейімдеуді көздейді. Алайда сирек кездескен семантикалық қате мен калька тәсілдері аударма сапасына теріс әсер етуі мүмкін, сондықтан олардың аз қолданылғаны – оң тенденция.



Сурет 11 - «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесіндегі фразеологизмдердің орыс тіліне аударылу тәсілдері

«Біз соғысты көрген жоқпыз» повесі негізінде жасалған фразеологизмдерді орыс тіліне аудару амалдарының жиілігін көрсететін сурет аударма стратегияларының сан түрлілігін көрсетеді. Ең жиі қолданылған тәсіл – оmissия (13 рет). Бұл әдіс аудармашының фразеологизмді аудармай, мәтіннен алып тастауын немесе бейтарап формада жеткізуін білдіреді. Мұндай амал көбінесе орыс тілінде дәл баламасы табылмаған немесе мағыналық жүк мәтіннің мазмұнына кері әсер ететін жағдайда қолданылады. Алайда бұл тәсілдің кемшілігі – түпнұсқадағы көркемдік пен ұлттық колориттің жоғалуы.

Компенсация әдісі (10 рет) – аудармашының маңызды құралдарының бірі ретінде қолданылады. Бұл әдіс фразеологизмнің көркемдік немесе экспрессивтік мағынасы мәтіннің басқа тұстарынан жеткізілуін көздейді. Осылайша, аударма мазмұны мен әсері сақталып, оқырман түпнұсқадағыдай қабылдай алады. Компенсация – түпнұсқаның стилистикалық әсерін сақтау үшін маңызды.

Сипаттамалы аударма (8 рет) – мағынаны қарапайым тілдік құралдармен түсіндіру арқылы жүзеге асады. Бұл тәсілдің артықшылығы – мәтіннің


түсініктілігі мен мағыналық дәлдігі, бірақ сонымен қатар фразеологизмнің бейнелі құрылымы жойылады. Аудармашы бұл тәсілді мақсатты оқырман үшін ақпаратты жеңіл қабылдау қажеттілігі туындағанда қолданған.

Фразеологизмді фразеологиялық емес тіркеспен алмастыру (7 рет) – мақсатты тілде мағынасы жағынан жақын, бірақ тұрақты тіркес емес балама арқылы жеткізуді көздейді. Бұл әдіс аудармада табиғилықты қамтамасыз етеді. Адаптация (5 рет) да елеулі орын алады. Мұнда фразеологизм мағынасы мен эмоциялық реңкі мақсатты тілдің мәдени контекстіне бейімделеді. Бұл тәсілдің басты артықшылығы – оқырманға мәтінді өз мәдени контекстінде түсінуге мүмкіндік береді.

Фразеологиялық баламамен ауыстыру (4 рет) және калькалау (1 рет) тәсілдері сирек кездеседі. Калькалау – сөзбе-сөз аудару, кейде ол жасанды немесе түсініксіз болып көрінуі мүмкін. Ал фразеологизмді жартылай сәйкестендіру (1 рет) мен семантикалық бұрмалау (1 рет) – фразеологизм мағынасының ішінара немесе толық өзгеріске ұшырауын білдіреді.

Толық эквивалент тек 2 жағдайда ғана қолданылған. Бұл қазақ және орыс тілдері арасында мағыналық әрі құрылымдық сәйкестіктердің сирек кездесетінін көрсетеді. Ұлттық-мәдени ерекшеліктері алшақ тілдер арасында фразеологизмдерді дәл баламамен беру өте қиын.

Қорытындылай келе, «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесін орыс тіліне аудару кезінде аудармашылар фразеологизмдерді беруде көбінесе оmissия, сипаттамалы аударма және компенсация сияқты әдістерге сүйенген. Бұл тәсілдер түпнұсқаның мазмұны мен әсерін сақтау, мақсатты оқырман үшін мәтінді жеңіл қабылдауды қамтамасыз ету үшін маңызды. Сонымен қатар бейімдеуші стратегиялар мен шығармашылық әдістер де аудармада тиімді қолданылған. Осылайша, аудармашының міндеті – түпнұсқа мен мақсатты мәтін арасындағы тепе-теңдікті сақтап, оқырманға түсінікті әрі көркем аударма ұсыну.



**Сурет 12 - «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесіндегі фразеологизмдердің
ағылшын тіліне аударылу әдістері**

Аталған повесте ең жиі қолданылған аударма тәсілі – омиссия (13 рет). Бұл әдіс фразеологизмнің аудармада мүлде қолданылмауын немесе бейтарап формада берілуін білдіреді. Мұндай тәсіл көбінесе мақсатты тілде балама фразеологизм болмаған жағдайда немесе мағына мәтінге артық жүк түсіретін жағдайда қолданылады. Дегенмен, омиссия тәсілімен бірге фразеологизмнің бейнелілігі мен ұлттық реңкі жойылатыны анық. Бұл көркемдік жағынан аударма сапасына кері әсер етуі мүмкін.

Компенсация (10 рет) тәсілі де жиі қолданылған әдістердің бірі. Бұл стратегия арқылы фразеологизмнің стилистикалық немесе эмоциялық әсері

мәтіннің басқа бөлігінде қалпына келтіріледі. Мұндай амал түпнұсқаның көркемдік ерекшелігін сақтауға мүмкіндік береді. Компенсация тәсілі аудармашының шығармашылық қабілетін, мәтінге жан-жақты көзқараспен қарау шеберлігін көрсетеді.

Сипаттамалы аударма (10 рет) – фразеологизмнің мағынасын түсіндірмелі сөйлем арқылы жеткізу әдісі. Бұл тәсіл фразеологиялық мағынаның айқын ашылуына жол ашады және мақсатты оқырман үшін мәтінді түсінікті етеді. Алайда мұнда да фразеологизмнің бейнелі құрылымы жойылып, көркемдік әсер әлсіреуі мүмкін.

Фразеологизмді фразеологиялық емес тіркеспен алмастыру (7 рет) – ағылшын тіліндегі қарапайым, бірақ мағынасы жағынан сәйкес тіркестерді қолдануды білдіреді. Бұл әдіс аударманы табиғи әрі түсінікті етуге көмектеседі. Мұндай тәсілдер оқырманға тосын тіркестерден гөрі таныс сөз орамдарын ұсыну арқылы мәтінді қабылдауды жеңілдетеді.

Адаптация (5 рет) тәсілі – фразеологизмнің мазмұнын ағылшын және орыс тілдері мен мәдениетінің нормаларына бейімдеу арқылы берілуі. Бұл стратегия аудармада мағыналық дәлдікпен қатар мәдениетаралық түсіністікті арттыруға септігін тигізеді. Адаптация мәтінді мақсатты оқырманға жақындатудың тиімді жолы болып табылады.

Фразеологизмдерді фразеологиялық баламамен алмастыру (4 рет) мен калькалау (1 рет) сирек қолданылған. Фразеологиялық балама – мақсатты тілдегі тұрақты тіркес арқылы мағына мен стильді сақтауға мүмкіндік беретін тәсіл болса, калькалау – фразеологизмді сөзбе-сөз аудару. Соңғысы жиі жағдайда түсініксіз немесе жасанды әсер қалдыруы мүмкін. Сонымен қатар, семантикалық бұрмалау (2 рет) мен жартылай эквивалент (0 рет) тәсілдері де тым сирек кездеседі.

Сурет көрсетіп тұрғандай, толық эквивалент тәсілі мүлде қолданылмаған. Бұл – қазақ және ағылшын тілдерінің фразеологиялық қорындағы құрылымдық және мағыналық айырмашылықтардың тереңдігін көрсетеді. Яғни, ұлттық ерекшеліктері бар фразеологизмдерді өзге тілге дәлме-дәл баламамен жеткізу көп жағдайда мүмкін емес.

Енді аталмыш ұлттық сипаттағы бірліктердің жеке-жеке қандай аударма әдістері арқылы көрініс тапқаны келесі кестелерде:

Кесте 17 - «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесі бойынша материалдық атаулардың аударылу тәсілдері

	Тілдік бірлік атауы	Орысша аударма әдісі	Ағылшынша аударма әдісі
1	2	3	4
1	Текемет – 1 рет	Транслитерация – 1	ДЭ - 1
2	Мөр ошақ	омиссия – 1	омиссия - 1
3	Қара қазан – 3 рет	генерализация -2; омиссия - 1	генерализация -2; омиссия - 1

17 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
4	Зерен тостақ – 1 рет	ФЭ – 1	ФЭ - 1
5	Сыпыра – 1 рет	ФЭ – 1	ФЭ - 1
6	Ошақ – 4 рет	МЭ – 1; омиссия – 3	МЭ – 1; омиссия - 3
7	Тезек – 14 рет	омиссия – 7; МЭ – 7	омиссия – 7; ДЭ-7
8	Бесік – 1 рет	омиссия – 1	омиссия - 1
9	Керсен – 1 рет	омиссия – 1	омиссия - 1
10	Ауыл – 5 рет	транскрипция – 2; омиссия – 2; калька – 1	транскрипция – 2; МЭ – 1; омиссия - 2
11	Дәліз – 1 рет	омиссия – 1	омиссия – 1
12	Қурай шартак – 1 рет	МЭ – 1	ФЭ – 1
13	Дастарқан – 1 рет	омиссия – 1	омиссия – 1
14	Қамшы – 1 рет	транскрипция -1	ФЭ - 1
15	Жеті күлше – 1 рет	сөзбе-сөз аударма -1	сөзбе-сөз аударма -1
16	Тоқаш – 1 рет	транскрипция -1	МЭ – 1
17	Шекпен – 1 рет	омиссия – 1	омиссия – 1
18	Сұр шекпен – 1 рет	ДЭ -1	ДЭ -1
19	Құндыз бөрік – 1 рет	генерализация -1	генерализация -1
20	Шапан – 1 рет	Омиссия – 1	омиссия – 1
21	Шұлғау –3 рет	МЭ -3	ДЭ -3
22	Жаулық – 1 рет	ДЭ-1	ДЭ -1
23	Тары көже – 1 рет	ДЭ -1	ДЭ -1
24	Сары май – 1 рет	генерализация -1	семантикалық қате-1
25	Сүйінші сұрау – 1 рет	модуляция – 1	модуляция– 1
26	Боша – 1 рет	экспликация-1	экспликация-1
27	Бұзауының терісін көргенде ииді. Әйтпесе, сүт шықпай қояды. – 1 рет	экспликация-1	экспликация-1
28	Сейду біраз үнсіз қалады. «Барып көңіл айтыңдар» деді ақырын ғана. – 1 рет	модуляция -1	модуляция -1
29	Сүндет көрген – 1 рет	ФЭ – 1	ФЭ – 1
30	Сүндетке отырғызылған.- 1 рет	модуляция – 1	модуляция – 1
31	Қара қағаз – 17 рет	МЭ -8; сөзбе-сөз - 5; МЭ – 3; модуляция -1	МЭ-8; МЭ – 5; ДЭ – 2; модуляция - 2
32	Жоқтау айту– 1	ДЭ-1	ДЭ -1
33	Қырқын беру– 1	омиссия – 1	омиссия – 1
34	Жылына дайындалу– 1	генерализация -2	генерализация -2
35	Адам-ата– 1	генерализация -1	генерализация -1
36	Көз тиіп – 1 рет	экспликация -1	экспликация-1
37	Садақа – 2 рет	экспликация -1; омиссия – 1	экспликация-1; омиссия – 1
38	Шаңырақ – 8 рет	экспликация -6; омиссия – 2	экспликация- 6; омиссия – 2

17 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
39	Дәм татып жүру – 2 рет	экспликация -1; оmissия-1	экспликация-1; оmissия-1
40	«Мың атар» ойыны – 1 рет	экспликация -1	экспликация-1
41	Сүйінші – 15 рет	транскрипция –5; оmissия- 6; ДЭ -4	транскрипция – 5; ДЭ –4; оmissия- 6
42	Көрісу– 1 рет	экспликация-1	экспликация-1
43	Обал болды –ау! – 2 рет	экспликация-1	экспликация-1
44	Құдай – 10 рет	МЭ -7; оmissия -3	МЭ -5; оmissия -5
45	Аруағы – 1 рет	ДЭ-1	ДЭ-1
46	«Күйеуіңнің аруағы үшін дауысыңды шығар», - деп те айта алмады. Бұл аз болғандай ол сырттан «бауырымдап» кіріп келе жатқан екі-үш кемпір мен екі үш шалға тағы айқай салды. -1 рет	оmissия – 1	оmissия – 1
47	Жұрт Бәрібайдың сүйегін үйге бір түнетіп, ақ жауып аттандырғалы жатқанда сырттан «сүйінші» деген дауыс естілді. (428) – 1 рет	экспликация -1	экспликация-1
48	Азалы үйге - 1 рет	ФЭ-1	ФЭ -1
49	Құлыным – 2 рет	МЭ -2	МЭ -2
50	Жарығым – 1 рет	МЭ -1	МЭ -1
51	Ботақаным – 1 рет	МЭ -1	МЭ -1
52	Айналдым – 1 рет	модуляция -1	модуляция -1
53	Кемпір мен шал – 1 рет	ФЭ -1	ФЭ -1
54	Көке-е-е – 4 рет	транскрипция -2 ФЭ -2	транскрипция -2 ФЭ -2
55	Аға – 1 рет	МЭ -1	МЭ -1
56	Ағай – 2 рет	ФЭ -1	ФЭ -1
57	Ол «Керқұла атты Кендебайдан» басын көтеріп: «А?» - дейді. – 1 рет	оmissия – 1	оmissия – 1
58	Қарағым – 1 рет	нақтылау -1	нақтылау -1
59	Қалқам – 1 рет	нақтылау -1	нақтылау -1
60	Бір мысқал – 5 рет	оmissия – 4 ДЭ -1	оmissия – 4 ДЭ -1
61	Екі қадақ – 1 рет	ДЭ -1	ДЭ -1
62	Табан асты – 3 рет	ДЭ -2 оmissия-1	ДЭ -2 оmissия-1
63	Бір-бір пұттан – 1 рет	толық эквивалент –1	толық эквивалент –1

1	2	3	4
64	Торғай шырылдағанда – 1 рет	ДЭ -1	ДЭ -1
65	Бір елі – 1 рет	ДЭ -1	ДЭ -1
66	Бір тұтам – 1 рет	экспликация -1	экспликация-1
67	Бір-екі адым – 1 рет	ДЭ -1	ДЭ -1
68	Апа – 5 рет	толық эквивалент -2 омиссия – 1	толық эквивалент -2 омиссия – 1
69	Қатын – 1 рет	толық эквивалент –1	толық эквивалент –1
70	Ағайын – 1 рет	толық эквивалент -1	толық эквивалент -1
71	Қарындас – 1 рет	толық эквивалент -1	толық эквивалент -1
72	Жеңгей – 3 рет	транскрипция-1 омиссия -2	толық эквивалент -1 омиссия -2
73	Екі ағасы – 1 рет	толық эквивалент -1	толық эквивалент -1
74	Көкесі – 1 рет	толық эквивалент -1	толық эквивалент
75	Жарықтық – 1 рет	ДЭ -1	ДЭ -1
76	Бейшара-ай – 2 рет	ДЭ -2	ДЭ -2
77	Мәссаған – 1 рет	омиссия -1	омиссия -1
78	Құдай-ау – 5 рет	омиссия -4 калька-1	омиссия -4 калька-1
79	Ойбай-ау – 4 рет	ДЭ-1 омиссия -3	ДЭ-1 омиссия -3
80	О, қыршаңқы – 1 рет	омиссия -1	омиссия -1
81	Мұрынбоқтар – 1 рет	толық эквивалент -1	толық эквивалент -1
82	Наурыз торғайды – 2 рет	генерализация -2	генерализация -2
83	Жетпегір – 1 рет	ДЭ -1	ДЭ-1
84	С-сорың құрғыр-р – 1 рет	ДЭ -1	ДЭ -1
85	Байғұс – 3 рет	омиссия -2 Толық эквивалент -1	омиссия -2 Толық эквивалент-1

3.4 «Қаблан» әңгімесінің аудармаларында ұлттық-мәдени реңктің сақталуы: салыстырмалы - салғастырмалы талдау

Ет құда – қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде ерекше мағынаға ие ұғым. *Ет құда* – бірнеше буын бойы қыз алысып, қыз берісіп, қан арқылы туыстық байланысы нығайған құдалар. Мұндай құдалық қатынас арқылы екі отбасы арасында терең туыстық байланыс орнайды. Ет құдалар арасында өзара көмек, қолдау, құрмет және тығыз қарым-қатынас сақталады. Осы атауды жазушы келесі мысалда қолданады:

Түпнұсқа (қазақша): Әкемнің *ет құдасы* біздің кәрі төбетіміз былтырғы жылы боранда қасқырға жем болған соң қолындағы асыл тұқымды қаншығы жақсы күшік туса, жекжат пен жекжаттың ит пен мысық, пышақ пен тауық алмаспайтын қазақтың қараңғы ырымын біле тұрса да дәл осы жолы оны аттап өтіп, ең жақсы арлан болады-ау деген күшігін әкеп бермек болған [130, б. 45].

Орысша (аударма): Когда в прошлом году нашего старого кобеля разорвали волки, самый *близкий сват* отца обещал отдать нам лучшего щенка, вот только

пусть сука оценится. И хоть обычай строго запрещал меж близкими дарить нож, курицу да собаку, мы с нетерпением ждали известия [131, с. 412].

Ағылшынша (аударма): When our old dog was torn apart by wolves last year, a close relative of father's promised to give him the best puppy from his bitch's next litter. Although old customs strictly forbade relatives from giving each other knives, chickens or dogs, we started waiting impatiently for news [132, p. 154].

Көріп отырғанымыздай, түпнұсқадағы ет құда орыс тіліне близкий сват деп сипаттап түсіндіріп аударса, ағылшын тіліне a close relative of father's (әкемнің жақын туысы) деп жалпылау арқылы тәржімалаған. Яғни, өзіндік орны бар жалқы туыстық атау жалпыға ауысқан, сәйкесінше мәдени бояу жоғалған. Ал орыс тілінде ет құда ұғымының нақты баламасы болмағандықтан, аудармашы бұл қатынасты сипаттамалық түрде жеткізуге тырысқан.

Ағылшын тілінде Ет құда ұғымының ұлттық ерекшелігін сақтау үшін, аудармада транслитерация мен түсіндірме қолдану тиімді болар еді: мысалы, «et quda (a close relative by marriage alliance)». Бұл тәсіл оқырманға ұлттық ұғымды түсінуге мүмкіндік береді.

«Қабағы ашылмау» фразеологизмі адамның көңілсіз, ренішті немесе ашулы күйін білдіреді. Автор түпнұсқада Қабланның психоэмоционалдық күйін әсерлі жеткізу үшін осы тіркесті қолданады:

Түпнұсқа (қазақша): Бақанасқа көшіп келгелі бері Қабланның неге екені белгісіз қабағы ашылмай-ақ қойды [130, б. 59].

Орысша (аударма): И все же с переездом на новое место Каблан был словно не в своей тарелке [131, с. 426].

Ағылшынша (аударма): Yet Kablan did not really seem his old self after we moved to these new pastures [132, p. 172].

Бұл аудармалардан түпнұсқадағы фразеологизмді екі тілде де аудармашылар мақсатты тілдегі фразеологизмдермен аударуға тырысқанын байқаймыз. Алайда орыс тіліндегі «быть не в своей тарелке» фразеологизмі қазақ тіліндегі «қабағы ашылмау» тұрақты тіркесіне толық мағыналық сәйкестікті қамтамасыз ете алмайды. «Қабағы ашылмау» – көңіл күйі болмауды білдірсе, «быть не в своей тарелке» – адамның өзін ыңғайсыз, қолайсыз сезінуін білдіреді. Сондықтан бұл аударма түпнұсқадағы көңіл-күйді дәл жеткізе алмайды, семантикалық ауытқу орын алған. Ағылшын тіліндегі аударма орыс тілінен жасалғандықтан, дәл осындай өзгеріске ұшыраған.

Жалпы, орыс тілінде бұл фразеологизмнің төмендегідей баламалары бар: «Он всё ходил хмурый», «У него всё было не по себе», «Не было на лице ни тени улыбки», «Он не радовался ничему» деген сияқты баламаларын беруге болады. Егер өз нұсқамызды ұсынатын болсақ «С тех пор как они переехали в Баканас, лицо Каблана не озарилось ни одной улыбкой» немесе «С тех пор Каблан ходил мрачный, словно туча».

Ағылшын тілінде фразеологизмнің бейнелілігін сақтау үшін келесі баламаларды қолдануды ұсынар едік: «He was in low spirits» – ол көңілсіз болды; «He was down in the dumps» – ол көңіл-күйі төмен болды; «He was out of sorts» – ол өзін жайсыз сезінді. Сонда аударма келесідей болады: «Yet Kablan seemed out

of sorts after we moved to these new pastures». Бұл аударма түпнұсқадағы фразеологизмнің мағынасы мен әсерін сақтайды.

Келесі талдауға түсетін қазақ мәдениетінде терең мағынаға ие мәтел – «Жақсы ит өлігін көрсетпейді». Ол адамның немесе жануардың өмірінің соңғы сәттерінде жалғыздықты, қадір-қасиетті сақтауды білдіреді. Бұл мәтел арқылы Дулат Исабеков Қаблан есімді иттің өлімін жалғыз қарсы алуын сипаттайды:

Түпнұсқа (қазақша): «Жақсы ит өлігін көрсетпейді» деген осы ма, әлде, ерекше туған Қаблан ақтық демін өскен жердің ауасымен алғысы келді ме екен, әкем оның денесін көшкен жұрттан тауып әкеліпті [130, б. 64].

Орысша аударма: «Хорошая собака не показывает труп свой», – говорят казахи. Наверное, и Каблан не хотел казаться жалким и ушел подальше – на старое пастбище, где и нашел его отец. Этот последний путь Каблана донельзя поразил всех, кто услышал о нем. Что помнил пес, что вспомнил он? [131, с. 430].

Ағылшынша (аударма): The Kazakhs have a saying that “A good dog never shows you his corpse”. Kablan probably did not want us to see him in his pathetic state and he had taken himself off – to the old pasture, where father had found him. That last journey of Kablan’s amazed everyone who heard about it. What memories had driven the dog forward, what had he remembered? [132, p. 177].

Демек, орыс және ағылшын тілдерінде де аудармашылар сөзбе-сөз аударма, Кунин бойынша калькалау әдісін қолданған. Сонымен қатар, екі тілде де говорят казахи/The Kazakhs have a saying that деп нақтылаған. Сол арқылы түпнұсқаның ұлттық сипатын сақтауға тырысқан. Бірақ мұндай түсінік ағылшын тілінде де бар және келесі мақал-мәтелдерінде көрініс тапқан. Мысалы: «A proud soul dies alone» – мақтанышпен жалғыз өлу, «A noble creature hides its death» – асыл жан иесі өлімін жасырады, «Even in death, dignity prevails» [172, с. 308] – өлімде де қадір-қасиет сақталады. Осыған қарамастан аудармашы орыс тіліндегі нұсқадан дәлме-дәл аударған. Орыс тілінде бұл мәтелге балама бола алатын «Настоящий волк умирает в одиночестве» [173, с. 308] деген мәтел бар.

Келесі автор қолданған «Жылайтын бала әкесінің сақалымен ойнайды» мәтелі қазақ отбасындағы әке мен бала арасындағы қарым-қатынас, мінез-құлық әдебі мен үлгісін көрсетеді. Яғни, әкесінің көп мазасын ала берген бала сөз естиді:

Түпнұсқа (қазақша): «Сол керек, сол керек саған. Жылайтын бала әкесінің сақалымен ойнайды, отыр енді!» [130, б. 55].

Орысша (аударма): Вот тебе! Сиди теперь! Если ребенок хочет плакать, дергает бороду отца, - я отряхнул с себя снег и пошел вслед овцам, не обернувшись на собаку [131, с. 423].

Ағылшынша (аударма): «Take that! Sit still now! .. If a silly child wants to cry, he pulls at his father’s beard..». I shook the snow off myself and walked on in the direction of the sheep, without turning round to look at the dog. He remained there sitting on the ground, bewildered and offended [132, p. 167].

Көріп отырғанымыздай, екі тілдегі аудармада да сөзбе-сөз, калькалау тәсілі орын алған. Тек ағылшын тілінде жай ғана бала емес, ақымақ бала (a silly child) жылағысы келсе, әкесінің сақалын тартады деп ақымақ анықтауышын қосқан.

Келесі мысал ұлттық валюта теңгеге қатысты:

Түпнұсқа (қазақша): Беріш ренжіп кетті. «Дос көңілі мың теңгелік болса керек еді, он теңгелік итіңді қимадың [130, б. 50].

Орысша аударма: Бектер уехал в черной обиде: «Любовь друга стоит тысяч. А ты пожалел собаку, цена которой-червонец .. продай!» [131, с. 417].

Ағылшынша (аударма): Bekter left the house in the blackest of moods: "The love of a friend is worth thousands. You would not part with a dog worth no more than ten roubles.... Sell him to me then! [132, p. 161].

Яғни, мәтіндегі «он теңгелік итіңді қимадың» және «Дос көңілі мың теңгелік болса керек еді» деген тіркестерде теңге орысша және ағылшынша аудармаларда келесідей амалдармен аударылған: Теңге – қазақ валютасы орыс тілінде түсінікті болу үшін червонец (ескі он рубльдік тиын) [174, с 415] деп аударылған. Бұл – тарихи тұрғыдан мақсатты аудиторияға таныс ұғым, әрі шамамен сол номиналға сәйкес. Мың теңге нақты атауы айтылмай, тысяча деп жалпыланған. Ағылшынша аудармасына келсек, орыс тілінен аударылғандықтан roubles деп берілген, рубль червонецке қарағанда ағылшын оқырмандарға таныс деген мақсатпен аударылған деп болжаймыз. Ал, түпнұсқада қазақтың теңгесі жайында айтылғаны туралы аудармашының хабары болуы мүмкін емес. «Мың теңге» → thousands (мыңдап) деп орыс тіліндегідей генерализацияланған. Демек, теңге реалиясы: орысшада – мәдени жақын «червонец» және «тысяча» арқылы, ағылшыншада – халықаралық түсінікті «roubles» және «thousands» атауларымен алмастырылған. Осылайша, оқырман үшін мағына сақталып, мәтін шетелдік мәдени ортаға бейімделеді.

Келесі талданатын мысалымыз ізін жуып-шаю, көңілі қалу және ала арқанын біржолата үзіп кету фразеологизмдерінің орыс және ағылшын тілдеріне аудармасына қатысты:

Түпнұсқа (қазақша): Ақырында әкем оған күміс сапты қамшысын беріп, үйге шақырып, ескі кірбіңнің ізін жуып-шайған болды. Ақ көңілмен ұсынылған қамшы түрткі болды ма, әлде, ол оқиғаның әлдеқашан ескіргені себеп болды ма, әкем шақырғанда ол да маңғазсымай, әйелі, үлкен қызы үшеуі кештетіп жетіп келді. Бұл жолы Беріштің көңілі қатты қалып, әкеммен арадағы ала арқанын біржолата үзіп кеткен секілді [130, б. 51].

Орысша (аударма): Отношения наладились, лишь когда отец подарил старую камчу с серебряной рукояткой да пригласил на барана со всем семейством ...Чувствовалось, что на этот раз Бектер обиделся по-черному. И больше не вернется [131, с. 418].

Ағылшынша (аударма): Bekter left the house as if for always and it took a long time before my father could calm down from that encounter. Relations only improved when my father made Bekter a present of an ancient whip with a silver handle and invited him with all his family to join us for a feast when a sheep was slaughtered [132, p. 162].

Куниинің жіктеуі бойынша осы сөйлемде берілген екі фразеологизмді талдап көрейік. Бірінші қарастыратын фразеологизм «ізін жуып-шаю» яғни бұрынғы өкпе-ренішті ұмыту, татуласу дегенді білдіреді. Орысша нұсқасында

«отношения наладились» (қарым-қатынас түзелді), ағылшынша «relations only improved» (қарым-қатынас жақсарды) деп аударылған. Кунинше – дескриптивті аударма яғни фразеологизм сөзбе-сөз аударылмай, мағынасы қарапайым сөйлеммен түсіндірілген. Екінші үзіндіде берілген фразеологизм «ала арқанын біржолата үзіп кету» бұның мағынасы араны мүлдем ұзу, қайта татуласпайтындай болу дегенді білдіреді. Орысша «Обиделся по-черному. И больше не вернется» (қатты ренжіді, енді қайтып келмейді), ағылшын тіліне «Bekter left the house as if for always» (Бектер мәңгіге кеткендей болды) деп фразеологизмдерді тұлғасын, ұлттық бояуын сақтамай, жай сөйлемдермен мағынасын жеткізіп аударған, яғни дескриптивті аударма әдісі орын алған.

Келесі талдауға түсетін қуанышым кеудеме сыймай және көз шырымын алу фразеологизмдерінің аудармасы. Мұндағы қуанышым кеудеме сыймай өте қатты қуану, қуаныштан жарылып кетердей болу дегенді білдіреді.

Түпнұсқа (қазақша): Қуанышым кеудеме сыймай, сандықтағы көк костюмді алып «самауыр» өтекпен түні бойы өтектедім, қырым етігімді жалтырата майлап, шашымды жудым. Сосын қолға былтыр ғана үйретілген шолақ тайдың жалын тарап, ер-тұрманымды сайлап, қысқасы, нағыз жігіт қалпыма келіп, таңға жуық қана көз шырымын алуға жантайдым [130, б. 54].


Орысша аударма: Кому непонятна радость, с которой достал я из сундука новенький синий костюм, купленный мне на выпускной вечер? Старый надежный чугунный утюг сам, казалось, выхолил костюм; уже ночью наваксил до блеска хромовые сапоги и представил себя в костюме синем и сапогах присборенных; наконец, умылся – даже волосы смазал репейным маслом! Седло прибрал для коня. Словом – джигит удалой! И с предвкушением успеха лег досматривать сны. Вот только взойдет солнце и сломается утренний мороз, я отправлюсь ..Но .. с рассветом все старания и сладкие грезы пошли прахом [131, с. 422].

Ағылшынша аударма: Anyone can imagine the excitement with which I took my new blue suit out of the clothes chest, the suit which had been bought for me for my school-leavers party. It was I who brought out the reliable old flat iron to give it the finishing touches. The night before the big day I polished my boots till they shone and imagined myself setting off in the blue suit and the boots gathered at the knee: finally I washed and even smoothed my hair down with burdock oil. I spruced up a saddle for my horse. In a word – the young stalwart was ready! I lay down again to complete my dreams of imminent conquest. All I had to wait for now was for the sun to come up and the morning frost to start melting and then I would set off [132, p. 166].

«Қуанышы кеудесіне сыймау» тіркесі ағылшын тіліне «excited» немесе «excitement» сөздерімен берілген. Бұл тіркес адамның ерекше қуаныш, толқу сезімін білдіреді, орысшада да «радость» сөзімен берілген. Екі тілде де эмоционалдық мәні сақталған, бірақ фразеологизмнің бейнелігі тікелей аударылмаған, яғни бұл Куниннің жіктеуі бойынша фразеологизмді фразеологиялық емес тіркеспен алмастырған. Қазақ тіліндегі қуанышым кеудеме сыймай фразеологиялық тіркесіне орыс тілінде ерекше қуаныш сезімін білдіретін мынандай баламалы аударма нұсқалары бар: «Сердце выпрыгивало от

радости», «Радости не было предела», «Я сиял от счастья», «Я едва сдерживал восторг», «Душа пела от радости» [175, с. 357]. Ағылшынша адамның шексіз қуанышын, шабытын көркем жеткізетін баламалары ретінде мына нұсқаларды ұсынамыз: «I was over the moon» (айрықша қуанышта болу), «My heart was bursting with joy», «I couldn't contain my excitement», «I was thrilled to bits», «I was on cloud nine».

«Көз шырымын алу» - аз уақытқа көз ілу, мызғып алу деген мағынада. Орысша аудармасы «...лег досматривать сны» (түстердің жалғасын көру үшін жатып қалу), ағылшын тіліне «I lay down again to complete my dreams...» деп сипаттама аудармамен берген. Егер өз баламалы аударма нұсқаларымызды ұсынатын болсақ: «Прикормнуть на минутку», «На минуту сомкнуть глаза», «Дать глазам отдохнуть», «Задремать ненадолго», «Чуть-чуть вздремнуть» [175, с. 650]. Біз ұсынатын ағылшынша баламалары: «To take a nap», «To catch some shut-eye», «To doze off», «To have forty winks», «To snooze for a bit» [176, p. 74] тіркестері аз уақыттық ұйқыны, тынығуды білдіреді.



Сурет 13 - «Қаблан» әңгімесіндегі реалиялардың орыс тіліндегі аудармасында қолданылған аударма тәсілдері


Сурет мәліметтеріне сүйенсек, ең жиі қолданылған тәсіл – оmissия (шығарылып тастау), ол 26 рет (суретте 39%) қолданылған. Бұл тәсіл белгілі бір реалияны мүлде аудармай, мәтіннен алып тастау не бейтарап баламамен ауыстыруды білдіреді. Мұндай әдіс көбіне аударылатын реалияны мағынасы түсініксіз немесе мәтіннің жалпы мағынасына әсер етпейтін жағдайда қолданылады. Алайда бұл тәсіл ұлттық ерекшелікті жасырып, мәтінді жалпылама сипатта қалдыруы мүмкін.

Генерализация (14 рет) мен дескриптивті эквивалент (12 рет) тәсілдері де едәуір жиілікпен қолданылған. Генерализация реалияның нақты мазмұнын емес, жалпылама ұғымын беру арқылы аударылады. Бұл әдіс мақсатты оқырманға түсініктілік жағынан ыңғайлы, бірақ түпнұсқадағы нақтылық пен ұлттық колориттің бір бөлігін жояды. Ал дескриптивті эквивалент – реалияның мағынасын сипаттап жеткізу тәсілі. Бұл әдіс нақты балама болмаған жағдайда аудармашыға контекстті сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Транслитерация мен экспликацияны қатар қолдану (5 рет) – реалияның дыбысталуы мен қосымша түсіндірмесін бірге беру әдісі – оқырманға әрі дыбыстық, әрі мағыналық ақпарат ұсынады. Бұл тәсіл шетелдік оқырманға бейтаныс реалияның мәнін ұғынуға сеп болады. Сондай-ақ транскрипция (2 рет), транскрипция + экспликация (2 рет) секілді фрагментарлық тәсілдер де кездеседі.

Функционалды эквивалент пен мәдени эквивалент (әрқайсысы 3 реттен) сирек қолданылғанымен, маңызды қызмет атқарады. Функционалды эквивалент – реалияның түпкі қызметін сақтай отырып, мақсатты мәдениетке сай балама табу. Мәдени эквивалент – мақсатты тілдегі оқырманға таныс, бірақ түпнұсқамен тура сәйкеспейтін баламаны қолдану. Бұл тәсіл мәтінді мәдени тұрғыдан бейімдеуге мүмкіндік береді.

Айта кету керек, транслитерация, модуляция, семантикалық қате, нақтылау, калька, жартылай калька және экспликациясыз калька сияқты тәсілдер мүлде қолданылмаған. Бұл дерек аудармашының реалияны механикалық жолмен көшірмей, саналы түрде бейімдеуге ұмтылғанын көрсетеді.



**Сурет 14 - «Қаблан» әңгімесіндегі реалиялардың ағылшын тіліндегі
аудармасында қолданылған аударма тәсілдері**

Сурет мәліметтері бойынша, ең жиі қолданылған әдіс – омиссия (35%). Бұл тәсілде реалиялар мүлде аударылмай, мәтіннен түсіріліп тасталған. Мұндай әдіс кей жағдайда мәтіннің түсініктілігін арттырса да, ұлттық-мәдени ерекшеліктің жоғалуына әкелуі мүмкін. Бұл тәсілдің жиі қолданылуы аудармашының реалияны түсіндіруден гөрі оның ықпалын жоюды таңдағанын аңғартады.

Одан кейінгі орында – генерализация (33%). Мұнда нақты ұлттық ұғым жалпыланып беріледі, яғни реалиялар шетелдік оқырманға түсінікті жалпылама атаумен ауыстырылады. Бұл әдіс мәтінді түсінуді жеңілдеткенімен, нақты тарихи-мәдени астар әлсірейді.

Үшінші кең тараған тәсіл — дескриптивті эквивалент (15%). Бұл әдіс арқылы реалиялар сипаттама арқылы түсіндіріледі. Мысалы, нақты тағам атауы немесе салт-жора жайлы дерек оқырманға егжей-тегжейлі түрде ұсынылады. Бұл шетелдік оқырман үшін пайдалы болғанымен, көркемдік тұтастыққа кері әсер етуі мүмкін.


Кейінгі қолданылғандар – мәдени эквивалент (6%) және функционалды эквивалент (6%). Бұл тәсілдерде реалиялар мәдени немесе қызметтік жағынан баламаланып беріледі. Олар аударманың бейімделу деңгейін арттырып, мәтінді мақсатты аудиторияға жақындатуға сеп болады. Алайда бұл тәсілдер, әсіресе мәдени эквивалент, реалияны түпнұсқадан алыстатып жіберуі де ықтимал.

Сирек болса да, транслитерация + экспликация әдісі қолданылған (5 жағдай). Бұл тәсіл реалияны түпнұсқалық қалпында беріп, кейіннен түсіндіру

арқылы екі жақты мақсатты жүзеге асырады: әрі ұлттық бояуды сақтайды, әрі мағынасын ашып береді.

Бір ғана жағдайда семантикалық қате орын алғаны көрсетілген. Бұл – аударманың сапасына теріс әсер ететін құбылыс, өйткені ол мағынаның бұрмалануына әкеледі. Басқа тәсілдер – транскрипция, калька, нақтылау және т.б. – бұл мәтінде мүлде қолданылмаған. Бұл факті аудармашының стильдік бірізділікті ұстанғанын білдіреді.

Жалпылай алғанда, «Қаблан» әңгімесінің ағылшын тіліндегі аудармасында реалияларды жеткізу кезінде аудармашы көбіне қарапайымдандыру (омиссия, генерализация) және түсіндіру (дескриптивті эквивалент, экспликация) жолдарын таңдаған. Бұл шешімдер мәтінді шетелдік оқырманға бейімдегенімен, ұлттық колориттің сақталуын әлсіретеді.



Сурет 15 - «Қаблан» әңгімесіндегі фразеологизмдердің орыс тіліне аударылу әдістері

«Қаблан» әңгімесіндегі фразеологизмдердің орыс тіліне аударылуы: Кунин теориясы негізіндегі аударма амалдарына талдау.

Фразеологизмдер – көркем әдебиетте ұлттық болмыс пен авторлық стильдің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Олар оқырманға кейіпкердің көңіл күйін, ұлттық менталитетті және тілдік бейнелілікті жеткізеді. Алайда фразеологиялық бірліктерді басқа тілге аудару кезінде аудармашы үлкен мәдени және лингвистикалық қиындықтарға тап болады. Осы тұрғыда А.В. Куниннің фразеологиялық аударма теориясы – фразеологиялық бірліктерді жеткізудің ғылыми-тәжірибелік негіз бола алады.. «Қаблан» повесіндегі фразеологизмдердің орыс тіліне аударылу амалдарына талдау жасалды.

Сипаттамалы (дескриптивті) аударма (3 жағдай) – фразеологизмнің бейнелі формасын емес, оның мағынасын сөзбен түсіндіру арқылы беру. Мысалы, «жүрегі зырқ ете қалды» деген тіркес орысшада «он вдруг испугался» немесе «сердце сжалось» деп сипатталып аударылуы мүмкін. Артықшылығы: мағынасы сақталады, ал кемшілігі: бейнелілік пен экспрессия жоғалады. Бұл тәсіл 3 жағдайда қолданылып, фразеологизмдердің нақты мағынасын сақтауға мүмкіндік бергенімен, олардың ұлттық және эмоциялық реңкі толық берілмеген.

Фразеологизмді фразеологиялық емес тіркеспен алмастыру (1 жағдай).

Бұл тәсілде фразеологиялық бірлік қарапайым сөз тіркесіне ауыстырылады. Мысалы, «басын тауға да, тасқа да ұрды» тіркесі «он много старался» деп берілсе, бұл осы тәсілге жатады. Оқырман үшін мәтін түсінікті болғанымен,

фразеологиялық реңк толық жоғалады. Бір жағдайда ғана қолданылған бұл әдіс мәтіннің мағынасы үшін ыңғайлы болғанымен, көркемдік бейнелеу құралын жоғалтқан.

Адаптация (2 жағдай) – фразеологизмді орыс тіліндегі соған мағынасы жағынан жақын тұрақты тіркеспен ауыстыру. Мысалы, «жүрегі мұздап кетті» тіркесін «у него все внутри похолодело» деп беру – адаптация тәсілі. Бұл аударманың эмоционалдық әсерін сақтауға мүмкіндік береді. Бейнелілік, стильдік реңк сақталады, бірақ, ұлттық ерекшелік көмескіленеді. Адаптация 2 рет қолданылып, мәтіндегі экспрессияны сақтау үшін тиімді болған.

Компенсация (3 жағдай) – түпнұсқадағы фразеологизм аудармадан түсіп қалған жағдайда, оның стильдік әсерін мәтіннің басқа жерінде қалпына келтіру. Мысалы, бір бөлімде қарапайым сөзбен берілген тұжырым, келесі бөлімде бейнелі тіркеспен толықтырылуы мүмкін: «он затаил обиду» сияқты құрылым арқылы. Артықшылығы: жалпы стилистика мен эмоция сақталады.


Кемшілігі: нақты фразеологизм танылмай қалуы мүмкін. 3 рет қолданылған компенсация тәсілі көркемдік бірлікті сақтауға септігін тигізеді.

Омиссия (4 жағдай) – фразеологизмнің мүлде аударылмай қалуы, яғни аудармада түсірілуі. Бұл көбіне аудармашы тіркестің мағынасын жеткізу қиын деп есептегенде немесе мәтінді ықшамдау мақсатында жасалады. Мәтін жеңілдетіледі, бірақ, авторлық стиль мен ұлттық колорит жоғалады. 4 фразеологизмнің түсірілуі – көркем мәтіннің эмоционалдық және мәдени мазмұнының біршама әлсіреуіне себеп болады.

«Қаблан» повесіндегі фразеологизмдердің орыс тіліне аударылуы – фразеологиялық аударманың түрлі әдістерін шеберлікпен қолдану қажеттігін дәлелдейді. Адаптация мен компенсация әдістері бейнелілікті сақтауға

мүмкіндік берсе, сипаттамалы аударма мен фразеологиялық емес тіркеспен алмастыру – мәтіннің қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Алайда оmissияның орын алуы – фразеологизмдердің ұлттық сипаты мен көркемдік әсерін төмендетеді.

Кунин теориясына сүйенсек, фразеологизмдерді аудару – жай сөздік сәйкестік емес, мағына, стиль және мәдениет арасындағы нәзік тепе-теңдікті сақтау процесі. Бұл тұрғыда аудармашының шешімдері тек лингвистикалық емес, мәдени-эстетикалық деңгейде бағалануы тиіс.



Сурет 16 - «Қаблан» әңгімесіндегі фразеологизмдердің ағылшын тіліне аударылу әдістері

«Қаблан» әңгімесіндегі фразеологизмдердің ағылшын тіліне аударылу әдістері: Кунин теориясы негізінде талдау.

Фразеологизм – тілдегі бейнелілік пен экспрессияны жеткізудің көркем құралы ғана емес, сонымен қатар халықтың мәдениеті, дүниетанымы мен менталитетінің көрсеткіші. Көркем әдеби шығарманы басқа тілге аудару барысында фразеологизмдер ерекше лингвомәдени тосқауыл тудырады. Бұл – әр

тілдің фразеологиялық қоры ұлттық сипатқа ие болғандықтан. Осы тұрғыдан алғанда, А.В. Куниннің фразеологиялық аударма теориясы – фразеологиялық бірліктерді аударуда қолданылатын әдістерді жүйелеудің тиімді тәсілі. Осы теория негізінде «Қаблан» повесіндегі фразеологизмдердің ағылшын тіліне аударылу ерекшеліктерін қарастырайық.

Дескриптивті аударма (2 жағдай) – фразеологизмнің мағынасын тура сөздермен, түсіндірме сипатындағы құрылыммен жеткізу. Мысалы, қазақ тіліндегі «жүрегі аузына тығылу» фразеологизмі ағылшын тіліне «he was extremely frightened» немесе «his heart pounded in fear» деп берілсе, бұл – сипаттамалы тәсіл. Мұнда бейнелілік әлсірегенімен, мағына анық сақталады, мағынасы жоғалмайды, түсінікті, бірақ стильдік бейнелілік жойылады.

Адаптация (1 жағдай) – түпнұсқадағы фразеологизмнің орнына ағылшын тілінде сол мағынада қолданылатын тұрақты тіркесті қолдану. Мысалы, «аузына құм құйылды» тіркесі ағылшын тілінде «he was at a loss for words» деп берілсе, бұл – адаптация. Бұл тәсіл арқылы мәтін табиғи, ағылшын тілдік жүйесіне сай қабылданады, фразеологизмнің бейнелілігі мен стильдік реңкі сақталады. Дегенмен, ұлттық сипат кейде көмескіленеді.

Компенсация (5 жағдай) – бір фразеологизмді толық не жартылай жоғалту есебінен оның стилистикалық немесе мағыналық әсерін мәтіннің басқа бөлігінде қалпына келтіру. Бұл тәсіл әсіресе ағылшын тіліне аударғанда өте тиімді. Мысалы, кей жердегі фразеологизм қарапайым сөз тіркесімен берілсе, келесі сөйлемде бейнелі құрылым қосылып, автор стилі сақталады. Бұл – аудармашының шығармашылық шеберлігінің көрсеткіші, мәтіннің экспрессиясы мен стилі жоғалмайды, дегенмен түпнұсқадағы нақты фразеологизм танылмай қалуы мүмкін.

Омиссия (5 жағдай) – фразеологизмнің мүлде аударылмай қалуы. Бұл тәсіл көбінесе күрделі немесе аударуға қиын фразеологизмдерге қатысты қолданылады. Мысалы, егер «басын тауға да, тасқа да ұрды» тіркесі аудармадан алынып тасталса, бұл – омиссия. Мұндай тәсіл мәтіннің көлемін қысқартуға көмектескенімен, фразеологиялық бояу мен кейіпкер эмоциясын жойып жібереді. Әрине, мәтін жеңіл, қарапайым оқылады, көркемдік стиль мен ұлттық колорит әлсірейді.

«Қаблан» повесінде қолданылған фразеологизмдер – қазақ тілінің көркемдік жүйесіндегі бейнелілік пен эмоционалдықты айқындайтын элементтер. Аудармашының алдында тұрған басты міндет – осы фразеологиялық құрылымдарды ағылшын тілді оқырманға жеткізе отырып, мәтіннің стилистикасын, авторлық мәнерін және ұлттық болмысын сақтау. Бұл тұрғыда сипаттамалы аударма мен адаптация әдістері түсініктілік пен табиғилықты қамтамасыз етсе, компенсация тәсілі – стильдік теңгерімді сақтауға көмектеседі. Ал омиссия әдісінің артық қолданылуы мәтінді жұтаңдатып, ұлттық реңкті жоғалту қаупін тудырады. Кунин теориясы негізінде жүргізілген бұл талдау аудармашының шеберлігін, тіл мен мәдениетті терең түсінудегі рөлін және көркем аударманың жауапкершілігін айқын көрсетеді.

Келесі кестелерде жеке-жеке ұлттық сипаттағы бірліктердің нақты қандай аударма амалымен аударма амалымен аударылғанын көреміз:

Кесте 18 - «Қаблан» әңгімесі бойынша туыстық атаулардың аударылу тәсілдері

Тілдік бірлік атауы	Орысша аударма әдісі	Ағылшынша аударма әдісі
1	2	3
Ет құдасы -1	ДЭ-1	ДЭ-1
Жекжат – 2	экспликация -2	экспликация -2
Құда – 1	омиссия -1	омиссия -1
Көке – 1	экспликация -1	экспликация -1
Десфимизм, одағай, қаратпа сөздердің аударылу тәсілдері		
Паһ-паһ, жарықтық-ай! – 2	омиссия -2	омиссия - 2
Астапыралла – 3	экспликация -1; МЭ-2	экспликация -1; МЭ -2
Алла сақтасын – 1	омиссия-1	омиссия-1
Япырмау – 1	ДЭ -1	ДЭ -1
Құдай-ау – 1	ДЭ -1	ДЭ -1
Мал атауларының аударылу тәсілдері		
Арлан ит – 1	омиссия-1	омиссия -1
Арлан – 1	генерализация -1	генерализация -1
Төбет – 20	генерализация -20	генерализация -20
Атан – 3	генерализация -1; омиссия-2	генерализация -1; омиссия -2
Жорға – 1	генерализация -1	генерализация -1
Тайынша -1	генерализация -1	генерализация -1
Саулық – 1	генерализация -1	генерализация -1
Тай -1	омиссия -1	омиссия-1
Материалдық атаулардың аударылу тәсілдері		
Жайлау – 4	генерализация -2 транскрипция -2	генерализация -2 экспликация -2
Бесік – 1	генерализация -1	генерализация -1
Дастархан -1	омиссия -1	омиссия -1
Теңге -2	генерализация -1; МЭ -1	генерализация -1; ФЭ -1
Қамба – 1	омиссия-1	омиссия-1
Қыстау – 1	ФЭ-1	ФЭ-1
Ер-тұрман – 2	экспликация -1; МЭ -1	экспликация-1; МЭ-1
Қамшы – 2	транслитерация -2	ФЭ-2
Алаша -1	омиссия -1	омиссия -1
Құрым киіз – 1	экспликация -1	генерализация -1
Ескі жұрт – 1	модуляция -1	модуляция -1
Көшкен жұрт – 1	омиссия -1	омиссия -1
Жұрт – 3	модуляция -1; омиссия-2	модуляция -1; омиссия -2
Өлшем бірлік атауларының аударылу тәсілдері		
Ат басындай – 1	омиссия-1	омиссия -1
Кере қарыс – 1	генерализация – 1	генерализация – 1

18 – кестенің жалғасы

1	2	3
---	---	---

Жер жібіген шақта – 1	омиссия-1	омиссия -1
Тай шаптырым – 1	омиссия-1	омиссия -1
Күн көтеріле бергенде – 1	ДЭ -1	ДЭ -1
Күн сәскеге таянғанда – 1	ДЭ -1	ДЭ -1
Бір тұтам -1	омиссия -1	Омиссия-1
Айран – 1	омиссия -1	Омиссия-1

3.5 «Дермене» повесінің аудармаларында ұлттық-мәдени реңктің сақталуы: салыстырмалы - салғастырмалы талдау

«Дермене» повесінің ағылшын тіліндегі аудармасы осы уақытқа дейін аударылмағандығы туралы алдыңғы бөлімдерде айтылды. Біз жазушы Дулат Исабековтың өзімен сөйлесіп, көркем аударма жасауға ресми келісім шарт арқылы авторлық құқық алдық (қосымша А). Осы тараушадағы талдауда біздің аталмыш ағылшын тіліндегі аударма негізге алынады.

Ең бірінші қарастырылатын реалия сөз «әбдіре» – қазақ тұрмысында кеңінен қолданылатын, әдетте ағаштан жасалған, киім-кешек, құнды заттар мен құжаттарды сақтауға арналған үлкен жәшік немесе сандық. Бұл бұйым көбінесе үйдің көрнекті жерінде тұрады және тұрмыстық маңызы зор.

Түпнұсқа (қазақша): Кемпір орнынан тұрып, үстіне жүк жиылған ескі *әбдіренің* аузын әрең ашып, ақ шаршыға ораған ақшаны алды [128, б. 304].

Орысша (аударма): Старуха приподняла крышку старого *сундука*, порылась там и достала белый узелочек [131, с. 169].

Ағылшынша (аударма): The old woman got up, struggled to open the lid of an old *chest* weighed down with belongings, and took out the money wrapped in a white scarf (Қосымша Б).

«Әбдіре» сөзінің орыс тіліндегі баламасы – «сундук», ағылшыншасы «chest» деп аударылған. Әбдіре мен сандық – екеуі де қазақтың дәстүрлі тұрмысында қолданылған, зат сақтауға арналған ағаш бұйымдар. Бірақ олардың қолданылу мақсаты мен сыртқы формасы жағынан кейбір айырмашылықтары бар. Екеуі де зат сақтауға арналған болғанымен, *әбдіре* әдетте маңызды немесе сирек қолданылатын заттар, құжаттар, ақша, зергерлік бұйымдар, салтанатты киімдер, сандықтан гөрі салтанатты әрі құпиялы заттар сақталатын жәшік. Пішіні жағынан сандыққа ұқсас болғанымен, кейде биігірек немесе арнаулы қақпағы мен ілгегі болады. Қазақ халқында ертеректе «әбдіре ашу» деген тіркес ерекше бір оқиғаның белгісі ретінде айтылған. Мысалы, ұзатылатын қыздың жасауын шығару кезінде. Сондықтан екі тілде де жалпы функционалдық эквивалент әдісімен реалия функциясы жеткізілгенімен, әбдіре сөзінің ұлттық реңкі сақталмаған.

Талдауға түсетін келесі реалия *тұмар* – жын-шайтаннан, жамандықтан, көз тиюден сақтайтын қасиетті зат ретінде мойынға немесе үйдің бір жеріне іліп қойылатын діни элемент және *молда* діни ұғымы.

Түпнұсқа (қазақша): Ойбай, мақұл, оған пәлен дерің бар ма. Қалған ақшаны Оспан *молданың* алдына қойып *тұмар* ап төсегінің тұсына іліп қояйық [128, б. 305].

Орысша (аударма): Хорошо. А еще купим у Оспан-муллы *тумар* -амулет и повесим на спинку его кровати [131, с. 170].

Ағылшынша (аударма): Oh, fine then. It's not like you're going to argue about it. Let's place the rest of the money before Ospan *Molla*¹⁰ and get a *tumar- protective amulet* made. We'll hang it above his bed. ¹⁰Molla – a religious title (Қосымша Б).

Түпнұсқадағы «тұмар» сөзі орыс тіліне «тумар – амулет» деп аударылған, демек орысша аудармасы «тумар» – қазақтың төл сөзі ретінде сол күйінде транслитерация әдісімен берілген. Ал «амулет» – жалпы түсінікті болуы үшін түсіндірме ретінде қосылған, яғни бұл аударма Кунин бойынша дескриптивті аудармаға жатады, себебі реалия (тұмар) өзге мәдениетке таныс емес болуы мүмкін, сондықтан мағынасын ашу үшін аудармашы қосымша түсіндірме қажет деп тапқан деп ойлаймыз. Ағылшын тілінде де транскрипция + экспликация әдістерін қолданып, мәдени реңкті сақтап қалуға тырыстық.

«Молда» реалиясы екі тілде де транскрипция тәсілімен тәржімаланған (*molla*, *мулла*), ағылшын тілінде транскрипция + мәтіннен тыс түсіндірме жасалып, экспликация әдісін қолданған.

Енді келесі мысалға назар аударайық:

Түпнұсқа (қазақша): Қырман басында Омашпен уақытша қоштасып кемпірін кеп қуантқанда да, *ауызашарға* бір топ шалдарды шақырып қарқ-қарқ күлгенде де, Оспан молдадан тұмар ап, немересінің төсегінің тұсына ілгенде де ештеңе ойламаған сияқты еді ғой [128, б. 309].

Орысша (аударма): И когда пришел домой обрадовать старуху, все время старался гнать от себя эту мысль [131, с. 175].

Ағылшынша (аударма): Even when he parted with Omash for a while by the grain pile and brought joy to his wife, or when he invited a group of elders for *iftar* and they laughed heartily, even when he took the amulet from Ospan Molla and hung it by his grandson's bed – nothing never really crossed his mind (Қосымша Б).

Жоғарыдағы мысалда «*ауызашар*» сөзі – ұлттық-діни реалия, Рамазан айында күн батқаннан кейінгі алғашқы тамақтану рәсімін білдіреді. Орысшасында мәтінде нақты аударылмаған, тек жалпылама сипатталған. «И когда пришел домой обрадовать старуху...» – бұл бөлікте «ауызашар» сөзі түсіп қалған, яғни оmissия. Жалпы аудармадан орыс тілінде сөйлемнің қысқарып көп бөлігі түсіп қалғанын көреміз. Ағылшынша нұсқасында «...when he invited a group of elders for iftar...» мұнда «ифтар» сөзінің ағылшын тіліндегі танымал қабылданған аудармасы арқылы берілген, әрі оқырманға таныс исламдық термин ретінде түсіндірмесіз қолданылған. Аудармашы фореанизация стратегиясына сүйеніп, түпнұсқаны сақтауға тырысқан.

Келесі реалия *ораза айт* – Рамазан айының соңындағы мұсылман мейрамы, айтулы діни мереке.

Түпнұсқа (қазақша): *Ораза айтқа* деп жинап жүрген тиын-тебенің, бар еді-ау осы, – деді әлден соң Тоқсанбай басын көтеріп [128, б. 304].

Орысша (аударма): Кажется, у тебя были кое-какие сбережения к *ураза айту*, – сказал он чуть погодя [131, с. 169].

Ағылшынша (аударма): «That little change you've been putting away for Eid... it's still there, isn't it?» Toksanbay asked, lifting his head after a pause (Қосымша Б).

Жоғарыдағы мысалда қазақ тіліндегі «*ораза айт*» сөзі орыс тіліне «ураза айт», ағылшын тіліне «Eid» деп ағылшын тілінде әлемге белгілі қабылданған аударма тәсілімен аударылған. Аудармашы бұл тұста – қазақтың ұлттық және діни реалиясын орыс оқырманына фонетикалық тұрғыда таныстырып, түсінігін сақтау үшін сол қалпында қалдырған, ұлттық-мәдени ұғымды бұзбай жеткізуге тырысқан. Жалпы түпнұсқада мәтіннің төменгі жағында ораза айт сөзіне «религиозный праздник мусульман» деп сілтеме берген.

Ал, жарамазан – Рамазан айында балалардың немесе жастардың үй-үйді аралап, діни өлең айтып, сый-сияпат сұрау дәстүрі.

Түпнұсқа (қазақша): Әнеукүні сенің жәрдем ақшаң келгенде үш-төрт бала *жарамазан* айтып кепті, ішінде Оспан молданың да баласы бар [128, б. 304].

Орысша (аударма): До вот еще недавно, когда получила твою пенсию, приходили тут с *жарапазаном* несколько ребятишек и с ними сын Оспан-муллы [131, с. 169].

Ағылшынша (аударма): «And remember, the other day when your pension came, three or four boys came by singing Ramadan songs – including Ospan Molla¹³'s son» (Қосымша Б).

Қазақ тіліндегі діни реалия «жарамазан» сөзі орыс тіліне «жарапазан» деп транслитерация арқылы аударылған, яғни қазақша нұсқасы сақталған, қазақы ұлттық дәстүрін білдіретін реалия ретінде сөз мағынасы бұзылмай, фонетикалық бейнесі сақталып жеткізілген. Сондай-ақ аудармашы «Традиционно-религиозное ночное пение во время уразы» деп сілтеме берген.

Егер «жарамазан» сөзін кеңірек түсініктемемен беру қажет болса, түсіндірмелі аударма (descriptive translation) тәсілін қолданып, былайша беруге де болады:

Мысалы орыс тілінде: «До вот еще недавно, когда получила твою пенсию, приходили тут с *жарапазаном* несколько ребятишек – они пели традиционные мусульманские стихи, как это принято в месяц Рамадан, и просили угощение. Среди них был и сын Оспан-муллы». Мұнда «жарапазан» сөзі сақталып, оның мағынасы нақты ашылған: «пели традиционные мусульманские стихи...» деп. Бұл әдіс оқырманға таныс емес реалияны түсіндіру үшін қолданылады. Осы тәсіл арқылы ұлттық мазмұн да жоғалмайды, әрі жалпы оқырман үшін ұғынықты болады деп ойлаймыз.

Ағылшын тіліне «...came by singing Ramadan songs...» деп «жарамазан» ұғымы жалпыға таныс қабылданған аударма (Ramadan) + экспликация (songs) арқылы жеткізілген.

Тағы бір жиі қолданысқа түсетін діни ұғым «Алла» сөзінің аудармасын талдайық.

Түпнұсқа (қазақша): «*О, алла*, - деді ол іштей ауыр бір күрсініп, - *о, алла!*» [128, б. 295].

Орысша (аударма): «*О алла*, алла, - вздыхал он» [131, с. 159].

Ағылшынша (аударма): – *Oh Allah, he sighed deeply to himself, oh Allah...* (Қосымша Б).

Екі тілде де «Алла» сөзі транслитерация арқылы беріліп, мәдени-діни ерекшелік сақталған. Бұл – реалия мен ислами терминдердің шет тілдеріне аударылуында жиі қолданылатын әдіс.

Шығармада кездескен реалия сөз тіркесі «*pətir nan*» – тандырда пісірілетін, көбіне жұқа әрі дөңгелек пішінді нан. Ол көбіне діни мерекелерде, атап айтқанда, Рамазан айының соңында, Ораза айт кезінде дайындалады. Сонымен қатар, марқұмдарды еске алу рәсімдерінде де ұсынылады.

Түпнұсқа (қазақша): Сонау мұнар таудың ар жағынан тең бөлінген *pətir nan* тәрізді жартылай көтеріліп қапты [128, б. 279].

Орысша (аударма): Когда они поднялись, оно уже наполовину выглядывало над далекими, окутанными синей дымкой вершинами гор и напоминало отломленный кусок *поминальной лепешки* – пока было смирным и безобидным [131, с. 138].

Ағылшынша (аударма): On the far side of the distant mountain, the sun had half risen evenly, like a round loaf of bread (Қосымша Б).

Аударылу жолына тоқталатын болсақ, қазақ тіліндегі «пәтір нан» тіркесі орыс тіліне «поминальная лепешка» деп аударылған, яғни орыс тілінде бұл сөз тіркесі нанның діни және еске алу рәсімдеріндегі маңызын көрсетеді. Мұнда түсіндірмелі аударма (descriptive translation) тәсілі қолданылған. Яғни, нақты баламасы жоқ мәдени реалияның мағынасы түсіндірген. Осылайша, орыс тіліндегі «поминальная лепешка» аудармасы «пәтір нанның» діни және мәдени маңызын жеткізіп тұр.

Ағылшын тіліне «...like a round loaf of bread...» деп «пәтір нан» ұғымы жалпыландырылған баламамен берілген, «пәтір» нақты аталмай, «loaf of bread» (нан) деп, ұлттық ерекшелігі жойылған, яғни генерализация әдісін қолданылған.

Төменде ыдыс-аяққа қатысты реалия «түнікелі тостақ» тіркесінің аудармасына талдау жасалды. Жалпы түпнұсқадағы «түнікелі тостақ» деп отырғаны «жіңішке қаңылтырдан жасалған тостақ» дегенді білдіреді.

Түпнұсқа (қазақша): Қақпақсыз қайнаған шай ыс татып кетеді. Мынау не, *түнікелі тостақ* па? Балам ау, түйедей нәрсені қалай байқамағансың, мә, бәрін де қайтарып бер, кісі ақысының сұрауы жаман болады [128, б. 275].

Орысша (аударма): Ну-ка, дай взгляну. – Старик раскрыл горловину мешка, поворошил содержимое. – Так ведь и знал! Что это? Чья это миска? Верни. Хуже нет – у людей должником быть! [131, с. 134].

Ағылшынша (аударма): Tea boiled without a lid picks up the taste of smoke. And what's this - a tin bowl? My boy, how could you miss something as big as a camel? Return it all. Taking what's not yours never ends well (Қосымша Б).

Ағылшын тіліне «Tin bowl» деп сөзбе-сөз аудармамен (калька) беріп, түпнұсқаның құрылымын сақтаған. Бірақ «түнікелі» сөзі ағылшын мәдениетінде сирек қолданылатындықтан, ол жалпыландырылып tin деп қана берілген, бұл генерализация тәсіліне жатады. Ал орыс тілінде нақты сипат (түнікелі) сөзі

аударылмай, жалпы атаумен «миска» деп берілген, яғни қаңылтырдан жасалған ерекшелігі түсіп қалған.

Төменде қазақ халқының киелі ас ішетін орны «дастарқан» сөзінің аудармаларына талдау жасалды.

Түпнұсқа (қазақша): Көшкен ауылдың жұртында қалған ошақтай тобарсып жататын жұпыны үйдің көңілсіз тіршілігі түн жарымы ауа кенет жанданып, ортаға *дастарқан* жайылды [128, б. 303].

Орысша (аударма): Старенький дом, стылый, словно очаг на месте ушедшего кочевья, с приходом деда и внука наполнился шумом и смехом. И будто за синими окнами не ночь, а день-деньской. Вскоре появился накрытый стол [131, с. 168].

Ағылшынша (аударма): In the village they had left behind, life in the small, poor house was slowly fading, like a cold hearth. In the quiet stillness of the night, everything suddenly came to life: a *dastarkhan*⁸ was laid out in the center of the room.

⁸ *dastarkhan* – A traditional cloth spread on the floor (or low table) for meals in Kazakh and other Central Asian cultures (Қосымша Б).

Орыс тіліне дескриптивті эквивалент әдісімен «накрытый стол» деп сол қызметті атқаратын баламасы арқылы берілген, ал ағылшын тіліне «*dastarkhan*» деп транслитерация арқылы берілген және сілтеме арқылы түсіндірілген. Қазақ ұғымында «дастарқан» сөзінің астарына жай ғана тамақтанатын орын емес, сол үйдің жайылған ақ дастарқаны арқылы ниеті, пейілі, дархандығы, ықыласы, қонақжайлылығы, кішіпейілділігі, қамқорлығы сияқты көптеген адами қасиеттер сыйып жатыр.

Түпнұсқа (қазақша): Арада тағы бірер жыл өткенде бұлардың *шаңырағы айналып ортаға түсті* [128, б. 303].

Орысша (аударма): Но нет, еще одна – страшная и неожиданная постучалась однажды в счастливую дверь их дома [131, с. 131].

Ағылшынша (аударма): Over the years, many misfortunes had knocked on his door (Қосымша Б).

«Шаңырағы айналып ортаға түсті» фразеологизмі – қазақ тілінде отбасының басына ауыр қайғы түсуін, отбасының ойран болуын білдіретін тұрақты тіркес. Орыс тіліндегі аудармасында: «...еще одна – страшная и неожиданная постучалась однажды в счастливую дверь их дома» модуляция әдісімен, яғни фразеологизм тікелей емес, эмоциялық-мағыналық баламамен беріліп, ауыр оқиғаның келуін «страшная и неожиданная» деп суреттеген, бірақ фразеологизмнің ұлттық реңкін сақтамаған. Ағылшын тіліндегі нұсқасында эквиваленттік аударма: себебі “misfortunes had knocked on his door” деп идиомамен тәржімаланған.

Түпнұсқа (қазақша): Түу-уһ! – Анау қолын сілтеп, жерге шырт түкірді де, иығын қозғап қалған екеуіне қарады. – Түсіндіріңдерші мына шалға. Домбырам не дейді, мен не деймін дегендей...[128, б. 303].

Орысша (аударма): Түсіп қалған [131, с. 132].

Ағылшынша (аударма): «Tchuh!» He flicked his hand, spat sharply on the ground, then glanced at the two who had twitched their shoulders. «Go on, explain it

to this old man. You know - like my dombra plays one tune, and I'm singing another...» (Қосымша Б).

«Домбырам не дейді, мен не деймін» мәтелі орыс тілінде мүлдем аударылмай түсіп қалған. Ағылшыншасында «Like my dombra plays one tune, and I'm singing another» деп мазмұн сақталған. Бұл жерде модуляция әдісімен түпнұсқадағы ойды өзгертіп, өзге формада жеткізілген. Сонымен қатар, “dombra” сөзі транслитерациямен беріліп сақталған.

Ендігі атау *кебіс* – қазақ халқының дәстүрлі аяқ киімі, көбінесе былғарыдан жасалып, үй ішінде киіледі. Ол көбінесе әйелдер мен ерлерге арналған арнайы үлгілерде тігіледі және сәндік элементтермен безендірілуі мүмкін.

Түпнұсқа (қазақша): Тоқан жерді *кебісімен* қаси басып оның жанына келді де, «иә, айта бер» дегендей алақандай төсенішке күйрек басты. [128, б. 288.

Орысша (аударма): Цепляясь за траву носками кожаных *кебисов*, он несмело приблизился к Омашу и присел рядом на крохотную подстилку [131, с. 151].

Ағылшынша (аударма): Тоқан¹ shuffled over silently, his slippers scraping the dirt, and sat on the edge of a small mat as if to say, «Go ahead, I'm listening» (Қосымша Б).

Қазақ тіліндегі *кебіс* сөзі орыс тіліне *кожаные кебисы* деп аударылып, бұл сөз тіркесі аяқ киімнің материалын (былғары) және түрін (*кебіс*) нақтылап көрсетеді. Бұл жағдайда *кебис* – түпнұсқа сөз транслитерацияланған және түсіндіріп дескриптивті тәсілді қолданған. Яғни, нақты баламасы жоқ мәдени реалияның мағынасы түсіндіріледі.

Ағылшын тілінде *slippers* – жалпы мағынада берілген, ұлттық ерекшелігі жоғалған.

Төменде мал шаруашылығында кеңінен қолданылатын *бір қара, саулық* сөздерінің аудармаларына тоқталамыз. Жалпы *қара* сөзі қазақ тілінде ірі қара малды (сиыр, өгіз, бұқа) білдіреді. *Бір қара* дегеніміз – бір бас ірі қара мал. Ал *саулық* – аналық қой [153, б. 120].

Түпнұсқа (қазақша): Қайткен күнде де *бір қараның* бес алты *саулықтық* құны бар [128, б. 279].

Орысша (аударма): Может, и не десяток, конечно, однако пяток – это уж точно [131, с. 139].

Ағылшынша (аударма): Anyway, one cow is worth five or six sheep (Қосымша Б).

Орысша аудармасында бұл сөз тіркесі тікелей аударылмай, контекстке сәйкес «пяток» (бес бас мал) деп берілген. Қазақ тіліндегі «бір қараның бес-алты саулықтық құны бар» деген тіркес мал бағасының салыстырмалы өлшемін білдіреді. Орыс тіліне аударғанда, нақты атаулар омиссияға ұшырап, мағынасы мен контексті сақталып, жалпы түсінік берілген. Ағылшын тілінде мағына толық жеткізілген, бірақ қара, саулық деген ұлттық колорит жоғалған.

Түпнұсқа (қазақша): Құдай қаласа ендігі бұзауын қабыққа байлап, күзге салым деңгене қыламыз да, пұлына уақ мал аламыз [128, б. 279].

Орысша (аударма): даст бог, откормим теленка, сдадим осенью в «заготскот», да еще и десяток овец купим [131, с. 139].

Ағылшынша (аударма): If God allows, we'll tether the next calf in the pen, and come autumn, when the winds grow sharp, we'll sell it and trade the money for a few head of small livestock (Қосымша Б).

Жоғарыдағы мысалда түпнұсқадағы ұлттық-мәдени реалиялар орыс және ағылшын тілдеріне түрлі аударма әдістерімен тәржімаланған. «Құдай қаласа» діни-мәдени реалия орыс тіліне «Даст бог», ағылшын тіліне «If God allows» деп мәдени эквивалентпен аударылған. Мағынасы сақталған, бірақ ұлттық реңк аздап бейтарапталған. Сондай-ақ, «қабыққа байлау» мал шаруашылығына қатысты ұлттық реалия орыс тілінде омиссияға ұшыраған. Ал ағылшын тіліне «tether the next calf in the pen» деп реалия мағынамен түсіндірілген, яғни экспликация әдісімен бейімделіп жеткізілген. «Денгене қыламыз» қазақ тұрмысындағы шаруашылық әрекетті білдіретін реалия (мал семірту, бордақылау). Орысша «откормим теленка» деп функционалды эквивалентпен мағынасы дәл берілген, бірақ ұлттық атауы сақталмаған. Ағылшынша «we'll sell it», алғашқы мағынасы «семірту» түсірілген. «Уақ мал» мал шаруашылығына қатысты нақты термин (қой-ешкі т.б.). Орысша «десяток овец» деп, яғни тек қой деп конкреттендірілген, жартылай дәл емес. Ағылшынша «a few head of small livestock» қазақы ұғым дәл сақталған.

Қазақ халқы уақытқа қатысты өлшем бірлік атауларына өте бай. Соның бірі «Шолпан сәскелікке кіріп» тіркесінің орыс және ағылшын тілдеріне қалай жеткізілгендігіне тоқталайық.

Түпнұсқа (қазақша): Ұрлықы дермене бірден көзге ұрмасын деп бір арбаны екі-үш шөмелеге бөліп түсіріп, үсті-бастарын қағып-сілкігенде *Шолпан сәскелікке келіп*, өзге жұлдыздар семе бастады [128, б. 294].

Орысша (аударма): Они сместили ворованную дермене. *Рассвет приближался стремительно*, однако теперь спешить было уже некуда, разве только арбу в аул отогнать [131, с. 158].

Ағылшынша (аударма): To keep the stolen dermene from drawing attention, they unloaded a single cart's worth across two or three piles. After brushing the dust from their clothes, *Sholpan⁹ stood high in the late-morning sky*, and the other stars began to fade (Қосымша Б).

«*Шолпан сәскелікке келіп*» тіркесі орыс тіліне жалпы генерализация арқылы аударылған: «*Рассвет приближался стремительно...*» деп берілген. Яғни, нақты «Шолпан» (таң жұлдызы) мен «сәскелік уақыт» көрінісі аударылмай, жалпы таңғы уақыт сипатында берілген. Ал ағылшын тілінде «Sholpan stood high in the late-morning sky, and the other stars began to fade» деп транслитерация арқылы sholpan – қазақша атауы өзгеріссіз қалдырылған (мәдени реалия ретінде) және экспликация + модуляциямен «сәскелікке келіп» тіркесі «stood high in the late-morning sky» деп уақытты нақты сипаттап, Шолпанның аспанда биіктеуін жеткізген.

Келесі туыстық атауға қатысты сөз «көке».

Түпнұсқа (қазақша): «Көке! Дейді бұ күшік Көке дейді ... [128, б. 295].

Орысша (аударма): Но не меня и не бабу позвал он во сне на помощь. Видно, как ни старайся, не в силах мы заменить ему отца и мать ...» [131, с. 158].

Ағылшынша (аударма): Köke!... the boy says. Köke... he says...

Köke¹³ – A Kazakh term for «father», often used in southern dialects and affectionate speech (Қосымша Б).

«Көке» сөзі екі тілге әртүрлі аударма тәсілдерімен берілген: орыс тілінде экспликация арқылы мағынасы нақты берілмей, сөйлемнің жалпы мазмұны арқылы «ата-ана орнына жүре алмадық» деген идеямен жеткізілген. Бұл тұста толық мағыналық баламасы берілмей, астарлы түрде жеткізілген. Ал ағылшын тілінде транслитерация + экспликация әдісі қолданылған. «Köke» деген сөз түпнұсқа күйінде транслитерациямен сақталып, астына түсініктеме берілген.

Түпнұсқа (қазақша): *Шал* мен бала заттарын буып-түйіп, екеуі *білте шамның* жанында шоқиып-шоқиып отыр екен [128, б. 290].

Орысша (аударма): *Старик* с внуком сидели молчком возле керосиновой лампы, увязав в тюки свое барахло [131, с. 153].

Ағылшынша (аударма): *The old man* and the boy had packed their belongings and were sitting close by the dim wick lamp, knees tucked up (Қосымша Б).

«Шал», «білте шам» сөздері – ұлттық-мәдени реңкі бар лексикалық бірліктер. Аудармаларда төмендегідей тәсілдер қолданылған: *Шал* сөзі орыс тіліне *старик*, ағылшын тіліне *the old man* деп функционалды эквивалентпен берілген, яғни жалпы мағынасы жеткізілген, бірақ қазақы *шал* сөзінің ұлттық, тұрмыстық реңкі көмескіленген. Ал *білте шам* сөзі орыс тіліне *керосиновая лампа* деп функционалды эквивалент тәсілі арқылы *білте шам* ұғымын орыс тіліндегі нақты түсінікті зат атауымен алмастырған. Ағылшыншасында «dim wick lamp» яғни мұнда «wick lamp» деп функционалды балама арқылы берілген, «білте» сөзі «wick» деп дәл жеткізілген.

Қазақ ұғымындағы *құдайы қонақ* дегеніміз кім? *Құдайы қонақ* – арнайы шақырылмаған, жол-жөнекей келе жатып, таныс емес үйге қонақ болып түскен жолаушы. Қазақ халқында мұндай қонақты ерекше құрметпен қарсы алып, барын салып күту дәстүрі бар. Бұл дәстүр ислам мәдениетімен де тығыз байланысты, өйткені жолаушының дұғасы қабыл болады деген сенім бар.

Түпнұсқа (қазақша): Далада қонбай ел ішіне жетіп алайын дейтін күн әлі кеш емес, бәрі бөтен ауылдың қайсы үйіне бас сұғып, *құдайы қонақ* едім дейді. Өлде айдың күні аманында үйге қайтып – ақ кеткені жөн бе екен? [128, б. 277].

Орысша (аударма): Солнце стояло еще в зените, до вечера далеко, и можно было не опасаться, что не доберешься до какого-нибудь жилья, останешься ночью в голой степи. Но кому приятно соваться в чужой дом *божьим странником*? Так тебя и дожидаются в неродном ауле! Может быть, пока и дела-то, по существу, никакого не сделано, подобру-поздорову домой? [131, с. 135].

Ағылшынша (аударма): But in a strange aul, whose door could he knock on and say, «I am a traveler, a guest of God»? *a traditional Kazakh term meaning a stranger who must be offered hospitality (Қосымша Б).

«Құдайы қонақ» тіркесінің аударылу тәсілдері: орыс тілінде *божий странник* тіркесі мәдени және діни контексте *құдайы қонаққа* жақын түсінік береді, яғни бұл тұста модуляция әдісі қолданылған. Бұл сөз тіркесі қазақ халқының қонақжайлық дәстүрін және жолаушыны құрметтеу мәдениетін

жеткізеді. Ағылшынша аудармасында «a traveler, a guest of God» деп әрі түсіндірме арқылы нақты мағынасы төменгі жолда көрсетілген: «a traditional Kazakh term meaning a stranger who must be offered hospitality». Бұл жерде аудармашы экспликация әдісі арқылы мәдени ерекшелікті сақтап, түсіндірген.

Келесі сөйлемде бірнеше ұлттық сипаттағы сөздердің орыс тіліне қалай жеткізілгендігін талдайтын боламыз.

Түпнұсқа (қазақша): *Астапыралла! Байқамай қалғанымды қарашы. Қорқып қалдың ба, құлыным! Кел таңдайыңды басайын.* Қарт немересінің қарсылық білдіргеніне қарамастан, оның мойнын өзіне күштеп бұрды да, басын қыса құшақтап тұрып, *көз ілеспес жылдамдықпен* таңдайына ағаш қасықтың сабындай ұзын саусағын сүңгітіп алды [128, б. 278].

Орысша (аударма): *Астапыралла! Как же я не подумал? Испугался, жеребеночек мой? Иди ко мне. Прижму небо – испуг и пройдет ...* Не обращая внимания на сопротивление внука, старик силком повернул к себе его голову, раскрыл рот и молние-носно прижал свой жесткий, как ручка деревянной ложки, палец к его небу [131, с. 137].

Ағылшынша (аударма): «Astaghfirullah⁴!» look at that, I didn't even notice how it happened. Did I scare you, my little colt?

⁴Astaghfirullah - an exclamation expressing fear or surprise, similar to «Oh Lord!» or «God forbid!» (Қосымша Б).

Астапыралла – қазақ тіліндегі діни сипаттағы таңданыс немесе қорқыныш білдіретін сөз. Екі тілде де оған дәл балама жоқ, сондықтан түпнұсқаны сақтау аудармашының дұрыс шешімі болып табылады. Ағылшын тілінде қосымша түсіндірме де берілді. Одан кейінгі тіркес «*кел таңдайыңды басайын*» орыс тіліне «*прижму небо*» деп аударылған. Бұл қазақ халқында баланың қорқынышын басу үшін таңдайын басу дәстүрі. Орысша аудармада бұл әрекет түсінікті етіп берілген. Сондай-ақ «*көз ілеспес жылдамдықпен*» тіркесі орыс тіліне «*молниеносно*» деп аударылған, бұл «*найзагай жылдамдығымен*» деген мағына береді. Аудармада бұл тіркес жылдамдықты бейнелеуде сәтті қолданылған. Келесі қаратпа сөз *құлыным* сөзі қазақ тілінде еркелету, мейірімділік білдіретін сөз. Орысша аудармада *жеребеночек мой* деп берілген, бұл да еркелету мағынасын жеткізеді.

Аудармашы түпнұсқаның мағынасын сақтай отырып, кейбір сөздерді тікелей аудармай, орыс тілінің мәдениетіне сай баламалар қолданған. Бұл аудармада түпнұсқаның рухы мен мәні сәтті жеткізілген.

Келесі діни реалия *айт* сөзі араб тілінен шыққан *ал-ғиду* сөзінен туындап, «праздник», «торжество», «радость» деген мағыналарды білдіреді [175, с. 560]. Қазақ мәдениетінде *айт* сөзі көбінесе екі үлкен мұсылман мейрамын білдіреді: олар ораза айт – рамазан айының аяқталуын білдіретін және құрбан айт – құрбан шалу мейрамы. Біз қарастырып отырған мысалда қалай аударылғанына тоқталайық.

Түпнұсқа (қазақша): Алда *айт* келе жатыр, өрік-мейізді көп қып ал, көп қып ал, – деп шалына қайта-қайта тапсырды [128, б. 306].

Орысша (аударма): *Айт* скоро. Не забудьте урюка да изюма побольше набрать. Пусть и на нашем дастархане будет изобилие [131, с. 172].

Ағылшынша (аударма): «Eid is coming - get plenty of dried apricots and raisins, plenty of them!» she kept telling her husband again and again (Қосымша Б).

Қазақ тіліндегі *айт* сөзі орыс тіліне көбінесе *праздник* немесе нақты атауы бойынша *ораза айт* деп аударылады. Мысалы, жоғарыдағы сөйлемде *айт* сөзі тікелей аударылмай, «айт скоро» деп берілген, яғни «айт жақындап қалды» деген мағынада. Орыс тілінде бұл мейрамдар көбінесе өз атауларымен, яғни «ораза айт» және «қурбан айт» деп аталады. Сондай-ақ, «айт» сөзі «празднование», «разделение радости», «отвечать взаимностью» деген мағыналарды да қамтиды. Жоғарыдағы мысалда «айт» сөзі орыс тіліне транслитерация амалы арқылы берілген. Сөз сол күйінде орыс тілінің дыбысталу жүйесіне икемделіп «айт» деп аударылған. Бұл – ұлтқа, дінге тән реалияны (мәдени ұғымды) сақтауға тырысқанын, «айт» деген сөзді қазақша қалпына жақын түрде сақтап, мәтіннің ұлттық-мәдени ерекшелігін жеткізу мақсатын көздегенін көреміз. Осы контексте оқырман «айт» деген сөзді түсініп алуы үшін астарлы мағынада «өрік пен мейізді көбірек ал» дегені – айт мейрамына дастарқан жайылады деген тұспалмен айтылып тұрғаны байқалады. Сондықтан «айт» сөзі аудармада тікелей түсіндірілмегенімен, контексте мейрам екені айтылып тұр (мәдени экспликация бар). Ағылшын тілінде «eid» деп транслитерациямен берілген – бұл халықаралық қолданыстағы ислам мерекесінің атауы. Контекстке байланысты бұл жерде Eid al-Fitr (Ораза айт) меңзеліп тұр. Қосымша түсіндірме берілмесе де, ағылшын оқырманы үшін «eid» сөзі жеткілікті түсінікті.

Келесі аударма талдауға түсетін тіркес «Малдас құрып отыру» – бұл аяқ-қолды айқастырып, екі аяқты тізеден бүгіп, тізені екі жаққа жіберіп, бір-бірінің үстіне қойып отыру қалпы. Бұл – қазақ халқына тән дәстүрлі, ұлттық отырыс үлгісі. Көбінесе үйде дастархан басында немесе үлкен кісілермен әңгіме-дүкен құрғанда осылай отыру әдетке айналған. Малдас құрып отыру – үлкенге құрмет, әдептілік пен тәртіптіліктің белгісі. Бұлай отыру жерге жақын, тепе-теңдік сақтауға қолайлы және денсаулыққа өте пайдалы, бұл қалып омыртқа мен бұлшықеттердің дұрыс жұмыс істеуіне, қан айналымының жақсаруына көмектеседі. Көптеген ұлттық салт-дәстүрде (мысалы, бата беру, құда күту, келін түсіру т.б.) адамдар осылай отырады. Басқа елдерде, мысалы, Жапония немесе Үндістанда да осыған ұқсас отырыс үлгілері бар, бірақ әрқайсысының өзіндік мәні мен ережесі болады.

Түпнұсқа (қазақша): Осы бір жапырақ қара бала үшін май боп еріп, жалпылдақ боп жанып кетуге дайын кушиған кемпір оны бұрынғысындай қасына отырғызып, айналып-толғанып, біраз мауқын басып алғысы келіп еді, баласы түспегір ұяла ма қайтеді, төмен қарап күлімсіреді де, өзі мен шалдың қақ ортасына *малдас құрып отырып*, байсалды кейіппен шай ішуге кірісті [128, б. 303].

Орысша (аударма): Старуха глаз не может отвести от внука. Давно ли, казалось, был совсем ребенком, а сейчас вон какой – выросший, повзрослевший. Она хотела по привычке садить его рядом с собой, поласкать, но он вдруг

стеснялся, отодвинулся с виноватой улыбкой и как-то слишком поспешно принялся за чай [131, с. 303].

Ағылшынша (аударма): The old woman, who would've melted like butter, burned herself to embers for this one small boy, now longed to sit him down beside her, wrap him in affection, and soothe her aching heart. But the boy—perhaps out of shyness, or some quiet pride—only smiled faintly with lowered eyes, then crossed his legs and sat squarely between the old man and her, calmly sipping his tea (Қосымша Б).

Түпнұсқадағы «малдас құрып отырып» тіркесі орыс тілінде нақты аударылмай, баланың әрекеті мен көңіл күйі арқылы сипатталған.

Ағылшынша аудармасында: «...then crossed his legs and sat squarely between the old man and her...» деп, яғни «crossed his legs» – «малдас құрып отыруды» сипаттап дескриптивті эквивалентпен тәржімаланған. Қазақтың отыру қалпын толықтай бере алмағанымен, ағылшын тілді оқырман үшін түсінікті етіп жеткізілген.

Түпнұсқа (қазақша): Сөйтіп, ұрса ұршық сындыра алмайтын шал мен бала тепсе темір үзетін үш жігітке қайтып баруды қор санап, ай далада екеуден екеу қалды [128, б. 278].

Орысша (аударма): вот так и случилось, что древний старик, не способный даже веретена переломить, да неокрепший подросток остались вдвоем в открытой степи, считая для себя унижительным вернуться к тем, кто прогнал их прочь [131, с. 138].

Ағылшынша (аударма): Thus, the old man, who couldn't snap a spindle even if he tried, and the boy, light as a feather himself, thought it beneath them to return to the three iron-limbed lads - and so they remained, just the two of them, alone in the boundless steppe (Қосымша Б).

Әлсіз қартты көрсету мақсатында қолданған «Ұрса ұршық сындыра алмайтын шал» тіркесі орысшада «древний старик, не способный даже веретена переломить», ағылшын тілінде «the old man, who couldn't snap a spindle even if he tried» деп функционалды эквивалентпен мағынасын сақтап жеткізген. «Тепсе темір үзетін үш жігіт» ұлттық сипаттағы тұрақты тіркес, күшті, батыр жігіттерге қатысты қолданылады. Орыс тілінде оmissияға ұшыраған, ағылшын тілінде «the three iron-limbed lads» ағылшын тіліне сәйкес формада модуляциямен жеткізілген.

Қыз айттыру – бұл болашақ күйеу мен қалыңдықтың ата-аналары немесе туыстары арасында неке туралы алдын ала келісім жасау рәсімі. Кейде бұл келісім балалар дүниеге келмей тұрып немесе олар сәби кезінде жасалатын болған. Бұл салттың бірнеше түрі бар: бел құда – балалар дүниеге келмей тұрып жасалған келісім; бесік құда – нәрестелердің бесікте жатқан кезінде жасалған келісім; қарсы құда – екі жақтың бір-біріне қыздарын беру арқылы жасалатын өзара келісім. Бұл дәстүр қазақ қоғамында туыстық байланыстарды нығайту, әлеуметтік қатынастарды реттеу мақсатында маңызды рөл атқарған.

Түпнұсқа (қазақша): Пайлап жүріп, тәуір жерден *қыз айттырып* қойсақ та теріс болмас еді [128, б. 305].

Орысша (аударма): Нелишне было бы, пока живы, и девушку ему *сосватать*, – мечтала старуха [131, с. 170].

Ағылшынша (аударма): «It wouldn't hurt if we quietly arranged for a nice bride along the way», the old woman added wistfully (Қосымша Б).

Мұнда «қыз айттырып қою» тіркесі орыс тілінде «девушку ему сосватать», ағылшын тілінде «arranged for a nice bride» деп мәдени эквиваленттерімен аударылған. Бірақ олар әрине қазақтың қыз айттыру дәстүрінің егжей-тегжейін жеткізе алмайды.

«Той-томалақ» – қазақ халқының дәстүрлі салт-дәстүрлеріне байланысты өткізілетін мерекелік жиындарды білдіреді. Бұл тіркес орыс тіліне тікелей баламасы жоқ, сондықтан аудармада оның мағынасы түсіндірмелі түрде беріледі. Мысалы, төменде келтірілген аудармада «той-томалақ» тіркесі нақты аударылмай, жалпы шығындар туралы айтылған. Бұл аудармада түпнұсқаның мағынасы толық жеткізілмеген.

Түпнұсқа (қазақша): Той-томалақ бар, құда-жекжаттардың киім-киіті бар дегендей, бәрі де ақша ғой [128, б. 305].

Орысша (аударма): Только при нашей с тобой жизни к этому надо заранее готовиться: расходов будет – уйма, сам знаешь ... Чтоб врасплох не застало .. [131, с. 171].

Ағылшынша (аударма): Wedding, relatives, gift clothes for the in-laws – it all takes money. What if, when the time comes, we're left empty-handed? (Қосымша Б).


Құда-жекжат – қазақ халқында үйлену арқылы туыстық қатынас орнатқан екі жақтың (қыз жағы мен жігіт жағының) туыстары мен жақындары. Бұл ұғым дәстүрлі отбасылық, әлеуметтік байланыстар жүйесінде ерекше орын алады. Құда деген кім? Құда – балалары (ұлы мен қызы) үйленген екі жақтың (ата-аналарының) бір-біріне қатысы. Яғни: қыздың әкесі мен жігіттің әкесі – бір-біріне құда. Құдалық – қыз ұзатып, келін түсіру арқылы орнайтын туыстық қатынас. Ал жекжат дегеніміз неке арқылы туысқан адамдардың кеңейтілген атауы. Бұл: құдалар ғана емес, олардың басқа туыстары (әпке-інісі, аға-қарындасы, жиені, т.б.) арасындағы туыстық байланыстарды да қамтиды. Мысалы, құдалардың балалары да – жекжат. Қысқаша айтқанда: құда – нақты күйеу мен қалыңдықтың ата-аналары. Жекжат – неке арқылы туыс болған бүкіл екі жақтың туыстары. Бұл түсініктер қазақ мәдениетінде өте маңызды, себебі туыстық қарым-қатынасқа, үлкенге құрмет көрсетуге негізделген.

Сондай-ақ киім-киіт – қазақтың дәстүрлі мәдениетінде құда-жекжат арасында, сондай-ақ салт-дәстүрлерге байланысты (мысалы, құда түсу, қыз ұзату, келін түсіру сияқты) тартылатын сыйлықтар мен бағалы киім-кешек атауы. Бұл – туыстық қатынасты нығайту, құрмет көрсету және салт-дәстүрді сақтау мақсатында берілетін заттар. Ертеде киім-киіттің мазмұнына мыналар кірген: бағалы шапан, камзол, тон; әйелдерге арналған сәндік бұйымдар (сәукеле, кимешек); ерлерге арналған киім (шапан, етік, бөрік); тұрмыстық бұйымдар немесе басқа сыйлықтар. Мысалы: құдалар келгенде киіт кигізу – оларды құрметтеп қарсы алу, арнайы сыйлықтар беру; келін түсірген үйдің ата-анасы

құдаларға киіт жібереді. Киіт – қазақ халқының әлеуметтік-мәдени өмірінде ерекше маңызға ие, туыстық қарым-қатынасты бекемдеудің бір жолы.

Енді аудармаға назар аударсақ, біз қарастырып отырған мысал орысшаға аудармасында той-томалақ, құда-жекжат, киім-киіт атаулары омиссияға ұшыраған, жалпылама шығын деп берілген. Ал ағылшынша аудармасында: той-томалақ – wedding, құда-жекжат – relatives / in-laws түрінде берілген, киім-киіт – gift clothes for the in-laws деп мәдени эквивалент және экспликация көмегімен түсіндірілген.

Келесі суретте «Дермене» повесіндегі реалия сөздер аудармасында қолданылған аударма әдістерінің сандық көрсеткішін көреміз:



**Сурет 17 - «Дермене» повесіндегі реалиялардың орыс тіліндегі
аудармасында қолданылған аударма әдістері**

Көркем әдеби шығармаларда қолданылатын реалиялар – белгілі бір ұлттың мәдениеті мен тұрмысын көрсететін ерекше лексикалық бірліктер. Аударма барысында бұл реалияларды басқа тілге жеткізу – аудармашының шеберлігін, мәдениетаралық түсінігін және шығармашылық қабілетін талап етеді. А.В. Куниннің фразеологиялық аударма теориясы негізінде «Дермене» әңгімесіндегі

реалиялардың орыс тіліне аударылу әдістерін талдай отырып, әр тәсілдің тиімділігі мен кемшіліктерін қарастырамыз.

Функционалды эквивалент (73 жағдай) – бұл тәсілде аударма тілінде түпнұсқадағы реалияның мағынасына сәйкес келетін сөз немесе тіркес қолданылады. Мысалы, қазақ тіліндегі «қазан» сөзі орыс тілінде «казан» деп аударылғанда, бұл – функционалды эквивалент. Бұл тәсіл оқырманға таныс ұғымды жеткізуге мүмкіндік береді, ұлттық нақыш сақталады, кейде нақты баламасы болмайды, мәдени айырмашылықтар түсініспеушілік тудыруы мүмкін.

Мәдени эквивалент (12 жағдай) – бұл тәсілде түпнұсқадағы реалияның орнына аударма тілінде сол мәдениетке тән балама қолданылады. Мысалы, қазақтың «бәйге» сөзі орыс тілінде «скачки» деп аударылуы мүмкін. Бұл тәсіл оқырманға таныс мәдени контексте түсінікті болады. Мұнда мәдени сәйкестік сақталады, бірақ ұлттық ерекшеліктер жоғалуы мүмкін және түпнұсқаның мәнері өзгеруі ықтимал.

Генерализация (18 жағдай) – бұл тәсілде нақты реалияның орнына жалпы ұғым қолданылады. Мысалы, «қазақ үйі» тіркесі «шатыр» деп аударылуы мүмкін. Бұл тәсіл түсінікті болғанымен, түпнұсқаның нақтылығы жоғалады. Бұл әдіс түсінікті әрі қарапайым, бірақ ұлттық нақыш жоғалады, мәтіннің көркемдігі төмендейді.

Дескриптивті эквивалент (35 жағдай) – бұл тәсілде реалияның мағынасы түсіндірмелі түрде беріледі. Мысалы, «қамшы» сөзі «казахский национальный инструмент» деп аударылуы мүмкін. Бұл тәсіл оқырманға нақты түсінік береді, бірақ мәтіннің көлемін арттырады. Сондай ақ, мағына толық беріледі. Мәтіннің көлемі ұлғаяды, стильдік ерекшеліктер жоғалуы мүмкін.

Омиссия (83 жағдай) – бұл тәсілде реалия аударылмайды, яғни мәтіннен түсіріледі. Бұл тәсіл кейде мәтіннің көлемін қысқартуға мүмкіндік береді, бірақ ақпараттың жоғалуына әкеледі.

Транскрипция (20 жағдай) – бұл тәсілде реалияның дыбыстық түрі сақталып, аударма тілінде беріледі. Мысалы, «қазақ» сөзі «kazakh» деп жазылуы мүмкін. Бұл тәсіл түпнұсқаның дыбыстық ерекшелігін сақтауға мүмкіндік береді. Артықшылығы дыбыстық ерекшелік сақталады және

түпнұсқаның нақышы беріледі. Кемшілігі мағына түсініксіз болуы мүмкін және оқырманға қиындық туғызады.

Транскрипция-экспликация (1 жағдай) – бұл тәсілде реалияның дыбыстық түрі беріледі, сонымен қатар оның мағынасы түсіндірмелі түрде қосылады. Мысалы, «қамшы» сөзі «kumshy (казахский национальный инструмент)» деп аударылуы мүмкін. Бұл тәсіл оқырманға толық түсінік береді.



Сурет 18 - «Дермене» повесіндегі фразеологизмдердің орыс тіліне аударылу әдістері

Сурет деректері көрсеткендей, ең жиі қолданылған әдіс – сипаттамалы аударма (18 рет). Бұл әдіс фразеологизмнің мағынасын бейнелі құрылымсыз, жай сөйлем арқылы түсіндіруді білдіреді. Мұндай амал мәтіннің мағынасы мен мазмұнын нақты әрі анық жеткізуге мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл жағдайда фразеологизмнің бейнелілігі мен көркемдік әсері әлсірейді. Дегенмен, мақсатты оқырман үшін түсініктілікті қамтамасыз ету тұрғысынан сипаттамалы аударма тиімді құрал болып отыр.

Компенсация (10 рет) және омиссия (10 рет) әдістері де бірдей жиілікте қолданылған. Компенсация әдісі – түпнұсқадағы фразеологизмнің әсерін мәтіннің басқа бөлігінде қалпына келтіру арқылы көркемдік тепе-теңдікті сақтауды көздейді. Бұл тәсіл – фразеологизмнің тікелей баламасын бермей-ақ, оның эмоциялық реңкін басқа жолмен жеткізудің үлгісі. Ал омиссия – фразеологизмді мүлде аудармай өткізіп жіберу немесе бейтарап түрде жеткізу. Бұл әдіс фразеологизмнің мақсатты тілде дәл баламасы болмағанда немесе оның аудармасы мәтінді ауырлатып жіберетін жағдайда қолданылады.

Фразеологизмді фразеологиялық емес тіркеспен алмастыру (9 рет) – мағына жағынан сәйкес, бірақ бейнелі емес тіркестер арқылы аудару әдісі. Бұл амал арқылы аудармада табиғилық пен қарапайымдылық сақталады. Мәтіннің түсініктілігін арттырып, мақсатты оқырман үшін ыңғайлы болуын қамтамасыз етеді.

Адаптация (6 рет) – фразеологизм мағынасын орыс тілі мен мәдениетіне бейімдеу арқылы жеткізуді көздейтін тәсіл. Бұл амал – фразеологизмнің мағыналық жүгін сақтай отырып, оның ұлттық ерекшелігін оқырманға түсінікті етіп жеткізудің тиімді жолы.

Калькалау (4 рет) – фразеологизмді сөзбе-сөз аудару. Бұл әдіс кей жағдайда сәтті нәтиже берсе, кейде жасанды немесе түсініксіз болып көрінуі мүмкін. Аудармашы мұндай тәсілді фразеологизмнің құрылымы екі тілде де ұқсас болған жағдайда қолданған.

Жартылай эквивалент (2 рет) және семантикалық бұрмалау (2 рет) сирек кездесетін тәсілдер қатарында. Жартылай эквивалент – фразеологизмнің кейбір бөліктерін аудару арқылы берілуі, ал семантикалық бұрмалау – фразеологизмнің бастапқы мағынасының өзгеріске ұшырауы. Бұл тәсілдер негізінен аудармада фразеологиялық дәлдікті сақтау қиынға соққан жағдайда қолданылады.

Қорытындылай келе, «Дермене» повесін орыс тіліне аудару кезінде аудармашы ең алдымен сипаттамалы аудармаға жүгінген. Сонымен қатар, компенсация, оmissия және бейімдеу әдістері де кеңінен қолданылған. Бұл тәсілдер түпнұсқаның мағынасын, эмоциялық реңкін және мазмұндық құрылымын сақтай отырып, мәтінді орыс тілді оқырманға бейімдеуге мүмкіндік берген. Аудармашының басты міндеті – фразеологизмдердің ұлттық-мәдени жүктемесін жоғалтпай, мақсатты тілде табиғи әрі әсерлі аударма жасау. «Дермене» повесінің аударма тәжірибесі – осы міндеттің сәтті орындалғанын дәлелдейді.

Енді келесі кестелерде әр тілдік бірлікке қатысты орыс және ағылшын тілдерінде қандай аударма амалы қолданылғанын көреміз:

Кесте 19 - «Дермене» повесі бойынша материалдық және діни ұғымдар атауларының аударылу тәсілдері

	Тілдік бірлік атауы	Орысша аударма тәсілі	Ағылшын тіліндегі аударма тәсілі
1	2	3	4
1	Ауыл -7 рет	транслитерация -5 ДЭ -2	Транскрипция -7
2	Көшкен ауылдың -1 рет	модуляция -1	ДЭ -1
3	Бәрһә -1 рет	ФЭ-1	ФЭ-1
4	Түнікелі тостақ -1 рет	генерализация -1	ФЭ-1
5	Шайла -24 рет	ФЭ -24	ФЭ-24
6	Кеурек шартак - 1 рет	ДЭ -1	ФЭ-1
7	Шартак -1 рет	ДЭ-1	ФЭ-1
8	Ұршық -1 рет	ДЭ-1	МЭ-1
9	Шыжым жіптерін -1 рет	генерализация -1	ФЭ-1
10	Пұл -1 рет	омиссия -1	МЭ-1
11	Жер ошақ -2 рет	транскрипция -2	МЭ-2
12	Ошақ басында -1 рет	сөзбе-сөз аударма -1	модуляция – 1
13	Десте -1 рет	ФЭ-1	ФЭ-1
14	Ошақ -5 рет	омиссия -1; ФЭ -1; модуляция – 2; нақтылау– 1	ФЭ-5
15	Ожау -1 рет	ФЭ -1	ДЭ -1
16	Қора -1 рет	ФЭ -1	ФЭ -1

19 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
17	Білте шам -1 рет	ФЭ -1	ФЭ -1
18	Тулақ -1 рет	сөзбе-сөз аударма - 1	МЭ -1
19	Шөмеле -1 рет	омиссия – 1	ФЭ -1
20	Қобыз - 1 рет	омиссия – 1	омиссия – 1
21	Дастарқан - 1 рет	ДЭ – 1	транскрипция +экспликация
22	Жалпылдақ - 3 рет	омиссия-2; ФЭ- 2	модуляция -1 генерализация -1 ФЭ -1
23	Әбдіре - 1 рет	генерализация	ФЭ -1
24	Ақ шаршы - 1 рет	модуляция -1	ФЭ -1
25	Тұмар -3 рет	транскрипция -2; омиссия – 1	транскрипция +экспликация– 3
26	Дарбаза -1 рет	ФЭ-1	МЭ -1
36	Періште - 1 рет	ФЭ – 1	МЭ -1
37	Шайтан - 1 рет	МЭ – 1	МЭ -1
38	Құдайшыл -1 рет	модуляция – 1	модуляция – 1
39	Әулие -1 рет	модуляция – 1	МЭ -1
40	Құдай жолы, ақырет сұрауы - 1 рет	ДЭ-1	модуляция – 1
41	Құдайдың пешенеге жазғаны -1 рет	омиссия – 1	сөзбе-сөз аударма -1
42	Алла -5 рет	транскрипция -5	транскрипция -5
43	Жаратқан -1 рет	сөзбе-сөз аударма -1	генерализация – 1
44	Харам -1 рет	экспликация -1	модуляция – 1
45	Құптан оқу -1 рет	омиссия -1	генерализация – 1
46	Дуана -1 рет	омиссия -1	ДЭ-1
47	Тәңір алғыр-1 рет	экспликация -1	модуляция – 1
48	Ораза айт -1 рет	транскрипция -1	қабылданған аударма– 1
49	Жарамазан – 1 рет	транскрипция -1	қабылданған аударма– +экспликация
50	Молда -3 рет	транслитерация- 3	транскрипция +экспликация - 3
51	Бастан құлақ садаға -1 рет	модуляция -1	модуляция -1
52	Кәлима - 1 рет	омиссия -1	модуляция-1
53	Пәтір нан - 2 рет	ДЭ -1; генерализация -1	ФЭ- 1; ДЭ-1
54	Уыз -2 рет	модуляция -2	МЭ- 2
«Дермене» повесі бойынша тамақ және өлшем бірлік атауларының аударылу тәсілдері			
55	Ошақтағы қазан бір қайнағанша -1 рет	сөзбе-сөз аударма -1	ФЭ- 1
56	Десте - 2 рет	омиссия -1; ФЭ- 1	ФЭ- 2
57	Бозторғай шырылдағанша -1 рет	сөзбе-сөз аударма -1	сөзбе-сөз аударма -1
58	Кісі бойы келетін -1 рет	ДЭ-1	ДЭ-1

19 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
59	Көз ұшында - 1 рет	модуляция -1	ДЭ-1
60	Уыс – уыс - 1 рет	модуляция -1	генерализация -1
61	Екі сыпыра шыттай - 1 рет	модуляция -1	ФЭ- 1
62	Мыс – мыс ақша - 2 рет	модуляция -1	модуляция -1
63	Күзге салым -1 рет	генерализация -1	генерализация -1
64	Күн тас төбеге келгенде - 1 рет	ДЭ -1	модуляция -1
65	Күннің беті қайтқанша - 1 рет	ДЭ -1	сөзбе-сөз аударма -1
66	Түйенің жарты етіндей науша - 1 рет	сөзбе-сөз аударма -1	сөзбе-сөз аударма -1
67	Бақан бойы - 1 рет	ДЭ -1	ДЭ -1
68	Қас қарайғанша -2 рет	ДЭ -1	ДЭ -2
69	Балуан бармағымен - 1 рет	омиссия -1	ДЭ -1
70	Ымырт үйіріле - 2 рет	ФЭ -1	ДЭ -2
71	Бір елі -2 рет	экспликация -2	модуляция -2
72	Қара басым - 1 рет	ДЭ -1	модуляция -1
73	Жеті түнде - 2 рет	генерализация -1	МЭ-1; ФЭ-1
74	Бір уыс болып -1 рет	ДЭ -1	ДЭ -1
75	Тас лақтырым -1 рет	ФЭ -1	сөзбе-сөз аударма -1
76	Торғай шырылдағанша -1 рет	ФЭ-1	сөзбе-сөз аударма -1
77	Екі көш жер -1 рет	экспликация -1	ДЭ -1
78	Бір жапырақ - 2 рет	Омиссия -2	ДЭ -1; модуляция -1
79	Үйеме - 1 рет	ДЭ -1	генерализация -1
80	Екі көш жер - 1 рет	экспликация-1	сөзбе-сөз аударма -1
81	Сәскелікке -1 рет	ДЭ -1	ДЭ -1
82	Пышақ үзді -1 рет	ДЭ -1	ФЭ-1
83	Ат шаптырым - 2 рет	омиссия -2	модуляция -2
84	Биіктігі екі түйе бойы - 1 рет	омиссия -1	сөзбе-сөз аударма -1
85	Тал түсте - 1 рет	омиссия -1	ФЭ-1
86	Мая-мая боп үйілген - 1 рет	ДЭ-1	ДЭ-1
87	Құлқын сәріден - 1 рет	омиссия -1	ФЭ-1
88	Кездей-кездей - 1 рет	ДЭ-1	генерализация -1
89	Бесін - 1 рет	генерализация -1	нақтылау-1
90	Қас-қағым сәтке - 1 рет	омиссия -1	МЭ-1
91	Дерменешілер - 6 рет	омиссия -1; ФЭ -4; калька -1	ФЭ-2; жартылай калька -4
92	Ши қалпақ - 3 рет	ФЭ-2; генерализация -1	ДЭ -3

19 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
93	Кебіс - 1 рет	транскрипция -1	ФЭ-1
94	Бір қара - 2 рет	ФЭ-1; модуляция -1	генерализация -2
95	Саулық - 1 рет	модуляция -1	генерализация -1
96	Қаралы малы - 1 рет	семантикалық қате -1	генерализация -1
97	Ас берді - 1 рет	экспликация -1	МЭ -4
98	Құран оқытты -1 рет	генерализация -1	генерализация -1
99	Басына көк тас орнатты - 1 рет	генерализация -1	сөзбе-сөз аударма -1
100	Құдайы қонақ - 1 рет	экспликация -1	сөзбе-сөз аударма -1
101	таңдайыңды басайын - 1 рет	экспликация -1	ДЭ -1
102	Оразаларын қара сумен ашты да - 1 рет	омиссия -1	қабылданған аударма
103	Денгене - 1 рет	нақтылау -1	ДЭ -1
104	Бастаңғы жасау - 1 рет	ДЭ -1	транскрипция +экспликация– 1
105	Жаман немеренің камы - 1 рет	ДЭ -1	ДЭ -1
106	Айт -1 рет	транслитерация -1	Қабылданған аударма-1
107	Зән ақысын - 1 рет	ФЭ -1	
108	Малдас құрып отырып -1 рет	Омиссия -1	ДЭ -1
109	Қыз айттырып -1 рет	МЭ -1	МЭ -1
110	Құда-жекжаттардың киім-киіті -1 рет	генерализация -1	ДЭ -1
111	Ауыз ашарға - 3 рет	омиссия -3	Қабылданған аударма-1
112	Құдайы айтып - 1 рет	омиссия -1	ДЭ -1
113	Қарт пен кемпірі - 1 рет	генерализация -1	генерализация -1
114	Ақсақал - 15 рет	транскрипция -2; ФЭ - 10; омиссия – 3	транскрипция +экспликация–7; ДЭ - 8
115	Жігіт - 6 рет	ФЭ-3; омиссия -1; транскрипция - 2	транскрипция +экспликация–1; генерализация -2; ФЭ-3
116	Кемпір - 6 рет	ФЭ - 4; омиссия - 2	ДЭ – 3; ФЭ-3
117	Құлыным - 6 рет	омиссия - 1; ФЭ - 1; нақтылау - 3; МЭ – 5	сөзбе-сөз аударма -3; ФЭ-3
118	Қарт - 2 рет	ФЭ - 1; омиссия - 1	ФЭ-2
119	Шал - 16 рет	ФЭ - 9; омиссия - 5; генерализация – 2	ДЭ – 16
120	Науша - 1 рет	ФЭ – 1	ФЭ – 1
121	Қарағым - 12 рет	нақтылау - 2; ФЭ - 6; омиссия – 4	ФЭ - 12
122	Шырағым - 9 рет	ФЭ – 5; омиссия - 4	ФЭ - 9
123	Кәрия - 2 рет	ФЭ -2	ФЭ - 2
124	Қалқам - 6 рет	ФЭ – 3; омиссия - 3	ФЭ - 6
125	Қозым-ау -1 рет	МЭ -1	МЭ -1

1	2	3	4
126	Кемпір-шал - 1 рет	генерализация -1	генерализация -1
127	Бауыр - 1 рет	ДЭ -1	генерализация -1
128	Жігіт ағасы -1 рет	генерализация -1	ДЭ -1
129	Ата - 2 рет	МЭ -2	транскрипция +экспликация–2;
130	Ағатай - 1 рет	ФЭ -1	ДЭ -1
131	Көке - 2 рет	омиссия -2	транскрипция +экспликация–2;

Тарау бойынша қорытынды

III тарауда Дулат Исабеков шығармаларының аудармаларындағы ұлттық-мәдени реңктің сақталу деңгейі мен мәдениаралық асимметриялар салыстырмалы талдау негізінде қарастырылды. Бұл тарау аударма үдерісіндегі ұлттық ерекшеліктердің трансформацияға ұшырау себептерін, аудармашының шешімдеріндегі баламалық пен бейімдеудің рөлін анықтауға бағытталды.

Зерттеу барысында «Сүйекші», «Гауһартас», «Біз соғысты көрген жоқпыз», «Қаблан», «Дермене» шығармаларының түпнұсқалары мен олардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары салыстырыла отырып талданды. Әрбір шығарманың аударма нұсқаларында ұлттық реңк беретін лексикалық, фразеологиялық және стильдік элементтердің қалай жеткізілгені, қандай деңгейде сақталғаны немесе жойылғаны нақты мысалдар арқылы көрсетілді.

Аудармаларда ұлттық-мәдени реңктің толық сақталуы бірдей деңгейде қамтамасыз етілмейтіні байқалды. Кейбір жағдайда аудармашылар реалия сөздер мен фразеологизмдерді транслитерация, калька немесе түсіндіру арқылы жеткізгенімен, мәтіннің астарлы мағынасы мен мәдени символикасы жоғалып кетуі мүмкін. Мұндай көріністер әсіресе «Сүйекші» мен «Дермене» шығармаларының аудармаларында анық байқалады, мұнда ұлттық салт-дәстүрге қатысты күрделі ұғымдар кейде жай мағыналық баламалармен алмастырылған.

«Гауһартас» пен «Қаблан» шығармаларында ұлттық реңкке ие фразеологиялық тіркестер мен метафоралар көбіне бейімдеу тәсілімен берілген. Алайда, бұл тәсілдер түпнұсқадағы эмоционалдық және мәдени жүктемені толық сақтап жеткізе бермейді. Бұл – мәдениаралық асимметриялардың бір көрінісі. Яғни, түпнұсқа мен аударма арасындағы мәдени түсініктер мен қабылдау деңгейінің сәйкес келмеуінен туындайтын айырмашылықтар орын алады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, аудармашының ұлттық-мәдени мазмұнды жеткізу шеберлігі – көркем аударманың сапасын айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі. Аудармашы ұлттық реалияларды мақсатты аудитория үшін түсінікті етіп, сонымен қатар олардың мәдени маңызын жоймай жеткізе алуы тиіс. Бұл міндет аудармашының мәдениетаралық коммуникациядағы делдалдық рөлін күшейтеді.

Қорыта келгенде, III тарауда жүргізілген салыстырмалы талдау Исабеков шығармаларындағы ұлттық сипаттың аудармада сақталу дәрежесін жүйелі түрде

бағалауға мүмкіндік берді. Мәдени-ұлттық реңкті толық жеткізу мәселесі – көркем аудармадағы ең өзекті әрі күрделі мәселелердің бірі. Аудармадағы мәдениаралық асимметриялар мен трансформациялар – тілдік емес, мәдени кедергілердің айғағы. Сондықтан көркем мәтінді аударуда тіл мен мәдениеттің өзара байланысын терең түсінуге негізделген, ұлттық болмысты сақтауға бағытталған саналы, интерпретациялық тәсіл қажет. Осы тұрғыда Исабеков шығармаларының аудармалары – аударматанудың мәдени-лингвистикалық аспектілерін зерттеуге арналған құнды материал болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыста Дулат Исабековтың бес шығармасындағы, атап айтқанда «Сүйекші», «Гауһартас», «Біз соғысты көрген жоқпыз», «Қаблан» және «Дермене», ұлттық сипаттың көркем аудармада (орыс және ағылшын тілдері) сақталуы қарастырылды. Ол үшін бес туындыдағы ұлттық сипаттағы лексика (реалия сөздер, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, одағай, дисфемизм, қаратпа сөздер) іріктеліп, аударма алдындағы функционалды-когнитивті талқыға түсіп, түпнұсқа-аударма жұбында салыстырмалы талдау жасалынды. Ұлттық сипаттағы тіл бірліктерінің аудармада қаншалықты сақталғаны белгілі аударматанушы Л. Венутидің аудармадағы доместикация және форенизация стратегияларының қағидаларына сай анықталды. Ал, фразеологизмдердің аудармасы В.В. Куниннің аударма әдістеріне сай талданды. Реалия сөздерді аудармада транскрипция немесе транслитерация арқылы сақтау мүмкіндігі болса, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер аудармасында ол мүлдем мүмкін емес, яғни мәдени колоритті тек сөзбе-сөз аударма арқылы сақтауға болады және барлық жағдайда емес. Алайда аудармашылар бұл әдісті де қолданған тұстары бар.

Жазушының «Сүйекші» повесінен жалпы 288 ұлттық сипатағы лексика іріктеліп алынды және контекстуалды қолданылу жиілігі бойынша 423. Оның ішінде реалия сөздер – 161, контекстуалды қолданылу жиілігі – 251; фразеологизмдер саны мен қолданысы – 106, мақал-мәтелдердің саны мен қолданысы – 2, қаратпа, одағай және дисфемизм сөздер – 19. Олардың барлығы мәтінде белгілі бір қызмет атқарып, автордың стилі мен ойын жеткізеді, бүтіндей бір ұлттың бірегейлігін көрсетеді. Алайда, аудармашыға да біршама жүк түсіреді, себебі ұлттық нақыштағы лексиканың басқа тілде эквивалентін табу қиын. Зерттеу жұмысы барысында, сапалық және сандық талдау нәтижесінде «Сүйекші» повесінің екі тілдегі аудармасында да доместикация стратегиясының басымдылығы анықталды. Нақты айтқанда, орыс тіліне іріктеліп, талдауға түскен тілдік бірліктердің 7 %-ы форенизация, 93 %-ы доместикацияға ұшыраса, ағылшын тілінде 4 %-ы форенизация, 96 %-ы доместикацияланған. Форенизацияға аудармашылар транскрипция, транслитерация, калькалау, жартылай калькалау аударма амалдары арқылы қол жеткізген. Тек ағылшын тілі басқа әліпбиді қолданып, ал орыс тілі қазақ тіліндегідей кириллицаға негізделгендіктен, орыс тілінде аудармашыларда транскрипция мен транслитерацияны көбірек қолдану мүмкіндігі болған. Сол себепті форенизация деңгейі жоғары. Аудармашылармен екі тілде де ең көп қолданылған аударма амалы – омиссия, яғни жай ғана түсірілген. Ағылшын тіліне орыс тілінен аударылғандықтан, екі тілдегі аударма трансформациялары ұқсас, бірақ айырмашылықтары да бар. Омиссияның барлығы түпнұсқаға өрескел өзгеріс әкелді деуге келмейді. Себебі кей жағдайларда аудармашылар сөздерді есімдіктермен алмастырған (мысалы, жиі кездесетін *ауыл*). Ал, фразеологизмдер аудармасы өз алдына, оларды аудармада сақтап аудару тіптен мүмкін емес, толық немесе жартылай эквиваленті болмаған жағдайда, аудармашылар

түсіндіріп, сипаттап немесе жай сөздермен тәржімалаған. Нақты айтқанда, талдауға түскен фразеологизмдердің орыс тіліндегі аудармасында 6 %-ы форенизация, 94 %-ы доместикацияға ұшыраса, ағылшын тілінде 8 %-ы форенизация, 92 %-ы доместикацияланған. Мақал-мәтелдер аудармасында 100 % доместикация, яғни мақал-мәтелдердің мақсатты тілдегі жартылай эквиваленті, сол мағынаны беретін құрылымы бөлек мақал-мәтелмен тәржімаланып немесе омиссияға ұшыраған.

Жазушының «Гауһартас» повесінен жалпы 174 ұлттық сипаттағы лексика іріктеліп алынды және контекстуалды қолданылу жиілігі бойынша 285. Оның ішінде реалия сөздер – 147, контекстуалды қолданылу жиілігі – 198; фразеологизмдер саны мен қолданысы – 26, мақал-мәтелдердің саны мен қолданысы – 3, қаратпа, одағай және дисфемизм сөздер – 1. Сапалық және сандық талдау нәтижесінде «Гауһартас» повесінде де екі тілдегі аудармасында доместикация стратегиясы көбірек қолданылғаны анықталды. Атап айтқанда, орыс тіліне іріктеліп, талдауға түскен тілдік бірліктердің 18 %-ы форенизация, 82 %-ы доместикацияға ұшыраса, ағылшын тілінде 5 %-ы форенизация, 95 %-ы доместикацияланған. Демек, орыс тілінде көбінесе транскрипция, транслитерация, калькалау арқылы форенизацияға қол жеткізілсе, ағылшын тілінде олардың барлығы функционалды және дескриптивті арқылы оқырманға жеткізіліп, доместикацияланған. Фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер аудармасына келер болсақ, дәл алдыңғы повестегідей тенденция сақталған. Екі тілде де бірдей көрсеткіш: 15 %-ы форенизация, 85 %-ы доместикация. Мақал-мәтелдер аудармасында 100 % доместикация, демек, аудармашылар мақсатты тілдегі мағыналас, бірақ құрылым бөлек мақалмен, я сипаттамалы аударып немесе аудармасын мүлдем бермеген.

«Біз соғысты көрген жоқпыз» повесінде жалпы 136 ұлттық сипаттағы лексика іріктелді және олардың контекстуалды қолданылу жиілігі – 288. Оның ішінде реалия сөздер – 77, контекстуалды қолданылу жиілігі – 170; фразеологизмдер саны мен қолданысы – 49, қаратпа, одағай және дисфемизм сөздер – 10. Сапалық және сандық талдау арқылы «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесінде де екі тілдегі аудармасында доместикация стратегиясы көбірек қолданылғаны анықталды. Атап айтқанда, орыс тіліне іріктеліп, талдауға түскен тілдік бірліктердің 13 %-ы форенизация, 87 %-ы доместикацияға ұшыраса, ағылшын тілінде 8 %-ы форенизация, 92 %-ы доместикацияланған. Яғни, тағы да орыс тілінде көбінесе транскрипция, транслитерация, калькалау арқылы форенизацияға қол жеткізілсе, ағылшын тілінде олардың барлығы функционалды, мәдени және дескриптивті арқылы доместикацияланған. Фразеологизмдер аудармасына келер болсақ, екі тілде де сипаттамалы аударма, жай тіркеспен аудару және омиссия басым. Бұл повесте де екі тілде бірдей көрсеткіш: 2 %-ы форенизация, 2 %-ы доместикация.

«Қаблан» повесінде жалпы 88 ұлттық сипаттағы лексика іріктелді және олардың контекстуалды қолданылу жиілігі – 133. Оның ішінде реалия сөздер – 46, контекстуалды қолданылу жиілігі – 67; фразеологизмдер саны мен қолданысы – 31, қаратпа, мақал-мәтелдер – 4, одағай және дисфемизм сөздер –

7. Сапалық және сандық талдау арқылы «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесінде де екі тілдегі аудармасында доместикация стратегиясы көбірек қолданылғаны анықталды. Атап айтқанда, орыс тіліне іріктеліп, талдауға түскен тілдік бірліктердің 8 %-ы форенизация, 92 %-ы доместикацияға ұшыраса, ағылшын тілінде 4 %-ы форенизация, 96 %-ы доместикацияланған. Яғни, тағы да орыс тілінде көбінесе транскрипция, транслитерация, калькалау арқылы форенизацияға қол жеткізілсе, ағылшын тілінде олардың барлығы функционалды, мәдени және дескриптивті арқылы доместикацияланған. Фразеологизмдер аудармасына келер болсақ, екі тілде де форенизация деңгейі – 0 %, яғни 100 % доместикация. Басқа повестердегідей емес, аталмыш повесте екі тілде де аудармашылар мақал-мәтелдерді сөзбе-сөз аударып, ұлттық сипатты сақтауға тырысқан. Нәтижесінде, орыс тілінде 75 %, ал ағылшын тілінде 50 % форенизация орын алған.

Жазушының «Дермене» повесінің орыс тіліндегі аудармасы және біз ұсынған ағылшын тіліндегі аударма қарастырылды. Осы диссертациялық жұмыс аясындағы авторлық көркем аудармамызды жұмыстың қосымшасында ұсындық. Бұл туындыда нақты қолданылған тілдік бірліктердің саны – 287, контекстуалды қолданылу жиілігі бойынша – 509. Оның ішінде реалия сөздер – 165, контекстуалды қолданылу жиілігі – 339; фразеологизмдер саны мен қолданысы – 61, мақал-мәтелдер – 9 қаратпа, одағай және дисфемизм сөздер – 21. Зерттеу жұмысы нәтижесінде, сапалық және сандық талдау арқылы «Дермене» повесінің орыс тіліндегі аудармасында доместикация стратегиясының басымдылығы анықталды. Нақты айтқанда, орыс тіліне іріктеліп, талдауға түскен тілдік бірліктердің 15 %-ы форенизация, 85 %-ы доместикацияға ұшыраған. Яғни, мақсатты аудиторияға ұлттық сипаттағы лексиканы барынша бейімдеп тәржімалаған. Ал, фразеологизмдердің 7 %-ы форенизация стратегиясына сай тәржімаланса, қалған 93 %-ы доместикация. Мақал-мәтелдер аудармасына келер болсақ, 100 % доместикация көрініс тапқан. Ағылшын тіліндегі форенизация деңгейі – 18 %.

Аталған сандық талдаудың жалпы көрінісі төмендегі кестелерде берілген:

Кесте 21- Д. Исабековтың 5 туындысындағы реалия сөздер аудармасының форенизациялану және доместикациялану үлесі

	Туындының атауы	Форенизация үлесі		Доместикация үлесі	
		Орыс тілі	Ағылшын тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	«Сүйекші»	7 %	4 %	93 %	96 %
2	«Гауһартас»	18 %	5 %	82 %	95 %
3	«Біз соғысты көрген жоқпыз»	13 %	8 %	87 %	92 %
4	«Қаблан»	8 %	4 %	92 %	96 %
5	«Дермене»	15 %	18 %	85 %	82 %

Кесте 22 - Д. Исабековтың 5 туындысындағы фразеологизмдер аудармасының форенизациялану және доместикациялану үлесі

	Туындының атауы	Форенизация үлесі		Доместикация үлесі	
		Орыс тілі	Ағылшын тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	«Сүйекші»	6 %	8 %	94 %	92 %
2	«Гауһартас»	4 %	4 %	96 %	96 %
3	«Біз соғысты көрген жоқпыз»	2 %	2 %	98 %	98 %
4	«Қаблан»	0 %	0 %	100 %	100 %
5	«Дермене»	7%	8 %	93 %	92 %

Кесте 23 - Д. Исабековтың 5 туындысындағы мақал-мәтелдер аудармасының форенизациялану және доместикациялану үлесі

	Туындының атауы	Форенизация үлесі		Доместикация үлесі	
		Орыс тілі	Ағылшын тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	«Сүйекші»	0 %	0 %	100 %	100 %
2	«Гауһартас»	0 %	0 %	100 %	100 %
3	«Біз соғысты көрген жоқпыз»	0 %	0 %	100 %	100 %
4	«Қаблан»	75 %	50 %	25 %	50 %
5	«Дермене»	7%	6%	93 %	94%

Демек, зерттеу нысанына алынған жазушының бес шығармасында да ұлттық сипаттың сақталу деңгейі – төмен. Бірақ, ол аударма сапасының төмендігінің критеріі бола алмайды. Себебі, әртүрлі аударма трансформациялары арқылы аудармашылар түпнұсқа мағынасын жеткізуге тырысқан. Бірақ біздің негізгі мақсатымыз – ұлттық сипаттың сақталу деңгейін анықтау болғандықтан, осындай қорытынды жасалды.

Жалпы, «Сүйекші» повесіндегі ұлттық сипаттағы реалия сөздердің орыс тіліндегі аудармасында 27 %-ы түсіп қалса, ағылшын тілінде – 27 %; «Гауһартас» повесі бойынша бұл көрсеткіш орыс тілінде – 40%, ағылшын тілінде – 36%; «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесі бойынша омиссияға – 31% пайызы ұшыраса, ағылшын тілінде – 35%; «Қаблан» повесіндегі ұлттық сипаттағы реалиялардың 39%-ы, ағылшын тілінде – 35%. «Дермене» повесінің орыс тіліндегі аудармасында 24% мәдени сипаттағы реалиялар аудармада түсірілген. Ал, семантикалық бұрмалауға келер болсақ, жалпы 5 туынды бойынша қарастырылған 1578 кейстің – 26-ы, яғни 1,5 %.

Жоғарыда аталғандарды саралай келе, семантикалық бұрмалау мен омиссияны барынша болдырмай, шығарманың ұлттық сипатын сақтап, шетел тілдеріне сапалы аудару үшін келесідей ұсыныстар беріледі: *біріншіден*, аударма

сатылы түрде емес, тікелей қазақ тілінен жасалынса, түпнұсқадағы ақпаратты бұрмалау немесе оmissияға ұшырау деңгейі азаяды; *екіншіден*, аударманы қазақтың жаны мен ділін, сөз саптауын тереңінен түсінетін аудармашы тәржімаласа, аударма сапасы арта түседі. Осы уақытқа дейін қазақ тілінен тікелей ағылшын тіліне аударатын мамандар жоқтың қасы еді. Енді өз ана тілі – қазақ тілі мен ағылшын тілін де шебер меңгерген ұлттық аудармашылар легі қалыптасады деген үміт бар; *үшіншіден*, аудармашы жалпы автордың да тұлғасымен, оның өмір сүрген заманы мен ортасын, белгілі бір шығарманы жазуға итермелеген мотивтері мен кейіпкерлерін жан-жақты зерттеп, біліп алғаны жөн; *төртіншіден*, ұлттық сипаттағы тіл бірліктерін барынша сақтап, өрескел семантикалық бұрмалауды болдырмау мақсатында, әрі тым таңсық та емес, жалпы аударма мәтінді мақсатты тілге жатық ету үшін семантикалық белсенді, мәнмәтінде маңызды рөл атқарып тұрған, ақпараттық өрісі кең лексиканы іріктеп алып, арнайы сөздіктермен жұмыс істеу арқылы тәржімалау. Мысалы, *қобыз жол, пәтір нан тәрізді тең бөлінген күн* деген мысалдарда қобыз, пәтір нан сөздері мәдени тұрғыдан семантикалық белсенділік көрсетіп тұрған жоқ. Күн мен жолды сипаттауға арналған анықтауыш қызметін атқарып тұр. Оларды мақсатты тілде ұқсас бейнелі сөздермен алмастыруға болады. Ал, *бастаңғы, ақсақал, көкетай* тәрізді сөздерді транскрипция/транслитерация көмегімен сол күйінде сақтап, қосымша түсіндірмелер арқылы беру аударманың аутентивтілігін арттыра түсіреді, оқырманды түпнұсқа мәдениетімен таныстырады; *бесіншіден*, ұлттық сипаттағы лексиканы сақтап, мәтін соңында берілген ұзын сонар түсіндірмелермен көркем аударма оқырманынның назарын шектен тыс бұзғыңыз келмесе, мәтін ішінде бірден мәдени сөзден кейін қысқа анықтауыш сөздер кіріктіруге болады. Мысалы, біз тұмарды – *tumar, a protection amulet* деп бірден мәтін ішінде тігісін білдірмей тәржімалауға тырыстық. Дәл солай, дермене деген негізгі сөзді алғашқы қолданысында мәтін ішінде қысқаша түсіндіріп жібердік: «Three, maybe four days ago, they came here to gather **dermene**, the prized medicinal wormwood known as *santonica*».

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – М., 1985. – 186 с.
